A.V. Minbaleev quite accurately noted that the most important function of the branch method of information law is the creation of a purposeful set of tools for streamlining public relations in the information sphere according to the laws of the dynamics of the global information society and the existing information policy of the state [Minvaleev, A. V. Characterization method of legal regulation (for example method of information law) / A. V. Minvaleev // Bulletin of the South Ural state University. Series: Pravo. - 2013. - No. 2. - Volume 13. - p. 92.].

Conclusion improving the mechanisms of legal regulation is one of the priority areas of state policy that arise in the field of information security. It can be concluded that the development of legislation in the field of information security in Kazakhstan is carried out not only on the principles of legality, justice, legal equality of citizens, humanism, unity of responsibilities), intersectoral (inevitability of responsibility), but also on such principles of legal support as information security, unity of information space, respect for the balance of mutual interests of the individual, society and the state and responsibility within the international information system, integration into security.

[1] Decree of the president of the republic of Kazakhstan dated september 19, 2002 no. 947 "on the establishment of the post of commissioner for human rights" (as amended as of 05.05.2017) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id= 1033370

[2] Law of the Republic of Kazakhstan dated May 21, 2013 No. 94-V "On Personal Data and their protection" (as amended as of 03.07.2020)

REFERENCES

1. Lisitsyn-Svetlanov A. G. New challenges, threats and the possibility of change: on the role of states in the progressive development of international legal regulation in solving global problems of the modern world / / New Challenges and International Law. - M: Institute of State and Law of the Russian Academy of Sciences, 2019. - pp. 9-19 and others.

2. Raizberg B. A., Lozovsky L. Sh., Starodubtseva E. B. Modern economic dictionary. - 6th ed., reprint. Moscow: INFRA-M, 2011. - p. 311.

3. Alekseev S. S. Pravo. Experience of complex research / S. S. Alekseev. - M.: Statut, 1999 – - 712 p.

4. Ozhegov, S. I. Explanatory dictionary of the Russian language / S. I. Ozhegov, N. Yu. Shvedova. - 4th ed., additional – Moscow: Azbukovnik, 2001. - p. 452.

5. New dictionary of the Russian language. tolkovo-slovoobrazovatelny / Ed. By T. f. efremova. - m., 2000. - P. 36.

6. Polyakova, T. A. pravovoe obespechenie informatsionnoy bezopasnosti pri postroenii informatsionnogo obshchestva v rossii: dis. ... doct. the faculty of law. T. A. Polyakova, Moscow, 2008, p. 94.

7. Syrykh V. M. Teoriya gosudarstva i prava, Moscow: Justicinform, 2001, p. 148.

8. Stepan Grigor'evich Drobiazko: the 90th anniversary of the birth / the Belarusian state University, faculty of Law, College of Law; [editorial Board: S. A. Balashenko etc.]. – Minsk: Biznesie, 2013. – P. 117.

9. Demeeva A. G. in Entrepreneurial activities without forming a legal entity.- M.: Statut, 2016. - 112 p.

10. Dudikov M. V. The concept and types of measures of legal support of public interests in subsoil use / / Lexrussica. 2016. No. 5. pp. 105-116.

11. Streltsov A. A. Legal support of information security in Russia: theoretical and methodological foundations. – Minsk, 2005. – P. 121.

12. Kashkin S. Yu. To ensure the effectiveness of legal regulation it is very important to proceed from the nature of man, of the laws of manifestation and development of its essence: see: Kashkin S. Yu. Change of civilizations and the Constitution: shaping the global ideal of // State and law – 1992. - No. 11. – P. 38-46.

13. Can not agree with the opinions regarding the opportunity to relate the right information to the family of administrative law (see, for example: Ryzhov, R. S.-Legal regulation of relations connected with information technologies and protection of information // Administrative and municipal law. – 2011. No. 9. - S. 64-68.).

14. Bachilo I. L. Informational law: the textbook. 2nd ed., reprint. and additional - m.: yurayt ; id yurayt, 2011. - p. 25.

15. Bulgakov S. N. philosophy of economy / ed. by o. platonov. - m.: institute of russian civilization, 2009 — - p. 320.

16. Chubukova S. G. the System of constituent entities of information law as an urgent area of research // Rassolov I. M. To the question of a legal framework for electronic Commerce and efficiency of electronic industry in the Russian Federation // ensuring the rights and freedoms of the individual in the modern world: materials of the conference: 4 h – H 4. – Moscow: Prospect, 2017. – S. 293.

17. Bachilo I. L. Informational law: the textbook. 2nd ed., reprint. Moscow: Yurait; Yurait Publishing House, 2011. p. 61.

18. Ebzeev B. S. Constitutional law and order and basic rights: legal nature and features of legal protection (On the methodology of scientific search) / / State and Law. - 2016. - No. 10. - p. 177.

19. On national security of the Republic of Kazakhstan. Law of the Republic of Kazakhstan No. 527-IV of January 6, 2012. http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000527

20. Maltsev G. V. The rights of the individual: the legal norm and social reality / / The Constitution of the USSR and the legal status of the individual. - M., 1979. - p. 50. .

21. Decree of the president of the republic of kazakhstan dated september 19, 2002 no. 947 "on the establishment of the post of commissioner for human rights" (as amended as of 05.05.2017) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1033370

22. Bachilo I. L. fundamentals of practical computer science. – A training manual. – M.: Institute of state and law of RAS, 2001. – 352 p.

23. Law of the Republic of Kazakhstan dated May 21, 2013 No. 94-V "On Personal Data and their protection" (as amended as of 03.07.2020)

24. Minvaleev, A. V. Characterization method of legal regulation (for example method of information law) / A. V. Minvaleev // Bulletin of the South Ural state University. Series: Pravo. - 2013. - No. 2. - Volume 13. - p. 92.

ӘОЖ 349.6:502.174

БЕКЕЖАНОВ ДАУРЕН НУРЖАНОВИЧ,
аға оқытушы, философия докторы (PhD),
азаматтық құқықтық пәндер кафедрасы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

САДУАКАСОВА ЛАУРА БАЙКЕНОВНА
з.ғ.м., аға оқытушы,
азаматтық құқықтық пәндер кафедрасы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫН АЙНАЛЫМЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Түйіндеме. Мақалада өндірістік және тұтыну қалдықтарын айналымын реттейтін заңнаманың қалыптасуы мен дамуы тарихына жалпы құқықтық талдау жүргізілген. Сонымен қатар өндірістік және тұтыну қалдықтар саласындағы халықаралық құқықтық актілердің мазмұнына және еліміздегі қалдықтар салсындағы мемлекеттік деңгейдегі заңдарға, мемлекеттік бағдарламаларға талдау жасай отырып, кезеңдерге бөліп талдау жасалынды.

Кілт сөздер: өндірістік қалдықтар, тұтыну қалдықтары, халықаралық құқықтық акті, экологиялық заңдар, мемлекеттік бағдарлама.

Резюме. В статье проведен общий правовой анализ истории становления и развития законодательства, регулирующего обращение отходов производства и потребления. Также проведен анализ содержания международных правовых актов в сфере отходов производства и потребления, законов государственного уровня в сфере отходов в стране, государственных программ, с разбивкой по этапам.

Ключевые слова: отходы производства, отходы потребления, международно-правовой акт, экологическое законодательство, государственная программа.

Summary. The article provides a general legal analysis of the history of the formation and development of legislation regulating the circulation of production and consumption waste. The analysis of the content of international legal acts in the field of production and consumption waste, state-level laws in the field of waste in the country, state programs, broken down by stages, was also carried out.

Keywords: production waste, consumption waste, international legal act, environmental legislation, state program.

Тұрмыстық қатты қалдықтар айналымдарын дамытудағы заңнамасын қалыптасуы бірнеше тарихы кезеңдерден өтті. Біздің ойымызша, Тұрмыстық қатты қалдықтар айналымдарын реттейтән экологиялық заңнаманың қалыптасуы мен дамуын тарихын зерттеу мынандай мәселелерді анықтап алуымыз керек деп ойлаймыз:

Біріншіден, тұрмыстық қатты қалдықтардың айналымдарын құқықтық реттеуде халықаралық актілерде ықпал етуі негізінде экологиялық заңнамалар мен қалыптасуы.

Екіншіден, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша әлемдегі және елімізде қалдықтарды пайдалануға басымдық берудің негіздерін анықтау.

Үшіншіден, тұрмыстық қатты қалдықтар айналымдарын дамытудаға және құқықтық реттеуге себепші болатын халықаралық дәрежедегі іс шаралар мен осы саладағы құрылған халықаралық ұйымдардың қызметі.

А.К. Джангабулова мен А.Т. Салыхбаеваның «Становление и развитие правовых основ экологической политики Республики Казахстан» атты еңбектерінде Қазақстанның экологиялық заңнама жүйесінің ерекшеліктерін дамыту саясаты мен болашағына тоқталады:

Біріншіден, 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің негізгі функциялары мен оның саясатының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қоршаған ортаны қорғауды анықтады. Осыған байланысты қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму идеялары негізгі стратегиялық құжаттар мен жоспарларға енгізілген, ұзақ мерзімді саяси желі ретінде бекітілген.

Екіншіден, экологиялық заңнаманы дамыту және толықтыру Қазақстан Республикасының Президенті жыл сайынғы Жолдауларының ережелеріне сәйкес жүргізілді. Сондай-ақ Жаһандық экологиялық мәселелерді шешу бойынша халықаралық аренада болып жатқан процестермен байланысты. Қазақстанда экологиялық салада белгілі бір нормативтік-құқықтық база қалыптасты, оны одан әрі жетілдіру мен толықтыру республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының саясаты мен болашағына байланысты

[А.К. Джангабулова, А.Т. Салыхбаева. Становление и развитие правовых основ экологической политики Республики Казахстан. Вестник КазНУ. Алматы. No2 (70). 2014. Серия. Юриспруденция] болады деп тұжырымдайды.

Ал, Д. Байдельдиновтің пікірінше Қазақстанның экологиялық заңнамасын қалыптасуы процесі өзінің құқықтық логикасына ие және қоғамның әлеуметтік-экономикалық мүдделерінің көрінісі болып табылады. Олар, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктер, заңнаманың қандай да бір саласын қалыптастыруға объективті әсер етеді осы мазмұндағы нормативтік актіні қабылдау қажеттілігін түсіндіреді [Байдельдинов Д.Л. Проблемы влияния «субъективно-объективного» фактора на развитие экологического законодательства Республики Казахстан. http://www. greensalvation.org/old/Russian/Publish/10_rus/10_03.htm] деп пікірін білдірнеді.

Ж.С. Елюбаевтың пікірінше «қолайлы қоршаған ортаға құқық - бұл адамның және азаматтың қалыпты экологиялық, экономикалық, эстетикалық және өзге де өмір сүру жағдайларын қолдауға байланысты оның өмір сүру негіздерін қозғайтын іргелі және жан-жақты субъективті құқықтарының бірі» [Елюбаев Ж.С. «Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу проблемалары: отандық тәжірибе және шетелдік жүзе». Монография. Алматы, Типография «Комплекс». Монография. // Алматы. 2010. – 408 б.] деп пікірін білдіреді.

Ал, А. Бектуроваңың пікірінше Қалдықтарды басқару мәселесі көбінесе экологиялық заңнамамен ғана емес, сонымен қатар шипажай, Денсаулық сақтау, коммуналдық басқару және т. б. саласындағы нормативтік актілермен реттеледі [А.Бектурова. Система законодательства Республики Казахстан в области управления отходами производства и потребления. Том 87 № 3 (2018): Вестник КазНУ Серия юридическая.] деп анықталады.

Енді Қазақстанда мен шетелдердегі тұрмыстық қатты қалдықтар айналымдарын реттейтін экологиялық заңнама мен халықаралық құқықтық актілердің қалыптасып дамуына тоқталар болсақ.

Тұрмыстық қатты қалдықтар айналымдарын құқықтық реттейтін тікелей немес жанама түрде реттейтін халықаралық құқықтық актілердің қалыптасуы мен экологиялық заңнамалар мен мен дамуын бөліп қарастырамыз:

Қалдықтар айналымдарын құқықтық реттеудің халықаралық құқықтық актілерде 1972-1999 жылдар бойынша.

Халықаралық құқықтық актілер негізінде Қазақстан Республикасында тұрмыстық қатты қалдықтарды реттейтін экологиялық және осы сала бойынша нормативтік құқықтық актілердің қалыптасуы мен дамуын бөліп қарастыруға болады: I кезең бойынша 1991-1997 жж. II кезең бойынша 1997 – 2006 ж.III кезең бойынша 2007 жылдан қазіргі уақыт аралығында [Бекежанов Д.Н. Қазақстан Республикасында тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын құқықтық реттеу (ұлттық және шетел заңдарымен салыстырмалы талдау): филос. док. (Ph.D)...дис.-Талдықорған, 2019.-144 б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей, тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын реттейтін экологиялық заңнаманың дамуы нәтижесінде қалыптасқаны байқауға болады. Атап айтар болсақ, қолайлы қоршаған ортаға құқық адамның іргелі құқықтарының бірі болып табылады және халықаралық декларацияларда бекітілген. Осылайша, 1972 жылғы 16 маусымда Стокгольмде қол қойылған БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі конференциясының декларациясында адамның гуманитарлық құқықтары қатарында оның өмір сүрудің қолайлы жағдайларына құқығын жариялады. Басты қағидат ретінде «адамның қоршаған ортадағы еркіндік, теңдік және өмір сүрудің қолайлы жағдайларына негізгі құқығы бар, оның сапасы лайықты және гүлденген өмір сүруге мүмкіндік береді және қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігі үшін қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға»[1] деп қарастырылған. Аталған декларацияда әлемдік қауымдастықтың қоршаған орта саласындағы стратегиялық мақсаттары анықталды.

БҰҰ-ы қалдықтар мен күресуді белсенділік таныта бастады. 1972 жылы 29 желтоқсанда қалдықтарды және басқа да материалдарды төгумен теңіздің ластануын болдырмау жөніндегі конвенцияда теңіз ортасы атмосфера, өзендер, су құбырлар арқылы төгінділер мен ағындар сияқты көптеген көздерден ластанатынын және мемлекеттің аталған ластанудың күресу үшін барынша іс жүзінде жүзеге асырылатын құралдарды пайдалануы және жоюға жататын зиянды қалдықтардың санын төмендететін бұйымдар мен технологиялық процестер әзірленуі маңызды[2] екенін атап көрсетілген. Аталған құжат та қоршаған ортаны қалдықтарда ластау қорғауға септігін тигізді, Себебі БҰҰ – ның бұл мәселе әлемдік қауымдастықтың алдында қалдықтар мен күресу жұмыстарын дамыту мәселесін басты назарға алды.

Біздің пікіріміз бойынша, халықаралық актілерден Қоршаған ортаның қалдықтардан ластануымен күресу жұмыстарын дамыту үшін келесі маңызды фактілер айқындалды:

- Қоршаған ортаның сапасын сақтау және жақсарту;

[1] Декларация Конференции Организации Объединенных Наций по проблемам окружающей человека среды. Принята Конференцией ООН по проблемам окружающей человека среды, Стокгольм, 1972 год // http://www.un. org/ru/documents/decl_conv/declarations/declarathenv.shtml

[2] Конвенция по предотвращению загрязнения моря сбросами отходов и других материалов. Принята 29 декабря 1972 года. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/dumping.shtml

- Адам қоршаған ортадағы өмір сүру еркіндігі;

- Қалдықтарды немесе басқа материалдарды тастауға тыйым салынады;

- Қалдықтарды немесе басқа да материалдарды тастау үшін алдын ала арнайы рұқсат талап етіледі ;

- Қалдықтар айналымдар дамытудағы халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығы.

1989 жылы 22 наурызда Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясында негізгі мақсаттары мен реттеуші жүйе құрылды:

Конвенцияның мақсаттары:

- қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық өткізуді экологиялық қолайлы нормаларға сәйкес келетін минимумға дейін қысқарту;

- қауіпті және басқа да қалдықтарды экологиялық қолайлы әдістерді пайдалана отырып, оларды өндіретін көздеріне мүмкіндігінше жақынырақ өңдеу және орналастыру;

- қауіпті және басқа да қалдықтардың саны мен әлеуетті қауіптілік көрсеткіштерінде өндірісін азайту.

- Конвенция мақсаттарына жету үшін мынандай негізгі реттеуші жүйе құрылды: импорттаушы ел мен транзиттік елге қалдықтар экспорталғанға дейін алдын ала хабарлау және осы мақсат үшін хабарлау рәсімін жасау талабы; конвенцияға мүше болып табылмайтын елге экспортқа арналған шектеулер; экспорт конвенцияның ережелеріне сәйкес келмеген жағдайда кері импорттың міндеті[1]..

Ал 1972 жылғы қалдықтар мен басқа да материалдардың төгінділерімен теңіздің ластануын болдырмау жөніндегі конвенцияны өзгерту туралы 7 қараша 1996 жылғы қабылданған хаттамасында теңіз ортасын барлық көздерден ластанудан жеке және ұжымдық қорғайды және сақтайды және қалдықтарды немесе басқа да материалдарды теңізге тастаумен немесе жағумен байланысты ластануды болдырмау, қысқарту және, егер бұл іс жүзінде мүмкін болса, жою мақсатында өзінің ғылыми, техникалық және экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес тиімді шаралар қабылдайды[2].

1999-ғы 10 желтоқсан (Базель, Швейцария) Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды жою нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік және өтемақы туралы Базель хаттамасында қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаға шығаруды бақылау білдіреді;

- қауіпті қалдықтар мен басқа да қалдықтарды білдіреді;

- залал: өмірден айыру немесе дене жарақатын; адамның мүлкінен өзге мүлікті жоғалту немесе бүлдіру; жинақтар мен шығындарды ескере отырып, қоршаған ортаға елеулі залал келтіру нәтижесінде қоршаған ортаны кез келген пайдалануға байланысты экономикалық мүдделерден тікелей туындайтын табысты жоғалтуға; мұндай залал трансшекаралық тасымалдау және қауіпті қалдықтар мен басқа да қалдықтарды жою объектісі болып табылатын қалдықтардың қауіпті қасиеттерінің салдары немесе нәтижесі болып табылған жағдайда, осындай шаралармен келтірілген кез келген ысыраптарды немесе залалды қоса алғанда, алдын алу шараларына арналған шығындар, тағыда басқа шығындар[3] бекітілді.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған халықаралық актілер қалдықтардың түрлеріне, қауіптілі дәрежесі, қалдықтар мен күресу жолдарына қатысты негізгі құндылықтары ретінде қарастырды.

Сонымен, 1972-1999 жылдар аралығындағы БҰҰ-ның актілерін талдау нәтижесі қалдықтар бойынша заңнамасының қалыптасуы мен дамуының келесідей ерекшеліктері анықталды:

- бірінші кезең қалдықтарды тікелей немесе жанама ықпал ететін экологиялық заңнаманың болуымен ерекшеленеді.

- 1972-1999 жылдар аралығында БҰҰ өзінің актілері арқылы әлемдік елдердің алдында қалдықтарды мен күресу жолдарын дамыту мәселесін қойды;

- қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды жою нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік анықталды;

- қалдықтарды айналымдарын экологияға қолайлы әдістердің қалыптасатының дәлелі болды.

Енді I кезең бойынша 1991 жылдар кезеңінде республикада негізінен мемлекеттік кәсіпорындар жұмыс істеді, осыған байланысты заңнама басқару органына қатаң тәуелді әкімшілік пен кәсіпорындар арасындағы қатынастарда құрылды. Біздің ойымызша бұл кезеңді Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы кезеңі деп қарастыру керек деп ойлаймыз. 1991 жыл 18 маусымда Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының заңы адамның өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған табиғи ортаға құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге, осы және болашақ ұрпақ мүддесінде қоршаған табиғи ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындауға бағытталған және адам қызметінің қоршаған табиғи ортаға зиянды әсе-

[1] Базельской конвенции о контроле за трансграничной перевозкой опасных отходов и их удалением. https://www. un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/basel.pdf

[2] Протокол 1996 года об изменении Конвенции по предотвращению загрязнения моря сбросами отходов и других материалов 1972 года. Принят 7 ноября 1996 года.

[3] Базельский протокол об ответственности и компенсации за ущерб, причиненный в результате трансграничной перевозки опасных отходов и их удаления. Принят 10 декабря 1999 года (Базель, Швейцария)

рін болдырмауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға және табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған. Аталған заңның 1-бабында міндеттері ретінде:

- адамның өмір сүруі үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету, республиканың табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану, молықтыру және нәтұрлым ұзақ мерзімге сақтау, қоршаған табиғи ортаны сауықтыру және жақсарту, оған шаруашылық және өзге де қызметтің зиянды әсерін болдырмау мақсатында қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттеу;

- қатынастардың осы саласында азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың құқықтарын қорғау; - табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын белгілеу;

- экожүйелер мен бірегей табиғи объектілердің және олармен байланысты мәдени мұраның алуан түрлілігін сақтау[1] .

Н.В. Кузнецованың пікірінше экология саласындағы мемлекеттік басқаруды дегеніміз «табиғат пайдалануды және қоршаған табиғи ортаны қорғауды басқару құзыретті мемлекеттік органдардың табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруды ұйымдастыруға, қоғамның экономикалық және экологиялық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында қоршаған табиғи ортаны сақтауға және жақсартуға бағытталған қызметі болып табылады»[Кузнецова Н. В. Экологическое право: Схемы,комментарии.- Учеб. пособ.- М.: Новый Юрист,1998.- 141.].

В.В.Петровтың пікірі бойынша, экологиялық бақылау дегеніміз тұтастай алғанда «мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың, яғни барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың қоршаған ортаны қорғау және қоғамның да экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі экологиялық талаптарды сақтауын тексеру» [В.В.Петров. "Ресейдің экологиялық құқығы. ЖОО арналған оқулық. М., 1995, 239б.].

1997 жылғы 15 шілде Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының заңы күшін жойды. Заңның күшін жойылуына мынандай себептер болды: экологиялық заңнамасы экологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету мүмкіндіктерін өте тез жоғалтқан; Қазақстанның әлемдік нарықтық экономикаға кіруі; табиғи ресурстарды пайдалануды, табиғи ресурстарды экспортқа және олардың импортына сатуды талап ететін мемлекеттік және коммерциялық сектордың өндірісін дамыту қажеттілігі себеп болды деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасы 1992 ж. 2-наурыздан бастап БҰҰ–на мүше ретінде қабылданды[2].

БҰҰ–на Қазақстан Республикасының мүше болуы қалдықтар айналымдарын тікелей немесе жанама түрдегі реттейтін ұлттық заңнаманың қалыптасуы мен дамуы бойынша кезеңдерді зерттеуге негіз болды. Себебі, бұл кезең тәуелсіз Қазақстанның дербес заңнамасының қалыптасуы мен БҰҰ-ның қалдықтар бойынша тікелей немесе жанама түрде себепші болатын, халықаралық актілері ратификацияланып, қазақстандық экологиялық және басқада заңнаманың құрамына енуімен ерекшеленді**.**

Қалдықтары айналымдары реттейтін жанама немесе тікелей реттейтін заңнамасының қалыптасуы мен дамуының ерекшелігін ұлттық экологиялық заңнаманың дамуымен байланыстыру қажет. Себебі, Қазақстан Республикасы қалдықтар айналымдарын реттеуге экологиялық заңнаманың маңыздылығын ескеріп, қоршаған ортаны сақтауда тиімді ықпал ете алатын жүйе екенін байқауымызға. Қазақстандық Республикасының экологиялық заңнама көптеген толықтырулар мен өзгерістерден болды, әр уақытта халықаралық талаптарға сәйкестендіріп отыратын мемлекеттің құқықтық жүйесінің маңызды экологиялық саласының бір бөлігі болды.

2003 жылғы 10 ақпанда Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы заңында қабылданды. 2 қосымшасында Айрықша қарауды талап ететін қалдықтар сипатына У47 Тұрмыстық қалдықтарды жағу нәтижесіндегі қалдықтар деп қарастырады. Аталған заң Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауда дамуына едәуір септігін тигізді, себебі БҰҰ – ның бұл қалдықтар мәселелесі әлемдік елдердің алдында Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды дамыту мәселесін қойды.

Біздің ойымызша, осы заңда Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасмалдауды дамыту үшін келесі маңызды фактілер айқындалды:

- кез келген санатқа кіретін қалдықтар, егер олар қандай да бір қасиеттерді иеленбесе;

- қамтылмаған қалдықтар, бірақ Тараптар болып табылатын экспорт, импорт немесе транзит мемлекеттің ішкі заңдарына сәйкес қауіпті деп белгіленсе немесе есептелсе;

- кез келген санатқа кіретін трансшекаралық тасымалдауға жататын қалдықтар және "басқа қалдықтар" болып есептеледі;

- радиоактивтік белсенділігіне байланысты басқа халықаралық бақылаудың жүйесіне, оның ішінде радиоактивтік материалдарға қатысты арнайы қолданылатын халықаралық келісімдерге енетін қалдықтар мен шығарылады;

Теңіз кемелерінің қалыпты жұмысының нәтижесінде пайда болатын, тасталымы басқа ха-

[1] Об охране окружающей природной среды в Казахской ССР. Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 18 июня 1991 года. Утратил силу - Законом РК от 15 июля 1997 г. N 161 ~Z970161.

[2] Қазақстан Республикасын БҰҰ –на қабылдау туралы БҰҰ-ның 2 наурыз 1992 ж. №A/RES/46/224 резолюциясы // http: // www.un.org /ru /ga /46 / docs/46res.shtml.

лықаралық құқық құжаттарында қамтылған қалдықтар [1].

Біздің ойымызша, БҰҰ – ның қоршаған орта және даму бойынша қабылданған құқықтық актілер жалпы қалдықтар, қауіпті қалдықтарды қатысты бастапқы ережелер, аталған саланы дамытуға бағытталатын құқықтық актілерге қабылдауға негіз болды.

Қазақстан Республикасы тұрмыстық қатты қалдықтар айналымдарын құқықтық реттейтін тікелей немесе жанама заңнамасының қалыптасып дамуының II-кезең Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі № 160-I заңын қабылдаумен басталды[2].

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасын жетілдіру бойынша қабылданған құқықтық актілерді атап айтуға болады.

Аталған заңның негізгі бағыты болып табиғат пен оның байлықтары Қазақстан Республикасы халықтарының өмірі мен қызметінің, олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатын арттырудың табиғи негізі болып табылады. Қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық, және әлеуметтік негіздерін белгілейді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, шаруашылық және өзге де қызметтің табиғи экологиялық жүйелерге зиянды әсерін болғызбауға, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған. Осы заңды дамыту негізінде Қазақстан Республикасының табиғи байлықтарын қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін нормалары қабылданды. Оларға: 1997 жылы 18 наурызда № 85-1 Экологиялық сараптама туралы заңындағы:

1-тарау. Жалпы ережелер;

2-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының экологиялық сараптама саласындағы құзыреті;

3-тарау Мемлекеттік экологиялық сараптама;

4-Төртінші тарау қоғамдық экологиялық сараптама;

5-Бесінші тарау Экологиялық сараптаманы қаржыландыру,

6-тарау Экологиялық сараптама жасалуға тиіс құжаттама тапсырысшыларының құқықтары мен міндеттері;

7-тарау. Экологиялық сараптама саласында келіспеушіліктерді шешу;

8-тарау. Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңдарының экологиялық сараптама саласында бұзылу түрлері;

9-тарау. Экологиялық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық туралы тараулардан тұрады [3].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 жарлығы мен Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы мақұлданды. Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлде жаңа мемлекеттік жүйесінің құрылуының және қалыптасуының, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың жақсы ұйымдастырылған және аумақтық таралған жүйесін - қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқарудың жылдары болды. Бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және дәйекті іске асыруды қамтамасыз етті. Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен жеке тұлға құқығының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады [4].

Экологиялық қауіпсіздік бойынша Ф. Абдраимованың еңбегінде - қоршаған ортаның мүдделерін қорғау және қоғам мен мемлекеттің адамның табиғи экологиялық әсерлерден туындайтын қауіп-қатерлерден қорғау жағдайы деп тұжырымдайды [Ф.Абдраимова «Проблемы правового регулирования охраны окружающей среды от загрязнения отходами производства и потребления в Республике Казахстан» Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Астана 2010г. 137с.]. 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 жарлығы мен Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасынан күтілетін нәтежелерді 3 кезең бойынша қарастырады. I кезең бойынша 2004-2007 ж. II кезең бойынша 2008 - 2010ж. III кезең бойынша 2011-2015 ж [5].

Қазақстан Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасындағы көрсетілген кезеңдері бойынша табиғи ортаны қорғаудың жалпы мәселелерін құқықтық реттей алмады. Себебі Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдасында барлық экологиялық мәселелерді қамтылған. Біздің ойымызша Экологиялық мәселелер жекелеген түрлері бойынша арнайы құқықтық актілер мен реттелу қажет деп ойлаймыз.

[1] Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы 2003 жылғы 10 ақпандағы N 389-II заңы.

[2] Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы 1997 жылғы 15 шілдедегі № 160-I Заңы.

[3] Қазақстан Республикасының Экологиялық сараптама туралы 1997жыл 18 наурыздағы №85 заңы.

[4] Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 жарлығы.

[5] Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 жарлығы.

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасын жетілдіру бойынша бірнеше құқықтық актілер қабылданды. Қазақстан Республикасында Экологиялық қауіпсіздік тұжырамдасынан кейін бірнеше құқықтық актілер қабылданды. Оларға тоқталар болсақ, 2002 жылы 11 наурызда атмосфералық ауаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. 2003 жылы 20 маусымда Қазақстан Республикасының жер кодексі қабылданды. 2003 жылы 8 шілдеде Орман кодексі қабылданды. 2003 жылы 9 шілдеде Су кодексі қабылданды. 2004 жылы 9 шілдеде Жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. 2005 жылы 13 желтоқсанда міндетті экологиялық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. 2006 жылы 7 шілдеде Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы Қазақстан Республикасының заңы.

Қарастырып отырған 1997 – 2006ж II кезең бойынша негізгі ерекшеліктер ретінде тұрмыстық қатты қалдықтарды құқықтық реттейтін жаңамалы түрде қабылданған құқықтық актілер мен реттелуімен ерекшеленді. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша заңымен ратификацияланған кейбір құқықтық актілерді атап айтуға болады. Оларға: Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазандағы №89-II Заңымен ратификацияланған Ауаның алыс қашықтыққа трансшекаралық ластануы туралы конвенция (Женева 1979 жылғы 30 қараша) 3-бабында Конвенцияның шеңберінде ақпараттар алмасу, консультациялар, ғылыми-зерттеу қызметі және мониторинг арқылы ұлттық және халықаралық деңгейлерде ұсынылып отырған күш-жігерді назарға ала отырып, ауаны ластаушылардың қалдықтарына қарсы күрес құралы ретінде мүмкіндігінше жеделірек саясат пен стратегияны әзірлейді.

Бұл заңда ауаны қалдықтар мен ластау мәселелер қаралса, Қазақстан Республикасының трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазандағы N 94-II Заңында «Қолда бар ең жақсы технология» термині сарқындыларды, тастандыларды және қалдықтарды шектеу үшін нақты шара ретінде іс жүзінде жарамдылығын дәлелдеген процестерді, қондырғыларды немесе пайдалану әдістерін жасаудағы соңғы жетістіктерді білдіреді. Жаңа технология болып табыла ма деген мәселені анықтау кезінде: a) соңғы кезде ойдағыдай сынақтан өткен салыстырмалы процестер, қондырғылар немесе пайдалану әдістері; b) техникалық процесс және ғылыми білімдер мен проблеманы түсінудегі өзгерістер; c) осындай технологияны экономикалық тұрғыда қолдану мүмкіндігі; d) жаңа кәсіпорындарда да, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда да жабдықтар орнатудың мерзімдік шеңбері;e) тиісті сарқындылар мен ағын сулардың сипаты мен көлемі; f) қалдығы аз және қалдықсыз технология ерекше ескеріледі [1].

Г.Т. Айгариновaның еңбегінде Қазақстанда радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің маңызды мәселесін атап көрсетіп:

- заңдық норма шығармашылықтың қарқынды дамуына, бұның барлығы ҚР Президентінің бұйрықтар санынан, ҚР Үкіметінің қаулылары мен жарғыларынан, Қазақстанның ведомстволық актілерінің санынан көрінеді, яғни радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы, жалпы атомдық энергетика мен радиациялық қауіпсіздік саласындағы құқықтық алғышарттар төменгі заңдық күшке ие дегенді білдіреді;

- «Радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу туралы» арнайы Республикалық заңның болмауынан қазақстандық заңнамада маңызды кемістіктің туындауына;

- ядролық және радиациялық қауіпсіздік туралы федералды, аймақтық және ведомстволық мақсатты бағдарламаларда радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу мәселесінің шешімдерін толық қамтымауына және жоспарланған шаралар мен әрекеттердің келісілмегендігіне;

- өңделген ядролық отыннан басқа, радиоактивті қалдықтардың басқа түрі мен жұмыс істеу саласындағы міндеттерді орындауда құқықтық шығармашылық субъектілерін ескермеуге, яғни медициналық, ғылыми-зерттеу және т.б. [Г.Т. Айгаринова, З.Н. Салимова. Қазақстан Республикасында радиоактивті заттар және қалдықтардың айналымына мемлекеттік бақылау жасауды құқықтық реттеу мәселелері. Қазұу хабаршысы заң сериясы. Том 77: № 1 (2016).].

Жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарымен ратификацияланған кейбір құқықтық актілерден мынандай ерекшеліктерді байқауға болады:

Біріншіден, ауаны қалдықтары мен ластау мен күресуде арнайы стратегиялар дайындау;

Екіншіден, қоршаған ортаны қорғау саласында қалдығы аз және қалдықсыз технологияды қолдану ерекшеліктері;

Үшіншіден, қалдықтарды жою, өртеу немесе көму кезінде қалдықтардан бөлінетін зияндардан сақтану.

Сонымен II кезең бойынша 1997 - 2006ж аралығы тұрмыстық қатты қалдықтарды реттейтін заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңінде тұрмыстық қатты қалдықтарды құқықтық реттеуде экология саласындағы заңдарды қатар қолданылуы, жалпы қалдықтар айналымындағы халықаралық конвенциясы негізінде қалыптасуы мен дамуы тұрмыстық қатты қалдықтарды реттейтін еліміздегі қоршаған ортаны қорғау сала-

[1] Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазан N 89-II Заңы

сындағы заңнаманың халықаралық талаптарға сәйкестендірілуі негізінде, тұрмыстық қатты қалдықтарды тікелей заңдар қабылдауы, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласы халықаралық талаптарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау туралы басқада құқықтық актілерден, жеке дара бөлінуімен ерекшеленеді.

III кезең 2007 жылдардан қазіргі кездегі Қазақстан Республикасында тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын құқықтық реттейтін 2007 жылы 9 қаңтарда N 212 экологиялық кодекстің[1] қабылдануы мен байланысты басталды. Аталған кезең тұрмыстық қатты қалдықтарды реттейтін орын алады. Қазіргі таңда тұрмыстық қатты қалдықтарды реттеудің негізгі нормасы ретінде ҚР ЭК және халықаралық ынтымақтастықты арттыру негізінде заңға тәуелді актілерді 2007 жылғы 20 наурыздағы № 239-III Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы 2009 ж. 26 наурыздағы № 144-IV Қазақстан Республикасының заңы[2], 2007 жылы 20 наурызда Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясын ратификациялау туралы (Роттердамда 1998 жылғы 10 қыркүйекте қол қойылған Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы)[3], 2007 жылғы 7 маусымда Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы (Стокгольмде 2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы) заңдары қабылданды[4].

2009 жылы 26 наурыздағы № 144-IV Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының заңының 2-бабында өзінің шығарындыларды шектеу және қысқарту жөніндегі белгілі бір сандық міндеттемелерін орындау кезінде тұрақты дамуды көтермелеу мақсаттары қарастырылды: қалдықтарды жою кезінде, сондай-ақ энергияны өндіру, тасымалдау және бөлу кезінде метанның шығарындыларын рекуперациялау және пайдалану жолымен шектеу және/немесе қысқарту секілді саясат пен шараларды жүзеге асырады және/немесе одан әрі әзірлейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының В қосымшасына сәйкес мына мемлекеттер бар: Австралия, Австрия, Бельгия, Болгария, Венгрия, Германия, Греция, Дания, Еуропалық қоғамдастық, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Латвия, Лихтенштейн, Люксембург, Монако, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Польша, Португалия, Ресей Федерациясы, Румыния, Словакия, Ұлыбритания құрама Корольдігі және Солтүстік Ирландия, Америка Құрама Штаттары, Украина, Финляндия, Франция, Хорватия, Чех Республикасы, Швейцария, Швеция, Эстония, Жапония мемлекеттері бар[5].

2007 жылы 20 наурызда Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясын ратификациялау туралы ҚР заңының 3-бабында: a)есірткі құралдары мен психотроптық заттарға; b) радиоактивті материалдарға; c) қалдықтарға; d) химиялық қаруларға; e) адамдарға арналған дәрілер мен мал дәрілері құралдарын қоса алғанда, фармацевтік препараттарға; f) тамақ қосымшалары ретінде пайдаланылатын химиялық заттарға; g) саудаға; h) олар импортталған жағдайда, адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға қолайсыз әсер ете қоймайтын көлемдегі химиялық заттарға, i) зерттеулер немесе талдау жүргізу мақсаттары үшін; немесе ii) дұрыс пайдаланудың осындай түрі үшін, жеке тұлғалармен пайдалануға арналған жекеленген сандық қолданысы үшін[6].

Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы 2007 жыл 7 маусымдағы заңында Тиімді шараларға мыналар: қоқыс үйінділерін жағуды қоса, қалдықтарды ашық немесе өзге де бақылаусыз жағуды тоқтату мақсатында қалдықтарды реттеу әдістерін жетілдіру. Қалдықтарды жою жөніндегі жаңа қондырғыларды салу туралы ұсыныстарды қарау кезінде, қалдықтардың аз көлемінің пайда болуына әкеп соғатын ресурстарды қалпына келтіруді, қайталап пайдалануды, қалпына келтіруны, қалдықтарды бөлуді және өнімдерді пайдалануға жәрдемдесуді қоса, тұрмыстық және медициналық қалдықтардың пайда болуын барынша қысқарту жөніндегі шаралар ретіндегі осындай баламаларға назар аударған жөн. Осы көзқарас негізінде адам денсаулығын қорғау мә-

[1] Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Кодексі. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

[2] Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы 2009 жылғы 26 наурыздағы N 144-IV ҚРЗ.

[3] Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясын ратификациялау туралы 2007 жылғы 20 наурыздағы N 239ҚРЗ Заңы.

[4] Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы 2007 жылғы 7 маусымдағы №259 Қазақстан Республикасының Заңы.

[5] Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы 2009 жылғы 26 наурыздағы N 144-IV ҚРЗ.

[6] Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясын ратификациялау туралы 2007 жылғы 20 наурыздағы N 239ҚРЗ Заңы.

селелері мұқият қаралуға тиіс туралы шаралар көрсетілген [1].

Жоғарыда қарастырылған Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық қатты қалдықтар қатынастарын реттейтін құқықтық актілерге негізінде заңға тәуелді актілерді халықаралық конвенцияларды ратификациялау туралы заңдарды талдай отырып мынандай ерекшеліктерді байқауға болады.

Біріншіден, қалдықтарды жою кезінде қалдықтар пайда болатын заттар немес энергия көзі болатын бастада пайдалы өңдеуге келетін металдарды алу шараларды жетілдіру дамыту қарастырады.

Екіншіден, халықаралық сауда қатынастары кезінде қалдықтарды қауіптілік дәрежесіне қарай тасмалдау кезінде мемлекеттер арасында қауіпсіздікке басты назар аударады.

Үшіншіден, тұрмыстық қатты қалдықтарды жоюда қалдықтарды өртеу кезінде бақылаусыз жағуды тоқтату әдістер жетілдіру. Қалдықтарды жекелерег түрлерге бөлу негізінде қалдықтарды кәдеге жарату кезіндегі пайда болған өнімдерді пайдалану.

III кезең бойынша 2007 жылдан қазіргі уақыт аралығында Қазақстанда стратегияларда,тұжырымдамаларда, жолдауларда басқада құқықтық актілерде тұрмыстық қатты қалдықтарды айналымның маңыздылығы қарастырылды. Атап айтар болсақ 2007 жылы 9 қаңтарда ҚР ЭК, 2012 жылы 14 желтоқсанда «Қазақстан 2050» стратегиясы, 2013 жылы 30 мамырда ҚР «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы, 2018 жылы 10 қаңтарда «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында, 2018 жылы 5 қазанда «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, өңдеу, қалдықтар мен жұмыс істеу маңыздылығына көшу мәселесі қозғала басты.

Қазақстан Республикасында 2014 жылдан бастап тұрмыстық қатты қалдықтарды айналымын реттейтін заңнамалар жүйесінде өзгерістер орын ала бастады. Тұрмыстық қатты қалдықтар қатынастарды реттеуде бірнеше экологиялық заңнамаларға сәйкес осы салада құқықтық ақілер қабылданды. Атап айтар болсақ: Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 – 2050 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы №634 қаулысы[2].

Қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қазандағы №146 бұйрығы[3].

Сот шешімімен республикалық меншікке түскен деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 науырызда №229 бұйрығы[4] атап айтуға болады. Қазақстан Республикасында тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын реттейтін заңнаманың қалыптасуы мен дамуын III кезең бойынша мынандай қорытындалар жасауға болады. 2007 жылдар аралғында тұрмыстық қатты қалдықтарды айналым жанама түрде реттейтін экологиялық заңнамалардың басымдылығы; Тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын дамытуға қатысты тұжырымдамалар мен құқықтық актілер қабылдай отырып экономикалық секторларды дамыту; Қазақстан Республикасы тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу саласы бойынша еліміздің алдында негізгі мәселе ретінде алға қойылғандығы; Қазақстанда халықаралық ынтымақтастық негізінде тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын даму шаралары кезеңдері анықталды.

Қорыта келе Халықаралық құқықтық актілер негізінде Қазақстан Республикасында тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын реттейтін экологиялық заңнама және осы сала бойынша басқада құқықтық актілердің IV кезеңнен тұрады атап көрсетуге болады: I кезең бойынша 1972-1999 жылдар аралығында халықаралық нормативтиік құқықтық актілерді қалыптасу кезеңі деп айтуымызға болады. Бұл кезеңде тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын реттейтін құқықтық актілер негізінде жалпы қалдықтарды, қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды жою нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік анықтап, қалдықтарды айналымдарын экологияға қолайлы әдістерді қалыптастыруға негіз болды. II кезең 1991-1997 жылдар бұл кезеңді тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын реттейтін заңнаманың қалыптасу мен дамуы кезіндегі кезеңнің екі ерекешеліктерге тоқталуға болады. Бірншіден, тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын реттейтін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңнаманың қалыптасу кезеңін ерекешеленсе, Екіншісі ол ҚР-сы БҰҰ мүше болу мен ерекшеленді. Қазақстанның дербес заңнамасының қалыптасуы мен БҰҰ-ның қалдықтар бойынша тікелей немесе жанама түрде себепші болатын, халықаралық актілері ратификацияланып, қазақстандық эко-

[1]Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы 2007 жылғы 7 маусымдағы №259 Қазақстан Республикасының Заңы.

[2] Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 – 2050 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы 2014 жылғы 9 маусымдағы № 634 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

[3] Қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы 2014 жылғы 25 қазандағы №146 Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы.

[4] Сот шешімімен республикалық меншікке түскен деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы 2015 жылғы 20 науырызда №229 Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы.

логиялық және басқада заңнаманың құрамына енуімен ерекшеленді. III кезең бойынша 1997 – 2006 жылдары тұрмыстық қатты қалдықтарды реттейтін заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңінде экология саласындағы заңдарды қатар қолданылуы, жалпы қалдықтар айналымындағы халықаралық конвенциясы негізінде қалыптасуы мен дамуы тұрмыстық қатты қалдықтарды реттейтін еліміздегі қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың халықаралық талаптарға сәйкес келтіру мен ерекшеленді. IV кезең бойынша 2007 жылдан қазіргі уақыт аралығындағы тұрмыстық қатты қалдықтар қатынастарын реттейтін ҚР Экологиялық кодексі осы саладағы мемлекеттік: заңдар, тұжырымдамалар мен стратегиялардың қабылдануына негіз болуында.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А.К. Джангабулова, А.Т. Салыхбаева. Становление и развитие правовых основ экологической политики Республики Казахстан. Вестник КазНУ. Алматы. No2 (70). 2014. Серия. Юриспруденция.
2. Байдельдинов Д.Л. Проблемы влияния «субъективно-объективного» фактора на развитие экологического законодательства Республики Казахстан. http://www.greensalvation.org/old/ Russian/ Publish/10_rus/10_03.htm
3. Елюбаев Ж.С. «Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу проблемалары: отандық тәжірибе және шетелдік жүзе». Монография. Алматы, Типография «Комплекс». Монография. // Алматы. 2010. – 408б.
4. А.Бектурова. Система законодательства Республики Казахстан в области управления отходами производства и потребления. Том 87 № 3 (2018): Вестник КазНУ Серия юридическая.
5. Бекежанов Д.Н. Қазақстан Республикасында тұрмыстық қатты қалдықтар айналымын құқықтық реттеу (ұлттық және шетел заңдарымен салыстырмалы талдау): филос. док. (Ph.D)...дис.-Талдықорған, 2019.-144 б.
6. Декларация Конференции Организации Объединенных Наций по проблемам окружающей человека среды. Принята Конференцией ООН по проблемам окружающей человека среды, Стокгольм, 1972 год // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declarathenv.shtml
7. Конвенция по предотвращению загрязнения моря сбросами отходов и других материалов. Принята 29 декабря 1972 года. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/ dumping. shtml
8. Базельской конвенции о контроле за трансграничной перевозкой опасных отходов и их удалением. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/basel.pdf
9. Протокол 1996 года об изменении Конвенции по предотвращению загрязнения моря сбросами отходов и других материалов 1972 года. Принят 7 ноября 1996 года.
10. Базельский протокол об ответственности и компенсации за ущерб, причиненный в результате трансграничной перевозки опасных отходов и их удаления. Принят 10 декабря 1999 года (Базель, Швейцария)
11. Об охране окружающей природной среды в Казахской ССР. Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 18 июня 1991 года. Утратил силу - Законом РК от 15 июля 1997 г. N 161 ~Z970161.
12. Кузнецова Н. В. Экологическое право: Схемы,комментарии.- Учеб. пособ.- М.: Новый Юрист,1998.- 141.
13. В.В.Петров. "Ресейдің экологиялық құқығы. ЖОО арналған оқулық. М., 1995, 239б.
14. Қазақстан Республикасын БҰҰ –на қабылдау туралы БҰҰ-ның 2 наурыз 1992 ж. №A/RES/46/224 резолюциясы // http: // www.un.org /ru /ga /46 / docs/46res.shtml.
15. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы 2003 жылғы 10 ақпандағы N 389-II заңы.
16. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы 1997 жылғы 15 шілдедегі № 160-I Заңы.
17. Қазақстан Республикасының Экологиялық сараптама туралы 1997жыл 18 наурыздағы №85 заңы.
18. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 жарлығы.
19. Ф.Абдраимова «Проблемы правового регулирования охраны окружающей среды от загрязнения отходами производства и потребления в Республике Казахстан» Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Астана 2010г. 137с.
20. Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазан N 89-II Заңы.

21. Г.Т. Айгаринова, З.Н. Салимова. Қазақстан Республикасында радиоактивті заттар және қалдықтардың айналымына мемлекеттік бақылау жасауды құқықтық реттеу мәселелері. Қазұу хабаршысы заң сериясы. Том 77: № 1 (2016).

Түйіндеме: Заңның экстремизм және экстремистік әрекетке құқықтық тұрғыдан берген анықтамасы теориялық жағынан қарағанда тиянақсыз екіұшты түсінікті білдіруі мен экстремистік қылмыстар қатарына енгізген баптар тізімі бойынша отандық зерттеушілер арасында үлкен пікірталас тудырып, оны кеңірек талқылауға жол ашты. Біз аталған мәселеге қатысты осы мақалада өз авторлық пікірімізді беріп, заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу керектігін көрсеттік. Әрине кейбір зерттеушілер біздің тараптан берген өзгертулермен келіспеуі мүмкін, алайда бұл өзгерістер қылмыстық заңнамамызда «экстремизм» мен «экстремистік қылмыс» ұғымдарын нақтылай кетуге және олардың белгілерін қамтыған баптар тізбектерін беруде экстремизмге қарсы іс-қимылда құқық қолданушыға үлкен құрал ретінде көмегін тигізері сөзсіз және осы саланы болашақта зерттеушілерге эмпирикалық азық ретінде бағыт бағдар беруде үлкен үлесі тиеді деген ойдамыз.

Түйін сөздер: экстремизм, қылмыс, бап, субьект, обьект, субьективтік жағы, обьективтік жағы.

Аннотация: Определение закона с правовой точки зрения на экстремизм и экстремистскую деятельность в теоретическом плане имеет неоднозначное толкование и вызвало большую дискуссию среди отечественных исследователей по перечню статей, включенных в число экстремистских преступлений, и открыло путь к более широкому его обсуждению. Мы дали в данной статье свое авторское мнение по данному вопросу и указали, что необходимо внести соответствующие изменения в законодательство. Конечно, некоторые исследователи могут не согласиться с изменениями, внесенными нами, но мы считаем, что эти изменения, безусловно, окажут большую помощь правоприменителю в противодействии экстремизму в определении понятий «экстремизм» и «экстремистское преступление» в уголовном законодательстве и в предоставлении цепочек статей, содержащих их признаки, и внесут большой вклад в ориентацию этой отрасли в качестве эмпирического продукта для исследователей в будущем.

Ключевые слова: экстремизм, преступление, статья, субьект, обьект, субьективная сторона, обьективная сторона.

Annotation: The legal definition of the law on extremism and extremist activities caused a great debate among domestic researchers on the list of articles included in the list of extremist crimes. We gave our author's opinion on this issue in this article and showed that it is necessary to make appropriate changes to the legislation. Of course, some researchers may disagree with the changes made by us, but we believe that these changes will certainly help law enforcement as a great tool in countering extremism in order to clarify the concepts of "extremism" and "extremist crime" in the criminal legislation and provide chains of articles containing their features, and will have a great contribution to the future orientation of this area as an empirical feed for researchers.

Key words: extremism, crime, article, subject, object, subjective side, objective side.

Осы күнде қоғамда әлі экстремизмге деген нақты және толыққанды барлық сұраққа жауап беретін түсінік қалыптасқан жоқ. Елімізде экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша заңды қабылдауы мәселені тек маңызды ғана қылып қойған жоқ, сонымен қатар оған жаңаша көзқараспен қарауға жол ашты. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) заңының пайдаланылатын негізгі ұғымдары атты 1-бабында:

«1) экстремизм – мыналардың:

жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған

ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құрылым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» деп анықтама берген *[«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31-III Заңы. (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) «Параграф» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі URL:http://online.zakon.kz (Жүгіну мерзімі: 25.05.2020)]*.

Заңның экстремизм және экстремистік әрекетке құқықтық тұрғыдан берген анықтамасы теориялық жағынан қарағанда тиянақсыз екіұшты түсінікті білдіруі, оны отандық зерттеушілер арасында кеңірек талқылауға жол ашты.

А.Б.Скаков заңда экстремизмнің әдебиеттерде атап көрсеткендей, нысандарын бөліп қарастыру, шындығына келгенде «таза» күйінде шығып жүрмейді дейді. Мәселен, ұлттық экстремизм барлық кезде өзінде саясидың кейде тіпті жиі діннің элементтерін қамтып жүреді деп заңның анықтамасындағы кемшіліктерді көрсетті *[Скаков А.Б., 2014, 64 б.]*.

Бізде осы кемшіліктермен толықтай келісеміз. Яғни, экстремизм тек қана таза күйінде саяси, ұлттық және діни идеологиялық бағытты ұстанып қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы әрекеттер деп санау қателік болар еді. Себебі экстремизмнің теориялық тұрғыдан идеологиялық көзқарас бойынша бөліп қарастырудағы үш түрін (ұлттық, саяси және діни) заңнамада көрсету экстремизм барлық түрлерін ашып көрсетпейді.

Сонымен қатар берілген анықтамада экстремизм анықтамасы толық ашып көрсетілмеген, себебі экстремизм экстремистік бірлестік немесе ұйым атынан ғана жеке және заңды тұлғаның немесе жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің әрекет жасауы деп санау толық мағынасын ашпайды. Әрекет пен құбылысты бір санатқа қою экстремизм туралы түсінік бойынша танымдық түсінікте шатастыруға әкеледі *[Шидемов А.Г., 2016, 362 б.]*.

Біріншіден сөздіктерге назар аударсақ, С.И.Ожегов пен Н.Ю.Шведова сөздігі экстремизм - бұл соңғы көзқарастарды қолдануға бейімділік деп көрсетеді *[Ожегов С.И., Шведова Н.Ю., 1999, 949 б.]*.

Д.Н.Ушаковтың түсіндірме сөздігінде, экстремизм - бұл шеткі көзқарастар мен шараларды ұстанушылық, бейімділік, көбінесе саясатта делінген**.**

Сипатталған энциклопедиялық сөздікте, экстремизм - (лат. *extremus - шеткі*) саясатта шеткі көзқарастар мен шараларды ұстанушылық деп айтылған**.**

Орыс тілі галицизмінің тарихи сөздігі экстремизмді - саясатта шеткі көзқарастар мен шараларды ұстанушылық; өз мақсаттарына жетуде шеткі шараларды пайдалану (террорлық акт, адам ұрлау, адам өлтіру және т.б.).

Саяси түсіндірме сөздікте «экстремизм (фр. *extremisme*, лат. *extremus*) - «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) - жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді» деп көрсетілген *[URL:http://dic.academic.ru]*.

Шетел сөздерінің сөздігінде (лат. *extremus - шеткі*) - 1) шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану, мәселен, саясатта; 2) болашақта мейірімді және ізгі мақсатқа жетудегі қажеттілікпен ақталатын террор зорлығы, «шеткі шара» адамгершілікке жатпайтын саясат деген мағына беріп кетеді *[М.Ю. Женило, Е.С. Юрченко., 2001, 800 б.]*.

Кеңестік энциклопедиялық сөздікте «экстремизм» термині келесідей анықтамада берілген «шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану (көбінде саясатта)» *[А.М.Прохоров., 1981, 1552 б.]*.

Үлкен кеңестік энциклопедиядағы экстремизм анықтамасына сәйкес - радикалданды-рылған әлеуметтік институттар, азғантай топтар мен жеке тұлғалардың өз мақсаттарына жетуге бағытталған шеткі көзқарастарды, идеялар мен шараларды ұстануы *[А.М.Прохоров., 1978, 19 б.]*

Заманауи ғылымның кіші энциклопедиясында экстремизмге «саясат пен шеткі көзқарас және әрекет идеологиясын ұстану» деген анықтама берілген *[URL:http://www.biblioserver.usurt.ru]*.

«Экстремизм» түсінігіне ЕКПА-сы 2003 жылы анықтама берді. Аталған анықтамаға сәйкес,

«экстремизм - парламенттік демократия қағидаларын тікелей немесе жанама түрде қабылдамайтын саяси қызметтің бір нысаны деп айтылған» *[URL:http://www.articlekz.com]*.

Сөздіктер мен энциклопедияларда келтірілген анықтамаларға сәйкес экстремизм өз қағидаларын мәжбүрлеп міндеттейтін шеткі көқарастағы ұстаным болып табылатындығын білдіреді.

Жоғарыда аталған анықтамалар экстремизм мазмұнының тек қана саяси феноменін ашады, бірақ аталған құбылыстың құқықтық табиғатын көрсетпейді. Сонымен қатар, қарастырылған анықтамаларда құқыққа қайшы сипатын қамту қажет.

Экстремизм түсінігін анықтау мәселесінде зерттеушілердің анықтамаларын зер салсақ, Е.Н. Сергунның берген анықтамасында: «экстремизмді сырттай ерекшелігі жоқ қандай да бір әлеуметтік топтың тұлғаларына, ұлттарға немесе мемлекетке деген саяси, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздық немесе өшпенділік негізіндегі көзқарастар, тұжырымдар, идеялар немесе ұсынымдарды ұстану деп түсіну керек делінген. Жеке тұлғаның экстремистік көзқарастары сыртқы көрінісі құқыққа қайшы әрекетте жүзеге асырылса онда оны экстремистік қызмет деп айту керек» *[Сергун Е.П., 2006, 197 б]*. Экстремизмнің идеологиялық теориясы мен тәжірибесінің ажырамас байланысы аталған зерттеушінің экстремизмге берген анықтамасында өз көрінісін тапты.

Біздің пікірімізше отандық зерттеуші Г.Д.Мейіркулованың экстремизмге берген анықтамасы мағынасын аша алды деген ойдамыз. «Экстремизм - бұл соңғы көзқарастардағы шара қолдануға бейімділік. Қоғамдағы нормаларға түбегейлі теріс, шектен шығатын, саясатты, дінді бұрмалау көзқарастар мен іс-әрекетке негізделген, саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан саясаттың тұрақсыздығынан, экономикалық салдардан туындайтын идеологиялық құбылыс» деп көрсетеді *[Мейркулова Г.Д., 2010, 131 б.]*.

Осылайша экстремизм түсінігінде сәйкессіздік сияқты мәселе туындайды. Экстремизм ұстаным ретінде қарастырыла ма әлде ол көптеген мамандар айтпақшы бұл әрекет деп санала ма. Ұстанымда болу дегеніміз нақты бір нормаларды, бағалауларды, көзқарастарды және т.б., ұстану. Алайда ұстаным тек әрекетте байқалмауы да мүмкін, тек көзқарас ретінде қалуы да мүмкін. Б.Б.Бидова экстремизмді әрекет ретінде көру оның құқықтық тұрғыдан қарастыруына көмектеседі. Дәл осылай ғана экстремизмді қарастыру құқықтық әсер етудің обьектісі ретінде қарау қажет *[Бидова Б.Б., 2012, 297 б.]*.

Бұлай болмаған жағдайда экстремизмге қарсы іс-қимыл көзқарастармен, басқаша ойлауларға қарсы іс-қимыл деп саналатын еді. Адамның ойлары, көзқарастары, ұстанымдары адамның әрекеттерінде орын алған жағдайда ғана құқықтық баға бере аламыз.

Жоғарыда аталған сөздіктерде, отандық және шетелдік авторлар еңбектерінде және еліміздің заңнамасына көңіл аударып талдау жасадық. Нәтижесінде экстремизм анықтамасы ізденушіні экстремизм туралы түсініктік тұрғыдан келгенде белгілі бір қорытындыға келуде тығырыққа әкеледі деген тұжырымға келдік. Ғылыми ортада баға берушілікте, оның ішінде анықтамалық түсінікте экстремизм жалпы қоғамда қалыптасқан жағдайларға, мемлекетпен бекітілген нормалар мен ережелерге бас имеушіліктің шектен шыққан құбылысы деп бағалау керек. Алайда отандық заңнамадағы берілген анықтама бұл құбылыстың мағынасын толыққанды ашпайтынына көз жеткіздік.

Осылайша, «экстремизм» терминіне заңнамалық тұрғыдан біздің авторлық нұсқамыздағы анықтама бермекпіз. Біздің нұсқада «эстремизм» термині - қоғамда қалыптасып қалған әлеуметтік-экономикалық мәселеден, саяси тұрақсыздықтан және өзге де себептен туындаған әлеуметтік, экономикалық, саяси және өзге де жағдайды өзгертуге бағытталған немесе қандай да бір әлеуметтік топқа немесе топ өкіліне қатысты саяси, діни, ұлттық және өзге де өшпенділіктің немесе араздықтың салдарынан шеткі шараларға баруға итермелейтін идеологиялық құбылыс.

Қылмыстық заң үшін екі белгінің мәні бар - біріншісі, іс-әрекет, екіншісі, сол іс-әрекетке бағыттайтын көзқарастар. Соңғы атап көрсетілген жағдай бізге экстремистік бағыттағы қылмыстардың анықтамасын қалыптастырумызға мүмкіндік береді. Алайда экстремистік бағыттағы қылмыстардың мағынасын ашпастан бұрын экстремистік әрекеттерге тоқталып кетуіміз керек.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) заңының пайдаланылатын негізгі ұғымдар атты 1- бабының 5 - тармағында:

«экстремистік әрекеттер - экстремистік мақсаттағы әрекеттер жасауға жария түрде шақыруды, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды, үгіттеуді және көпшілікке жария көрсетуді қоса алғанда, осындай әрекеттерді тікелей іске асыру» делінген *[URL:http://online.zakon.kz]*.

«Экстремистік әрекет» терминінің заңнамалық анықтамасының кемшілігі болып аталған әлеуметтік құқықтық құбылыстың мазмұнын сипаттайтын белгілерінің жоқтығын айтуға болады, ол арнайы заңнамада оған берілген анықтамамен расталады.

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасында «экстремистік қылмыстар» түсінігі бекітілмеген. Бір жағынан «экстремистік қылмыстар» түсінігінің нақты анықтамасының болмауы заңнаманың кемшілігі ретінде көрінуі мүмкін, себебі онда қандай қылмыстар «экстремистік қылмыстар» қатарына

кіретіні анықталмаған. Екінші жағынан заңнамада нақты қылмыстар тізімінің көрсетілмеуі «экстремистік қылмыстар» қатарына экстремизм көрінісі байқалған кез келген қылмысты жатқыздыруға болады деген ойға келтіреді. Аталған қылмыстарды «экстремистік қылмыстар» қатарына жатқыздыру ең алдымен экстремистік деп есептеуге болатын және олардағы кінәлілердің жасар алдындағы басшылыққа алатын мақсаттары мен себептеріне байланысты. Мақсаттар мен себептер экстремистік деп аталынады, себебі олар экстремистік әрекеттердің міндетті белгісі болып табылады және олар болмай қалған жағдайда қылмысты экстремистік бағыттағы қылмыстар қатарына жатқыздыруға болмайды. Әрине экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы заңнамада көрсетілмеген экстремизмнің аспектілері Қазақстан Республикасының ҚК-де көрсетілуі тиіс еді. Алайда Қылмыстық кодекстің өзінде анықтамасы тек сол қылмыстардың қатарына кіргізуге болатын баптардың тізімімен шектелген.

Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V Қылмыстық кодексінің қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру атты 3 - бабының 39 - тармағында:

«экстремистік қылмыстар - осы Кодекстің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген іс-әрекеттер» делінген *[URL:http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483]*.

Ең алдымен анықтама беріп қана барып, аталған қылмыстардың түрлеріне жататын баптарды көрсету керек. ШЫҰ-на мүше мемлекеттер Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Беларусь Республикасы, Тәжікстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодекстеріне зер салсақ дәл осындай жағдай. Тіптен аталған елдердің заңнамаларында экстремистік қылмыстарға анықтама мен аталған санаттағы қылмыстың қатарына жататын баптардың тізбегі көрсетілмеген.

Экстремистік бағыттағы қылмыстар кез келген әлеуметтік топтың өкілдеріне деген кінәлілердің араздығы пен өшпенділігі. Яғни экстремистік қылмыстардың бағыты әлеуметтік топ өкілдерінің ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір әлеуметтік топтарға немесе оның өкілдеріне деген шектен шыққан негативті қатынасын топшалайды: нақты бір идеологияға деген ұстаным, саясаттағы бағытқа, өшпенді нәсілге, ұлтқа немесе дінге деген қатыстылығы. Сонымен қатар, кінәлі өзінің құқыққа қайшы әрекетінде ол тиісті өшпенділік немесе араздығын білдіреді, оларды көрсетуді қалайды. Дәл осындай нәтиже экстремистік бағыттағы қылмыстарды өз алдына бөлек қылмыстық жазамен белгіленген әрекеттер қатарына жатқыздыруын негіздейді.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың түсінігінің мазмұнына қоғамда төзімшілдікті, шыдамдылықты бұзу мүмкіндігін беретін өшпенділік пен араздықты сипаттайтын белгілерді қамту қажет. Бұндай белгілер нәсілдік немесе ұлттық немесе дінге деген қатыстылығы бойынша байланысу қажет. Экстремистік бағыттағы қылмыстар экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген барлық қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы, жазалау сипатына ие және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі әртүрлі баптарында көрсетілген әрекеттердің барлық белгілерін қамту қажет. Ең алдымен экстремистік бағыттағы қылмыстарды заңнама тарапынан анықтап алу керек, қылмыстар тобын емес, яғни осындай түсінікке кіргіздірілетін мазмұны жағынан барлығын немесе әрқайсысының сипатын ашатын белгілерді келтіріп кету керек.

Ұсынылған заңдағы экстремизмге берілген анықтамаға қарап аталған түсінікті қалыптастырып қана қоймай, қылмыстық заңнамаға көңіл бөлу қажет, оның ішінде қылмыстық құқықтық заңнамамен қорғалатын тиісті обьектілерге экстремистік бағыттағы қылмыстармен келтірілген немесе келтірілуі мүмкін қол сұғушылық үшін жаза көздейтін нормаларға назар аудару керек.

Осылайша біздің тұжырымымыз бойынша «экстремистік қылмыстар - қандай да бір әлеуметтік топқа немесе оның өкіліне қатысты саяси, діни, ұлттық және өзге де өшпенділік пен араздық себебімен жасалатын экстремистік ұйым, топ атынан немесе өзі жеке дара ҚК-де жаза көзделген экстремистік бағыттағы іс-әрекеттерді» жатқыздырамыз.

Қылмыстың анықтамасы кез келген қылмысқа тән құқықтық және әлеуметтік белгілерін көрсетеді. Бұл белгілер (қылмыстық құқыққа қарсылық, қоғамға қауіптілік, кінәлік және жазалылық) басқа қылмыс болып табылмайтын құқық бұзушылық пен қылмыстық әрекеттерді бір-бірінен ажыратуға көмектеседі. Осы тұрғыдан келгенде біз С.М.Рахметов пен Т.А.Бапановтың көптеген қылмыстардың ішінен нақты бір қылмыстарды бір-бірінен ажырату үшін қылмыс құрамы деген түсінікті пайдалану керек деген пікірлерімен келісеміз *[Рахметов С.М., Бапанов Т.А., 1999, 3 б.]*.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың обьективті жағын құрайтын өзіндік әрекеттер критерийі бойынша саралау қажет:

1) экстремистік әрекеттер басқа қоғамдық қауіпті әрекеттің сараланған формасы ретіндегі құрам болып;

2) экстремизм ретінде сараланатын нақты әрекеттер үшін жауаптылықты көздейтін құрам болып табылады.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың обьективті жағының құрамы ең алдымен қоғамға қауіпті әрекет деп сипатталады, ол экстремистік әрекетті жүзеге асыруға бағытталған жария әрекеттерге шақыру. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың обьективті белгісі ретінде қоғамға қауіпті әрекет болып табылады. Бұл дегеніміз

экстремистік бағыттағы қылмыстар тек қана әрекет түрінде ғана жасалады деген тұжырымға әкеледі. Яғни теориялық тұрғыдан осы санаттағы қылмыстардың әрекетсіздік жолмен жасалуы мүмкіндігін қарастыру жоққа шығарылады деген тұжырымға әкеледі.

Экстремистік әрекет билік өкілеттіктерін алып алу немесе күштеп басып алуға, мемлекеттің біртұтастығын бұзуға немесе конституциялық құрылысын өзгертуге бағытталған және т.б., әрекеттерде байқалады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған тізімнен басқа экстремистік бағыттағы қылмыстардың обьективтік жағы факультативті белгілермен сипатталуы мүмкін (орын, уақыт, қару, құрал, әдіс, қылмысты жасау кезіндегі жағдай) егерде қылмыстық құқықтық нормаларда бекітілгенде аталған қылмыс үшін міндетті болып келеді.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың обьектісін сипаттай жатып, оларда әрекеттерді жасауының себеп салдарынан көрінетін өзіндік ерекшеліктеріне байланысты саяси, ұлтаралық, дінаралық немесе басқа да қақтығыстар мен қайшылықтардан көрініс табады және қылмыстық заңмен қорғалатын белгілі бір қоғамдық қатынастарға, құқықтарға, бостандықтарға, заңды мүдделерге және әлеуметтік құндылықтарға зиян келтіреді. Осылайша экстремистік бағыттағы қылмыстардың обьектісі болып, орындалған нақты әрекетке байланысты тұлғаның құқықтары мен бостандықтары, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, билік мүдделері, сондай-ақ, адамзаттың қауіпсіздігі мен бейбітшілігі болып табылады.

Қылмысты экстремистік бағыттағы қылмыстар қатарына жатқызуда субьективтік жағы үлкен маңызға ие. Қылмыстың субьективті жағы болып тікелей ниетпен сипатталады - кінәлі өзінің әрекетінің қоғамға қауіптілігін біледі және оның болғанын қалайды. Жария түрде шақырудың мақсаты - экстремистік әрекеттерді жасауға деген ішкі құлшынысын қалыптастыру мен ояту. Ниеттер әр түрлі болуы мүмкін: пайда, кек, идеологиялық алауыздық және т.б.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың субьектісі болып, есі дұрыс Қазақстан Республикасының ҚК-де белгіленген жасқа толған жеке адам. Субьектіде қылмыстың экстремистік ниеті мен экстремистік мақсатының болуы аталған әрекетті экстремистік бағыттағы қылмыс ретінде саралауға мүмкіндік береді.

Ендігі кезекте экстремистік қылмыстар құрамына жататын баптарға тоқталып кетпекпіз. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде экстремистік қылмыстар қатарына кіретін және «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы заңға сәйкес экстремистік қылмыстар қатарына жатуы мүмкін баптар тізімі толық емес. Себебі соңғысының тізімі біріншісіне қарағанда кеңірек көрсетілген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде аталған экстремистік бағыттағы қылмыстар санатына жататын баптардың арасында экстремизм белгілерін анықтауды немесе экстремизм көріністерін байқауды қажет ететін және диспозициясы мен бап атауында экстремизм белгілерін анықтамай-ақ немесе оны анықтау үшін саралауды қажет етпейтін барлық баптарды қамтымаған. Бұл өз кезегінде құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін экстремизммен байланысты қылмыстарды тергеп-тексеру барысында қылмыс құрамында экстремизм белгілерінің бар-жоғын анықтау мақсатында қосымша тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Тергеп-тексеру жұмыстары қажетті тергеу әрекеттерін жүргізуге, мамандарға кеңестік көмек алу мақсатында жүгінуге мәжбүрлейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, экстремизм көрінісі анық және оны қосымша анықтауды қажет етпейтін қылмыс санаттарын экстремистік бағыттағы қылмыстар санатына жатқызыру керек. Оның басты себебі дұрыс саралау мен қоғамдық қауіптілігін бағалауға, экстремизмнің алдын-алу жұмыстарын жүргізуде тигізер пайдасы зор. Осы сұрақ бойынша ресей зерттеушілері де айналысуда. Оған отандық заңнамамыздың Ресей қылмыстық заңнамасымен ұқсастықтары экстремизм мәселесіне келгенде де қалып қалмағандығын көрсетеді. Дәл біз келтірген осындай пікіріміз сияқты ресей зерттеушісі Б.А.Мыльников Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 281.1-бабында көзделген қылмыстардан бөлек отыздан астам қылмыстарды экстремистік қылмыстар қатарына жатқыздыруға болады деген пікірде *[Мыльников Б.А., 2005, 112 б.]*.

Біздің ойымызша экстремистік қылмыстар құрылымына жататын баптар толыққанды енгізілмеген. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда біздің ойымызша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «экстремистік қылмыстар» терминіне берген анықтамада ұсынылған баптардың тізімі толық емес.

Ендігі кезекте осы аталған кемшіліктерді жоюда «экстремистік қылмыстар» түсінігін экстремизм көрінісі анық және қылмыстық құқықтық табиғатында экстремистік идеологияны басшылыққа алып соның мақсаттарына жетуде жасалатын құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті және қылмыстық заңнамамен жаза көзделген әрекеттермен байланыстырамыз.

Біздің ойымызша экстремистік бағыттағы қылмыстар санатына келесідей идеологиялық негіздегі Қылмыстық кодекстегі баптарды енгізгеніміз дұрыс болар еді.

Оларға идеологиялық негізде жасалған жағдайда (саяси экстремизм):

- Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (173-бап);

- Жаппай тәртіпсіздік (272-бап) қосу керек.

«173-бап. Халықаралық қорғауды пайдалана-

тын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау

1. Шет мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғауды пайдаланатын халықаралық ұйымның қызметкеріне немесе онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелеріне, сол сияқты халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайларына не көлік құралдарына шабуыл жасау, сол сияқты осы адамдарды ұрлау немесе бас бостандығынан күштеп айыру, сондай-ақ көрсетілген әрекеттерді жасау қатерін төндіру -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет не қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып не адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған не денсаулыққа ауыр зиян келтірумен ұштасқан, сол сияқты соғысқа арандату немесе халықаралық қатынастарды ушықтыру мақсатында жасалған дәл сол іс-әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан немесе қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» *[URL:http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483]*.

Бұл қылмыстық-құқықтық норманың негізгі мәні халықаралық қорғауға алынған ұйымдар мен адамдарды кез келген экстремистік топтың шабуылынан, қылмысты қол сұғуынан қорғау, сөйтіп соғысқа арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістірге жол бермеу болып табылады.

Көрсетілген қылмыстың жәбірленушісі халықаралық қорғау аясына алынған адамдар болады.

Қылмыс обьективтік жағынан шетелдік мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғау аясындағы халықаралық ұйымның қызметкеріне немесе онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелеріне, сондай-ақ халықаралық қорғау аясындағы адамдардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайларына, не көлік құралдарына шабуыл жасау, сондай-ақ осы азаматтарды ұрлау немесе бас бостандығынан күштеп айыру, егер осы әрекеттер соғысқа арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіру мақсатында жасалу арқылы сипатталады.

Қылмыс субьективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады. Адам халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымға шабуыл жасайтынын сезеді және соны істеуді тілейді. Қылмыстың субьективтік жағының белгісі, қылмыстың мақсаты - соғысты арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіру болып табылады.

Қылмыстың субьектісі - 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам *[Ағыбаев А.Н., 2015, 344 б.]*. (Мәселен, Ресей Федерациясының елшісін Андрей Карловқа Түркия Республикасының астанасы Анкарада қастандық жасалып, нәтижесінде қаза тапты және т.б.).

«272-бап. Жаппай тәртіпсіздік

1. Күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражатты пайдалана отырып жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру -

төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жаппай тәртіпсіздікке қатысу -

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Билік өкілдерінің заңды талаптарына белсенді түрде бағынбауға және жаппай тәртіпсіздікке шақыру не жаппай тәртіпсіздікке арандату, сол сияқты азаматтарға зорлық-зомбылық жасауға шақыру -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» *[URL:http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483]*.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша жаппай тәртіпсіздіктің тікелей обьектісі - қоғамдық тәртіп, ал қосымша тікелей обьектісі - адамдардың өмірі, денсаулығы, мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншік болады. Обьективтік жағынан бұл қылмыстық құқық бұзушылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру арқылы сипатталады. Жаппай тәртіпсіздік деп - қоғамға қауіпті әрекеттердің күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылыс заттарын немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай ақ олардың өкімет өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан әрекеттерін айтамыз. Жаппай тәртіпсіздіктер - формальдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жатады. Қылмыстық кодексінің 272-бабының диспозициясында көрсетілген әрекеттердің біреуін істеген уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Субьективтік жағынан қылмыстық құқық бұзушылық тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыратын, оның заңды көрсетілген әрекеттермен жалғасатынын сезеді және соны істеуді тілейді.

Қылмыс субьектісі - 16-толған, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырған немесе басқарған адам *[Ағыбаев А.Н., 2015, 515 б]*. (Мәселен, 5 қазан

2020 жылы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен жаппай тәртіпсіздік және т.б.).

Егерде ол идеологиялық негізде жасалған жағдайда (ұлттық экстремизм):

- Геноцид (168-бап).

«168-бап. Геноцид

1. Геноцид, яғни ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер-

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Соғыс уақытында жасалған дәл сол іс-әрекеттер -

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға, не өлім жазасына жазаланады» *[URL:http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483]*.

Геноцид - халықаралық құқық нормасы арқылы белгіленген қылмыс. Оның қоғамға қауіптілігі сол ол бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да жүзеге асырылатын қоғамға аса қауіпті іс әрекет. БҰҰ Бас Ассамблеясында 1946 жылғы 11 желтоқсандағы қарарымен геноцид халықаралық қылмыс деп жарияланды. 1947 жылғы 21 қарашадағы осы органның қарарына сәйкес геноцид үшін ұлттық және халықаралық құқық нормасымен белгіленген жауаптылыққа жеке тұлға немесе мемлекет тартылуға тиіс деп белгіленді.

Қылмыстың тікелей обьектісі - этникалық, ұлттық, нәсілдік немесе діни топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар.

Обьективтік жағынан қылмыс геноцид, яғни ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты, осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зардап келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп біреуге беру, күштеп көшіру, не осы топтың мүшелерін қырып жоюға есептелген өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы, толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс субьективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады.

Қылмыстың субьектісі - 16-ға толған кез келген адам *[Ағыбаев А.Н., 2015, 342 б.]*. (Мәселен, холокост - 1933-1945 жылдары нацистік Германия билігінің еврейлерді құрту саясаты, Осман империясындағы армяндарға қарсы геноцид және т.б.).

Әрине кейбір зерттеушілер біздің тараптан берген өзгертулермен келіспеуі мүмкін, алайда бұл өзгерістер қылмыстық заңнамамызда «экстремизм» мен «экстремистік қылмыс» ұғымдарын нақтылай кетуге және олардың белгілерін қамтыған баптар тізбектерін беруде экстремизмге қарсы іс-қимылда құқық қолданушыға үлкен құрал ретінде көмегін тигізері сөзсіз және осы саланы болашақта зерттеушілерге эмпирикалық азық ретінде бағыт бағдар беруде үлкен үлесі тиеді деген ойдамыз.

Осының барлығы Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңына «экстремизм», қылмыстық заңнамасында «экстремистік қылмыстар» анықтамаларына өзгерістер енгізуді қажет ететіндігіне келеміз.

Біздің тараптан берген анықтамалар өз кезегінде:

Біріншіден, құбылыс пен әрекет арасын түсініктік тұрғыда бөліп алуға мүмкіндік береді;

Екіншіден, қоғамдық құбылыстың түсініктік мәселесіне келгенде отандық ғылымдағы болашақ зерттеушілер үшін маңызды дұрыс бағытын анықтап береміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31-III Заңы. (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [электрондық ресурс]//Параграф. URL:http://online.zakon.kz (жүгіну мерзімі: 25.05.2020 ж).

2 Скаков А.Б. Правовые, криминологические и организационные основы предупреждения преступности террористической и экстремисткой направленности в Республике Казахстан. // «Противодействие терроризму и религиозному экстремизму в условиях глобализации» материалы международной научно-практической конференции. - Алматы, 2014. - С. 63-67.

3 Шидемов А.Г. Экстремизм ұғымының теоректикалық негіздері//ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. - 2 (78). - Алматы., 2016. - Б. 360-368.

4 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – 4-е изд., доп. - М.:Азбуковник, 1999.

5 Экстремизм - это ... Что такое экстремизм? [электрондық ресурс]// URL:http://dic.academic.ru (жүгіну мерзімі: 18.11.2015 ж).

6 Словарь иностранных слов: словарь/Сост. М.Ю. Женило, Е.С. Юрченко. - Ростов н/Д: Феникс, 2001. - 800 с.

7 Советский энциклопедический словарь/Научно-редакционный совет: А.М.Прохоров (пред.). - М.: «Советская энциклопедия», 1981. - 1600 с. с илл.

8 Большая советская энциклопедия: в 30 т./ Гл. ред. А.М.Прохоров. - 3-е изд. - М.: Сов. энцикл., 1969-1978.

9 Малая энциклопедия современных знаний. 2-е изд., перераб.: В 2 т. М.; Харьков, 2000. Т. 1. - 416 с [электронный ресурс]// URL:http://www.biblioserver.usurt.ru (дата обращения: 10.09.2015 г).

10 Экстремизм как неотьемлемый элемент терроризма? [электрондық ресурс]//URL:http://www.articlekz.com (жүгіну мерзімі: 10.09.2015 ж).

11 Сергун Е.П. Правовое обеспечение противодействия экстремистской деятельности в Российской Федерации//Правовая политика и правовая жизнь. 2006. № 2.

12 Мейркулова Г.Д. Предупреждение финансирования экстремизма: дис. ... з.ғ.к. - Алматы, 2010. - 131 б.

13 Бидова Б.Б. Специально-криминологическое противодействие молодежному экстремизму// Молодой ученый. 2012. № 11.- С. 287-289.

14 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31-III Заңы. (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [электрондық ресурс]//Параграф. URL:http://online.zakon.kz (жүгіну мерзімі: 25.05.2020).

15 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [электрондық ресурс]//«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.URL:http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгіну мерзімі: 01.01.2016).

16 Рахметов С.М., Бапанов Т.А Қылмыс құрамы - Алматы: ЖШС «Баспа», 1999. - 88 б.

17 Мыльников Б.А. Противодействия преступлениям экстремистской направленности: криминологический и уголовно-правовой аспекты: Дис.... к.ю.н. - М., 2005. - 177 с.

18 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. - 768 б.

ОӘЖ 3 37.02

АБДРАХМАНОВА ХАДИША КЕНЕСОВНА,
х.ғ.к., доцент,
ОҚМПУ

МАХАНБЕТ ГАУХАР ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
магистрант,
ОҚМПУ

ОРТА МЕКТЕПТЕ МЕХАНИКАЛЫҚ ТЕРБЕЛІСТЕР МЕН ТОЛҚЫНДАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Мақалада мектеп физика курсындағы механикалық тербелістер мен толқындарды оқытуда кездесетін әдістемелік қиыншылықтар және ерекшеліктер, жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша оқыту, толқындық қозғалыстың теориялық мазмұны және оқу материалының мазмұндық дәйектілігі қарастырылған.

Тірек сөздер: Тербелмелі қозғалыс, механикалық тербелістер мен толқындар, дыбыстық толқындар, математикалық маятник, үлгілік оқу бағдарламасы.

Аннотация: В статье рассматриваются методические трудности и особенности обучения механическим колебаниям и волнам в школьном курсе физики, преподавание по обновленной учебной программе, теоретическое содержание волнового движения и содержательная согласованность учебного материала.

Ключевые слова: Колебательное движение, механические колебания и волны, звуковые волны, математический маятник, типовая учебная программа.

Abstract: The article examines the methodological difficulties and features of teaching mechanical vibrations and waves in the school physics course, teaching according to the updated curriculum, the theoretical content of wave motion and the substantive consistency of the educational material.

Key words: Oscillatory motion, mechanical vibrations and waves, sound waves, mathematical pendulum, typical curriculum.

КІРІСПЕ

Табиғатта және техникада өте көптеген периодты түрде қайталанып тұратын құбылыстар кездеседі. Орта бөлшектері арасында байланыстың барлығы себепті серпімді ортаның кейбір бөлігінде пайда болған тербелістер ортаның барлық бағыттарында толқын түрінде тарайды. Кездесетін әр түрлі көріністегі тербеліс және толқындар бірдей заңдылықтарға бағынады.

Қазіргі заман физикасында тербелістер физикасы арнайы ғылым ретінде ажыралып шығып, ондағы әр түрлі тербелістер бір теория негізінде қаралады. Тербелістер физикасының қорытындылары механикалық тербелістер, айнымалы ток, электротехника және радиотехниканың теориялық негізін қалайды.

Мектеп физика курсында механикалық тербелістердің ерекшеліктерін және олардың механикалық қозғалыстардың басқа түрлерінен айырмашылығын қарастырады. Физика курсында қарастырған қозғалыстардан басқа тағы бір қозғалыс түрі кездеседі, ол - толқындар. Күнделікті өмірде дыбыс толқындары, сұйық бетіндегі толқындар және электромагниттік толқындар жиі кездеседі.

Орта мектепте механикалық тербелістер мен толқындарды оқытуға үлгілік бағдарламада үлкен назар аударылған. Бұл тақырыпқа қатысты теориялық материал күрделі болып келеді. Жоғары сыныптарда өтілетін электромагниттік тербелістер мен толқындарды оқып-үйрену үшін бірінші кезекте механикалық тербелістер мен толқындардың физикасын жақсы меңгерту қажет. Оқыту мәселесі физикалық материалдың мазмұнына байланысты болады. Механикалық тербелістер мен толқындарды жақсы білу керек.

Механикалық тербелістер мен толқындарды оқытуды жетілдіру мақсатында ғылыми-ізденіс жұмысымыз тербелмелі қозғалысты орта мектепте жаңа мазмұндағы бағдарлама бойынша оқыту мәселесәне арналған.

Механикалық тербелістер мен толқындар туралы ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен оқулықтарда берілген теориялық материалдар көп. Біздің ойымызша оқу бағдарламасында берілген уақыт мұндай ауқымды теориялық материалды оқып-үйренуге жеткіліксіз. Оқу-әдістемелік әдебиеттерде бұл тақырыпты оқытуқа арнайы жазылған құсқаулықтар өте аз. Сонымен қатар орта мектепте механикалық тербелістер мен толқындарды оқытуда "жанды" эксперимент кем көрсетіледі.

Механикалық тербелістер мен толқындар жайлы теориялық материалды мектеп көлемінде оқып-үйреге қажетті тақырыптық демонстрациялық және лабораториялық эксперимент үлгілерін көрсету күрделі әдістемелік мәселе болып табылады.

Пән мұғалімі тербелмелі қозғалысты оқыту барысында келесі міндеттерді атқаруы тиіс:

- Механикалық тербелістер мен толқындардың физикалық маңызын түсінуге қажетті теориялық материалдарды толық меңгеру;
- Механикалық тербелістер мен толқындарды зерделеп орта мектеп бағдарламасындағы және оқулықтардағы материалдарға талдау жасау;
- Орта мектепте механикалық тербелістер мен толқындарға қатысты тақырыптар қалай оқылатынын жақсы біліп алу және оқыту әдістерін жүйелеу;
- Механикалық тербелістер мен толқындар тақырыбын оқытқанда қолданылатын оқу экспериментін анықтау және орындай білу.
- Механикалық тербелістер мен толқындарды оқыту мәселесіне қатысты дидакдикалық материалдарды сараптау, жинақтау.

ӘДІСТЕМЕ

Қазақстанда орта білім берудің мемлекеттік жалпыға деңгейінің Физика пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқыту процесі 2017-2018 оқу жылы басталды. Жоғары сыныптарда жаңа бағдарламамен оқуда.

Орта мектепте тербелістер мен толқындарды оқыту үлкен мән берілген. Жаңа үлгілік бағдарлама бойынша негізгі мектептегі физика пәнінің мазмұны 8 бөлімнен, олар тағы бөлімшелерден тұрады. Механика бөлімінің бесінші бөлімшесі «Тербелістер мен толқындар» деп аталады. Бұл тараудың негізгі мазмұны механикалық тербелістер мен толқындарға арналған.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаға зерттеу тақырыбымызға байланысты ғылыми-әдістемелік талдау жүргізейік [Физика 7-9, үлгілік оқу бағдарламасы, 2017].

Жаңа бағдарламада тақырыптардан кейінге ең маңызды мәселе – білім алушылар нені білуі тиіс. Білім алушылар білуге тиістілер әр сыныпқа қатысты бөлек және нақты көрсетілген. Мысалы: 9-сыныпта Механика бөліміндегі «Тербелістер мен толқындар» бөлімшесін оқу барысында оқушы нені білуі тиіс екенін келесі кестеден көруге болады.

Кесте 1. Оқушы нені білуі тиіс

Бөлімшелер	9 - сынып
5.2 Тербелістер мен толқындар	9.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру
	9.2.5.2 эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау
	9.2.5.3 формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау
	9.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау
	9.2.5.5 гармоникалық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу
	9.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру
	9.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу
	9.2.5.8 математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау
	9.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау
	9.2.5.10 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау
	9.2.5.11 резонанс құбылысын сипаттау
	9.2.5.12 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану
	9.2.5.13 көлденең және бойлық толқындарды салыстыру
	9.2.5.14 су бетіндегі толқындардың таралу жылдамдығын эксперимент түрінде анықтау
	9.2.5.15 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау
	9.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру
	9.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру
	9.2.5.18 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау
	9.2.5.19 табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбысты қолдануға мысалдар келтіру

Жоғарыдағы кестеге (1-кесте) қарап тербелістер мен толқындарды оқуда оқушы өте көп оқу материалын меңгеріп алуы керек екеніне көз жеткізу қиын емес. Ол үшін оқушының физикалық білімі, ойлау қабылеті, танымдық іс-әрекеті жоғары болуы қажет. Сан жағынан қарағанда-19. Мысал ретінде біреуіне тоқталайық: 9.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау. Бұл тапсырман ы орындау оқушыларда қиыншылықтар туғызады. Себебі, мұнда оқушының физикадан теориялық материалды білуімен қатар, оның математикалық білімі, графикті сыза білуі және оны оқып түсіндіруі маңызды.

Механикалық тербелістер мен толқындар тақырыптары жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11-сыныпта «Механикалық тербелістер» және «Толқындық қозғалыс» тарауларында оқытылады. «Механикалық тербелістер» тарауында оқу материалының мазмұны гармоникалық тербелістерді эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілдермен x(t), v(t), a(t) тәуелділіктерін зерттеу болып табылады. Жоғары сыныпта механикалық тербелістермен қатар электромагниттік тербелістер қарастырылады. Механикалық тербалістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру оқыту мақсаттарының бірі болады.

Толқындық қозғалысты оқытуда білім алушылардың алдына оқытудың келесі мақсаттары қойылады:

- Ауадағы тұрғын дыбыс толқындарының пайда болуын зерттеу;
- Графикалық әдісті қолданып түйіндер мен шоғырларды анықтау және тұрғын толқындардың пайда болуын түсіндіру;
- Судың бетінде екі көзде пайда болған интерференцияны зерттеу;
- Гюйгенс принципін және механикалық толқындарда дифракциялық көріністі бақылаудың шарттарын түсіндіру.

Бұл мақсаттарға жету үшін оқушы ауқымды және күрделі теориялық материалды меңгеруі тиіс: Серпімді механикалық толқындар; бойлық және тұрғын толқындардың теңдеуі; механикалық толқындардың таралуы; механикалық толқындардың интерференциясы; Гюйгенс принципі; механикалық толқындардың дифракциясы. Сонымен қатар, бітіруші сынып оқушылары «Ауадағы дыбыс жылдамдығын анықтау» атты зертханалық жұмысты орындап қорытынды жасаулары қажет [Физика 10-11, үлгілік оқу бағдарламасы, 2017].

Мектеп физика курсындағы қиын әрі қызықты оқу материалдарың бірі толқындық құбылыстар болып табылады. Су бетіне тасталған тастардан дөңгелек толқынның пайда болатынын бәріміз байқаймыз. Толқындық процестер табиғатта кең таралған. Толқындық қозғалыстарды тудыратын физикалық процесстер түрліше. Алайда, тербелістерге ұқсас толқынның барлық түрлері бір келкі заңдылықтармен сиппатталады. Түрлі толқындық құбылыстарды бір-бірімен салыстыруда мәселені шешу жеңілдейді.

Механикалық тербелістер мен толқындарды оқыту кезінде өмірмен байланыстыру принципін жүзеге асыруды дыбыстық толқындарды оқып-үйрену барысында бастаған тиімді. Себебі барлық адамдарға таныс құбылысты физикалық тұрғыдан қарастыруды қарапайым мысалдардан бастап, сонан соң оның физикалық маңынасын ашуға болады.

Дыбыс ауада, сұйықтарда, қатты денелерде таралады. Су астындағы тастардың қатты денелерге тиген соққыларын су астына түскенде ести аламыз. Жер қабаттары да дыбысты жақсы өткізеді.

Қоршаған ортада бағыт-бағдар алу үшін, біздің миымыз, қоршаған орта жайлы ақпараттар алып отыруы қажет. Көзбен көру мен құлақпен есіту осы кезеңде ерекше роль атқарады. Әрине ақпараттың көбісін біз жарықтың көмегімен аламыз. Заттан шағылысқан жарық пен дыбыстық толқындар толық мәліметтер бере алады. Дыбыстар арқылы жүректің соғуы және өзге организмдер жайында толық мәліметтер алуға болады.

Дыбыстық толқындар өзге толқындар секілді шекті жылдамдықпен таралады. Жарық өте үлкен жылдамдықпен таралатыны белгілі (300000км/с). Сондықтан атылған оттың жарығы көзге тез әсер етеді. Футбол ойынындағы тебілген доптың дыбысы доп ұшқаннан соң бір мезгілде келіп жетеді. Найзағай жарқылы мен сондағы дыбыстың таралуы. Дыбыстың шекті 0^0С температурадағы дыбыстың жылдамдығы 331м/с тең. Ауадағы дыбыстың жылдамдығы оның тығыздығына байланысты емес. Оның шамасы молекулалардың жылулық жылдамдығына тең, абсолюттік температураның квадраттық түбіріне пропорционал. Газ молекуласының массасы жоғары болған сайын, оның дыбыс жылдамдығы төмен. 0^0 температурада сутектегі дыбыстың жылдамдығы 1270 м/с, ал көмірқышқыл газдары шамасы – 258 м/с. Суда дыбыстың жылдамдығы, ауамен салыстырғанда жоғары. Қатты денелерде, сумен салыстырғанда дыбыстың жылдамдығы өте жоғары .

Музыкалық тондар есітудегі дыбыстың қаттылығымен немесе биіктігімен ерекшеленеді. Дыбыстың қаттылығы тербелістік амплитудамен анықталады. Камертонның құлақшаларын балғамен неғұрлым қатты ұрған сайын, соғұрлым дыбыс қатты шыға бастайды. Біздің құлағымыздың сезімталдығы дыбыстың жиілігіне байланысты. Біздің құлағымыз 3500 Гц жиіліктегі тербеліске сезімтал. Адам даусының диапазонына 70-12000 Гц жиіліктегі интервал сәйкес келеді. Шумның музыкалық дыбыстан айырмашылығы, шумда барлық мүмкін болатын жиіліктегі тербелістер сипатты.

Толқынның пайда болу себептері қандай? Қатты сұйық немесе газ тәріздес денелердің жекелей бөлшектері бір-бірімен әрекеттеседі. Сондықтан дененің қандайда бір бөлшегі тербеллісті қозғалысты жасайтын болса, онда осы бөлшектердің өз ара әрекеттесулерімен осы қозғалыс жан-жақты тарала бастайды. Уақыттың өтуімен байланысты кеңістікте таралатын тербелісті толқын деп атаймыз. Ауада, қатты денеде және сұйықтың ішінде болсын механикалық тоқындар серпінділік күштеріне байланысты пайда болады. Осы күштермен денедегі бөлшектер өзара байланысады. Су бетінде пайда болған толқынмен ауырлық күші және беттік керілудің күштемелік шамалары пайда болып тербеледі.

Толқындық қозғалысты су бетінен анық байқауға болады. Толқын су бетінде дөңгеленген шеңбермен сипаталып көрінеді. Сіріңкенің қорабын су бетіне тастайтын болсақ толқын шеңберлері таралмай бір орында жоғары төмен тербелісте болады. Толқынның басты сипатамаларының бірі оның жылдамдығы. Кез келген табиғатты толқындар кеңістікте жылдам тарала алмайды. Оның жылдамдығы шектеулі. Мысалы шағаланың жылдамдығы су бетіндегі толқынның тербелісімен теңестіретін болсақ, осы жағдайдағы толқынның жылдамдығы шағала жылдамдығымен тең деуге болады. Су бетіндегі толқынның жылдамдығы аз шама болғандықтан оны бақылау қиын емес. Дене дыбыс шығарғанда тербеледі, оның тербелісі айналасындағы ауаға берілінуінің нәтижесінде дыбыс толқындары туады олардың дыбыс көзінен таралуы, суға тасталған тастан пайда болған ұйытқудың таралуына ұқсас. Толқын таралатын ортаның бөлшектері толқынмен бірге таралмайды, олар тепе-теңдік төңірегінде тербеліс жасайды. Толқынмен бірге тербелмелі қозғалыс күйі – энергия бөлшектен бөлшекке беріле отырып таралады. Серпімді толқындар көлденең және қума болып бөлінеді. Қума толқындарда ортаның бөлшектері толқынның таралу бағытымен тербеліс жасайды. Көлденең толқындарда ортаның бөлшектері толқынның таралу бағытына перпендикуляр бағытта тербеліс жасайды [Намазбаев Қ.Т., 2-бөлім, 2016, 334 б.].

Жаңғырық дегеніміз-дыбыс толқындарының шағылысуы. Егер дыбыс толқындары жолында бөгетті кездестірсе, онда олар шағылысады. Кіші бөлмеде жаңғырықты есту мүмкін емес, себебі бөлме қабырғалары бізге өте жақын, яғни дыбыстар өте тез шағылысқандықтан, жаңғырықтар естілмейді.

Жарық толқындары космостық кеңістікте де таралса, ал дыбыс толқындары таралуы үшін белгілі бір орта болуы қажет. Мысалы космос кеңістігінде дыбысты тарататын ауа жоқ болғандықтан, онда абсолютты тыныштық орнаған.

Тербелмелі қозғалыстытың қарапайым түрін демонстрациялауға және модель ретінде қарастыруға болатын құрылғы – математикалық маятник. Математикалық маятник деп вертикал жазықтықта тербеліс жасайтын, ұзын жіпке ілінген кішкентай денені айтады. «Кішкентай» деген сөз дене өлшемінің жіптің ұзындығынан әлде қайда кіші болатынын көрсетеді. Тепе-теңдік жағдайда маятник тыныштықта тұрады, ал жіп вертикаль жағдайда болады. Егер маятникті тепе-теңдік жағдайдан ауытқытып жіберсек, онда ол вертикаль жазықтықта периодты қозғалыс жасайды. Бұл қозғалыс маятникке әсер ететін күштермен сипатталады. Ауаның әсерін ескермесек онда маятникке тек Жер мен жіп әсер етеді. Жер, вертикаль төмен бағытталған және шамасы масса мен еркін түсу үдеуінің көбейтіндісіне тең күшпен әсер етеді. Тартылыс күші жіптің бойымен ілу нүктесіне қарай бағытталған. Тартылыс күшінің ауырлық күшінен айырмашылығы ол ешқашан тұрақты болмайды, ол маятниктің қозғалысына қатысты өзгеріп отырады. Есептеулер осы күштердің әсерінен маятниктің периодты тербеліс жасайтынын көрсетеді. Егер тербеліс амплитудасы аз болса онда тербелістер гармоникалық заң бойынша болады [Акитай Б.Е., 2017, 236 б.].

$$T = 2\pi\sqrt{\frac{l}{g}}$$

Төменгі формуладан математикалық маятниктің периоды үшін еркін түсу үдеуін есептеп табуға болады.

Ол үшін маятниктің тербеліс периодын және аспа жіптің ұзындығын өлшеу қажет. Сонда бұл формуладан еркін түсу үдеуін есептеп табуға болады:

$$g = \frac{4\pi^2}{T^2}l$$

Еркін түсу үдеуін есептеу оқушы үшін келесі бақылау сұрақтарға жауап беру қажет.

1.Математикалық маятник дегеніміз не?

2.Маятник түрлері, олардың бір-бірінен айырмашылығы?

3.Еркін түсу үдеуін тағы қандай жолдармен анықтауға болады?

4.Еркін түсу үдеуінің сан мәні қаншаға тең?

5.Математикалық маятниктің еркін түсу үдеуін қалай анықтауға болады?

6.Маятниктің тербеліс периоды қандай шамаларға тәуелді?

7.Маятниктің қозғалысын анықтау үшін қандай күштерді ескереді?

Осындай сұрақтарды қою арқылы оқушының практикалық жұмысты орындауға теориялық дайындығын байқауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, механикалық тербелістер мен толқындарды оқыту процесін зерделеу және орта

мектеп бағдарламасына, жаңа оқулықтардағы материалдарға талдау жасау нәтижесінде мынандай ой қорытуға болады:

- Орта мектеп бағдарламасында механикалық тербелістер мен толқындар тақырыбын оқытуға берілген сағаттар саны жеткіліксіз;
- Оқулықтағы берілген материалдарды мұғалім ұдайы жаңа мағлұматтармен толықтырып отыру қажеттілігі бар;
- Тербелмелі қозғалысты оқып-үйренуде инновациялық әдістердің көмегі өте үлкен;
- Бұл тақырыптарды мектепте оқып-үйрену барысында теориялық материалды өмірмен көбірек байланыстыру қажет
- Механикалық тербелістер мен толқындар тақырыбын оқытқанда оқу экспериментінің барлық түрін қамту керек.
- Толқындық құбылыстардың пайда болуын, толқынның таралуын оқып-үйрену үшін және табиғатын толық түсіну үшін тербелмелі қозғалысты жақсы меңгеру қажет.
- Электромагниттік тербелістер мен толқындарды меңгеруде механикалық тербелістер мен толқындарды оқып-үйрену нәтижесінің маңызы өте үлкен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығы.

2. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптары үшін «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР БҒМ №115 бұйрық (202-қосымша), 2017.

3. Намазбаев Қ.Т. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. 2-бөлім. Жеке тақырыптар мен тараулар. «Физика» мамандығы бойынша студенттерге арналған оқу құралдары. –Алматы: «Отан» баспасы, 2016. -334 б.

4. Акитай Б.Е. Физиканы оқыту теориясы мен әдістемелік негіздері. Оқу құралы. –Алматы: Альманах, 2017. -236 б.

УДК 378:372.11

АБДУАЛИЕВА РИМА ЕРГАЛИЕВНА,
аға оқытушы,
Ақпараттық-қатынастық технологиялар кафедрасы,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.,
E-mail: ilias_e@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖАСАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация. Бұл ғылыми жұмыста негізгі дидактикалық қағидалардың бірі ретінде көрнекілікті талдауда Коменскийдің сіңірген еңбегіне талдау жасалған. Сонымен қатар, информатика пәнінен дидактикалық материалдарды жасап балаларға көрнекіліктер түрінде көрсету жолдары қарастырылған. Ғылыми еңбектерге жасалған талдау компьютердің оқыту процесіндегі педагогикалық мүмкіндіктерінің жоғары екендігін көрсеткен.

Кілт сөз. Дидактика, мұғалім, оқушы, компьютер, педагогикалық бағдарламалық құралдар.

Аннотация. В данной научной работе сделан анализ заслуг Коменского в анализе наглядности как одного из основных дидактических принципов. Кроме того, предусмотрены способы представления детям дидактических материалов по информатике в виде наглядных пособий. Анализ научных трудов показал высокие педагогические возможности компьютера в процессе обучения.

Ключевое слово. Дидактика, учитель, ученик, компьютер, педагогические программные средства.

Abstract. In this scientific paper, An analysis of Komensky's merits in the analysis of visibility as one of the main didactic principles is made. In addition, there are ways to create didactic materials on Computer Science and show them to children in the form of illustrations. The analysis of scientific papers showed that the computer has a high pedagogical potential in the learning process.

Keyword. Didactics, teacher, student, computer, pedagogical software tools.

КІРІСПЕ

"Дидактика" - бұл ежелгі грек сөзі, яғни didasko - оқыту, түсіндіру, дәлелдеу, оқу деген ұғымды білдіреді. Дидактика білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

Әл-Фараби - оқыту дегеніміз - үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру дейді. Оқыту - мұғалім мен оқушылардың белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Оқыту процесі - мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті [1].

Негізгі дидактикал.ық қағидалардың бірі ретінде көрнекілікті талдауда Коменскийдің сіңірген еңбегі ұлан-теңіз. Сол кездегі қалыптасқан көрнекілік оқытудың кейбір практикалық іс-тәжірибесін ол ұлы ұлама педагог ретінде негіздеді, жинақтады, әрі қарай тереңдетті және кеңейтті, тәжірибеде көрнекілікті кеңінен қолданды, өзінің оқулықтарын суреттермен қамтамасыз етті.

Мағынасыз, механикалық жаттауға, догматикалық оқытуға Коменский оқытудың саналылық талаптарын қарсы қойды.

Коменский біржүйелік оқытуға ерекше мән берді. Ол құбылыстардың арасындағы байланыстарды оқушылардың түсінуінің қажеттігін атап көрсетті, оқу материалын біржүйелікпен дұрыс ұйымдастыру керек, ол шәкірттерге хаос (жүйесіз) болмауы керек, негізгі қағидалар түрінде қысқаша баяндалған болуы керек.

Оқыту үрдісінде, оның айтуынша, деректерден қорытындыларға, мысалдардан ережелерге жүріп отыру керек, демек, бұл деректер мен мысалдарды біржүйелейді, жинақтайды; нақтылыдан абстрактыға, жеңілден қиынға, жалпыдан жалқыға жүріп отыруды талап етті.

Коменский дидактикалық қағидаларының бірі – оқытудың бірізділік қағидасына жан-жақты тоқталды. Барлық шәкірттерге ұсынылған материалдарды меңгеру үшін жаңа материалды оқыту оның алдындағы сабақта даярланған материалдық тікелей жалғасы болуы керек.

Коменский балалардың жас ерекшеліктерімен санаса отырып, ең алдымен шәкірттердің түйсіктерін, одан кейін есін, одан әрі ойларын, ең соңында тіл мен қолын дамыту қажет деп кеңес береді, себебі шәкірт меңгергенді дұрыс айта білуі және оны күнделікті ісінде қолдана білуі қажет деп айтқан [2].

Сол себепті де информатика пәнінен дидактикалық материалдарды жасап балаларға көрнекіліктер түрінде көрсету өте ыңғайлы.

Компьютерді оқыту процесінде пайдалану идеясы оқытуды бағдарламалау тұжырымдамасы аясында пайда болады. Б.Ф. Скиннер жасап

шығарған оқытуды бағдарламалау тұжырымдамасының ең басты элементі болып – дидактикалық машинаның немесе бағдарламаланған оқулықтың көмегімен берілетін тапсырмалардың жүйелі бірізділіктегі бағдарламасы саналады. Оқытудың сипатына және шамамен берілетін жауаптарға байланысты тікелей, тармақталған, аралас бағдарламаларды бір – бірінен ажыратып таниды.

Бағдарламаланған оқыту дидактикалық технология деп аталатын оқытудың жаңа технологиясының негізгі ретінде қабылдана бастайды. Компьютердің басымдылығы ең алдымен оқытуды дербестендірудің мүмкіндіктерін кеңейту тұрғысында қарастырылады. Алғашқы оқыту жүйелері өзінің дидактикалық мүмкіндіктері бойынша бұрынғы оқыту әрекетінде пайдаланған оқытудың қарапайым техникалық құралдарынан онша ерекшелене қойған жоқ. Әйтседе, осындай алғашқы жасалымдар компьютерді оқытуға деген қызығушылықты оятып, компьютерді оқыту жүйелерін жасау жөніндегі жұмыстарды жандандыра түсті.

Кейінгі уақытта көптеген авторлар (С.И. Архангельский, Б.Ф. Ломов, Б.С. Гершунский, Е.И. Машбиц және т.б.) оқыту процесін оңтайландыру мәселелерін компьютерлік технологияларды пайдаланумен байланыстырады. Бұл жұыстарды ЭЕМ-ді оқыту процесінде практика жүзінде пайдаланудың мол тәжірбиесі жинақталған және оқушылардың оқу-танымдық әрекетінің әртүрлі кезеңдерінде компьютерді пайдаланудың іргелі психологиялық- педагогикалық негіздері көрініс алған [3].

Бірқатар жұмыстарда (В.П. Беспалько, В.И. Бололюбов, И. Марев. Г.К. Селевко, И.И. Ильясов және т.б.) педагогикалық технологияның маңызы белгілері атап көрсетілген, солардың ішінде диагностикалық мақсаты білім беру, оқыту ісіндегі жүйелік, нәтижелік, тұтастылық, басқарушылық, өнімділік, жобалаушылық, көрнекілік (әртүрлі аудиовизуалдық, компьютерлік техникаларды қолдану, түрлі дидактикалқ материалдар мен көрнекілік құралдарды құрастыру және пайдалану, үнемділік (мұғалімнің еңбегін оңтайландыру, қысқа мерзімде нәтижеге қол жеткізу сияқты технология сапасын көрсететін белсенді түрде үзіліссіз болып отыратын кері байланыстың мүмкіндігін және т.б.) аса мән беріледі.

Ғылыми еңбектерге жасалған талдау авторлардың көпшілігі компьютердің оқыту процесіндегі педагогикалық мүмкіндіктерінің жоғарғы екендігін көрсетеді. Әйтседе, компьютерді пайдалану тиімді болады сол кезде, егер педагогикалық бағдарламалық құралдар жасау барысында құрастырушылар компьютермен оқушының өзара әрекеттегі дидактикалық және психологиялық принциптерін ескергенде. Білімді технологияландырудың теориялық негіздері ғылыми әдебиеттерге кейінгі жылдары ғана айқындала бастаған педагогикалық жобалаумен үзіліссіз байланыста болып отыр. Компьютерлік технология бағдарламалық Оқыту идеяларын дамытады, қазіргі заман компьютерлері мен телекомуникацияларының ерекше мүмкіндіктермен байланысты әлі зерттеле қоймаған оқытудың жаңа технологиялық үлгілерін ашып береді [4].

Мысалыға «техникалық құралдар кешені» мен «компьютер архитектурасы» сабағында мынандай көрнекілік тапсырмалар тарату ыңғайлы

1. Компьютердің негізгі құрылғыларын атаңыз?

2. Құрылғылардың жүйелік блокта орналасу сәйкестігін анықтаңыз

Құрылғылар	Құрылғылардың орналасуы		
	Жүйелік блоктың алдыңғы тақтасында	Жүйелік блоктың ішінде	Жүйелік блоктың артқы тақтасында
Монитор порты			
Қатқыл диск			
Аналық тақта			
Бейнетақша			
Принтер порты			
Жедел жад			
Компьютерді қайта жүктеу батырмасы (перезагрузка)			
Желілк тақша порттары			

3. Кесте толтырыңыз. Кестені үш бөлікке бөліңіз

1) механикалық санауыш құрылғылары;

2) есептеуіш автоматтар;

3) Электронды-есептеуіш машиналар.

№	Не?	Қайда?	Қашан?
1	Қол саусақтары, тастар, белгілеушілер, түйіншектер		
2	Абак		
3			1761 ж
4		Франция Блезь Паскаль	
5	Арифмометр		
6		Англия Чарльз Бэббидж	
7			XX ғасырдың 30-жылдары
8	Бэббидждің машинасына арналған алғашқы программа		
9		Герман Холлерит Америка	
10	«Марк-1» электр-механикалық санаушы машинасы		
11		АҚШ Дж.Моучли және Дж.Эккерт	
12	EDCAS- Нейманның архитектурасымен жасалған ЭЕМ		
13		КСРО Лебедев	
14			1952-1953 жж
15			60 жылдары
			1978 жыл
			2007 жыл

4. Сөйлемдерді толықтырыңыз...
1. Операциялық жүйе – ол...
2. Программалық қамтамасыз ету – ол....
3. Бума – ол...
4. Белгіше – ол...
5. Файл – ол.... [5],[6]

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге оқушыларға оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгерту, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жеңістіктерінен ләззат алуға мүмкіндік береді деп сенемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. http://www.kitaphana.kz/ka/downloads/referatu-na-kazakskom/236-pedagogika/3255-didaktika.html
2. Амос Ян Коменскийдің педагогикалық көзқарастары http://www.zox.kz/load/pedagogika/amos_jan_komenskijdi_pedagogikaly_k_z_arastary/21-1-0-718
3. М.М. Безруких, С.П. Ефимова, «Знаете ли вы своего ученика?» Е.Ы. Бидайбеков, Ж.К. Нұрбекова, А.Е. Сағымбаева. «Информатикадан оқушылардың білімін бақылау, бағалау» әдістемелік құрал – Алматы 2003ж
4. Ш.Т. Шекербекова, А.Е. Сағымбаева. «Информатика» әдістемелік құрал. – Алматы 2005 ж.
5. Ермеков Н., Пилипенко С. Информатика. Дидактикалық материалдар(практикум): Жалпы білім беретін мектептің 7-сынып мұғалімдеріне арналған,басылымы, өңделген. – Алматы: Атамұра, 2007. – 152 б.
6. Вьюшкова Е.А., Ибраева А.Т., Лан Н.Ю. Информатика. Дидактикалық материалдар: Эксперименталды 12-жылдық білім берудің 10-сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Мектеп, 2012. – 162 б.

ӘОЖ: 573.22
ҒТАМАР: 57.33.22

АКМУЛЛАЕВА АЙЖАН СЕЙТКАНОВНА
б.ғ.к., аға оқытушы,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті,
Талдықорған қ.

ХАНИ А.Б.
Жаратылыстану ғылымдарының магистрі, кіші ғылыми қызметкер,
Биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті,
Талдықорған қ.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ПАЙДАЛАНУ

Түйіндеме: Мақалада қашықтықтан оқытуда жаңа технологияларды пайдалана отырып жүзеге асыру мүмкіндіктеріне талдау жүргізілген, оның артықшылықтары атап көрсетілген. Жаңа технологияларды білім беру стандарттарына көшуге байланысты оқушылардың биологиялық сауаттылығын қалыптастыру кезінде орта мектепте биологиялық білім беру саласындағы проблемасы зерттелген. Білім беру процесіне қатысушылардың өздері анықтаған қиындықтарды талдайды, оларды шешу жолдарын қарастырады. Жұмыс нәтижелері оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын, сабақ кезінде пайдаланылу мүмкіндіктері анықталған.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, жаңа технологиялар, биологиялық білім беру мәселелері, биология оқулықтары, бейінді оқыту.

Аннотация: в статье проведен анализ возможностей реализации дистанционного обучения с использованием новейших технологий, отмечены его преимущества. Изучена проблема биологического образования в средней школе при формировании биологической грамотности учащихся в связи с переходом новых технологий на образовательные стандарты. Анализирует выявленные трудности самих участников образовательного процесса, рассматривает пути их решения. Определены возможности использования результатов работы в учебных программах, учебниках, учебных пособиях, во время занятий.

Ключевые слова: дистанционное обучение, новые технологии, проблемы биологического образования, учебники биологии, профильное обучение.

Abstract: the article analyzes the possibilities of implementing distance learning using the latest technologies, and notes its advantages. The problem of biological education in secondary school in the formation of biological literacy of students in connection with the transition of new technologies to educational standards is studied. Analyzes the identified difficulties of the participants of the educational process, considers ways to solve them. The possibilities of using the results of work in educational programs, textbooks, teaching aids, during classes are determined.

Keywords: distance learning, new technologies, problems of biological education, biology textbooks, specialized training.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде оқытудың негізгі нысандары: күндізгі және қашықтықтан оқыту. Қашықтықтан білім беру үш технологияның көмегімен жүзеге асырылады. Бірінші жағдайда, біз мектеп оқу және зерттеу үшін іс жүзінде немесе нақты түрде берілуі керек кейбір жағдайларды жасау туралы айтып отырмыз. Бұл аудиожазбалары бар дискілер немесе электронды тасымалдағыштардағы үлестірме материалдар болуы мүмкін, бұл тыңдаушыларға зерттелетін мәселенің негізгі мәнін түсінуге, кейіннен виртуалды кітапханалардың көмегімен жұмысты жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда аралық және тоқсандық бақылау жұмыстары ICQ типіндегі арнайы бағдарламаларды қолдана отырып өтеді [1].

Мұндай технологиялар таза жаратылыстану мамандықтар бойынша оқыту кезінде үлкен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, олар бақылаудың тестілік әдістерімен бәрінен де аз үйлеседі және сұрақтар мен жауаптар нысанында аралық аттестаттауды тапсыруды білдіреді [2].

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың екінші нұсқасы - телекоммуникациялық технологияларды қолдану- мектеп оқушыларына тек тыңдауға ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің дәрістерін көруге, сонымен қатар бағдарламада қарастырылған түрлі бейне материалдарды

зерттеуге мүмкіндік беретін спутниктік немесе сандық теледидар арналары. Бұл білім беру орнында білім беру бағдарламаларын өз жиіліктерінде таратын жетекші университеттер бар. Бұл тәсіл көбінесе онлайн-сертификаттаудың әр түрлі түрлерімен бірге жүреді және оқушылардың визуалды және аудио ақпараттарды алуын қамтитын пәндерді оқуда нәтижелі болады.

Бүгінгі таңда ең перспективалы технология - бұл интернет мүмкіндіктерін пайдалану. Интернет-технологияны қолдана отырып оқытуды жүзеге асыру үшін жоғары оқу орны арнайы портал ұйымдастырады, ол арқылы оқушыларға кез келген ыңғайлы уақытта оқу-әдістемелік материалдарға қол жеткізіп қана қоймай, аралық бақылаудың барлық түрлерінен өтеді. Бұдан басқа, кейбір мектептің өздерінің білім алушылары мен мұғалімдері Web-конференцияларға қатысуын, форумдар мен чаттарды пайдалануды, сондай-ақ практикалық немесе зертханалық жұмыстар барысында виртуалды эмуляторларда тренингтерді қолданады [3].

Оқытудың ақпараттық технологиясы-ақпаратпен жұмыс істеу үшін арнайы әдістерді, бағдарламалық және техникалық құралдарды (кино, аудио және бейне құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) пайдаланатын педагогикалық технология.

Зерттеу нысандары мен әдістері: барлық әдістер, әдістемелік тәсілдер, оқыту құралдары сияқты дидактикалық функциялардың үштұғырлығын орындайды, олар, негізінен, кез-келген пәндік оқуда өзгеріссіз қалады және Үштұғырлы функцияларды орындайды: цифрлық білім беру ресурстары құралдарын және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) әдістемелерін пайдалануды ескере отырып, пәндік қызмет шеңберінде оқыту, дамыту, тәрбиелеу.

Биология сабақтарында АКТ-ны қолдану пәнді оқыту сапасын арттыруға; көрнекілік қағидатын іске асыра отырып, әртүрлі объектілердің маңызды жақтарын көрсетуге; зерделенетін объектілер мен табиғат құбылыстарының неғұрлым маңызды (оқу мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан) сипаттамаларын алдыңғы қатарға шығаруға мүмкіндік береді.

Мектепте биологияны оқыту демонстрациялық эксперимент арқылы курсты үнемі сүйемелдеуді білдіреді. Алайда, қазіргі мектепте пән бойынша эксперименттік жұмыстарды жүргізу көбінесе Оқу уақытының жетіспеушілігінен, заманауи материалдық-техникалық жабдықтардың болмауынан қиынға соғады. Кабинет зертханасы қажетті құралдармен және материалдармен толық жабдықталған болса да, нақты эксперимент дайындау мен өткізуге де, жұмыс нәтижелерін талдауға да көп уақытты қажет етеді. Сонымен қатар, оның ерекшелігіне байланысты нақты эксперимент көбінесе өзінің негізгі мақсатын — білім көзі ретінде қызмет етуді жүзеге асырмайды.

Көптеген биологиялық процестер күрделі. Балалар тәрізді ойлау қиын меңгереді абстрактілі қорыту, жоқ суреттер қабілетті емес түсіну процесі, зерделеп құбылыс. Олардың дерексіз ойлауының дамуы суреттер арқылы жүреді. Мультимедиялық анимациялық модельдер оқушының санасында биологиялық процестің тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, интерактивті модельдер процесті өз бетінше "жобалауға", қателіктерін түзетуге және өздігінен оқуға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияны оқытуда қолданудың артықшылықтарының бірі - іс-әрекеттің жаңалығы, компьютермен жұмыс істеуге деген қызығушылық есебінен оқыту сапасын арттыру. Сабақта компьютерді қолдану оқушылардың белсенді және мағыналы жұмысын ұйымдастырудың жаңа әдісі болды, бұл сабақтарды көрнекі және қызықты етті.

Зерттеу жұмысының нәтижесі: АКТ технологияларын сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдану кезіндегі нәтиже бойынша:

1) Жаңа материалды (түрлі-түсті суреттер мен фотосуреттер, слайд–шоу, бейнефрагменттер, 3D-суреттер мен модельдер, қысқа анимациялар, сюжеттік анимациялар, интерактивті модельдер, интерактивті суреттер, көмекші материалдар) экранға мультимедиялық проектор арқылы көрсетілетін интерактивті иллюстрация ретінде түсіндірген кезде (қазіргі уақытта бұл әрдайым кестелер мен схемалардың болмауы салдарынан өзекті);

2) Оқушы берілген шарттар бойынша компьютерлік экспериментті орындау барысында (жұмыс парағы немесе компьютерлік тестілеу түрінде) сабақта оқушылардың оқу материалын өз бетінше оқып-үйренуі кезінде, нәтижесінде оқытылатын тақырып бойынша қорытындылайды;

3) компьютерлік және нақты экспериментпен үйлестіре отырып, зертханалық жұмыстар нысанында зерттеу қызметін ұйымдастыру кезінде. Компьютерді қолданған кезде оқушылар нақты зертханалық жұмыстармен салыстырғанда эксперименттерді дербес жоспарлау, оларды жүзеге асыру және нәтижелерді талдау үшін әлдеқайда көп мүмкіндіктерге ие болатыны анықталды;

4) қайталау, бекіту (жауапты таңдаумен тапсырмалар, клавиатурадан сандық немесе сөздік жауапты енгізу қажеттілігімен тапсырмалар, тапсырмаларды тақырыптық іріктеу, фото, видео және анимацияларды пайдалана отырып тапсырмалар, жауапқа реакциясы бар тапсырмалар, интерактивті тапсырмалар, қосалқы материал) және тану, түсіну және қолдану деңгейлерінде білімді бақылау (автоматты тексерумен тест тапсырмаларының тақырыптық жинақтары, Бақылау-диагностикалық тесттер) кезінде жүзеге асырылады. Оқушылар сабақтың осы кезеңдерінде виртуалды зертханалық жұмыстар мен тәжірибелер жүргізгенде, оқушылардың ынтасы

артады - олар алған білімнің нақты өмірде қалай пайдалы болатынын көреді;

5) үй эксперименттерін оқушы тиісті бейімделумен жұмыс парағы бойынша және осы курс бойынша үйде оқу дискісі болған кезде орындай алады.

Сандық білім беру ресурстары

Цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) дайын электрондық өнім ретінде пайдалану мұғалім мен оқушының іс-әрекетін қарқындатуға мүмкіндік береді, пәнді оқыту сапасын арттыруға, биологиялық объектілердің маңызды жақтарын көрсетуге, көрнекілік принципін айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

Мультимедиялық презентациялар

Мультимедиялық презентацияларды қолдану оқу материалын алгоритмдік ретпен толық құрылымдалған ақпаратпен толтырылған жарқын тірек бейнелер жүйесі ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда қабылдаудың әртүрлі арналары қолданылады, бұл ақпаратты тек фактографиялық ғана емес, сонымен бірге ассоциативті түрде оқушылардың ұзақ мерзімді жадына енгізуге мүмкіндік береді.

Презентация– слайд түрінде Материалды ұсыну нысаны, онда кестелер, схемалар, суреттер, иллюстрациялар, аудио және бейне материалдар ұсынылуы мүмкін.

Презентация мүмкіндіктері:

* фильмдер көрсету, анимациялар;
* таңдау (қажетті аймақ);
* еренсілтемелер;
* қадамдар тізбегі;
* интерактивтілік;
* объектілердің қозғалысы;
* модельдеу.

Презентация жасау үшін Сабақтың тақырыбы мен тұжырымдамасын тұжырымдау қажет; сабақта презентацияның орнын анықтаңыз.

Интернет желісінің ресурстары

Интернет желісі білім беру қызметтерінің үлкен әлеуетіне ие (электрондық пошта, іздеу жүйелері, электрондық конференциялар) және қазіргі білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Желіден оқу-маңызды ақпаратты ала отырып, оқушылар дағдыларға ие болады:

* берілген белгілер бойынша ақпаратты мақсатты түрде табу және оны жүйелеу;

* ақпаратты фрагменттік емес, тұтастай көру, ақпараттық хабарламадағы басты нәрсені бөліп көрсету.

Жаңа материалды үйрену кезінде сабақта интернет ресурстарын пайдалану сабақты қызықты етеді, оқушының білім алуға деген ынтасы артады. Интернетте сіз мектеп курсының барлық пәндері бойынша тақырыптық сайттарды, егжей-тегжейлі шешімдері бар тапсырмаларды, тесттерді, рефераттарды, әртүрлі тәжірибелердің модельдерін таба аласыз.

Мұғалімдердің ешқайсысы үшін қазіргі мектеп оқушыларының басым көпшілігі ақпарат көзі ретінде әдеби көздерді емес, интернет ресурстарын пайдаланатыны құпия емес. Бұл жерде үлкен артықшылық бар, кем дегенде балалар жеке уақытын үнемдейді. Мұғалімнің міндеті-оқушыларды табылған ақпаратпен дұрыс жұмыс істеуге үйрету, оны құра білу, оған логикалық схемалар, сұрақтар қою, бастысы. Мысалы, "тірі заттың шығу тегі" тақырыбын зерттеген кезде балалар Интернеттен ақпарат табу үшін алдын-ала тапсырма алады. Тапсырмалар жеке және топтық сипатта болуы мүмкін.

Егер уақыт ең жақсы жұмысты атап өтуге мүмкіндік берсе және жігіттерге өз тақырыптары бойынша хабарлама ұсынуға мүмкіндік берсе, әрине, бұл форма студенттермен ақпарат бойынша ұзақ, мақсатты жұмыстың нәтижесі болып табылады [4].

Зерттеу қызметін ұйымдастырған кезде Интернет ресурстары теориялық ақпаратты іздеуде, басқа зерттеу жобаларымен танысу үшін қажет болады, және, ақырында, интернетте сіз конкурстар туралы ақпаратты таба аласыз және оған қатыса аласыз.

Электронды энциклопедиялар

Электрондық энциклопедиялар-қарапайым анықтамалық-ақпараттық басылымдардың аналогтары-энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар және т.б. мұндай энциклопедияларды құру үшін гипермәтіндік жүйелер мен гипермәтіндік белгілеу тілдері қолданылады, мысалы, HTML. Қағаз әріптестерінен айырмашылығы, олар қосымша қасиеттер мен мүмкіндіктерге ие:

• олар әдетте кілт сөздер мен ұғымдар бойынша ыңғайлы іздеу жүйесін қолдайды;

* гиперсілтемелерге негізделген ыңғайлы навигация жүйесі;

* аудио және бейне үзінділерді қосу мүмкіндігі.

Жақында Кирилл және Мефодий ақпараттық өнімдері кеңінен танымал болды. Олардың каталогында биология және экология сабақтарында, сондай-ақ үйде, соның ішінде мұғалімдерде жеке жұмыс істеуге болатын көптеген әзірлемелер бар. Жарқын мысал - "үлкен энциклопедия". Онда сіз сабақ үшін таба аласыз: анықтамалық кестелер мен диаграммалар, әртүрлі интерактивтер, соның ішінде тірі заттар мен өсімдіктердің жіктелуі, мультимедиялық панорамалар ("өмір эволюциясы", "жердің экожүйелері"), бейне қосымшалар ("жабайы жануарлардың өмірі"), фонотека ("жануарлардың дауыстары"), фотоальбомдар ("Ресей табиғаты", "жыртқыш аңдар"), Ресей Федерациясының Қызыл кітабы және тағы басқалар.

Дидактикалық материалдар

Дидактикалық материалдар-тапсырмалар, диктанттар, жаттығулар жинақтары, сондай-ақ электронды түрде ұсынылған рефераттар мен эсселердің мысалдары, әдетте форматтардағы

Мәтіндік файлдардың қарапайым жиынтығы .doc, .rtf және .txt. Бұл дәстүрлі дерлік білімді бақылаудың қолайсыздығы-студенттердің қолжазба жұмыстарын өз бетінше тексеріп, олар үшін балл мен баға қою керек [5].

Бұл жұмысты автоматтандыруға болады. Мұғалім мәтіндік редактордың көмегінсіз дидактикалық материалды өзі құрастыруға, ол үшін мамандандырылған бағдарламаны қолдануға мүмкіндік алады. Мұндай бағдарлама - "тест құрастырушысы".

"Тест құрастырушысы" - бұл білімді тексерудің әмбебап жүйесі. Бағдарламада келесі мүмкіндіктер бар:

* тақырыптар, сұрақтар мен жауаптардың шексіз санын пайдалану;

* сұрақтар музыка, дыбыстар (MP3 файлдары, wav, mid), суреттер (JPG файлдары, bmp, ico), бейнелер (avi файлдары), шексіз ұзындықтағы пішімделген мәтін (қою, көлбеу, қиғаш, түс және т. б.) болуы мүмкін.);

* сұрақтардың бес түрін қолдау: бір дұрыс жауапты таңдау, бірнеше дұрыс жауапты таңдау, дұрыс жауаптардың реттілігін орнату, жауап сәйкестігін орнату, жауапты пернетақтадан қолмен енгізу;

* принтерде басып шығару және тақырыптар, сұрақтар мен жауаптар, тест нәтижелерін файлға сақтау;

* бір компьютерде бірнеше пайдаланушының тестілеу өткізу мүмкіндігі (әрбір пайдаланушы үшін пайдаланушының жеке карточкасы ашылады);

* еркін тәртіпте сұрақтар қою мүмкіндігі; әр сұрақ пен жауаптың бағасын баллмен қою; психологиялық тестілеу өткізу; уақыт бойынша тестілеуді шектеу; тестілеуді үзу және оны басқа уақытта жалғастыру; сұрақтарды өткізіп жіберу және жіберіп алған сұрақтарға қайта оралу;

* тестілеу аяқталғаннан кейін баға қою мүмкіндігі (бағалау шкаласын 2-ден 100 балдық жүйеге дейін реттеуге болады);

* жергілікті желі арқылы әртүрлі компьютерлерде тестілеуден кейін алынған нәтижелерді жинау және орталықтандырылған талдау;

* дерекқордың сақтық көшірмесін жасау және синхрондау (осы функцияны қолдана отырып, басқа пайдаланушылармен деректерді оңай бөлісуге және деректерді компьютерден компьютерге тасымалдауға болады); тақырыптар мен сұрақтарды көшіру (осы функцияны қолдана отырып, тақырыпты толығымен көшіруге немесе сұрақтарды бір тақырыптан екінші тақырыпқа іріктеп көшіруге болады);

* емлені тексеру;

* деректер базасын іздеу.

Тренажер-бағдарламалар

Тренажер бағдарламалары дидактикалық материалдардың функцияларын орындайды және шешімнің барысын қадағалап, қателер туралы есеп бере алады.

Компьютерлік технологияларды қолданудың маңызды нүктесі емтиханға дайындық болып табылады. Дайындық үшін көптеген электронды оқытушылар бар.

Биологиядан емтихан тапсыруға шешім қабылдаған оқушылармен мен " жаңа мектеп: емтиханға жедел дайындық. Биология "және" Кирилл мен Мефодийдің тәрбиешісі".

Бұл тренажерлардың ыңғайлылығы-олар емтиханды мүмкіндігінше еліктейді: барлық бөліктердің тапсырмалары бар және кері санақ бар. Оқушылар жауаптардың дұрыс және бұрыс мәліметтерінің пайызы қандай екенін, сондай-ақ қанша ұпай алғанын біле алады. Қате жауаптарды бірден теориялық материалдар мен қысқаша рефераттар көмегімен түзетуге болады. Мұндай тренажерлерде, әдетте, оқушының білімін бақылайтын күнделік бар. "Репетитор Кирилл мен Мефодийде" ақысыз тренингтер мен еркін емтихандарды, яғни жеке тақырыптар бойынша немесе тіпті жеке мәселелер бойынша шағын емтихандарды өткізуге мүмкіндік бар [6].

Виртуалды эксперимент жүйелері

Виртуалды эксперимент жүйелері-бұл оқушыға "виртуалды зертханада" эксперимент жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама. Олардың басты артықшылығы-олар оқушыға қауіпсіздік, уақытша сипаттамалар және т.б. себептермен мүмкін болмайтын эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектептегі білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде сабақтарда компьютерлік технологияларды қолдану мәселесі өте маңызды. Ақпараттық технологиялар оқушыға ғана емес, мұғалімге де дамуға ерекше мүмкіндік береді. Компьютер мұғалімнің тірі сөзін алмастыра алмайды, бірақ жаңа ресурстар қазіргі мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді, оны қызықты, тиімді етеді, оқушылардың биологияны оқуға деген ынтасын арттырады.

Бейнетүсірілімнің озық технологиялары және арнайы әзірленген компьютерлік графиканы қолдану организмдердің жұмысын "ішінен" бақылап, олардың ерекшеліктері мен жұмбақтарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл үлкен эмоционалды көтерілуді тудырады және материалды игеру деңгейін жоғарылатады, бастамашылық пен шығармашылық ойлауды ынталандырады. Ал нәтижесі-олимпиадалар мен ғылыми-жұмыстарды зерттеуге мүмкіндіктер ашады.

Осылайша, Биологияны оқыту процесінде АКТ қолдану оның тиімділігін арттырады, көрнекі, қанық етеді, оқушылардың әртүрлі жалпы білім беру дағдыларын дамытуға ықпал етеді, оқу сапасын жақсартады, сабақта жұмысты жеңілдетеді.

Биология сабақтарында АКТ-ны қолдану

маған мұғалім ретінде педагогика ғылымының даму тенденцияларынан хабардар болуға мүмкіндік береді. Кәсіби деңгейін арттыру, ой-өрісін кеңейту және ең бастысы оқушының компьютермен белсенді диалогы арқылы, оқуды жетістікке бағдарлау арқылы оқуға деген ынтасын арттыруға; биологиядан базалық білімді игеруге, оларды жүйелеуге; оқулықпен және қосымша әдебиетпен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. АКТ-ны қолдана отырып, ақпарат көзі тек мұғалім ғана емес, оқушының өзі де.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. S. M. Mohammad, S. Kiritchenko, P. Sobhani, X. Zhu, and C. Cherry, "Detecting stance in tweets," Proceedings of SemEval, vol. 16, 2016.

2. I. Augenstein, T. Rocktaschel, A. Vlachos, and K. Bontcheva, "Stance detection with bidirectional conditional encoding," 1606.05464, 2016.

3. Самигулина Г.А., Шаяхметова А.С.,Сулеймен О.Мумкіндігі шектеулі жандар үшін қашықтықтан оқытудын Smart-жүйесін құру // Новости науки Казахстана. - 2016. - № 1 (127). -С. 52-60.

4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М., 2015. - 400 с.

5. Құдайбергенова К. Құзырлылық - тұлға дамуының сапалық критерий //«Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30-32 б.

6. https://ppt-online.org/125780

ӘОЖ 371.315.7:004.4:512

АЛДАБЕРГЕНОВА АЙГУЛЬ ОНАЛБЕКОВНА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.,
математика және информатика кафедрасы,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.,
E-mail: aigul_ao@mail.ru

НАЗАРОВА СЫМБАТ САУҚЫНҚЫЗЫ,
2 курс магистранты,
7М01503-информатика мамандығы,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.,
E-mail: symbatnaz92@gmail.com

«MOODLE» ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУ КУРСЫН ҚҰРУ

Аннотация. Мақалада Moodle қашықтан оқыту жүйесінің кейбір құралдарына қысқаша сипаттама берілген. Сондай-ақ, модульді қашықтан оқыту барысында қолдану әдістері қарастырылған. Сонымен қатар білім беру жүйесінде қолданылатын ақпараттық технологиялардың және компьютерлік жүйелердің құрылымы мен мазмұны сипатталған.

Кілттік сөздер: қашықтан оқыту, Moodle қашықтан оқыту жүйесі, ақпараттық технологиялар, ресурстар, веб-беттер.

Аннотация. В статье дается краткое описание некоторых инструментов системы дистанционного обучения Moodle. Также рассмотрены методы применения модуля при дистанционном обучении. Также описаны структура и содержание информационных технологий и компьютерных систем, используемых в системе образования.

Ключевые слова: дистанционное обучение, система дистанционного обучения Moodle, информационные технологии, ресурсы, веб-страницы.

Abstract. The article provides a brief description of some of the tools of the Moodle distance learning system. Methods of using the module in distance learning are also considered. The structure and content of information technologies and computer systems used in the education system are also described.

Keywords: distance learning, Moodle distance learning system, information technologies, resources, web pages.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда бүкіл әлемді әбігерге түсірген пандемия жарияланғаннан кейін, әрбір ел коронавируспен жергілікті деңгейде ғана күреспей, аурудың ары қарай таралмауына да күш салуда. Осыған орай еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша коронавирус инфекциясының алдын-алу мақсатында бірқатар іс-шаралар қолға алынды. Соған байланысты Қазақстандағы жоғары оқу орындары, техникалық кәсіптік білім беру орындарында және орта білім беретін мекемелер қашықтықтан оқыту форматында оқып жатыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қашықтан оқыту – бұл білім беру жүйесінің ғаламдық жаңа беталысы, оны Stanford, Berkley, MIT секілді ірі университеттер дәйекті түрде жүзеге асырып келеді. Бұл жалпы карантиндік жағдай қазақстандық университеттер үшін сынақтан өтудің, әрі осы бағыттағы жетістіктерді көрсетудің де жақсы мүмкіндігі болуға тиіс. Осы орайда І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті де оқу үрдісін толығымен қашықтықтан оқыту форматына ауыстырып, оқу процесін жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті қашықтан оқыту барысында әр түрлі онлайн оқыту жүйелерін қолдануда, мысалы: Google Meet, Zoom, Google Classroom, Moodle.

Солардың ішінде Moodle жүйесіне тоқталып өтейік. Moodle – online сабақтарды ұйымдастыруға және білім беру сайттарын құруға арналған қосымша. Бұл жоба білім беруде әлеуметтік–құрылымдық тәсілді дамыту үшін ойластырылған болатын. Бағдарлама негізінде жаңа білім тек бұрын алынған білімнің және жеке тәжірибенің бар болуының арқасында және оқушы өзі және өзгелерге оқыған материалын өз сөзімен түсіндірсе өте жақсы игерілетінін алға тартады. Мұндай тәсілді пайдаланып адамдар әрбір маңызды материалды игеруде осы тәжірибені қолдана алады [1].

Moodle – курстарды басқару жүйесі, сондай-ақ білім беруді басқару немесе виртуалды білім беру ортасы ретінде танымал. Ол сонымен қатар

онлайн оқытуға арналған сайттар жасауға мүмкіндік беретін дербес веб қосымша (GNU GPL лицензиясы бойынша таратылады) [2].

Жүйе PHP тілінде SQL мәліметтер қорын пайдалану арқылы жазылған, оның ұйымдастырушысы мен өңдеушісі - Мартин Дуджиамос атты Австралиялық азамат. Ең алғашқы нұсқасы 2002 жылы тамызда ашық кодты бағдарламалық қамтамасыз ету ретінде тарала бастады. Қазіргі таңда Moodle жүйесі негізінде 193 елдің көптеген ең ірі университеттерінде қашықтықтан оқыту жүйесі ұйымдастырылған. Жүйе негізінен оқытушы мен студенттің өзара қатынасын ұйымдастыруға негізделгенімен, оны дәстүрлі қашықтықтан оқыту курстарына да және күндізгі оқыту бөліміне де қолдануға болады [3].

Moodle қашықтан оқыту жүйесі тегін таратылатын бағдарламалық жиынтық, ол өзінің функционалдық мүмкіндіктерінің көптігімен және оны қолдану жеңілдігімен ерекшеленеді. Оқыту жүйесінің негізгі объектісі қашықтан оқыту курсы болып табылады. Оқыту курсы төмендегідей құрылымдардан тұрады:

- Блок-модульдік құрылым;
- Оқу курсының мазмұндық бөлігі;
- Оқу процесін ұйымдастыру және өткізу құралы;
- Курсқа қатысушылардың қарым-қатынас ортасы.

Енді оқыту жүйесіне мәліметтерді енгізу кезеңіне көшейік. Жүйеге кіру үшін жүйеге кіру батырмасын басып, тіркелушінің аты мен құпия сөзін теру қажет (1-сурет) немесе қонақ ретінде кіріп курстарға шолу жасауға да болады.



1-сурет. Moodle оқыту жүйесіне кіру терезесі

Қолданушы жүйеге бірінші рет кіріп тұрған болса, онда ол тіркелу батырмасын басып, ашылған терезеге өзі туралы мәліметтерді енгізіп, тіркеледі және болашақта жүйеге кіру үшін өзінің аты мен құпия сөзін пайдалана алады.

Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі ұғымы курстар болып табылатындығын жоғарыда атап өткенбіз. Мұнда курстар тек дәстүрлі түрдегі білім беруді ұйымдастыру құралы ретінде ғана қарастырылмайды, ол бір тақырып бойынша қызығушылығы бар топтың тілдесу құралы да болуы мүмкін. Wiki негізінде құрылған курстар Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі пакетіне кіреді. Ол қосымша қондырғыларды қажет етпейді.

Модульдің жұмыс істеуін тексеру үшін келесі бөлімдердің жұмыс істеу қабілеттілігін тексеру керек:

- курстарды құру, өңдеу, жою;
- курс элементтерін құру, өңдеу, жою;
- курстың статистикалық мәліметтерін қарау;
- әртүрлі қолданушының кіру рұқсатын жіктеу.

Курс құру кезінде оның қай категорияға жататынын белгілеп немесе сәйкес категория болмаған жағдайда оны құру қажет.

Мысал ретінде «Объектіге бағытталған бағдарламалау негіздері» пәні бойынша оқыту курсын жасауды алдық. «Объектіге бағытталған бағдарламалау негіздері» курсының мақсаты қазіргі кезде жылдам епкінмен дамып келе жатқан объектілі-бағытталған бағдарламалаудың негізгі ұғымдары және принциптерімен студенттерді таныстыру болып табылады.

Курстың міндеті – объектілі-бағытталған программалаудың негізгі принциптерін, класс, әдіс, қасиет, оқиға ұғымдарын оқып білу және оларды практикада пайдалану. Курсты оқытудан кейінгі оқыту нәтижелері төмендегідей болады:

– объектіге бағытталған бағдарламалаудың негізгі ұғымдарын меңгереді;
– визуалды компоненттер кітапханасын пайдалана біледі;
– менюмен жұмысты жасайды;
– қосымшалар өңдейді;
– стандартты диалогтық терезелерді пайдалануды игереді;
– графикамен жұмысты жасай алады.

Moodle ортасында курс құру барысында бастапқы кезеңінде құрып отырған қолданушы жайлы және курс жайлы ақпарат толтырылады (2-3 сурет).



3-4 сурет. Moodle ортасындағы ақпарат толтыру барысы

Пәнде 15-дәрістер жиыны және әр түрлі тапсырмалар қамтылды. Moodle-дың курс құруға арналған барлық құралдарын статикалық (курс ресурстары) және интерактивті (курс элементтері) деп екіге бөлеміз. Ресурстарға: мәтіндік бет, веб-бет, файлға немесе веб-бетке жасалған сілтеме, каталогка сілтеме жатады. Интерактивті элементтерге: глоссарий, дәріс, тапсырма, тест, форум жатады.

Дәріс құру барысында Moodle-дың «мәтіндік беттер» бөліміндегі ресурсты қолдандым. Мәтіндік беттер – ең аз иллюстрациялық материалдары бар қарапайым мәтін болып табылады. Мәтіндік беттерді жасау үшін келесідей әрекеттерді орындау қажет:

1. "Өңдеу" батырмасын басу.
2. Мәзірден "ресурсын қосу..." ішінен "мәтіндік бет" таңдау. Мәтінді жасау беті ашылады.
3. Беттің атауын және қысқаша сипаттамасын енгізіп, "бет Мазмұны" өрісіне қажетті мәтінді қосыңыз.
4. Сақтаңыз (5-сурет).



5-сурет. Moodle жүйесінде мәтіндік бетті құру

Әрбір курс үшін Moodle жүйесі жеке каталог құрады, мұнда осы жүйеде жасалған файлдар, яғни мәтіндік және веб-беттер, PDF-құжаттар, презентациялар, суреттер және т.б. жүктеліп, сақталады (6-сурет). Негізгі бумаға қатынасу тек басты бетте іске асады. Құрылған курстың негізгі бөлігі курстың жұмыс бағдарламасынан, яғни курстың құрылымы мен мазмұны туралы мағлұматтан және курс тыңдаушыларына арналған кеңестерден тұрады [4].



6-сурет. Moodle жүйесінде дәріс жүктеу

Сонымен «Объектіге бағытталған бағдарламалау негіздері» курсы бойынша 15-дәріс төмендегі тақырыптар бойынша ".docx" форматындағы файл түрінде жүктелді (7-сурет):

1. Объектілі бағытталған программалаудың негізгі ұғымдары. Delphi ортасына қысқаша шолу.
2. Delphi программалау тілі.
3. Қосымша құру.
4. Визуалды компоненттердің жалпы сипаттамасы.
5. Мәтінді бейнелеу және біржолды мәтінді енгізу/редактрлеу. Тармақталу алгоритмдерін программалау.
6. Тізімдермен жұмыс. Таңдау алгоритмін программалау.
7. Көпжолдық редакторлар. Циклдық алгоритмдерді программалау. Массивтермен жұмыс.
8. Циклдық алгоритмдерді программалау. Массивтермен жұмыс.
9. Батырмалармен жұмыс
10. Ауыстырыпқосқыштармен жұмысю Басқару элементтерін біріктіру
11. Форманың сипаттамалары. Формалардың өзара әрекетін ұйымдастыру.
12. Стандартты диалогтық терезелер.
13. Менюмен жұмыс.
14. Құралдар тақтасын және қалып-күй жолын құру
15. Delphi-дің графикалық мүмкіндіктері. Графикалық қарапайым элементтерді салу тәсілдері.



7-сурет. Moodle жүйесіне жүктелген дәрістер

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, Moodle жүйесі қашықтықтан оқитын білімгерлерді білімге баулитын қолайлы жүйе деуге болады. Қашықтықтан оқыту арқылы қоғамның білімге деген сұранысы мен оның ұсынысын қанағаттандыруға болады, яғни қашықтықтан оқыту мемлекетіміздің білім берудегі басты саясатын орындауға – халықтың әлеуметтік жағдайына және арақашықтыққа қарамастан білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беріп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. https://www.ispring.ru/elearning-insights/moodle
2. Радаев А. Трехуровневая модульная система представления образовательных ресурсов//Интернет-журнал "Инженерное образование". – 2007. – № 2–3. -С.165-170
3. Анисимов А.М. Работа в системе дистанционного обучения Moodle//Учебное пособие. – 2009. – 292с.
4. Тунда В. А. Руководство по работе в Moodle 2.5. Для начинающих. – Томск, 2015.
5. https://www.ispring.ru/elearning-insights/moodle/create-lecture

УДК 371.3.811.512.122

АЛПЫСБАЙ МӨЛДІР АЛТАЙҚЫЗЫ,
2 курс магистранты,
Филология және әлем тілдері факультеті,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы,
E-mail: alpysbay.moldir@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ

Түйіндеме: Мақалада қарым-қатынас үрдісіндегі оқушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың тиімді жолдары қарастырылады. Сабақ барысында қолданылатын амал-тәсілдердің түрлері көрсетіледі. Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту жолдары жан-жақты сараланады. Коммуникативтік құзіреттіліктің жіктеліміне талдау жасалады.

Тірек сөздер: құзыреттілік, қарым-қатынас үрдісі, оқушы, коммуникация, әдіс-тәсілдер, оқыту.

Аннотация: В статье рассматриваются эффективные способы развития коммуникативной компетентности студентов в процессе общения. Показаны типы техник, использованных на уроке. Подробно проанализированы способы развития коммуникативных компетенций студентов на уроках казахского языка. Анализируется классификация коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: компетентность, процесс общения, ученик, общение, методы, обучение.

Annotation: The article discusses effective ways of developing students' communicative competence in the process of communication. The types of techniques used in the lesson are shown. The methods of development of students' communicative competencies in the Kazakh language lessons are analyzed in detail. The classification of communicative competence is analyzed.

Keywords: competence, communication process, student, communication, methods, training.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Қазақтың классик жазушысы М.Әуезов «Ел мен елді, адам мен адамды теңестіретін бір ғана нәрсе бар. Ол-білім»-деген болатын. XXI ғасыр – білімділер ғасыры, ақпараттар ғасыры, дамудың шапшаң түрі, жаңа технологиялар ғасыры. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйсін халықаралық биікке көтеру ұстаз қолында. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Ол міндетті атқарушы – ұстаз. Ұстаздың негізгі құралы – сабақ.Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде егеменді еліміздеде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Қазіргі кезде мектеп оқушыларының тіл байлығы өте тапшы. Өз ойын дәл жеткізіп бере алмайды, жазбаша сауаты нашар, тіл тазалығы мен тіл мәдениетіне қатынасы талапқа сай емес. Сондықтан баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап, тіпті отбасында тіл тазалығына, сөйлей білуге, ойды жинақтап айта білуге дағдыландыруымыз керек.

Білім беру саласында тұлғаның дамуына коммуникативтік құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен қазақ тілі пәнін оқыту үрдісінде қалыптасады. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Құзырлық сөзіне мынадай анықтама берілген: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» [1. Қазақ тілі терминдерінің сөздігі. 2002,336 б] ғалым Ф.Ш.Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік құзіреттіліктің негізгі 4 бөлігі қамтылады:

1. Грамматикалық құзіреттілік;
2. Оқырмандық құзіреттілік;
3. Стратегиялық құзіреттілік;
4. Мәдени-танымдық құзіреттілік.

Осы құзіреттіліктердің анықтамасына тоқталсақ.

Грамматикалық құзіреттілік – тіл ережелерін білу, грамматикалық ережелерді оқыту. Оқушыларға грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты білім беруді негізге ала отырып, оқулықта берілген грамматикалық ережелерді жаттату, талдату.

Оқырмандық құзіреттілік –оқушыларды көркем әдебиетті, ұсынылған мәтіндерді толық

мәнінде түсіне алатын, көркем әдебиетке, оқуға танымдық қызығушылықпен қарайтын, шығармаларды өз бетімен талдап, баға бере алатын, қазіргі заман оқырманын қалыптастыруды көздейді.

Стратегиялық құзіреттілік — әңгімелесуші адаммен байланыс ережелерін білу және қолдану. Бұл — диалог құру және оны жалғастыру шеберліктері.

Мәдени-танымдық құзіреттілік – тілді тасымалдаушы, қолданушы – халық мәдениетін білу. Қазақ тілі оқулықтарына халық педагогикасы бойынша тақырыптар енгізілген. Олар: қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер және мейрамдар, отбасы тәрбиесінің дәстүрлері және қазақ халқының қонақжайлылығы. Осы тақырыптар бойынша оқушыларды қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен таныстыра отырып, оқушылардың ана тіліне деген қызығушылықтарын арттыру және халқымыздың мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

• *Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)*

• *Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)*

• *Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)*

• *Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)*

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың, қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға,сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге,жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.Өйткені, осыған байланысты әдіскер - ғалым Ф.Ш. Оразбаева қатысымдық әдістің өзіндік белгілерін көрсете отырып, оған мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым – қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым- қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі» [2. Оразбаева Ф, 43-44б]. Осылайша мұғалімнің оқудағы құзіреттілікке бағыт – бағдар беруі оқушылардың ой-қорытынды жасауына, өз ойын айта білуіне, оны күнделікті өмірде пайдалана білуіне көмегін тигізеді.Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру – заман талабы.Сабақ үстінде коммуникативтік құзіреттілігін дамыту мақсатында жұптық, топтық жұмысын да пайдалану *жөн.*

Әр сабақтағы дұрыс ұйымдастырылған топтық және жұптық жұмыста оқушылар:



Топтық және жұптық жұмыстың нәтижелері:

1.Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.

2.Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

3.Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласың.

4.Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік аласың.

5.Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді.

6.Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

7.Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Баланың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Ол үшін әрине мектептегі барлық негізгі пәндер бойынша шығармашылық жұмыстар әр сабақта беріліп отырған жөн. Күнделікті сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылар қазақ тілі мен әдеби мұрасын меңгеріп, ана тілі мен туған халқының мәдениетін құрметтеуге, оқу үдерісінде және күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда тілдік қарым-қатынасқа еркін түсіп, өз пікірін білдіруге дағдыланады. Оқушының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда жүйелі жұмыс істегенде ғана нәтижеге жетуге болады. Мысалға,оқушыларға апта күндерін қайталату үшін *«Апта күндері» атты сөздік жаттығуын* қолдануға болады. Мақсаты: дедукцияны, емін-еркін сөйлесуды жұмыспен біржолата өтеу, зейін және логикалық ойларын дамыту.

- Дүйсенбіде доп ойнадық қайда? далада
- Сейсенбіде не құрдық қалада? серуен
- Сәрсенбіде не салдық сәнді етіп? сурет
- Бейсенбіде не істедік әндетіп? би биледік
- Жұма күні жидек тердік қайда? қыратта
- Сенбі күні не істедік клубта? кино көрдік
- Жексенбіде бір жиналып не істедік? дем алдық
- Осылайша өте шықты неше апта? бір

«Образға ену» әдісі

Жансыз заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну. Мен-жермін (Қаламмын, гүлмін,) деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу.

Мысалы: «Мен-Табиғатпын..Айналам толған жасыл әлем. Мен әлемдегі барша жанға тіршілік сыйлаймын». Әңгіме құрастыра отырып жазу арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейтіліп, тілдері дамиды.

«Сұрақ-жауапқа құрылған хат» диалогтік ойыны.

Итальян жазушысы Дж.Родаридің басшылығымен ойлап табылған ойын. Ойынның шарты: 6 оқушыға 6 түрлі сұрақ таратылады, сол сұрақтарға оқушылар жазбаша түрде жауап береді. Бірақ сұрақтар кезкелген саладан бола бермейді, белгілі бір қалыпқа түскен сұрақтар алынады. Әр оқушы жолдастарына қандай сұрақ берілгенін білсе де, олардың қандай жауап жазғанын білмеуі тиіс. Әйтпесе ойын шарты да, қызығы да бұзылады. Жаттығу аяқталғаннан кейін мұғалім әр оқушының жауабын біріктіріп, тұтас мәтін құрайды да, балаларға дауыстап оқып береді. Сол кезде әрі қызғылықты, әрі күлкілі оқиға шығуы мүмкін.

«Бір минуттағы ой»

Мұғалім сабақтың тақырыбын айтады не бір сөз айтады. Оқушылар осы сөзді естігенде ойларына не түсті, соны 1 минут ішінде жазады. Сосын сол сөзді не үшін жазды түсіндіреді. Егер

оқушылар сөздерінің ішінде ерекше сөздер болса, сол сөзді не үшін жазды, бұл тақырыпқа (не айтылған сөзге қандай қатысы бар) соны айтып беруі керек.

«Галерея» әдісі

Оқушылардың ұжымда бірін - бірі сыйлау арқылы басқалардың ой ұшқырлығын байқауға, өз ойын қосып отыруға мүмкіндік береді. Сондай ақ, - қатысымдық дағдыға сай диалог барысында басқа адамның сөзін ести және тыңдай білуін, диалогке /сұхбатқа қатысуға дайын болуын, әркімнің өз көзқарасы мен пікірі болатынын түсінуін, өз пікірін айқын да дұрыс және толық жеткізе білуін қалыптастырады.

«Диалог-ертегі» әдісі

Мұғалім не оқушы ойдан шығарып, кез- келген бір әңгіме-ертегіні бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бір сөйлемнен ары қарай жалғастырады.

«Қиялымдағы мәтіндер» әдісі

Бұл әдісте әр оқушыларға түрлі суреттері бар төрт текше беріледі. Оқушылар текшелерді тастау арқылы өздеріне түскен суреттерге байланысты әңгіме құрастырады.

«Биопоэма» әдісі

Бұл әдіс арқылы сабақта қорытындылауға болады немесе көршісі туралы не жазғысы келетініне байланысты өзгертіп отыруға болады. Тапсырманы топта талдай отырып орындайды.

1.Аты.\ Жылқы\

2.Үш-төрт етістік. \кісінейді, жүгіреді,құлындайды\

3.Басқалармен қарым қатынасы \адамның досы\

4.Үш-төрт ұнатқан заты \шөп, су, \

5. Ол қорықпайтын екі-үш зат \ит, мысық, адам\

7.Мекен-жайы.\атқора\

Бұдан өзге сабақтарда *«Сұрақты ұстап ал », «Он сұрақ», «Болжау» , « Шеңбердегі диалог»* сияқты тиімді тәсілдерді жиі пайдалануға болады. Олар өз кезегінде оқушының сөздік қорын молайтып, ойланып жауап беруге мүмкіндік береді сөзжұмбақ құрастыру т.б. үздіксіз, тиянақты жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып отырғанда ғана мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

• Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

• Оқушы тілдің әр саласы бойынша қажетті білімді жан-жақты меңгереді.

• Ауызша және жазба жұмыстарын сауатты орындап,өз бетінше жұмыс істеуге қалыптасады. [5. 12 жылдық білім,16 б.].

Сабақтың қызықты да тартымды болуына, таңдалып алынған әдіс-тәсілдердің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы деп ойлаймын.

Сонымен қатар оқушылардың бірін- бірі бағалауы сенімділіктерін арттыруға септігін тигізеді. Сабақ үдерісінде оқушылардың топта, жұпта, үштікте жұмыс істеуі - өз ойларын негіздей отырып, дәлелмен нақтылауға үйретеді.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау.

Қорыта айтқанда, Г.Галилей: «Адамды бірнәрсені қайталауға үйреткеннен гөрі, оған жаңалық ашуға көмектескен жөн» - дегендей әр мұғалім осы бағытта жұмыс істегенде ғана, ойлау мен шығармашылық қабілеті қалыптасқан, құзырлы тұлға қалыптастыра алады деп ойлаймын. Біз мектепте өз шәкірттеріміздің бойында жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етеміз. Оқушыларымыздың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, біліктілік, дағдыларды дұрыс қолдана алуына жағдай жасау- біздің ұстаздық міндетіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі.-Алматы: Мектеп, 2002.-336 б

2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 147 б

3. Іс –тәжірибеде оқытуды басқару мен көшбасшылық – тренердің жазбалары 1- басылым, 13.12.2011 жыл.

4. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: PrintS, 2005. – 170 б

5. «12 жылдық білім» Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал. 2005 ж. №1. – 6 с.

УДК 371.3

ӘСІЛБЕК НУРТАҢ ӘДІЛХАНҰЛЫ,
PhD докторант,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
E-mail: Nurtang.assilbek@mail.ru

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА ӘЛИЯ МАЛИКОВНА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ АРГУМЕНТТІҢ МАҢЫЗЫ

Түйін. Мақала ғылыми аргумент және сыни ойлау дағдыларының байланысы туралы баяндайды. Авторлар ғылыми аргумент және сыни ойлау дағдыларына анықтама береді. Сонымен қатар, студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуда ғылыми аргументтің маңызы жайлы айтылады.

Түйінді сөздер: сыни ойлау, ғылыми аргумент, білім беру, құзыреттілік, дағды.

Резюме. В статье описывается взаимосвязь между научным аргументом и навыками критического мышления. Авторы дают определение научного аргумента и навыков критического мышления. Кроме того, анализируется важность научного аргумента в развитии навыков критического мышления учащихся.

Ключевые слова: критическое мышление, научный аргумент, образование,компетенция, навыки.

Summary. The article describes the relationship between scientific argument and critical thinking skills. The authors define scientific argumentation and critical thinking skills. Also, authors analyze the importance of scientific argumentation in the development of students' critical thinking skills.

Key words: critical thinking, scientific argumentation, education, competence, skills.

КІРІСПЕ

Жоғары білімге деген бүкіл әлем бойынша сұраныстың артуы, жоғары оқу орындары тарапынан қамтамасыз етілетін оқу бағдарламаларының сапасының өзгеруі және жаһандану дәуірінде білімнің индустрияға бейімделуі жоғары оқу орындарына күрделі міндеттер қоюда**.** Сонымен қатар, білім беру кеңістігіндегі өзгерістер болашақ мамандарды даярлау талаптарына жаңа серпін беруде. Қазіргі уақытта мамандарды даярлау қоғам талабының өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Білім және Ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың мәлімдеуінше университтерде мамандарды даярлауға деген талап өзгереді және жұмысқа орналасу деңгейі басты критерий екенін атап өткен [*http://today.kz/news/zhizn/2018-08-22/769174-kriterii-potrudoustrojstvu-i-podgotovke-kadrov-uzhestochat-v-rk/*].

Болон үдерісінде бакалавр,магистратура, докторантура деңгейін тәмәмдаған маманның игеру керек құзыреттіліктерді дескрипторларда көрсеткен. Дублин дескрипторлары бойынша бакалавр маманы төмендегі құзыреттіліктерге ие болу керек:

- жалпы орта білімге негізделген зерттеу саласында және терең үйретуге арналған оқулықтармен қамтамасыз етілетін деңгейде, сонымен қатар зерттелініп отырған саладағы барынша озық білімнің элементтерін қамти отырып білім мен түсінікті көрсету;
- осы білім мен түсінікті кәсіби деңгейде қолдануға болады және зерттеу саласындағы мәселелерді шешу және аргумент қалыптастыруға қажетті құзыреттіліктерді игере алады;
- әлеуметтік, этикалық ғылыми және этикалық пікірлерді ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және оған түсініктеме беру (әдетте зерттеу саласы аясында);
- маман және маман емес адамдар үшін ақпарат, идея, мәселелер мен шешімдерді хабарлау;
- барынша жоғары дербестікпен білім алуды жалғастыру үшін қажетті дағдыларды игеру [*Ахметова Г.К., 2009, 44 б.*].

Жоғарыда көрсетілген құзыреттіліктер аргументті қалыптастыру, ақпаратты өңдеу,жинау және шешім қабылдау секілді құзыреттіліктер сыни ойлаудың элементтері болып есептелінеді. Демек, бұл мақаланың өзектілігін және маңыздылығын арттырады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сыни ойлау дағдылары

Сыни ойлау ұғымы грек сөзі «kritikos» бағалай алу деген мағынаны білдіреді.Сыни ойлаудың негізгі функциясы қателіктерді,қате болжамдар мен шатасуларды болдырмау болып есептелінеді [*Nelson R.,1998, Ghadi, Ibrahim Nazem, K.A. Bakar, Baboucarr Njie, 2015, 25 Б.*]. Яғни,сыни ой-

лау білім алушыларға ақпаратпен ұтымды түрде жұмыс жасауына, өңдеуге және дұрыс қорытынды шығаруға септігін тигізеді.

Fisher мен Scriven: «Сыни ойлау дағдылары бақылауды,қарым-қатынасты,ақпарат пен аргументті белсенді түрде интерпретациялау және бағалау... » деп мәлімдеген [*Fisher A., Scriven M., 1997, 21 Б.*]. Демек, жоғары оқу орындарында мамандарды даярлау үдерісінде олардың білімін,-кәсіби және коммуникативті құзыреттіліктерін дамытуда сыни ойлау дағдыларын қолдану және үйрету маңызды,әрі эффективті деп есептеуге болады. Өйткені, бақылауы мен қарым-қатынас дағдысы жоғары деңгейде дамыған,ақпаратты іздеп және қорытынды шығара алатын , және аргумент айту дағдысы жетілген жас маман болашақ жұмыс орнында кәсіби және коммуникативті құзыреттіліктерді қолдануға байланысты іс-әрекеттен сескенбейді.

Сыни ойлау дағдыларын зерттеумен айналысқан көрнекті ғалымдар Ennis және Huitt білім алушылар игеру керек 4 дағдыны атап көрсеткен. (Сурет 1)

Сурет 1.Сыни ойлау дағдылары (Ennis және Huitt бойынша)

Ennis және Huitt бойынша анализ жасау дағдысы іс-әрекетті мұқият және жете зерттеу, бағалау дағдысы бағалау шешімін шығару,дедукция дағдысы қолжетімді ақпаратпен мәселелерді шешу,ал индукция дағдысы әр түрлі элементтерден ақылға қонымды қорытынды жасау болып есептелінеді [*Ennis,Huitt, 1987, 19 б*]. Демек, сыни ойлау дағдылары білім алушылардың оқу жетістіктерінің дамуына орасан зор көмегін тигізеді.

S.Cottrell: «Сыни ойлау дағдыларын өмірдің барлық салаларында қолдануға болады және студенттер сыни ойлау дағдыларын таңдаған мамандықтарына және қызығушылықтарына байланысты үйренуге болады...» [*S.Cotrell, 2015, 8 б*], деген пікірі сыни ойлау дағдылары тек белгілі бір мамандықта емес,барлық мамандықтарда үздіксіз дамитынына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлауды оқыту барлық жалпы оқытылатын пәндерде жүргізілуіне болатыны белгілі [*Әсілбек Н., Құдайбергенова А.М., 2020, б.123*].

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде сыни ойлау дағдыларына осы саланы зерттеген авторлар әр алуан анықтама берген. (Кесте 1)

Авторлар	Анықтама
B.FitzPatrick, H.Schulz, R.Paul, L.Elder	Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары танымдық қызметпен тығыз байланысты және жоғары деңгейлі-ойлау категорияларының білім аспектілерінің оқу нәтижелерінің бөлігі болып есептелінеді [*B.FitzPatrick , H. Schulz,2015, R.Paul, L.Elder, 2014,138 Б.*] ;
A. Fisher, Scriven M.	Ойды айтуға,бағалауға, бақылауға және пікір алмасуға бағытталған іс-әрекет [*Fisher A., Scriven M.,1997, 21 Б.*] ;
S.Cottrell	Анализ және бағалауға негізделген когнитивті іс-әрекет [*S.Cotrell, 2015,8 Б.*];
Mason, Epstein	Себепті дұрыс бағалау немесе дұрыс емес пікірлерді анықтау [*Mason, 2008; Epstein, 2006,1079 Б.*];
Florea, Hurjui	Ақпаратпен келісу немесе келіспеу, шындықты анықтау үшін бағалау және жаңа идеяларды құру ,жалған ақпаратты өзгертуге негізделген белсенді оқыту үдерісі [*Florea ,Hurjui, 2015, 1079 Б.*];

Кесте 1. Сыни ойлау дағдыларына анықтама

ҒЫЛЫМИ АРГУМЕНТ ҰҒЫМЫ

Әлемдік білу беру кеңістігінде ғылыми аргумент ұғымы педагогикалық тәжірибе ретінде мектептерде және жоғары оқу орындарында қолданысқа енгізілуде. Мысалы, АҚШ-та сауаттылық,математика пәндерінің білім беру стандарттарында ғылыми аргумент айту ұғымы кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, ЕО елдерінде ғылыми аргумент айту ұғымын үздіксіз оқыту үдерісінде маңызды құзыреттілік ретінде қарастырады [*Giri, V., Paily, M.U., 2020, 674 Б.*]. Ал, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ғылыми аргумент сын тұрғысынан ойлау жайлы еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында : «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда»,- деп атап көрсеткен мәлімдемесін айтсақ болады [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan].

Ғылыми білім берудің басты мақсаты - студенттерді ғылыми сауаттылыққа даярлау. Студенттерге бағытталған ізденіс тәсілі студенттердің ғылыми аргумент айту қабілетін дамыту арқылы олардың ғылыми сауаттылығын арттырудың кілті болып есептелінеді.Ғылымды оқыту мен үйренуде ғылыми аргумент айту қабілетін дамыту басты назарда,сонымен қатар ғылыми білім беру енді тұжырымдамалық қайталануға немесе нақты жинақталуға бағытталмайды, керісінше ғылыми дәлелдеу арқылы білімді құруға бағытталады. Білім алушылардың ғылыми аргументке қатысуы оларды ғылым туралы тұжырымдамалы,гносеологиялы,әдіснамалық түсінігін дамытады және аргументтік тәжірибе ретінде ғылыммен айналысу студенттердің сыни ойлауына, дәлелдемелерді түсінуге және бағалауға ықпал етуі мүмкін. Ал көптеген оқытушылардың пікірінше ғылыми аргументті дамыту өте күрделі процесс және ол студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытады деп мәлімдеген [*Heng, L.L., Surif, J., & Seng, C.H. , 2015, 506 Б.*]. Сонымен, ғылыми аргументті меңгеру ойлау қабілеттері мен оқу жетістіктерінің өзегі ретінде қарастырылады.

Ғылыми аргументтің негізгі қызметі идея мен дәлелдердегі сәйкессіздікті анықтау және түзету болып саналады. Berland және Reiser мәліметтері бойынша, аргумент айту үдерісіне түскен білім алушылар педагогикалық феноменді біледі, өз ойын тұжырымдай алады және басқаларға өз ойын дәлелдей алады.Ғылыми аргумент айту үдерісі төмендегі кезеңдерден тұрады [*Berland, L.K., & Reiser, B.J. ,2009, 28 Б.*]. (Сурет 2)



Сурет 2.Ғылыми аргумент айту үдерісі

СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ АРГУМЕНТ БАЙЛАНЫСЫ

Сыни ойлау дағдылары мен аргументтің байланысы және айырмашылығы туралы еңбектер шетелдік педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде көптеп зерттелінген. Осы саланы зерттеген авторлардың қатарына J.Moon, F.Lubben, M. Sadeck, Z.Scholtz, M.Braund, M.O'Rourke, E.Nussbaum және тағы басқа авторларды жатқызуға болады.

J.Moon [*2008, 12 Б.*]: «Аргументті құрастыру сыни ойлаудың негізгі үдерісі...» десе, F.Lubben, M. Sadeck, Z.Scholtz, M.Braund [*2010*]: «Мәселелер бойынша аргумент айтуды құрастыру және бағалау сыни ойлау дағдыларын дамытады ... » деп көрсетеді. Яғни, білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытқымыз келсе аргументтің маңыздылығын ескерген жөн.

M.O'Rourke [*2005*] мәлімдеуінше, өз аргументтерін айта алатын және оны бағалап дұрыс немесе дұрыс емес екенін ажырата алатын білім алушылар сыни ойлау дағдыларының маңызды

бөлігін орындаушылар болып есептелінеді. Сонымен қатар, E.Nussbaum [*2008, 347 Б.*] айтуынша, жоғары дәрежеде аргумент айту дегеніміз ол көзқарастарға келісу немесе келіспеу үшін өз дәлелдерін құру мүмкіндігі және сыни ойлаудың негізі компененті.

G.Wu [*2017, 960 Б.*] пікірінше, ғылыми аргумент ұғымдарды толық және дұрыс түсінуге теориялық негіз бола алады. Ғылыми аргумент дәлелдемелер мен логикалық пайымдауларға негізделген сыни ойлауды талдау арқылы растауды нығайту процесі ретінде анықтайды.

Ғылыми аргумент айту қызметі білім алушылардың логикалық, метакогнитивті, коммуникативті және ойлау дағдыларын дамытады [*Lazarou, Erduran, Sutherland 2018, 55 Б.*].

Әлемдік білім беру кеңістігінде ғылыми аргумент және сыни ойлау дағдыларының байланысы туралы көптеген зерттеулер жүргізілген. Sadler және Fowler зерттеулерінде дәлелдер нақты проблемалар мен контекстермен және студенттердің тұжырымдамаларды түсінуімен байланысты болған кезде ғылыми аргумент пен сыни ойлау үдерісі арасында өзара және оң байланыс бар екенін көрсетеді [*Sadler, Fowler, 2006, 987 Б.*].

Жоғарыда көрсетілген анықтамалармен келіспеу мүмкін емес, өйткені аргумент айту дағдылары ойды бағалаудан,бақылаудан және дұрыс немесе дұрыс емес пікірлерді анализдеуден тұрады. Сондықтан білім алушылардың сыни ойлауын дамытуда аргумент айту маңызды компонент ретінде есептеледі деп тұжырымдаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде саралай келе мақалада ғылыми аргументтің білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту үдерісінде ерекше орын алатынына көз жеткіздік. Сонымен қатар, сыни ойлау мен ғылыми аргумент айту дағдылары білім алушыларға болашақ жұмыс орнына қажет дамыту керек барлық құзіреттіліктерін қамтитына мысалдар бердік. Қорытындай келе, ғылыми аргумент негіздері сыни ойлау дағдыларын дамытуда басты компенент деп тұжырымдама жасаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. http://today.kz/news/zhizn/2018-08-22/769174-kriterii-po-trudoustrojstvu-i-podgotovke-kadrov-uzhestochat-v-rk/

2. Ахметова Г.К. Методология идентификации образовательных программ.Қазақ университеті,2009.

3. Nelson R (1998). Effective Thinking Skills: Preventing and Managing Personal Problems. London: Cassell Education Limited.

4. Ghadi, Ibrahim Nazem, K. A. Bakar and Baboucarr Njie (2015). Influences of critical thinking dispositions on critical thinking skills of undergraduate students at a Malaysian Public University. Journal of Educational Research and Reviews Vol. 3(2), pp. 23-31.

5. Ennis R (1987). Taxonomy of Critical Thinking Dispositions and Abilities. Teaching Thinking Skills: Theory and Practice. New York: Freeman.

6. Partnership for 21st Century Learning. (2015). P21 Partnership for 21st Century Learning. Partnership for 21st Century Learning. Washington DC: Author. Retrieved from http://www.p21.org/documents/P21_Framework_Definitions.pdf.

7. Fisher A, Scriven M (1997). Critical Thinking. Its Definition and Assessment. UK: Edge press.

8. FitzPatrick, B., & Schulz, H. (2015). Do curriculum outcomes and assessment activities in science encourage higher order thinking? Canadian Journal of Science, Mathematics and Technology Education, 15(2), 136–154. https://doi.org/10.1080/14926156.2015.1014074.

9. Paul, R., & Elder, L. (2014). Critical Thinking: tools for taking charge of your professional and personal life. Retrieved from http://ptgmedia.pearsoncmg.com/images/9780133115284/samplepages/0133115283.pdf

10. Developing Critical-Thinking Skills through the Collaboration of Jigsaw Model with Problem-Based Learning Model.Saputra, Maskhur Dwi; Joyoatmojo, Soetarno; Wardani, Dewi Kusuma; Sangka, Khresna Bayu.International Journal of Instruction, v12 n1, p1077-1094, Jan 2019

11. Әсілбек Н.Ә.,Құдайбергенова А.М. Сын тұрғысынан ойлауды оқытудың ерекшеліктері.Қазақстанның ғылымы мен өмірі,№5/1 2020

12. Giri, V., Paily, M.U. Effect of Scientific Argumentation on the Development of Critical Thinking. Sci & Educ 29, 673–690 (2020). https://doi.org/10.1007/s11191-020-00120-y

13. Heng, L. L., Surif, J., & Seng, C. H. (2015). Malaysian students' scientific argumentation: Do groups perform better than individuals? International Journal of Science Education, 37(3), 505–528. https://doi.org/10.1080/09500693.2014.995147

14. Berland, L. K., & Reiser, B. J. (2009). Making sense of argumentation and explanation.Science Education, 93(1), 26–55.

15. Moon, J. (2008). Critical thinking: An exploration of theory and practice. New York, NY:Routledge.

16. Lubben, F., Sadeck, M., Scholtz, Z. & Braund, M. (2010). Gauging students' untutored ability in argumentation about experimental data: A South Africa case study.International Journal of Science Education, 32(16), 2143–2166

17. O'Rourke, M. (2005). UI critical thinking handbook. Retrieved from http://www.webpages.uidaho.edu/crit_think/.

18. Nussbaum, E. M. (2008). Collaborative discourse, argumentation and learning: Preface and literature review. Contemporary Educational Psychology, 33(3), 345–359.

19. Lazarou, D, Erduran, S & Sutherland, R, 'Argumentation in science education as an evolving concept: Following the object of activity', Learning, Culture and Social Interaction, vol.14, February 2018, pp. 51-66.

20. Wu, GW 2017, 'Advances in Social Science, Education and Humanities Research (ASSEHR),volume 158', *Advances in Social Science, Education and Humanities Research(ASSEHR)*, vol. 158, no. Ictte, pp. 958-963

21. Sadler, TD & Fowler, SR 2006, 'A threshold model of content knowledge transfer for socioscientific argumentation', Science Education, vol. 90, no. 6, pp. 986-1004.

ӘОЖ 159.9.072

БЕЙСЕНБАЕВА ЖАЙНА АДИХАНОВНА,
3 курс докторанты,
Педагогика және психология мамандығы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

САНГИЛБАЕВ ОСПАН СЕЙДУЛЛАЕВИЧ,
профессор, психология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа. Аталмыш мақалада кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша жаңа форматтағы жұмыс жүйесі ұсынылған. Бұл жүйе оқушыларды категориялық топтарға (A,B,C,D-,E,S) дифференциялаумен, кәсіптік бағдарлаудағы жаңа, инновациялық әдіс-тәсілдерді қадам бойынша терең ендіруді көздейді. Тұлғаның ерекшеліктері және еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, Қазақстан Республикасында мектептердің жоғары сынып оқушыларына кәсіби өзіндік анықталуына көмек беруі туралы қозғалған. Жасөспірімдердің белгілі бір мамандыққа икемі мен қарым-қабілетін анықтау үшін онлайн диагностикаға қатысуда әлеуметтік мәртебесіне, психологиялық ерекшеліктеріне, кәсіби бейімділіктерін анықтауға, жасы бойынша кәсіби басымдылықтарын айқындауға және оларды экономикалық қызмет салалары бойынша саралауға мүмкіндік береді. Сондай- ақ аталған онлайн диагностикалық тесттер оқушылардың кәсіби мәнсабын бақылауға және тұрақты оқуға түсу динамикасын болжауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: кәсіби бағдар, диагностика, тренинг, жасөспірімдік шақ, мотив, мотивация.

Аннотация. В данной статье предложена система работы нового формата по организации и проведении профориентационной работы. Данная система предполагает работу по максимальному внедрению новых, инновационных методов и приемов в профориентационную работу, дифференциацию учащихся по категориальным группам (A,B,C,D,E,S). Также, в статье рассмотрена проблема оказания помощи учащимся старших классов общеобразовательных школ Республики Казахстан в их профессиональном сомоопределении, учитываются особенности личности и социально-экономическая ситуация на рынке труда. Для выявления склонностей и способностей подростков к определенной профессии предполагается участие подростков в онлайн диагностике, которая в свою очередь дает возможность определить их социальный статус, психологические особенности, профессиональные склонности, выявить профессиональные приоритеты по возрасту и их дифференциацию по сферам экономической деятельности. Также, данные онлайн диагностических тестов дают возможность контролировать профессиональную каръеру учащихся и прогнозировать динамику их поступления в ВУЗы.

Ключевые слова: профессиональная ориентация, диагностика, тренинг, подростковый возраст, мотив, мотивация.

Annotation. In this article, a system of work of a new format for the organization and conduct of career guidance work is proposed. This system assumes work on the maximum introduction of new, innovative methods and techniques in career guidance work, differentiation of students by categorical groups (A, B, C, D, E, S). Also, the article considers the problem of providing assistance to students of senior classes of secondary schools of the Republic of Kazakhstan in their professional self-determination, taking into account the characteristics of the individual and the socio-economic situation in the labor market. To identify the inclinations and abilities of adolescents to a certain profession, it is assumed that adolescents participate in online diagnostics, which in turn makes it possible to determine their social status, psychological characteristics, professional inclinations, identify professional priorities by age and their differentiation by areas of economic activity. Also, the data of online diagnostic tests make it possible to monitor the professional career of students and predict the dynamics of their admission to universities.

Key words: professional orientation, diagnostics, training, adolescence, motive, motivation.

КІРІСПЕ

Еліміздің білім беру саласында елеулі өзгерістер болып жатқаны белгілі. Өзгерістердің әсерінен қоғамның әлеуметтік және ғылыми техникалық жағдайы дамып отырған заманда адамның интелектуалдық білім деңгейі де әр түрлі жағдайда. Осыған сәйкес Қазақстанда оқушыларға кәсіби бағдар беру жағдайы мен дамуына қойылатын талаптар да жоғарылауда.

Дүние жүзінің көптеген дамыған елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, кәсіптік бағдарлау жұмысы – бұл Мемлекеттік педагогикалық-психологиялық маңызды процесс. Сондықтан да аталған жұмысты мектепке дейінгі жаста, содан кейін

орта мектепте, колледжде және ЖОО-да жүргізуді бастағаны жөн. Кез-келген оқушыларда «Болашақта қандай мамандықты таңдасам екен?» немесе «Таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін?» деген ойлар мазалайтыны белгілі. Осыған сәйкес қазіргі таңда кәсіптік бағдарлау жұмысының жаңа форматтағы жүйесі қолданылып келеді. Біз зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімін зерделей келе, жұмысымыздың практикалық бөліміне төмендегідей кәсіптік бағдарлау жұмысының жаңа форматтағы жүйесін ұсынып отырмыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кәсіби бағдар беруде оқушыларға арналған жүйе төрт қадамнан тұрады. Әрбір қадамның бағдарламасында қатысушыларды категориялық топтарға (A,B,C,D) жіктеудің тұлғалық-бағдарланған траекториясы бар өзіндік спецификасы болады. Сондай-ақ, оқушылар арасында кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізу, азаматтық қоғамның жаңа бет-бейнесін қалыптастырудағы өте маңызды және жауапты тәсіл болып табылады. Бітіруші түлектердің белгілі бір мамандықты таңдауына орай, алдағы уақытта аймақтың немесе облыстың еңбек ресурстарының болашақ күйін болжау мүмкін болады. Алдымен біз «Кәсіби бағдар беру» сөздеріне анықтама беріп өтейік [Түрікпен-ұлы Ж., 2004, 108 б].

Кәсіби бағдар беру – бұл индивидке кәсіпті және өзіндік тұлғалық сапаларын зерттеуге көмек беретін және нәтижесінде өз ісін ақылмен таңдаумен аяқталатын үдеріс. Кәсіби бағдар беру диагностикасының ұсынылған жүйесі, оқушылармен бірізді жұмыс жүргізуге және оларды күрделі таңдау жасауға - мамандық таңдауға бірте-бірте дайындауға мүмкіндік берілетін болса, кәсіби бағдар беру диагностикасы – бұл тұлғаны диагностикалау мақсатындағы кешенді іс-шаралар жүйесі (құндылық бағдарлар, ынтақызығушылықтар, қажеттіліктер, бейімділіктер, қабілеттер, кәсіби бағыттылық, кәсіби ниеттер, кәсіпті таңдау мотивтері, мінез белгілері, темперамент, денсаулық) және осы негізде ҰБТ-ді тапсыруда бейіндік пәнді анықтауға көмек беретін кәсіби ұсыныстар беру болып табылады. Оқушыларға кәсіби бағдар беру арқылы төмендегідей зерттеу міндеттерін орындаймыз.

Олар:

1. Тестілеуден өтетін оқушыларға тұлға типтерін анықтауға көмек беру;
2. ҰБТ-ді тапсыруға оқушылар таңдаған пәндерді анықтау;
3. Тестілеу нәтижесіне сүйеніп, пәнді таңдауға ұсыныстар беру;
4. ҚР экономикасының 15 негізгі секторы аясында, оқушылар таңдаған мамандықтың бағыттарын анықтау;
5. Тестілеуден өтетін оқушының әртүрлі мамандықтарға, кәсіптерге деген біліктерін, қатынасын және қалауын анықтау;
6. ЖОО-ын, мамандықтарды, кәсіптерді таңдауға әсер ететін факторларды анықтау (жеке таңдау, ата-аналар, достар және т.б.);
7. Оқуды жалғастыру үшін елдерді таңдаудағы оқушылардың қалауларын анықтау;
8. Қазақстан Республикасы аясында оқушылардың жоғары оқу орындарын таңдаудағы қалауларын анықтау;
9. Оқушылардың ЖОО-да оқыту тілін таңдаудағы қалауларын анықтау.

Кәсіптік бағдар беру жұмысынан зерттелінетін жасөспірімдік жастағы оқушыларға арналған жүйе 4 қадамнан тұрады. Олар төмендегідей: Мәселен,

I. Кәсіптік бағдарлау жұмысында «тіркеу және актуализацияны» өткізу бойынша әдістемілік ұсыныстар беру:

1.1. Тіркеу кезеңі

Тіркеу дегеніміз – бұл ұйымдастырылған іс-шара болып саналатын эксперименттің бірінші сатысы (қадам), онда жасөспірімдер экспериментке қатысушы) анкеталық мәліметтерін жазу және тіркеу керек. Әрбір мектеп бітірушісі кәсіптік жұмыстың нәтижелерін ұсынуға арналған біртұтас эксперименттің соңында, құрамына келесі сатылар енетін құжаттардың төмендегі тізімі анықталған:

1. Жеке куәліктің көшірмесі;
2. Мектеп бітірушісінің анкетасы;
3. Тестілеуден өтуге арналған қолжетімділіктің жеке коды;
4. Кәсіптік диагностиканың нәтижелері;
5. Әңгімелесу парағы;
6. «Сараптамалық қорытынды» парағы;
7. «Менің алған әсерлерім» кері байланыс парағы;
8. Тестке қатысқандығын растайтын сертификат көшірмесі.

II. Кәсіптік диагностиканы жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Кейбір авторлар кәсіби бағдарды анықтауға жеке кездейсоқ әлеуметтік өзіндік анықтау деген пікірді ұстайды, яғни кәсіби бағдарды – ең алдымен мамандықтың әлеуметтік сипатымен анықталатын әлеуметтік белгіленген құбылыс деп қарайды [Karakat Nagymzhanova., 2019, 8 p].

Кәсіби бағдар адамның тұтас тіршілігіндегі маңызды оқиға деп қарау ең тиімді көзқарас болып табылады. Мамандық таңдау жеке тұлғаның өткен тәжірибесімен байланысты, ал кәсіби өзіндік анықтау үдерісі алыстағы болашаққа кетеді, адамның «МЕН» жалпы бейнесінің қалыптасуына қатысады, оның өмір ағымын анықтайды.

Кәсіби бағдарды анықтайтын негізгі факторлар ретінде психологтар төмендегілерді атайды: мүдделер (танымдық, мамандыққа кәсіби ынта қою, бейімділік); қабілеттіліктер (іс-әрекеттің белгілі түрінен жетістікке жету үшін қажетті психологиялық механизмдер); темпераменті мен мі-

нез-құлқы [Ж.Ы.Намазбаева., 2005, 87 б].

Диагностика барысында жасөспірімдерден жоғарыдағы салалардың 1 саласы немесе 2 саласы анықталады. Диагностикада жасөспірімнің бір немесе екі саласы қатар анықталуы да мүмкін. Бұндай жағдайда психологиялық кеңес беру барысында психолог нақты бір салаға қабілеті бар екенін, екінші салаға қызығушылығы жоғары екенін анықтайды. Сол себепті екі саланың бірдей шығуы, сұрақтарға жауап беруі негізінде өзінің қандай мамандыққа қабілеті бар және қандай мамандыққа қызығушылығы бар екенін анықтай алмайтынын зерттелушілер арасында жиі кездесетіні ақиқат. Сонымен қатар, зерттеу алаңы барысында зерттелінуші жасөспірімдерге жүргізілген авторлық диагностика нәтижесі бойынша кеңес беру барысында өзара қарым-қатынасын ұйымдастырудың негізгі нұсқаларын ұсындық. Оның бірі диагностикалық ұсыныс беру болса, екіншісі еркін әңгімелесу кезеңі. Диагностикалық ұсыныста белгілі бір мамандыққа «жарамдылық» немесе «жарамсыздық» туралы ұсыныс берілуімен аяқталады. Өкінішке орай, көп жағдайда жасөспірімдердің пассивті позициясында қалады. Ал, еркін әңгімелесу бойынша жасөспірімдер өмірдегі өз орнын табу мәселелері еркін талқыланады, бір тақырыптан басқа да ұқсас тақырыптарға ауысып кетуге болады. Жасөспірімдер көп жағдайда, әңгіменің логикалық мәнін қадағалай алмағандықтан, кәсіби кеңес берушінің мұқият болуы абзал. Алайда бұл жағдайда психолог-кеңес беруші басты субъект ретінде болады да, ал жасөспірімдер шарасыз түрде тәуелдінің позициясында қалады. Бірақ әдетте мұндай позицияға жасөспірімдер қуана келіседі (ол «білікті кеңес алуға келді» және кеңес берушінің «білікті іс-әрекетін» қызығушылықпен бақылайды. Алайда, бұл өмірдегі өз орнын белгілеуші субъекттің позициясы емес «тыңдаушы» позициясы) [Андерсоне Г.В., 2007, 172 б].

Психолог-кеңес беруші жасөспірімдермен шынайы әңгімелесу, өзара әрекеттесу, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатады. Мұндай әрекеттестікті ұйымдастыру біршама қиын және әдетте ол үшін арнайы дайындық жұмыстары қажет (жасөспірімдерде қарым-қатынасқа деген қажеттілігі және психологпен бірге жұмыс істеуге қызығушылығы қалыптасуы керек). Қосымша зерттеу әдісі бойынша кәсіби кеңес беруді жүргізудің келесі негізгі іс-әрекеттерін бөліп қарастырамыз.

1. Жасөспірімнің медициналық жағдайын қарастыру;
2. Кәсіби мотивтерін айқындау;
3. Кәсіби қызығушылықтарын айқындау;
4. Жасөспірімдердің мамандықтар туралы білімін кеңейту;
5. Жасөспірімдердің мотивтерінің белгілі бір мамандықтағы қоғамдық қажеттіліктерге сәйкестігін анықтау;
6. Жасөспірімдер басқа өзіне сай мамандыққа (немесе әрекет ету аумағына) дау-дамайсыз қайта бағдарлау;
7. Жүргізілген жұмыстың оң әсер беруі.

III. Жасөспірімдерге кәсіби кеңес беру жұмысы

Кәсіби кеңес беру – қоғамның қажеттіліктерін, адамның психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке алып, кәсіби жолды таңдау туралы саналы шешім қабылдау мақсатында, адамға кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек беру болып табылады.

Жасөспірімдерге кәсіби кеңес берудің негізгі кезеңдері

Кезең атауы	Мақсаты	Психологтың міндеті	Оқушының міндеті
Кәсіби бағдарды анықтау (диагностикалық тестілеу)	Жасөспірімнің кәсіби және адами ресурстарын анықтау.	Диагностиканың нәтижесін талдау. Жасөспірімнің кәсіби тәжірибесін анықтау. Жасөспірімнің кәсіби құзыреттіліктерінің тізімін құрастыру. Жеке кәсіби жоспарын құрастыруда бөгет болатын мәселелерді анықтау және белгілеу. Жасөспірімнің кәсіби жобасының іске асу мүмкіндігін айқындау	Тұлғалық, жеке-дара дағдыларын жүйелендіру. Еңбек нарығындағы мамандыққа байланысты өзгерістермен танысу. Жеке кәсіби жоспарын құрастыру. Өз қалауы бойынша «Тұлғалық өсу», «Оқуға түсу дағдыларын қалыптастыруға» арналған психологиялық семинар-тренингтерге қатысу.

Қорытынды	Кеңес беру барысында алған нәтижелерге ұсыныс беру	Оқушының бойындағы өзгерістерді анықтау.	Оқушы бойындағы өзгерістерді ой елегінен өткізу. Жеке кәсіби жоспарын құра отырып, алдына мақсат қою.
	Кеңес беру нәтижелерін үнемі бақылап жүру.		

Психолог жасөспірімдерге психологиялық кеңес беру барысында жоғарыдағындай кеңес берудің шарттары мен ұстанатын нормаларын, психологқа қойылатын талаптарын ескеруі тиіс.

IV. *Жұмысқа қабілеттілігін дамытуға арналған психологиялық жаттығулар*

Кәсіби бағдар беру тренингтік сабақтар жүргізуге арналған арнайы жабдықталған (қозғалмалы орындықтары бар) алаңда жүргізіледі.

Тренинг теориялық бөлімнен (дәріс) және практикалық бөлімнен (тренингтік жұмыс) тұрады. Дәрістер оқушыларды дұрыс мамандық таңдауға деген дағдыларын үйренудің теориялық негіздерімен, негізгі ұғымдар және терминдермен таныстыруды көздейді. Ақпараттық материалды беру слайдтар көрсету, үлестірмелік материалдар мен әдістемелік құралдың көмегімен жүзеге асырылады.

Тренингтің практикалық бөлімі интерактивті әдістерден, жаттығулардан, іскерлік және рөлдік ойындардан тұратын тренинг болып табылады және оқушылардың ішкі ресурстарын ашуға, креативтілікті дамытуға, топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, қарым-қатынастың конструктивті дағдыларын жетілдіруге, ішкі мотивациясын ояту арқылы өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға, қорқыныш пен үрейді жоюға, өзін және өзгелерді қабылдауға, өзін-өзі презентациялау өнерін меңгеруге бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақаламызды қорытындылай келе, ұсынылып отырған кәсіптік диагностикалау, кеңес беру мен тренингтік жұмыстар жүйесі бүкіл мемлекеттің ауқымында жұмыссыздық мәселесін шешуге, білім беру сапасын арттыруға, бітіруші мамандардың сапасын, мемлекеттік құрылымдағы және жеке бизнестегі кадрлық құрамның сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Талдау жұмысының нәтижесі бойынша бітіруші түлектердің басым бөлігі қазіргі өскелең ұрпаққа тән, өз бетінше ойлау қабылеттері мен еркіндіктері, сауаттылығы мен жауапкершіліктері жоғары екендігі анықталады. Біз зерттеу жұмысымызда жасөспірімдерге арнайы кәсіби мәнсабын бақылау үшін кәсіптік бағдарлаудың «Портфолио» түріндегі мәліметтердің электрондық жеке кеңейтілген базасын құрып, арнайы негізделген жүйесін ұсынуды жөн көрдік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Түрікпен-ұлы Ж., Наубаева Х. Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар. – Алматы, 2004. – 108 б.

2. Karakat Nagymzhanova, Mariyam K. Bapaeva, Zaini T. Koksheeva, Zaure Kystaubayeva, Dinara S. Shakhmetova. Psychological Peculiarities of Occupational Choice by High School Students //Journal homepage http://revistas.usal.es/index.php/eks/. Ediciones Universidad de Salamanca | https://doi.org/10.14201/eks2019_20_a2, 2-8.

3. Ж.Ы.Намазбаева, О.С. Сангилбаев. Орысша-қазақша психологиялық сөздік. –А., 2005. - 87 б.

4. Андерсоне, Г. В. Педагогическая поддержка старшеклассников в выборе будущей профессии в условиях профильного обучения : дис. ... канд. психол. наук : 13.00.01 / Г. В. Андерсоне. - Сочи, 2007. - 172 с.

ӘӨЖ 37:378

БҰЛАҚБАЕВА МЕЙРАМГУЛЬ КЕҢЕСБАЙҚЫЗЫ,
Ғылыми жетекші, п.ғ.к., профессор,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

БЕЙСЕМБАЙ КАМШАТ ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ,
1 курс магистранты,
7М01101 - Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

ОРАЛБЕК НАЗЕРКЕ ЖОМАРТҚЫЗЫ,
1 курс магистранты,
7М01101 - Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕР ЖӘНЕ ИНТЕРТЕЙМЕНТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ

Аңдатпа. Бұл мақалада психологиялық тренингтердің оқушыларды ҰБТ-ға даярлау ерекшеліктері мен Интертеймент технологиясының болашақ педагог-психологтардың кәсіби дағдыларын дамытудағы маңызы қарастырылады. ҰБТ –ға даярлық балалардың психологиясына, эмоционалды тұрақтылықты арттыруға, қиындықтардың алдын-алу мәселелері бүгінгі күні өзекті. Ал, Интертеймент технологиясы да педагог-психологтардың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және шығармашылықпен жұмыс істеу құзыреттіліктері сияқты басты дағдыларды дамытады.

Кілт сөздер: кәсіби дағды, эмоционалдық тұрақтылық, Интертеймент технологиясы, құзыреттілік, психологиялық тренинг.

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности подготовки учащихся к ЕНТ психологических тренингов и значение технологии интертеймента в развитии профессиональных навыков будущих педагогов-психологов. Проблема подготовка к ЕНТ актуальна на сегодняшний день. Технология Интертеймента также развивает ключевые навыки педагогов-психологов, такие как компетенции саморазвития, самосовершенствования и творческой работы.

Ключевые слова: профессиональные навыки, эмоциональная устойчивость, технология интертеймента, компетентность, психологический тренинг.

Annotation. This article discusses the features of preparing students for the UNT psychological training and the importance of the technology of entertainment in the development of professional skills of future teachers-psychologists. The problem of preparing for the UNT is relevant today. Entertainment technology also develops key skills of educational psychologists, such as the competence of self-development, self-improvement and creative work.

Keywords: professional skills, emotional stability, entertainment technology, competence, psychological training.

КІРІСПЕ

XXI ғасырда дүние жүзі елдеріне ең ауыр соққы жасап, бүкіл әлемді төтенше жағдай шектеулеріне ұшыратып, карантиндік бақылауды енгізіп, халыққа үлкен сабақ берген COVID-19 пандемиясы болып отыр. Бұл індеттің зардабы мемлекеттердің экономикасынан бастау алып, білім саласына дейін кері әсерін тигізіп, көптеген жаңартулар енгізілудің себебіне айналды. Қазақстан Республикасының білім саласында жаңадан, әрі ең маңызды пайда болған өзгерту бұл жаңа оқыту форматы – қашықтықтан оқыту жүйесі.

2020 жылдың наурыз айында мектеп оқушылары көктемгі демалыстарына бір апта ерте шықты, колледж бен жоғары оқу орындарында білім алып жүрген студенттер үйлеріне қайтарылды. Оның басты себебі, еліміздің президен-

ті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы 08 сағат 00 минут пен 2020 жылғы 15 сәуірдегі 07 сағат 00 минут кезеңінде төтенше жағдай енгізілсін деген қаулысын жария етті [https://www.akorda.kz]. Ал 19 наурызда Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында карантин енгізіліп, адамдардың бұл қалалардан шығуы мен кіруі шектелді. Үлкен сауда орындары жабылып, тек азық-түлік дүкендері мен дәріханалар өз жұмысын жалғастыруға мүмкіндік алды. 22 наурыздан бастап аталған қалалардан шығатын жолдар толығымен жабылды, әуе және теміржол қозғалысы тоқтатылды [https://kk.wikipedia.org/wiki].

Осылайша әлемде індеттің беті қайтпай, керісінше тек қарқынды даму үстінде болды, ал қалалар жабылып төтенше жағдай енгізілгендігін ескере отырып, еліміздің Білім және ғылым министрлігінің алдында миллиондаған мектеп оқушылары мен студенттердің тиісті білім алуын шұғыл түрде жалғастыруды қамтамасыз ету мақсаты тұрды. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі арнайы мамандармен жұмыс тобын құрып, жаңа форматтағы білім беру жүйесінің моделін жасады. Нәтижесінде білім беру жүйесін қашықтықтан және онлайн оқытуға ауыстыруға мәжбүр болды. Осылайша білім беру жүйесінде күтпеген жерден интертеймент технологиясын қалай қолданысқа енгізіп жібергенімізді де байқамай, пайдалануды бастап кеттік.

Бұл әрекеттер бір жағынан, педагог-психологтардың кәсіби дағдыларын дамытуға септігін тигізсе, екінші жағынан, қашықтан оқытудың әсерінен оқушылардың да эмоционалдық тұрақтылығын, яғни, стреске төзімділігі, психологиясының тыныштығы мен көңіл-күйінің қалыпты жағдайда өтуіне де көмегін тигізетіні сөзсіз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әр жыл сайын 11 сынып түлектерінің алдында ҰБТ деген сынақ тұрады. Өкінішке немесе қуанышқа орай осы бір сынқа көптеген түлектердің қандай ЖОО түсетінін, оның айналасындағы адамдардың қандай болатынын дәл осы сынақ шешіп бермекші. Грант деп өзі қаламаған , білмейтін мамандыққа түседі. Сол себептіден, әр бала үшін тренингтің өтуі, оны оқушы қабылдауы үлкен жауапкершілік деп білемін. Түлек өмірінде психологиялық тренингтің рөлі қандай? ҰБТ-ға дайындауда әр пән бойынша оқушы әрбір материалды, тақырыпты қалай қабылдады, қабылдаса құба-құп, қабылдамаса, оның сыры неде екендігіне, әсіресе оқушының жас ерекшелігі мен психологиялық жаратылысына, оның қоғамдық ортасы мен әлеуметтік жағдайына терең үңілетін болсақ, оны дұрыс зерттеудің көздерін білсек, нәтижелі жұмысқа қол жеткізуімізге көмек береді [Фельдштейн Д.И., 2002, 49 с.].

ҰБТ-ға дайындалуда оқушы оған дайындалу барысында әр пән бойынша оқу, меңгеру барысында өзін өзі таба алуы тиіс. Егерде адамға берілген тапсырма оның икемділігіне, қызығушылығына сәйкес келмесе, тапсырманы ешуақытта орындай алмайды. Атқарған еңбегіне рахаттанып, рухани ләззат ала алмайды. Содан кейін өзіне-өзі күдік, сенімсіздік пайда болады. Яғни, бұл қолымнан келмейді, орындай алмаймын деген түсінік бойын билеп алады. Мұндай жағдайда барлық еңбегіміз нәтижесіз болып шығуы мүмкін. Ал сенімсіздік белгілі мәселелерге сенімсіздікпен қарауға, өзіндік қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді [Бейсембаев Ғ.Б., 2015, 17 б.]. Осыған байланысты принципсіздік, жауапсыздық, өзіне риза болмаушылық пікір, көзқарастар пайда болады. Біздің іс-әрекетіміз тиімді болу үшін оның шарттарын білуіміз керек. Әр пәннен сабақ беретін ұстаз өзінің объектісіне әсер етуді ұйымдастырғанда, оқушының психикалық ерекшеліктерін, соның заңдылықтарына байланысты дамитынын білуі қажет. Оқушының қабылдауы, түсінігі, есіне сақтауы, еркі мен мінезіне, жалпы және арнайы қалыптасуына байланысты болады. Көбінесе педагогикалық әсер мен психикалық ерекшелік үйлесімді келгенде, тым тәуір нәтиже шығады. Себебі, өмір ағымына сай оқушы өзгеріп тұрады. Біз сабақ процесінде әрбір оқушының өзіндік жеке тұлға ретінде оның табиғи жаратылысы мен психологиялық ерекше қасиетіне мән бере жұмыс жасасақ, оң нәтиже берері ақиқат.

Пән мұғалімі оқушылардың жалпы темпераментіне байланысты сабақты қабылдау, ерекшелігі мен сабақтан соңғы іс-әрекеті мен белсенділік сипатын көрсететін сызбаны жасап алуы қажет. Әр пән мұғалімі әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ҰБТ-ға дайындықты жоспарлап, жұмыс жасағаны дұрыс. Мен осы жерде мынандай психологиялық қызметтің міндеттерін атағым келеді:

– психологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қиындық көріп жүрген балалардың мәселелерін анықтап, оларға дер кезінде көмек көрсету

– проблемасы бар балаларды жан-жақты зерттеп, оны туғызған себебін анықтау және түзету, дамыту жұмыстарын жүргізу;

– психологиялық қасиеттерін зерттей отырып, психологиялық тренингтер ұйымдастыру [Абитов И.Р., 2014. - С. 99-105].

Оқушыны психологиялық жағынан ҰБТ-ға дайындауда ата-аналарға төмендегідей кеңес берер едім:

1. Баланың ҰБТ-ға барар алдындағы алдын-ала тестілеу кезінде алып жүрген ұпайларына

немқұрайдылықпен, салғырттықпен қарамай, дұрыс ақыл-кеңес беріп отыруға тырысу;

2. Баланың үйде күнделікті ҰБТ-ға дайындалатын белгілі бір уақыт, орны болуына жағдай жасау;

3. Әр ата-ана баланың көңіл-күйіне, денсаулығына әрқашан назар аударып отыру;

4. Әр ата-ана баласының алдағы уақытта ҰБТ тапсыруда жетістікке жететініне үнемі сенім арту;

5. Баланың дұрыс тамақтануына, әсіресе есте сақтау қабілетін арттыратын жеміс-жидектерге, дәрумендерге көп көңіл бөліп және оны үнемі қамтамасыз ету;

6. Ата-ана балаға шамадан тыс ауыртпалық жүктеп, шаршатпай, дұрыс демалуын қадағалағаны дұрыс;

7. Ата-ана ешқашан баланы сынап-мінемегені дұрыс. Ақырындап ақылмен ұғындырып, сабырлы болуға шақырғаны жөн.

Тек, осылай бірлесе атқарған іс-әрекет түбінде оң нәтиже беріп, биік көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік береді [Разборова Л.И., 1979, 161 с.].

Қоғамда ҰБТ туралы неше түрлі көзқарас болса да, әзірше мектеп түлегінің білімін тексерудің одан артық баламасы жоқ. Мектептегі оқушылардың барлығының қабілеті бірдей деп те айта алмаймын. Сондықтан, ҰБТ тапсыруды өз міндетіне алған оқушы дайындықты 9-10-сыныптардан бастағаны дұрыс. Себебі, осы сыныптарда білімінде олқылықтары бар оқушыларға ҰБТ тапсыруда қиындықтар туады, сондықтан ерте қамданғанның еш артығы жоқ.

Оқушының ҰБТ-да жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуі – ең алдымен оқушының өзіне байланысты. Ісіне тыңғылықты қарайтын, жауапкершілігі бар оқушылар діттеген мақсатына қол жеткізеді.

Негізінен адам қашықтықтан оқыту туралы ойланған кезде нені елестетеді? Қазіргі заманғы техникалық жүйе мен электрондық байланыс құралдары арқылы, телефон желілері арқылы мәліметтер алмасып отырған қатынасушыларды елестетіні анық. Ал қашықтықтан оқыту форматын ең алғаш қолданған адам туралы ойласа, кімді елестетеді? Ең алғашқы қашықтықтан білім беру курсын 1840 жылдары ағылшын тілінің мұғалімі сэр Исаак Питман ұсынынған екен, ол стенографияға жазылған мәтіндерді ашық хаттарға поштамен жіберу және түзету үшін студенттерінен транскрипциялар алу арқылы стенография жүйесін оқытты. Оқушылардың кері байланысының элементі Питман жүйесінің шешуші жаңалығы болды. Бұл схема 1840 жылы Ұлыбритания бойынша бірыңғай пошталық тарифтерді енгізу арқылы мүмкін болды [https://en.wikipedia.].

Технология дәуірі дамымас бұрын, Исаак Питман алғашқы болып қащықтықтан оқытуды пайдаланғандығына сүйенсек, бұл форматтың қазіргі уақытта мүлде қиындық тудырмай, оңай жүзеге асыруға болады. Дегенмен бұл тек қашықтықтан білім беріп оқыту ғана, ал негізгі интертеймент технологиясының мәні – қашықтықтан онлайн, яғни интернеттің көмегімен оқыту. Ал интернет арқылы оқу үшін әр білім алушы немесе білім беруші оқытушы мен мұғалім ең алдымен қажетті телекоммуникация құралдарымен, оның ішінде смартфон, компьютермен, планшет және ғаламторға қосылу мүмкіндігімен, микрофон және веб камерамен қамтамасыздандырылуы қажет. Сонымен қатар оқушылар мен мұғалімдердің арасында бір-бірімен ақпарат алмасуды, телекоммуникация құралдарын сауатты пайдалануды жетік білмейтіндеріне біршама қиындықтар да тудырды.

«Білім мен тәрбие – егіз» деген қағиданы еске алсақ, бұл екі ұғымды еш уақытта бөліп қарауға болмайды. Сапалы білім қажет дегенмен, ең әуелі, балаға тәрбие бермейінше, білім беру мүмкін емес. Қазіргі қоғам жан-жақты үйлесімді, жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. «Туа жаман жоқ, жүре жаман бар» деген қағиданы ескерсек, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру ұстаздың, ата-ананың, мектептің басты борышы деп қарауымыз керек. Ғалымдардың зерттеулері баланың даму үрдісінде үш түрлі күш пен үш түрлі фактор қатысатындығын дәлелдейді. Олар: биологиялық фактор, әлеуметтік фактор, баланың өз белсенділігі. Даму үрдісіне әсер ететін бұл үшінші күш болып саналады. Оқитын пән қандай да жаңа, бағалы болмасын, мұғалімнің шеберлігі қаншама жоғары болмасын, егер мұғалім баланың өз белсенділігін туғыза алмаса, оған ұсынылған іс пен еңбекте баланың әрекетке қатынасуы күткен нәтиже бермейді. Баланың организм ретінде дамуы мен жеке бас ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асырылады. Баланың даму процесі, оның қоғамның белсенді де пайдалы мүшесі, азамат ретінде қалыптасуы осы үш фактордың қатысуымен қамтамасыз етіледі [Маркин В.Н., 2011, 27 б.]. Мұғалім сынып оқушысымен жұмыс істей жүріп, ең алдымен тәрбие негізіндегі мақсаттарын дұрыс қоюы қажет. Баланың өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай туғызу, өз бетінше білімін жетілдіріп, дамытуына ықпал ету, өзін-өзі басқара білуге үйрету керек. Осындай басты мақсаттарды жүзеге асырып, бастауыш сынып оқушысына сапалы білім мен тәрбие берген мұғалім, ол оқушыдан келешекте де үздік оқитын оқушы тәрбиелей алады.

Еліміздегі төтенше жағдай кезеңі артта қалса да, карантин аяқталған жоқ. Болашағымыздың кепілі – біздің балалар мен жас студенттерді індет аяқталмайынша дәстүрлі оқыту форматына қайтару қауіпті болғандықтан жаңа 2020-2021 оқу жылы да қашықытықтан онлайн оқыту форматында басталды. «Мектептердегі компьютерлер балаларға уақытша пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, білім беру бөлімдері қосымша компьютерлер, ноутбуктар, планшеттер сатып

алады, олар қабылдау актілері негізінде оқушыларға беріледі. Әр аймақ, білім беру ұйымы интернет-платформаны өздері таңдайды. оның көмегімен қашықтықтан оқыту ұйымдастырылады. Қашықтан оқыту форматы аясында оқытушылар мен студенттер стримингтік жүйелерді қолдана алады» - деп білім министрлігінің баспасөз қызметі оқушылар арасындағы техниканың жетіспеушілігі мәселесі қалай шешіліп жатқандығын айтты. мәлімдеген болатын [https://rgmedia.kz]. Осылайша үкіметі тарапынан үлкен көмек көрсетіліп, мектептегі оқушылар мен мұғалімдер, студенттер мен оқытушылар онлайн оқуда қажет болатын техникалық жабдықтарымен және ғаламторға қосылу мүмкіндігімен де қамтамасыз етілді.

Жаңа оқу жылында мұғалімдер интернет арқылы оқытуға дайындықтардан, курстардан өтіп сабақ пен дәрістер өткізуге дайын болды. Интертеймент технологиясында ең маңыздысы интернеттің көмегімен сабақ өту. Ал интернетте сабақты түрлі тәсілдер арқылы әлеуметтік желілер мен арнайы қосымшаларды пайдаланып өтуге болады. Қыркүйектен бастап студенттер интернет арқылы тікелей байланысқа шығып ZOOM, SKYPE сияқты байланыс желілермен дәрістер мен семинарларға қатысуды бастаса, мектеп оқушылары Online Mektep, Teams, Kundelik.kz және тағы да басқа желілердің көмегімен сабақтарын оқып жатыр. Оның үстіне барлығы тек бір желіге кіріп, қандай да бір қиындықтардың туындамасы үшін әр білім ордасы өзіне қолайлы бірыңғай платфомасын таңдап алды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарымыз, жыл сайын білім саласына қойылатын талап күшейіп келеді. ҰБТ оқушы үшін де, ата-ана үшін де жауапты іс. Сонымен бірге, ата-ана тарапынан үлкен қолдау мен көмек көрсетілгені дұрыс. Сыныптағы оқушыға айналасындағы жақсы оқитын оқушылар да әсер ете алады, неғұрлым білімге құштарлығы басым оқушылары бар сынып болса, сол сыныптың оқушылары да жоғары көрсеткішке қол жеткізе алады. ҰБТ-ға дайындықты жыл сайын жүргізіп келе жатқан мектеп мұғалімдері баланың қабілетін ашып, оны шыңдауға ықпал ете алады. Білімі төмен, орта, жоғары оқушыларды анықтай отырып, бізде ҰБТ-ға дайындалу сабақтарын жүргізетін тәжірибелі мұғалімдер белгілі бір жүйемен жұмыс жасап келеді

ҰБТ алдындағы оқушының өз бойындағы қорқынышты жеңе білуі, өзіне деген сенімділікті оятуы, жауапкершілікті қатар ала жүруіне гимназиядағы оқу-тәрбие үрдісіндегі жүйелі жұмыстар да септігін тигізеді. ҰБТ-ға дайындық сабақтарын жүргізетін мұғалімдердің дұрыс іс-жоспар құруы, оқушы білімін көтерудің тетіктерін білуі, жақсы көрсеткішке қол жеткізу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуінің өзі білім нәтижесіне оң ықпалын тигізеді. Тынбай еңбектенген, жүйелі жұмыс істеген, ҰБТ-ға жан-жақты дайындалған оқушы өзінің көздеген межесіне қол жеткізеді. Оқушы тек өзіне ғана сенуі қажет. Барлық пәндер бойынша дайындықты қатар алып жүріп, оптимистік көңіл-күйде, ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетін шыңдап отыруы тиіс. Мұғалім мен оқушының белсенді педагогикалық ынтымақтастығы көп нәрсеге қол жеткізеді. Байқау тесттері оқушының үнемі есте сақтау қабілетін арттырады, белсенді ойлау қабілетін дамытады.

Елімізде бұл қашықтықтан және онлайн түрде оқыту форматы мәңгі қалмайтындығын түсінуіміз қажет. Күндізгі оқыту форматы мемлекетіміздегі негізгі білім беру жүйесінің форматы болып қала береді. Әлемде коранавирус өршуін тоқтатып, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жақсарған бойда, мектептер, колледждер мен университеттер әдеттегі дәстүрлі оқыту форматына біртіндеп оралатын болады. Ал ұстаздар қауымы қандай заман тумасын әрдайым ізденушілігін тоқтатпай, инновациялық технологияларды меңгеріп, кәсіби біліктілігін арттырып отырғаны жөн. Қашықтықтан оқыту жүйесі мемлекетіміздік мұғалімдерін тек шыңдай түседі. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, білімді және қиындықтардан артқа шегінбейтін ұстаздары болашақ ұрпаққа әлемдің деңгейде білім беріп, бәсекелестікке қабілетті, шығармашыл, ой қабілеттерімен ерекшеленетін ұрпақ тәрбиелейтіндігі сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (15 наурыз 2020). https://www.akorda.kz

2. Қазақстандағы 2020 жылғы коронавирус пандемиясы. Уикипедия ашық энциклопедиясы. (16 қараша 2020). https://kk.wikipedia.org/wiki

3. Фельдштейн Д.И. Возрастная и педагогическая психология. - М: Академия, 2002. - с. 49

4. Бейсембаев Ғ.Б Мамандық таңдау әліппесі. – Астана, 2015. – 17 б

5. Абитов И.Р. Здравый смысл против патологического стресса // Вестник практической психологии образования №3 (40) - июль - сентябрь 2014. - С. 99-105

6. Разборова Л.И. Психологические особенности формирования готовности студентов педвуза к работе в дошкольных учреждениях: диссертация кандидата психологических наук: 19.00.07. - Москва, 1979 -161 с.

7. Isaac Pitman. Distance learning. Уикипедия ашық энциклопедиясы. https://en.wikipedia.org/wiki/Isaac_Pitman

8. Маркин В.Н. Детерминанты формирования индивидуальной карьерной стратегии // Социальная психология и общество. 2011. Том 2. № 4. С. 27-49.

9. Мектептердегі компьютерлер балаларға уақытша пайдалануға беріліп жатыр. rgmedia.kz . https://rgmedia.kz/e/action/ShowInfo.

ӘӨЖ 37:377

БҰЛАҚБАЕВА МЕЙРАМГУЛЬ КЕҢЕСБАЙҚЫЗЫ,
Ғылыми жетекші, п.ғ.к., профессор,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

САРСЕБАЙ ФАРИЗА БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
1 курс магистрант,
7М01101 - Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

ХАБДОЛДАНОВА ҒАЛИЯ ДАУЛЕТҚЫЗЫ,
1 курс магистрант,
7М01101 - Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ СЫНИ ТҰРҒЫДА ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа. Бұл мақалада сандық білім беру мен қашықтан оқытуда колледж студенттерінің сыни тұрғыда ойлау дағдысын дамытуда педагогикалық технологиялардың маңызы қарастырылады. Сыни ойлау мен қашықтан оқыту технологияларын сандық білім беруде қолдану мәселелері бүгінгі күні өзекті. Себебі, шығармашылықпен жұмыс істеуге, өз бетімен еңбектенуге және сапалы білім негіздерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Кілт сөздер: сыни тұрғыда ойлау дағдысы, сандық білім беру, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттандыру жүйесі.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение педагогических технологий в развитии навыков критического мышления студентов колледжа в цифровом образовании и дистанционном обучении. Вопросы применения критического мышления и дистанционных технологий в цифровом образовании актуальны и сегодня. Это способствует творческому труду, самостоятельному труду и формированию основ качественного образования.

Ключевые слова: навыки критического мышления, цифровое образование, дистанционное обучение, информационно-коммуникационные технологии, система информатизации.

Annotation. This article discusses the importance of pedagogical technologies in the development of critical thinking skills of college students in digital education and distance learning. The application of critical thinking and distance learning technologies in digital education is still relevant today. This contributes to creative work, independent work and the formation of the foundations of quality education.

Keywords: critical thinking skills, digital education, distance learning, information and communication technologies, informatization system.

КІРІСПЕ

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін жетілдіруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы ерекше. Білім жүйесін ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының қарыштаған кезеңінде осы заманға сай терең білімді, әрі жоғары білікті жұмысшы мамандарын дайындау. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [http://adilet.zan.kz/]. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жа-

ңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне енуде.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттары:

a) Электронды оқулықтар;

b) телекоммуникациялық технологиялар;

c) мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;

d) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологилардың оқу-тәрбие үрдісіне енуі мұғалімге жаңа бағыттағы мақсаттар қояды.

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды құрылым жасақтау , әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;

- Әртүрлі компьютерлік желілерді қолдану;

- Бағдарламалау орталығында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасақтау (мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар).

- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) бойынша өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету [Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т., 2010. – 167 б.].

Коронавирусты инфекцияның алдын алу және оны болдырмау мақсатында (пандемия COVID-19) Білім және ғылым министрлігі оқу процесін сандық білім беру технологияларын қолдана отырып, қашықтықтан оқытуға көшірді. Төтенше жағдай және карантин кезеңінде оқытушылар қашықтықтан оқыту форматына көшкендіктен сабақты қалай ұйымдастыруға болады, өз уақытын және балалардың уақытын қалай тиімді пайдалануға болады деген секілді көптеген сұрақтар туындады.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциялын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймактық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Негізгі бөлім

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі – вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп, сабақ өтуші тұлғаны *тьютор* деп атаймыз

Қашықтықтан оқытудың оқу процесін жүргізу барысында мынадай түрлері қолданылады:

- электрондық пошта (электронды пошта арқылы оқытушы мен оқушы бірі-бірімен байланыста болады: оқу тапсырмаларын және материалдарды жіберу, білім алушылардың оқытушыға сұрақтары және керісінше, іскерлік қатынасхаттарды сұрыптау);

- телеконференциялар (олар оқу тақырыптары бойынша оқушылар арасында пікірталас ұйымдастыруға; пікірталастың тақырыбын таңдап алып, оны мұғалімнің басқаруына; конференция атына келіп түскен хабарламалардың мазмұнын бақылауға; келіп түсіп жатқан ақпараттарды қарап талдауға; өзінің хаттарын (хабарламаларын) жіберуге; осылардың арқасында пікірталасқа қатусуына мүмкіндік береді;

- деректерді қайта жіберу (FTR-серверлер қызметі);

- гипермәтіндік орталар (WWW – серверлер, мұнда гипермәтіндер ретінде оқытушы оқу материалдарын орналастыра алады. Гипермәтін құрамы жағынан сұрыптайды, бірін бірі толықтыратын оқу материалдарының 17 бөлімдеріне сілтеулерді (гиперсілтеулерді) байланыстырады, WWW – құжаттарында мәтіндік қана емес, сонымен қатар графикалық, дыбыстық және бейне ақпараттарды да орналастыруға болады;

- Интернет әлемдік желісінің ресурстары (гипермәтін ретінде ұйымдастырылған әлемдік WWW-желісінің ресурстарын оқыту барысында бейне және анықтамалық материалдар ретінде қолдануға болады;

- Видеоконференциялар (Сурет 1).

Сурет 5 – Қашықтан оқытуды ұйымдастыру құралдары

Қашықтан оқытуда контентті басқару жүйелері (CMS) графикалық, дыбыс, аудио–бейне–, мәтін және т.б. файлдар каталогын құру және оларды пайдалануды қамтамасыз етеді. Осындай жүйе оқытушы немесе курсты дайындаушыға кілт сөздер арқылы өзіне қажеттіні іздеуге мүмкіндік беретін механизіммен жабдықталған деректер қорын ұсынады.

Контентті басқару жүйелері оқу материалының түрлі бөліктерін түрлі курстарда пайдалануды қажет ететін бірнеше мұғалім бірлесіп жасағанда пайдалы. Бұл курстарды жасау уақытын қысқартады, мысалы, оқытушы жаңа бейнені жасаудың орнына дайынның бірін пайдалана алады.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда педагогикалық технологиялар көптеп саналады. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы».Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль студенттердің де, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта студенттердің қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін зерттей және ой қозғай отырып, студенттің өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Студентті мұғаліммен, достарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Студент – izденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл [Мирсеитова С., 2011. – 83 б.].

Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады [Мирсеитова С., 2011. – 85 б.]. Мақсаты барлық жастағы студенттердің кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауды сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, "Сорос-Қазақстан" қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп және колледж тәжірибелеріне ене бастады. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсінуге болады.

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде сын тұрғысынан ойлау арқылы терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы студенттің бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану студенттердің шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін,студенттердің дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы стратегияларды білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.Сын тұрғысынан ойлау ой жүгірту, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырылған әрі рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады. Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды.

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Студенттердің де, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Американ профессоры Дэвид Клустер Сыни тұрғыдан ойлауға бірнеше түрлі анықтама береді [https://old.syrboyi.kz/bilim].

Біріншіден, Сыни тұрғыдан ойлау – өзіндік, жеке ойлау. Ал сабақ сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін, бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біреу үшін біреу сыни ойлай алмайды, әркім барлығын өзі үшін жасайды.

Ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып табылады. Өз бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін студенттерге жеткілікті түрде бостандық берілуі керек.

Екіншіден, сұрақтар мен шешетін проблемаларды айқындаудан басталады.

Үшіншіден, адам өзіндік шешім табатын және негізделген мысалдармен бекітетін нақты аргументтерге ұмтылады.

Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау – әлеуметтік ойлау.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқытудың уақыт пен кеңістікке тәуелсіз үдеріс екеніне, сандық технологиялар арқылы өз бетінше үздіксіз білім алып, сан алуан ақпаратпен алмасу мүмкіндіктерінің болуына, әлеуметтік жағдайына қарамастан еліміздің түкпір-түкпіріндегі білім, ғылым жаңалықтарымен танысып, өз бетінше игеру құқығының бар екеніне, сонымен қатар өзіндік мақсат-міндеттері және оқушыларға өз бетімен оқып-үйренуге негізделген технологиялардың тиімділігін арттырудың аса қажеттілігіне тағы бір мәрте көз жеткізді.

Сонымен қатар, сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың сабақ сапасына әсері өте мол. Сабақта жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану студенттердің танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді.Ізденушілігін арттырып, өз ісіне сенімін нығайтады. Студенттер сабаққа зор ынтамен қатысады, сабақ та сапалы өтеді. Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді. Ең бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету, мақсатқа жету студенттің өзі арқылы іске асады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. http://adilet.zan.kz/

2. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010. – 167 б.

3. Мирсеитова С. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. – Алматы, 2011. – 96 б.

4. https://old.syrboyi.kz/bilim/38183-ashytan-oytudy-timd-tsy-kp.html

ӘОЖ 373.3

ЕРЖІГІТ АЙГЕРІМ БАҚЫТҚЫЗЫ
магистрант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы

АБДИЕВА ЖҰЛДЫЗАЙ
докторант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Түйін: Мақалада бастауыш сынып математика пәні бойынша оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері қарастырылған. Құжаттарды талдау әдісі арқылы оқу нәтижелерін бағалауға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалған. Сондай-ақ, зерттеу барысында 4-сынып математика пәнінің оқулығы бойынша анықталған оқу нәтижелерін бағалау критерийлері сипатталған.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, математика пәні, оқу нәтижелері, бағалау критерийлері, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері.

Аннотация: В статье рассмотрены критерии оценки результатов обучения по математике в начальных классах. Проведен анализ работ отечественных и зарубежных ученых, касающихся оценки результатов обучения методом анализа документов. Также описаны критерии оценки результатов обучения, выявленные в ходе изучения по учебнику математики 4-го класса.

Ключевые слова: начальный класс, предмет математика, результаты. обучения, критерии оценивания, критерии оценивания результатов обучения.

Summary: The article considers the criteria of evaluating the results of teaching mathematics in primary classes. The analysis of works of domestic and foreign scientists concerning the evaluation of learning outcomes by the method of document analysis is performed.The study also describes the criteria for evaluating learning outcomes that were determined from the 4th grade math textbook.

Keywords: primary school, mathematics, learning outcomes, evaluation criteria, criteria for evaluating learning outcomes.

КІРІСПЕ

XXI ғасырдағы тәуелсіз мемлекеттің болашағы білім мен ғылымды игерген, білімді ұрпақта болмақ. Жастардың білімін, өмірлік даярлығын жетілдіру үшін білім беру сапасы арттырылуы тиіс. Білім, білім беру сапасы оқушылардың оқу нәтижесін бағалаумен тығыз байланысты. Бағалау жүйесі – білім беру жүйесінің негізгі маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Себебі, жақын уақытқа дейін оқушының білім деңгейі басқа оқушылардың деңгейімен салыстырылып бағаланып келді. Сондай-ақ, оқушылардың оқу нәтижесін бағалауға қойылатын талаптар, оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланыс өз деңгейінде болмады.

Оқу нәтижесін бағалауда оқушылардың пәнді, пәннің оқу материалдарын толық мәнді игеруіне баса назар аударылады. Оқу нәтижесін, оқыту сапасын арттыру оқыту технологияларына, құралдары мен әдістеріне де байланысты. Бұл, өз кезегінде білім сапасының артуына едәуір әсерін тигізеді. Осыған байланысты:

- оқушылардың оқу нәтижесінің сапасын арттыруға бағытталған оқыту технологиялары бойынша Fery Muhamad Firdaus, Wahyudin мен Tatang Herman (2017) «проблемалық оқыту және тікелей оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыру» тақырыбында зерттеу жүргізген;

- Mallet, D. & Flegg, J. (2011) «Математика курстарында бағалаудың критериалды модельдерін жіктеу жолында-студенттік және академиялық перспективалар» деп аталатын зерттеуінде студенттердің критериалды бағалау туралы түсініктерін талдаған;

- Osman Birgin мен Adnan Baki «Студенттің үлгерімін бағалау үшін портфолионы пайдалану» тақырыбындағы ғылыми зерттеуінде білім беру саласына портфолионы бағалау әдісі ретінде енгізіп, бағалау әдісін дәстүрлі бағалау әдісімен салыстырған.

Ал соңғы жылдары оқушылардың оқу нәтижесін бағалау үшін критериалды бағалау жүйесі кеңінен қолданылып келеді. Алайда нақты пән, тақырып бойынша әзірленген оқу нәтижелерін бағалау критерийлері өте аз кездеседі. Осыған байланысты бастауыш сынып математика пәнінен оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін анықтау өзіндік зерттеуді, ізденуді талап етеді.

Зерттеу жұмысына сәйкес мақаланың мақсаты: оқыту нәтижелерін теориялық тұрғыдан анықтауға сәйкес 4-сынып математика пәнінен бағалау критерийлерін әзірлеу бойынша ғылыми пікір алмасу.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

Қазіргі уақытта оқушылардың қол жеткізілген оқу нәтижелерін практикалық тұрғыдан қолданылуын қамтамасыз етуге басымдық берілуде. Бұған дәлел ретінде жүргізілген зерттеу жұмыстарын айтуға болады. Fery Muhamad Firdaus, Wahyudin мен Tatang Herman (2017) жүргізген зерттеуге сәйкес математикалық ұғымдарды түсіне алатын, бірақ оларды нақты өмірлік мәселелерді шешуде қолдана алмайтын бастауыш сынып оқушылары қатысқан.

Зерттеу 2015-2016 оқу жылында Бандунга Мемлекеттік бастауыш мектептерінің бесінші сыныбында мектептердің үш категориясы бойынша жүргізілген (ауылдық, қалалық және округтік ауысу). Зерттеу барысында бір тәжірибелік топ проблемалық оқыту әдісімен, екіншісі тікелей оқыту әдісімен сабақтар өткен. Зерттеу тәсілі ретінде эквивалентті емес тест алдындағы топтарды жобалаудың квази-эксперименттік әдісімен сандық тәсіл қолданылған. Зерттеу нәтижелері: 1) проблемалық оқыту мен тікелей оқытудың арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін; 2) проблемалық оқытудың тікелей оқытудан тиімдірек екенін; 3) оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда мектептің орналасқан жерінің әсер етпейтінін көрсеткен *[Firdaus F. M. et al, 2017, 212 б]*.

Mallet, D. & Flegg, J. (2011) авторлық зерттеу жұмысының негізгі мақсаты студенттерге оқу нәтижесіне қойылатын бағалау критерийлерін алдын ала көрсету пайдалы ма және бағалау тапсырмаларына жауап беру кезінде бағалау критерийлерін басшылыққа алатынын немесе алмайтынын анықтау болған. Алынған нәтижелер бойынша студенттер бағалау критерийлерінің түсінікті екенін, өзін қандай критерийлер бойынша бағалайтынын білу пайдалы деп есептеген. Алайда бағалау критерийлерін алдын ала білу студенттердің оқу нәтижесіне әсер етпеген *[Mallet D, Flegg J, 2011, 479 б]*.

«Математиканы оқытуда оқушылардың әмбебап оқу дағдыларын бағалауға критериалды-базистік көзқарас» тақырыбында жүргізген 2017 жылғы зерттеуінде Л.В. Шкерина критерийлерді сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді анықтаған.

Когнитивтік критерий - әмбебап оқу іс-әрекеттерін орындау құралдары мен тәсілдері туралы білім жүйесінің болуы. Бұл барлық маңызды белгілердің, қарастырылып отырған процестің немесе құбылыстың тараптарының берілуінде көрінеді.

Әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастырудың белсенділік критерийі әмбебап оқу іс-әрекеттерінің негізгі құрылымын құрайтын әрекеттер жиынтығын игеруді сипаттайды. Ол іс-әрекеттің дұрыстығы, ауысуы және орындалу жылдамдығының көрсеткіштерімен көрінеді.

Мотивациялық критерий оқушылардың базалық әмбебап оқу әрекеттерін игерудің маңыздылығын түсінуін және оң бағасын көрсетеді. Бұл критерийдің көрсеткіштері: осы дағдыларды игеру мотивінің болуы, танымдық қажеттілік *[Шкерина Л.В, 2017, 31 б]*.

Taylor R. Harrison, Hollylynne S. Lee 2018 жылы «Математика сыныбындағы iPad: тиісті оқу бағдарламаларын таңдау критерийлерін әзірлеу» тақырыбында зерттеу жүргізген. Зерттеуде математиканы оқытуда iPad-тың қаншалықты тиімді екенін анықтау мақсатында 16 критерий әзірленген және зерттеу нәтижесінде iPad-тың тиімділігін анықтайтын көптеген факторлар бар екендігін, ал бұл критерийлер оқушылардың оқуына және оқу нәтижесін жақсартуына әсер ететін негізгі қосымшаларды таңдауға көмегі мол екенін анықтаған *[Harrison T. R., Lee H. S., 2018, 155 б]*.

Білім сапасына қойылатын жаңа талаптар оқушының білім мазмұнын игеруде мұғалімнің іс-әрекет мазмұнын өзгертеді. Осыған сәйкес М.О.Кентпаева, М.М.Нуризинова өздерінің «Оқушының оқу жетістігін бағалауда критериалды бағалау жүйесін қолдану ерекшеліктері» деген зерттеуінде: оқушылар білімін критериалдық бағалау оқыту мен білім беруге деген әртүрлі тәсілдемелерді пайдалануға, оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингісін уақтылы жүргізуге, мұғалімге сабақты қажетті мазмұнмен толтыруға мүмкіндік береді, оқушылардың оқуға деген уәждерін арттырады, оқытудың заманауи әдістерін біріктіреді - деп атап өтеді *[Кентпаева М.О., Нуризинова М.М., 2019, 238 б]*.

Бикенова Ш.Х., Жаманова Г.К., Кошанова Г.Б. 2019 жылы жүргізген «Заманауи білім беру жүйесінде бағалаудың тиімділігі мен ерекшеліктері» тақырыбындағы зерттеуінде: «Оқушылардың нәтижелерін критериалды бағалау көптеген мемлекеттерде бар, себебі бұл жүйе шынайы, нақты және валидті. Нақты критерийлер арқылы бағалау оқушылардың тапсырмаларды сапалы орындауына мүмкіндік жасайды» - деп жазады *[Бикенова Ш. Х., Жаманова Г. К., 2019, 127 б]*.

Алимбекова С.Ш. мен Ауезов Б.Н. «Оқыту нәтижелерін бағалау қажеттілігі туралы» мақаласында зерттеу нәтижесінде Критериалды бағалауды жүзеге асыру үшін негізгі үш ұғымның мәнін дұрыс түсіну қажет деп есептейді. Олар: рубрика, критерий, дескриптор.

1. рубрика – өтілген оқу материалы (білімге, іс-әрекетке қатысты) бойынша оқушылар білімін, іскерлігін бағалау критерийлері жиынтығы; оқытылған тақырып көлемінде оқушылардың білімін бағалаудағы критерийлер тізімі;

2. критерий – бағалау жүзеге асырылатын, қандай-да бір нәрсені анықтаудағы немесе тап-

тастырудағы белгі; бағалау өлшемі (Т.Ф.Ефремова); оқытудың міндеттерімен анықталады және оқушының жұмыс барысында іске асыратын немесе жұмыс нәтижесінде жан-жақты меңгеріп шығуы тиіс түрлі әрекеттерінің жиынтығы;

3. дескриптор (descriptors) – білім алушылардың білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын бітіргенде меңгеріп шығатын құзыреттіліктер; оқушының әр критерийі мен соған сәйкес ұпай саны бойынша білім жетістіктерін нақты сипаттап жазу; жетістіктер деңгейін сипаттау *[Алимбекова С.Ш.,Ауезов Б.Н., 2020, 60 б]*.

Әдістеме. Құжат талдау әдісі арқылы отандық және шетелдік ғалымдардың оқу нәтижесін бағалау критерийлеріне байланысты жасаған зерттеу жұмыстарына талдауға, талдау жұмыстарын кеңінен қарастыруға болады. Бірақ олардың барлығын бір мақала аясына енгізу мүмкін болмайды.

Құжат талдау әдісі дегеніміз – қоғамдық әлеуметтік құбылыстарды зерттеу мақсатта немесе зерттеу міндеттерін шешу барысында арнайы ақпараттық құжат көздерінен қажетті мәліметтерді алудың әдістемелік әдіс-тәсілдер жиынтығы.

Сонымен, критериалды бағалауға сәйкес және мақаланың негізгі түйіні ретінде қарастырылатыны «критерий» ұғымы және оның аясындағы іс-әрекеттер. Критерий – оқытудың негізгі міндеттері, яғни, оқушының сабақ кезінде меңгеруі тиіс іс-әрекеттері. Критериалды бағалау - оқушылардың оқу үлгерімін бұрын әзірленген критерийлер негізінде күтілетін оқу нәтижелерімен сәйкес қоюмен, талдаумен байланыстыру үдерісі.

Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі және интернет желісіндегі материалдарға сәйкес критериалды бағалау және оның білім алушы мен педагогикалық ықпал етушілерге қатысты тұстарын төмендегіше беруге болады. Критериалды бағалау:

Ата-аналарға:

- оқушының оқу нәтижесін бақылауға;
- оқу үдерісінде балаға жәрдемдесуге;
- мұғаліммен, мектеппен кері байланыс жасауға.

Оқушыларға:

- өзінің мүмкіндіктерін толық ашу үшін оқытудың түрлі әдістерін қолдануға;
- оқу үлгерімін жақсарту үшін қойылатын критерийлерді білуіне;
- сын тұрғысынан ойлауына.

Мұғалімдерге:

- оқу үлгерімін жақсарту үшін критерийлер әзірлеуге;
- бағалау үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке білім беру траекториясын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Нәтижесі. Оқу пәндері бойынша оқыту нәтижелері негізінен төмендегіше тұжырымдалады: «оқыту үдерісінен кейін білім алушы нені білетіні, нені үйреніп шығатыны», «оқыту аяқталғаннан кейін білім алушылардың нені білетіні, нені меңгеретіні», т.б.

Оқыту нәтижесі екі сипатта қолданады: оқыту үдерісін жобалаудың құраушы элементі және оқыту үдерісінен күтілетін нәтиже ретінде.

Кеңестік педагогикада оқыту нәтижелері оқыту мазмұнын меңгеруге қойылатын талаптар ретінде сипатталатын. 1. Оқушы нені білуі тиіс. 2. Оқушы нені орындауы тиіс. Оның бірінші теориялық білімді меңгеруді білдірсе, екінші, практикалық іс-әрекеттерді орындауды білдіреді.

Оқыту нәтижесін бағалау үшін оның дәлелдеу объектілерін анықтап алу қажет. Бастауыш сыныпта математика пәні үшін оқыту нәтижесінің дәлелдеу объектісі ретінде үш элементті алуға болады. Олар:

- білім (оны ауызша және жазбаша растауы);
- іс-әрекет (практикалық тұрғыдан әрекеттерді жүзеге асыруы);
- өнім (жасалған бұйым, зат, еңбек объектісі).

Оқыту нәтижелерін бағалау үшін және оларға критерий белгілеу үшін пәннің мазмұнын, мақсатын терең ұғыну керек және негізгі бағалау критерийлерін анықтау қажет.

Зерттеу жұмысында талданған әдебиеттерге көз жүгіртетін болсақ бағалау түрлері, бағалау әдістері туралы мәлімет жеткілікті берілген. Нақты пән бойынша критерийлерді айқындау мен оны оқытуда жүзеге асыру пән мұғалімдерінің қарауына қалдырылады. Осы жағдайда пән мұғалімі үшін бағалау критерийлерін анықтау керек болады.

Критерийлерді әзірлеу кезінде негізі төмендегідей алгоритм ұсынылады:

- сабақты жоспарлау кезінде біледі және орындай алады ұғымдарын бөліп көрсету;
- қалыптасатын іскерлікті бөліп көрсету;
- бөліп алынған іскерліктің қадамдық операцияларын анықтау;
- қадамдық операциялардан критерийлерді бөлу;
- критерийлер кестесін құрастыру.

Көп жағдайда бағалау критерийлері ретінде төмендегі құраушылар алынады:

- А – білу және түсіну;
- В – қолдану;
- С – талдау және жинақтау;
- Д – коммуникация (немесе басқа да құраушылар пән мазмұны мен мақсатына сәйкес алынады).

Бастауыш сынып оқушыларын, оның ішінде математика пәні үшін А, В, С критерийлері арқылы бағалауға болады (кесте 1).

1 кесте. Бағалау критерийлері

Критерийлер		Мазмұны	Әдіс-тәсілдер
A	Білу және түсіну	Тақырыптың мазмұнын түсінуі	Әңгіме, сұрақ-жауап
B	Қолдану	Алған мәліметтерді сабақта қолдануы, практикада жүзеге асыруы	Кітаптағы есептерді шығару, мысалдар келтіру
C	Ізденіс	Өзіндік жұмыстарды орындауы	Өзіндік жұмыстар, шығармашылық-ізденіс жұмыстары

1-кестедегі критерийдің қатарына Д – коммуникация бағалау критерийін қосуға болады. Оның мазмұны: оқушылармен жұмыс істей білу, өзінің көзқарасын басқаларға жеткізе алу. Екінші бір жағдайда бұл критерийді басқа критерийлер мазмұнына кіріктіріп жібереді.

Критериалды бағалау жүйесінде оқушыларға сабақ беру үдерісінде жеке, топтық жұмыстарды, ой қозғау, рефлексия сияқты көптеген әдістерді қолдануға болады. Бұл әдістерді пайдаланғанда мүлдем сабаққа қатыспайтын оқушылардың да сабаққа деген қызығушылығы оянып, өздігінен 2-3 сөйлем айтуға немесе қате болсада есеп шығаруға ұмтылысы пайда болады. Критериалды бағалауды сабақтың барлық түрінде пайдалануға болады. Мысалы, «А» критерийін жаңа сабақты түсіндіргенде, «В» критерийін сабақты қайталағанда, «С» критерийін тарау соңында пайдалануға болады.

Мақала тақырыбының мақсатына сәйкес оқыту нәтижелері критерийлерін анықтау үшін 4-сыныптың математика оқулығы зерделенді. Оқулық авторлары: Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В. Лихобабенко. – Алматы: Кітап баспасы. Оқулық 4 бөлім, 13 тарау, 171 параграфтан тұрады.

Кесте 2 4-сынып математика пәні тақырыбына сәйкес жалпы алынған бағалау критерийлері

Бөлім	**А – білуі және түсінуі керек**	**В – қолдана алуы керек**	**С – іздене алуы керек**
1. Көп таңбалы санның нумерациясы мен оларға амалдар қолдану	Көп таңбалы сан, натурал сан қатары, реттілік, көптаңбалы сандармен арифметикалық амаладар орындау, санды дөңгелектеу туралы түсінеді.	Көп таңбалы сандарды көбейту мен бөлу, қосу мен азайту, көлемдерді өлшеуге берілген есептерді шығара алады.	
2.Көптаңбалы санды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу	Көптаңбалы санды ауызша есептеп, қалдықпен бөле алады.	Біртаңбалы сандарды көптаңбалы санға көбейтіп, бөліп, қалдықтармен бөлуге берілген тапсырмаларды орындайды және мысал келтіреді.	
3.Қашықтық, уақыт, жылдамдық	Қашықтық пен уақыт, жылдамдықтар туралы негізгі түсініктері болады.	Қашықтық пен уақыт, жылдамдықтарға терімді және ауыстырымдық қасиеттерге байланысты берілген есептерді шығара алады.	
4.Геометриялық фигуралар	Мұғалімнің түсіндіруі бойынша берілген фигуралардың анықтамасын айта алады.	Берілген фигуралардың суретін сала алуы, ауданын, көлемін табуға берілген есептерді шығара алады.	
5. Бөлу мен көбейту. Мәдени мұра	Бөлу мен көбейту бойынша ақпараттар бере алады.	Сандарды көбейтінділерге бөлу мен көбейту алгоритмдері бойынша есептерді шығарады.	
6. Есептер шығару. Мамандықтар әлемі	5 тарауда мұғалім түсіндірген ақпараттарды айтады.	5 тарауда өтілген тақырыптарға мысал келтіріп, ережелер айтып, есеп шығарады.	

7. Өнімділікке, қозғалысқа арналған есептер	Қозғалыс туралы түсінігі болады.	Қозғалыс тақырыбындағы есептерді шығара алады.	Өтілген тақырыптарға берілген тест сұрақтарын, бақылау жұмыстарын орындайды.
8.Бөлшектер мен пайыз	Бөлшек және пайыз тақырыбын түсінеді.	Бөлшек пен пайызға арналған есептерді шығарып, мысалдар келтіреді.	
9.Дөңгелек пен шеңбер	Дөңгелек пен шеңбер ұғымдарын ажыратады.	Дөңгелек пен шеңбер бойынша мысалдар келтіре алуы, суретін салады.	
10.Теңдеу және теңсіздік, өрнек	Теңдеу, теңсіздік, өрнек анықтамаларын біледі	Теңдеу, теңсіздік, өрнек түрлеріне берілген есептерді шығарады.	
11. Есептер. Ғарышқа саяхат	10 тарау бойынша тақырыптардың мәнін ашады	10 тарау бойынша өткен тақырыптардан мысал келтіреді.	
12.Үшбұрыш. Симметрия	Үшбұрыш туралы түсінігі болады.	Бұрыш, үшбұрышқа берілген есептерді шығарады.	

Анықталған оқу нәтижелерін бағалау критерийлері сабақта қолдануға тиімді ма? – деген сұраққа жауап алу үшін Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында орналасқан Жамбыл мектеп-лицейінің 4- сынып оқушыларына эксперимент жүргізу үшін ұсынылды. Зерттеу жұмысына сәйкес анықталған бағалау критерийлері бойынша оқушыларды бағалау еліміздегі пандемияға байланысты онлайн түрде жүзеге асырылуда. Әзірленген бағалау критерийінің дұрыс айқындалғанын анықтау үшін әрбір сабақ барысында жеке, топтық, ұжымдық әдістерді пайдалана отырып оқушылардың оқу нәтижесі бағалануда. Алдағы уақытта алынған нәтижелерді талдап қорыту жеке мақала мазмұнында қарастырылатын болады.

Анықталған оқу нәтижелерін бағалау критерийлері оқыту мақсаттарымен сәйкес болуы тиіс. Бұл өз кезегінде оқу үдерісінің нәтижесін айқындайды.

Бөлімдер	**Бөлімшелер**	**Оқу мақсаттары**
1. Көп таңбалы санның нумерациясы мен оларға амалдар қолдану	Көптаңбалы сан. Санның реті. *Көптаңбалы санмен арифметикалық амалдар орындау.* *Көптаңбалы санды жазбаша қосу және азайту.*	4.1.1.1 көптаңбалы санның құрылу жолдарын түсіну, натурал сан қатарындағы 1 000 000 көлеміндегі санның орындарын анықтау; 4.1.1.2 көптаңбалы санды оқу, жазу және салыстыру/санды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу; 4.4.3.1** 1 000 000-ға дейінгі сандар тізбегінің заңдылығын анықтау

Бағалаудың критерийлерін құраушылар	**Бағалаудың критерийлері**
Қолдану	Көп таңбалы сандарды көбейту мен бөлу, қосу мен азайту, көлемдерді өлшеуге берілген есептерді шығара алады.
Білу және түсіну	Көп таңбалы сан, натурал сан қатары, реттілік, көптаңбалы сандармен арифметикалық амаладар орындау, санды дөңгелектеу туралы түсінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Мақалада ғылыми зерттеу жұмысына сәйкес отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды, анықталған теориялық мағлұматтарға сәйкес нақты пән бойынша оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін әзірлеу ұсынылды.

Бастауыш сыныптың 4-сынып оқушылары мектептегі төменгі буын болып табылады. Келесі оқу жылында олар орта мектептің бастапқы, төменгі буыны болып табылады. Сондықтанда, біздер 4 сынып математика оқулығы мазмұнына сәйкес бағалау критерийлерін әзірлеуді жүзеге асырдық.

Оның сыртында сабақтың мақсаты, оқыту нәтижелері, барысы жобаланған педагогтардың, әдіскерлердің жұмысын (ҚМЖ) теріске шығару мақала авторларының мақсатына алынбайды.

Бастауыш сынып математика пәні бойынша оқыту нәтижелерін бағалау критрийлері теория мен практиканы талдау нәтижесінде әзірленді және оны мектепте жұмыс жасайтын мұғалім талдап қорытындылаған немесе ірілендірілгін оқыту нәтижелері бойынша бағалау критерийлері ретінде алуына болады.

Біздер анықтаған оқыту нәтижелерінің талдап қорытындыланған бағалау критерийлері мектеп практикасына ұсынылды (әзірге бір мектепке) және 4 - сыныпта оқитын 25 оқушының қатысуымен эксперименттік жұмыс жүргізілуде. Әзірге анықталған бағалау критерийлері оқушының сабаққа деген ынтасын арттырып қана қоймай, тарауды қорытындылауда әділ бағалануына мүмкіндік береді деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесі бойынша оқушыларды салыстырмалы бағалауға қарағанда нақты критерийлер арқылы бағалау тиімді екені, сонымен қатар, тек математика пәнінен ғана емес, басқа да оқу пәндерінен бағалау критерийлері әзірлену қажеттілігі анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Firdaus F. M. et al. Improving Primary Students' Mathematical Literacy through Problem Based Learning and Direct Instruction //Educational Research and Reviews. – 2017. – Т. 12. – №. 4. – С. 212-219.
2. Mallet D., Flegg J. Towards a classification of criterion referenced assessment models in mathematics courses-student and academic perspectives //Global Learn. – Association for the Advancement of Computing in Education (AACE), 2011. – С. 479-482.
3. Шкерина Л. В. Критериально-базисный подход к оцениванию универсальных учебных умений школьников при обучении математике //Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. ВП Астафьева. – 2017. – №. 2 (40).
4. Harrison T. R., Lee H. S. iPads in the mathematics classroom: Developing criteria for selecting appropriate learning apps //International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. – 2018. – Т. 6. – №. 2. – С. 155-172.
5. Кентпаева М. О., Нуризинова М. М. Оқушының оқу жетістігін бағалауда критериалды бағалау жүйесін қолдану ерекшеліктері //«Молодежь и глобальные вызовы современности»: Материалы VI Международного конгресса молодых ученых в рамках Года Молодежи.–Алматы: Евразийский технологический университет, 2019. I том–с. 295. – 2019. – С. 238
6. Бикенова Ш. Х., Жаманова Г. К., Кошанова Г. Б. Заманауи білім беру жүйесінде бағалаудың тиімділігі мен ерекшеліктері. – 2019. – С. 125-129.
7. Алимбекова С.Ш., Ауезов Б.Н. Оқыту нәтижелерін бағалау қажеттілігі туралы // Наука и жизнь Казахстана. – 2020. – №5/5. – С. 58-61.

УДК 510.622
МРНТИ 27.03.02

ЕСЕЙҚЫЗЫ ҰЛЖАЛҒАС,
магистр технических наук,
Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова,
г. Талдыкорган
E-mail: yesseikyzy@gmail.com

ЕСЕЙҚЫЗЫ АЙЫМ,
магистр педагогических наук,
Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова,
г. Талдыкорган,
E-mail: aiym.yesseykyzyy@gmail.com

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТІК ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация. Логикалық және кеңістіктік ойлауды қалыптастыру және дамыту геометриялық есептер арқылы оң нәтиже береді. Себебі, геометриялық формулаларды, тапсырмаларды қолдану оқушыларды теоремаларды дәлелдеу әдістері мен техникаларын өз бетінше анықтауға ынталандырады, негізгі ғылыми тәсілдерді (талдау, салыстыру, жалпылау, синтез, тәжірибе, байқау) қолдану дағдыларын дамытады, сондай-ақ таным процесінде, оқушыларда индукция және дедукция әдістерін түсіну мен пайдалануды дамытуға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: кеңістіктік ойлау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту, синкретикалық бейнелерді құру, логиканы қалыптастыру

Аннотация. Формирование и развитие логического и пространственного мышления посредством геометрических задач дает положительный результат. Поскольку, использование геометрических формул, задач, мотивирует учеников к самостоятельному выявлению методов и техник доказательства теорем, развивает навыки применения основных научных приемов (анализ, сравнение, обобщение, синтез, опыт, наблюдение), также дает возможность развить понимания и использования методов индукции и дедукции в процессе познания, в учениках навыки и качества научного мышления, такие как, критичность, глубина, активность, доказательность, гибкость и т.д., и навыки выражать мысль точно и ясно.

Ключевые слова: пространственное мышление, развитие умственных способностей, создание синкретических образов, формирование логики

Annotation. The formation and development of logical and spatial thinking through geometric problems gives a positive result. Since the use of geometric formulas, tasks, motivates students to independently identify methods and techniques for proving theorems, develops skills in applying basic scientific techniques (analysis, comparison, generalization, synthesis, experience, observation), also makes it possible to develop an understanding and use of methods of induction and deduction in the process of cognition, in students the skills and qualities of scientific thinking, such as criticality, depth, activity, evidence, flexibility, etc., and the skills to express thought accurately and clearly.

Keywords: spatial thinking, development of mental abilities, creation of syncretic images, formation of logic

КІРІСПЕ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егеменді еліміздің басты мақсаттарының бірі – білікті жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады, оның негізгі ірге-тастарының бірі – жан-жақты білікті, логикалық ойлау қабілеті жоғары дамыған, білімді тұлғаны дамыту.

Қазіргі мектеп білім беруді ізгілендірумен, оқушыға, оның өзін-өзі дамытуға көбірек көңіл бөлумен ерекшеленеді. Соңғы уақытта білім беру оқушылардың ақыл-ой, адамгершілік және физикалық дамуына әкелуі керек деген бір мақсатты тұжырымдайтын дамып келе жатқан оқыту кеңінен танылуда. Мектептегі математиканы оқытудың мақсаттарының бірі – оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға ықпал ету.

Кең психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Н.Ф. Талызина, П.Я. Гальперин, Н.И. Чуприкова, Л.М. Фридман, А.М. Матюшкин және т.б.) логикалық ойлаудың даму ерекшеліктері қарастырылады.

Логикалық ойлау қабілеті білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады, сондықтан бұл біліктілікті меңгеру мектептің білім беру сияқты қажетті міндеті болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Алайда, қазіргі жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға логиканы арнайы оқытпайды және логикалық ойлауды дамыту міндеті оқытудың жеке және маңызды міндеті ретінде қойылмайды. Мектеп оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға үлкен мүмкіндіктер математикамен қамтамасыз етілген, бұл білімді игеру үшін білімді және ойлаудың логикалық әдістерін органикалық бірлікте жүзеге асыруға болады, бірақ олар жеткілікті түрде қолданылмайды.

Және оның айқын салдары болып, геометрияның жүйелі курсын алғаш оқып жатқан, 10-13 жастағы білім алушыларға, әсіресе, қиын болып келеді, себебі, оны сәтті игеру үшін логикалық мәдениеттің жеткілікті жоғары деңгейі болуы қажет. Оларға «абстракция» немесе «жалпылау» сияқты әдістерді игеруді айтпағанда, ойлау тізбегін ұстап тұру өте қиын болып келеді. [106, б. 34].

- өндірістердегі технологиялық процестер туралы, сондай-ақ табиғатта болатын құбылыстар туралы тұтас түсінікке ие болу;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жаңа білім ала білу;
- психологиялық икемді болу және өзінің кәсіби қызметінің түрі мен сипатының өзгеруіне оңай бейімделу.

Теориялық сабақтарда қолданылатын электронды оқу-әдістемелік құрал ұсынылған материалды бейнероликтермен, дыбыспен сүйемелдейтін анимациялық суреттермен алып жүру мүмкіндігін қамтамасыз етуі, оқытушыға күрделі

құбылыстар мен процестерді қарапайым, түсінікті түрде көрсетуге, дәріс сабақтарында зерттелген мәтіндерді, графикалық нысандардың барлық түрлерін визуализациялауға мүмкіндік беруі тиіс.

Электрондық оқулықтар келесі негізгі педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

• пәнмен бастапқы танысу, оның негізгі түсініктері мен конструкцияларын игеру;

• тереңдік пен егжей-тегжейдің әртүрлі деңгейлеріндегі негізгі дайындық;

• белгілі бір қызмет түрлеріне қабілеттерді дамыту;

• білім мен дағдыларды қалпына келтіру.

Электрондық оқулықтарды білім берудің барлық деңгейлерінде: мектептер мен колледждерде, институттар мен университеттерде біліктілікті арттыру үшін пайдалануға болады.

Артықшылықтарға қарамастан электронды оқыту құралдарын қолдану белгілі бір кемшіліктерсіз болмайды. Олардың ішінде электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратпен жұмыс істеудің техникалық ерекшеліктерінен туындаған кемшіліктер (экраннан оқу қағаз парағынан гөрі ыңғайлы емес, көру органдарының шаршауын тудырады, тиісті техникалық құралдардың болуын талап етеді және т.б.).

Әлдеқайда маңызды электрондық оқулықтарды жазудағы қателіктерден туындаған кемшіліктер. Бұл көрінеді болмаған кезде:

- психологиялық-педагогикалық талаптарды есепке алуы;

- атаулылығы (білім алушының жеке ерекшеліктерін, оның денсаулық жағдайын (мысалы, мүгедектігі), оқудағы кәсіби бағыттылығын және т.б. есепке алуы;

- терминология мен белгілерді пайдаланудағы біріздендіруы;

- пәнаралық байланыстар және материал сабақтастығы;

- иллюстрациялық материалдарды таңдауда бірыңғай тәсілі.

Бұл жағдай электронды оқу құралдарын қарқынды құру үрдісі жақында басталғандықтан және көбінесе өздігінен жүретіндіктен туындады, сондықтан, оқу мақсатына арналған бағдарламалық өнімдерді жасаушылар тобына педагогика және психология, эргономика, медицина және т. б. саласындағы мамандар әрдайым кіре бермейді. Осы кемшіліктерді жою үшін электронды оқулықты ашық ақпараттық жүйе ретінде түсінуге негізделген электронды оқулықтарды құрудың басқа тәсілі ұсынылады. Бұл тәсілде оқулықтың негізі нақты мазмұн болып табылады. Электрондық оқулық ең маңызды ұғымдарды, тұжырымдар мен мысалдарды түсінуді және есте сақтауды мүмкіндігінше жеңілдетуі керек. Сонымен қатар, электронды оқыту құралдарын әзірлеу бойынша үлкен еңбек шығындары көбінесе ақпараттың тез ескіруіне байланысты олардың тиімділігімен өтелмейді. Осыған байланысты компьютерлік оқыту құралын, атап айтқанда ақпаратты өз-уақытша жаңарту мүмкіндігі бар электрондық оқулықты әзірлеу өзекті болып табылады.

Осылайша, әзірленген ақпараттық жүйе келесі функцияларды орындауы керек:

• барлық теориялық материалдарды сақтау және оны қарау;

• практикалық тапсырмаларды сақтау және оларды қарау;

• ыңғайлы көп деңгейлі мәзірді әзірлеу;

• теориялық материалда іздеу мүмкіндігі;

• сауалнамаға қатысу мүмкіндігі;

• пайдалану барысында электронды оқулықтың материалын толықтыру, редакциялау, яғни оқулықты өзекті күйде ұстау мүмкіндігі.

Оқу әдебиетінің міндеті-білім алушыға жалпы ғылымды емес, оқу пәнін жеткізу. Білімгер өз білімін ғылыми немесе практикалық іс-әрекетте одан әрі пайдалану үшін ғылымның негізгі заңдары мен әдістерін игеруі керек. Оқулықтан олар берілген тақырып бойынша негізгі ұғымдарды алады. Оқу пәнін таныстыру кезінде білімгерлерге мәтінді нақты түсінуге, оны есте сақтауға және өз білімдерін өзін-өзі бақылау үшін пайдалануға мүмкіндік беретін әдістер қолданылады.

Ғылыми әдебиеттерді оқу, дәрістерді тыңдау, семинарларға қатысу, оқу бейнефильмдерін қарау сияқты оқытудың дәстүрлі тәсілдері бұрыннан бері оқушылар мен білімгерлердің бірнеше ұрпағы өскен білім алудың тиімді құралы ретінде өзін танытты.

Оқытудың дәстүрлі тәсілдеріндегі барлық жақсы тәсілдерін біріктіріп және ақпаратты ұсынудың электронды түрінің мүмкіндіктерін қолдана отырып көрсетілген кемшіліктерді жоюға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқытудың әртүрлі құралдарын зерттей отырып, электронды оқыту құралдары іздеу және навигация мүмкіндіктері, сонымен қатар көрнекілік, білімді бақылау және оқытушымен кері байланыс сияқты құралдар бойынша дәстүрлі құралдардан едәуір асып түседі деп айтуға болады. Сонымен қатар, электронды оқыту құралдар қосымша зерттеулер мен әзірлемелер үшін кең ауқымды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фленов М. Программирование в Delphi глазами хакера. – СПб.: БХВ-Петербург,2016. – 368 б.

2. Буравлев А.И., Переверзев В.Ю. Выбор оптималъной длины педагогического теста и оценка надежности его результатов. http://www.e-joe.ru/sod/99/2_99/st160.html (Дата обращения: 25.11.2019)

3. Проектирование информационных систем: учебное пособие / Н.З. Емелъянова, Т.Л. Партыка, И.И. Попов. — М.: ФОРУМ: ИНФРА-М, 2017. — 432 б. 0f9b.xn--p1ai/vidy-uchebnyh-posobij.php

УДК 373.1.02

ЕСЕНГАБЫЛОВ ИЛЬЯС ЖАНСЕРКЕНОВИЧ,
кандидат педагогических наук,
Жетысуский университет имений И.Жансугурова,
г.Талдыкорган,
E-mail: ilias_e@mail.ru

ХАЙСАР ЖАНАЛ,
Магистрант,
Жетысуский университет имений И.Жансугурова,
г.Талдыкорган

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАТИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация: Мақалада қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушылардың жеке басының зияткерлік даму қажеттілігі негізделіп, оқушылардың зияткерлік қабілетін дамытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дидактикалық әлеуеті ашылған.

Түйінді сөздер: ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, зияткерлік даму, компьютерлік графика, анимация.

Аннотация: В статье обосновывается необходимость интеллектуального развития личности учащихся в условиях информатизации общества, раскрывается дидактический потенциал информационно-коммуникационных технологий в развитии интеллектуальной способности школьников.

Ключевые слова: информатизация, информационно-коммуникационные технологий, интеллектуальное развитие, компьютерная графика, анимация.

Annotation: The article substantiates the need for intellectual development of students' personality in the conditions of informatization of society, reveals the didactic potential of information and communication technologies in the development of intellectual ability of schoolchildren.

Keywords: informatization, informatively-communication technologies, intellectual development, computer graphics, animation.

ВВЕДЕНИЕ

Информатизация общества закреплена как важнейший механизм формирования конкурентоспособности национальной экономики в Послании Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка в своем развитии».

Информатизация общества осуществляется в русле концепции Национальной информационной инфраструктуры, направленной на создание электронного правительства; построение открытых инфокоммуникационных систем; стандартизацию и сертификацию средств и систем информатизации; обеспечение доступа к ресурсам локальных и глобальной сетей; расширение сферы применения государственного языка в цифровом поле; обеспечение безопасности и защиту государственных ресурсов.

В информационном обществе, в отличие от индустриального производятся и потребляются интеллект, знания. Основным видов создаваемых продуктов является информационный продукт, образованность и интеллект попадают в разряд национальных богатств. Соответственно, жизнь в информационном обществе требует от членов социума высокого интеллектуального уровня, информационной культуры личности, творческой активности подрастающего поколения. Ее решение предполагает разработку результативных технологий интеллектуального развития, опирающихся на современные теоретические подходы к вопросам интеллекта и творчества.

На основе анализа соответствующих литератур, мы пришли к выводу, что, интеллектуальные умения определяется следующими компонентами: способность к анализу, способность к выделению главного и второстепенного, способность к систематизации и классификации, ассоциативность мышления, способность генерировать идеи и выдвигать гипотезы, критичность мышления, развития рефлексия, устойчивость внимания, способность к его распределению, развитое воображение.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В настоящее время, что бы успешно осуществить интеллектуальную развитию личности учащихся в учебной деятельности, необходимо, искать современные средства и методы обучения. Как показывает опыт работы учебных заведений Казахстана использование информационно- коммуникационных технологий с их огромными универсальными возможностями и будет

являться одним из таких средств. Кроме того, с развитием современной информационно-коммуникационных технологий, системе «человек и компьютер» быстро превратилась в проблему, которая касается всех членов общество, а не только специалистов, поэтому воздействие человека с компьютером должно быть обеспечено школьным образованием. Чем раньше мы это начнем, тем быстрее будет развиваться наше общество, так как современное общество информации требует работы с компьютером. В связи с этим в Казахстане начало изучения информатики перенесены с 10- го класса в 7- ой класс, а младших классах проводятся пропедевтические работы, это связано с тем, что информационно-коммуникационные технологии обладают огромным педагогическим и дидактическим потенциалом. При традиционной организации процесса обучения с использованием новейших технических средств ученик «сохраняет положение выслушивающего объяснения», а при использовании в процессе обучения компьютера «учение становится активным и направляется самим ребенком» [1]. При этом в процессе обучения происходит достижение личностно значимых целей, а полученные знания, способствуют развитию интеллекта учащихся, как показывает опыт работы учителей Казахстана.

Как показывают результаты нашего экспериментального исследования развития интеллектуальных способностей школьников средствами информационно-коммуникационных технологий представляет собой личностное образование, выражающееся в комплексе знаний, умений, личностных характеристик, обеспечивающих такое взаимодействие учащимся, при которым создаются оптимальное условия для развития творческой личности, что определенной уровень интеллектуального развития, который характеризуется качеством не только усвоения заданного содержания, но и рассмотрения его разных аспектах, обеспечивает выдвижение гипотез в ходе поиска решения теоретических и практических задач, критичность к ним, анализ и развитие гипотез других участников необходимое качество современного человека.

Д.Дьюи, на труды которого опирались многие психологи и педагоги, сторонники гуманистической педагогики, обращая специальное внимание на важность развития интеллектуальных способностей учащихся, формирование самостоятельности мышления, вместе с тем подчеркивал, что дело не столько в необходимости овладения знаниями, сколько в самом подходе к организации деятельности по овладению этими знаниями [2, с.52].

В настоящее время информационные потоки в разных областях знания столь велики столь стремительно растут, что современному образованному человеку просто невозможно держать в памяти нужные факты. Помимо фундаментальных знаний в рамках своей специальности он должен уметь постоянно работать с информацией не только в узкой области своей сферы деятельности, но и в смежных областях, поскольку решение подавляющего большинства проблем лежит на стыке предметных областей. В связи с этим, умение работать с информацией действительно становится ключевым интеллектуальным умением, лежащим в основе любой профессиональной и просто культурной компетенции. Поэтому ключевой задачей современной системы образования должна стать задача формирования этого умения. Во многих видах профессиональной деятельности визуальная информация, необходимая для принятия решения, является если не единственной, то основной.

Информационно-коммуникационных технологии, являющиеся объективной реальностью современного образовательного процесса, могут не только органично вписываться в учебно-исследовательскую деятельность учащихся, но и быть использованы при организации проблемного обучения и изучения специфических приёмов творческой деятельности, что, в конечном итоге, будет способствовать интеллектуальному развитию личности учащихся. Например, использование компьютерной графики и анимации позволят учащимся осуществлять учебную экспериментально-исследовательскую деятельность проводить самостоятельные научные исследования разнообразных явлений и процессов. Реализация в программных продуктах для образования возможностей систем искусственного интеллекта позволит усовершенствовать тестирующие, диагностирующие методики контроля и оценки уровня интеллектуального развития за счет возможностей самоконтроля, индивидуального, дифференцированного подхода к каждому обучаемому.

Содержания технологии, которое разрабатывалось в Казахстанском национальном центре информатизации моделирование на основе типа «горизантального обогащения», сущность которого заключалась в дополнении традиционного учебного плана специальными курсами, которые качественно отличаются от традиционного содержания школьного образования и непосредственно направлены на интеллектуальное развитие учащихся [3].

Она целостно представляет интеллект и интегрирует в себе отдельные аспекты развития интеллекта: когнитивного, информационного и творческого и, соответственно, включает три основных направления, линия:

• Когнитивная линия предусматривает обогащение когнитивного опыта ребенка как основы развития интеллекта.

• Информационная линия ориентирована на формирование представлений об информационной картине мира и знакомство с информационными процессами, освоение способов познания и обеспечивает прежде всего развитие метакогнитивного опыта.

• Творческая линия развитие креативности, способности фантазировать создает условия стимулирования проявлений интеллекта в нестандартной ситуации, ситуации неопределенности [4].

Необходимо отметить что разработанное программный материал успешно сопрягается с общеобразовательным содержанием, не дублируя его, и может использоваться параллельно с любыми программами школьного образования.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В заключение отметим, на основе анализа дидактического потенциала информационно-коммуникационных технологий нами были выделены основные блоки этих технологий, использование которых в педагогическом процессе имеет целью интеллектуального развития личности учащихся:

– изучение и использование общих приемов эффективной обработки информации;

– использование программ общего назначения (текстовых и графических редакторов, табличных процессоров, систем управления базами данных);

– использование телекоммуникационного программного обеспечения;

– использование программ специального назначения (инструментальные среды, мультимедийные продукты, применяющиеся при изучении отдельных предметов) для конструирования субъективно новых рациональных способов обработки информаций. Оптимальным, с нашей точки зрения, сочетанием информационно-коммуникационных технологий будет являться совместное использование программ специального назначения (изучение и применение технологий программирование) и изучение и использование общих приемов эффективной обработки информации, в том числе - приемов решение эвристических задач.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Курманалина Ш.Х. Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования: автореферат.-Алматы, 2002.

2. Дьюи, Дж. Психология и педагогика мышления / Дж. Дьюи.; пер. с англ. Н.М. Никольской / под ред. Ю.С. Рассказова. М. : Изд-во «Лабиринт», 1999. - 192 с.

2. Есенғабылов І.Ж. Дидактические возможности средств информационно-коммуникационных технологий. // «Ізденіс» Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы, Алматы, 2011.- Б.311-315.

3. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсендірудің дидактикалық шарттары: пед.ғылым.канд. ... автореф. - Алматы, 2005. – 27б.

ӘОЖ 375.098

ЖАЗДЫҚБАЕВА МАРИЯ БОТАЙҚЫЗЫ,
п.ғ.к., доцент

ҚАСЫМБЕКОВ ЖАКИПБЕК АЙДАРБЕКОВИЧ,
п.ғ.к., профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Түйіндеме: Бұл мақалада мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік даму ерекшеліктері мектепке дейінгі ересек жастағы баланың дамуы жаңа білімді меңгерумен, жаңа қасиеттер мен қажеттіліктердің пайда болуымен сипатталады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Мектепке дейінгі ересек жастағы бала меңгеруі тиіс мұндай қарым-қатынас дағдысы: ынтымақтасу, тыңдау және есту, ақпаратты қабылдау және түсіну, өзін-өзі сөйлеу. Ересек жастағы балалардың коммуникативтік-тілдік мониторинг нәтижелерінің маңызы үлкен рөл атқарады.

Кілт сөздер: ересек жастағы, коммуникативтік, сөйлеу, тілдік, мониторинг, қарым-қатынас.

Резюме: Данная статья позволила сделать вывод, что особенности коммуникативного развития детей старшего дошкольного возраста развитие взрослого дошкольного возраста характеризуется освоением новых знаний, появлением новых качеств и потребностей. Ребенок взрослого дошкольного возраста должен владеть такими навыками общения: солидарность, прослушивание и слух, восприятие и понимание информации, самопрезентация. Большую роль играют результаты коммуникативно-языкового мониторинга детей старшего возраста

Ключевые слова: взрослый возраст, коммуникативный, речевой, языковой, мониторинг, общение.

Summary: this article allowed us to conclude that the features of the communicative development of older preschool children the development of adult preschool age is characterized by the development of new knowledge, the emergence of new qualities and needs. A child of preschool age should have the following communication skills: solidarity, listening and listening, perception and understanding of information, self-presentation. The results of communication and language monitoring of older children play an important role.

Keywords: adult age, communicative, speech, language, monitoring, communication.

Қазіргі таңда Қазақстанда 12 жылдық білім беруге көшукезінде мектепке дейінгі білім берудің негізгі рөлі мектеп жасына дейінгі баланың балабақшадан бастауыш мектепке қиналмай ауысуына жағдай жасау, яғни мектеп жасына дейінгі балалардың білім алуының сабақтастығымен үздіксіздігі болып табылады.

Әлемдік тәжірибе баланың 3-тен 6 жасқа дейінгі даму кезеңі мектепте оқуға дайындау үшін еңқолайлы жас екенін көрсетіп отыр. [Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында //http://www.zakon.kz. (уақыты 19.09.2018 ж.)]

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында әлеуметтік-коммуникативтік саланың мазмұны ерекше атап көрсетілген, оның міндеттерінің бірі «баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын және өзара әрекетін дамыту» болып табылады [ҚР «Білім туралы» заңы //Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.]. Тұтас қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің негізі - балалық шақта қалыптасатын қарым-қатынас дағдылары болып табылады.

"Коммуникация" білім беру саласы балалар әрекетінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде ауызша және байланыстырып сөйлеуді, шығармашылық сөйлеу әрекетін дамытуды; тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді; белсенді сөздікті байытуды, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды, балалар әдебиетімен таныстықты дамытуды, мәнерлеп оқуды және мазмұндауды; мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерді дамытуды қамтиды.

"Коммуникация" білім беру саласының мазмұны ересектермен және балалармен еркін араласу дағдыларын дамытуға; зейінділікке, сөйлеуге, балалар әдебиетіне қызықтыруға бағытталған.

"Коммуникация" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

сөйлеуді дамыту;
көркем әдебиет;
сауат ашу негіздері;
қазақ (орыс тілінде оқытылатын топтарда), орыс (қазақ тілінде оқытатын топтарда) және шет тілдерінің бірі; драма. [Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018ж.]

Қатынасты біз адамдардың ортақ бір мақсатқа жету барысында әртүрлі ақпараттармен алмасуы негізінде белгілі бір өзара іс-әрекетке түсуі деп білеміз. Қатынас өзара іс-әрекетке қатысушылардың бірлескен жұмысының бір аспектісі ғана болып табылады. Кез-келген іс-әрекеттің белгілі бір құрылымы болады. Оның элементтері - түрткі беруші қажеттілік, қызығушылық, мақсат, іс-әрекет пәні мен түрткілердің үйлесімділігі, өнім немесе нәтиже, іс-әрекеттер мен оны жүзеге асырушы құралдардан тұрады.

Ересек жастағы бала өзге адамның бейнесін есіне сақтап, олардың өзіне деген қатынасын сезіне бастайды. Мектепке дейінгі ересек жасқа жақындаған баланың өзге балаға деген ерекше қатынасы қалыптаса бастайды. Ол қатынасты тұлғалық деп атауға болады. Баланың құрдасы өзімен салыстырудың пәніне, өзін-өзі бекітудің және өзін тұлға ретінде бағалаудың құралына айналады.Осы салыстыру іштей бағалауға ұласып, неғұрлым терең тұлғааралық қатынастардың жүзеге асу мүмкіндігін туғызады [Смирнова, Е.О., 2013. 158 с..].

Осылайша, коммуникация кең мағынада қарым-қатынас құруға, ақпарат беруге және байланыс жасауға мүмкіндік беретін өзара әрекеттесу және байланыс әдістері болып табылады. Тар мағынада коммуникация дегеніміз бұл вербалды және вербалды емес қарым-қатынаста - ауызша және сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу жағдайларындағы құралдар. Ауызша қарым-қатынас барысында адамдар адресатқа түсінікті болуы үшін тіл құралдарын қолданады – ол сөздік және грамматикалар болып табылады. Коммуникативті дамудың мазмұны диалог барысында қажетті ақпаратты алуға дайын болу және қабілеттілік, тану негізінде өз көзқарастарын білдіріп, дұрыс қорғай білу позициялардың әртүрлілігі және басқа адамдардың пікірлерін құрметтеу.

Бұл суретте мнемотехникалық әдіс қолданылған. Ағашта төрт жыл мезгілдері көрсетілген. Тақтаға шыққан баланың қолына сол жыл мезгілдеріне байланысты гүлдер беріледі. Бала солардың әрқайсысын өз орындарына дұрыс қойып, оны қою себебін түсіндіріп, әр жыл мезгілін сипаттап, ерекшеліктерін айтып береді және оған топтағы балалар да белсенді ат салысады. Бұл әдіс ересек жастағы балалардың жыл мезгілдері туралы білімін өмір бойына есте сақтауға және бекітуге ең қолайлы әдіс болып табылады.

1-сурет

Мектепке дейінгі жас (3-6 жас) - бұл бала ағзасының айтарлықтай өсу және даму кезеңі.

Бұл кезеңде баланың өсуінде, салмағында, негізгі қимыл-қозғалыстарда көрінетін сапалы өзгерістер байқалады.

Коммуникативтік шеберлікке ие болу балаға сауатты болуға мүмкіндік береді және айналасындағылармен тұлғааралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру жәнекоммуникативтік міндеттердің дұрыс шешімін табу, белсенді серіктес позициясы және соның салдарынан «өзін табуға» мүмкіндік береді.

Ал коммуникативтік дағдылардың болмауы және біліктіліктің қалыптаспауы кері нәтиже беріп қана қоймай, баланың психикалық және даму спиралы болып табылады.

Баланың қатынас жасауы құрдастарымен байланысқа түсуімен ерекшеленеді.

Қатынас «топ», «ұжым» деген ұғымдармен тікелей байланысып жатады. Адам баласы жалғыз жүріп, көздеген мақсат-мұратына жете алмайды, сондықтан ол ылғи да басқалармен бірлесіп, байланысқа түсіп тіршілік етуі тиіс. Балабақша тобы бір жағынан, әлеуметтік-педагогикалық құбылыс деуге болады. Себебі тәрбиешінің тікелей ықпалы арқылы, топ алдына әлеуметтік маңызы бар міндеттер қойылады. Екінші жағынан, топішілік үдерістің жүзеге асуында ол өзін-өзі реттеп отырады. Өзіндік сипаты бар кішкене топ бола тұра, балабақша топтары баланың, оның жеке тұлғасының қалыптасуында маңызды орын алады, оның құрдастарымен алғаш қатынасқа түсуінің қалыптасуына, қатынас жасау қабілетін және іс-әрекетінің әр түрін дамытуына ықпал етеді, сондай-ақ балабақша баланың әлеуметтік

дайындығының генетикалық тұрғыдан алғанда неғұрлым ерте сатысы болып табылады.

Т.А. Репина балалар тобының мынадай құрылымдық бірліктерін атап көрсетеді:

Мінез-құлықтық, оған жататындар: қатынас, өзара іс-әрекет (бірлескен іс-әрекет) және топ мүшелерінің өзгеге бағытталған мінез-құлқы.

Эмоционалдық, (жеке тұлға аралық қатынас) оған іскерлік қатынастар (бірлескен іс-әрекет барысында), бағалау (балалардың өзара баға беруі) және өзіндік қатынастар жатады.

Когнитивтік (гностикалық), бұған балалардың өзара баға беру, өзін-өзі бағалауы, қабылдауы мен бірін-бірі түсінуі жатады. [Лисина, М.И., 2009. 320 с.].

Балабақша тобындағы балалар арасында бір-біріне үйірсектік ұзақ мерзімге сақталады.

Баланың топ ішіндегі тұрақты жағдайының сақталуы зерттеліп, балаларға қатысты белгілі бір жағдайға байланысты дәрежесі анықталған. Зерттеу барысында балалар сол күні балабақшаға келмеген құрдастарын естен шығарып, ұмыта берген. Балалардың таңдауы біріккен іс-әрекет барысында құрдастарының қылықты, жақсы қасиеттеріне деген қызығушылықтарымен негізделген. Сондай-ақ зерттелініп отырған балалар, жыныстық жағынан ұқсас болып келген. Яғни ұлдар ұлдарға қарай, қыздар қыздарға қарай үйірсектік танытқан. Балалардың топтағы жағдайына топтағы құрдастары әсер етеді деген мәселе неғұрлым аса маңызды болып табылады. Топтағы танымал балалардың ерекше қасиеттері мен қабілеттеріне талдау жасай келе, олардың бірін-бірі қалай қызықтыратынын және олардың топтағы орнын белгілеуге қандай мүмкіндіктер бар екендігін анықтауға болады.

Баланың топтағы жағдайы сондай-ақ, құрастыру іс-әрекетіндегі табыстылығымен байланысты зерделенеді. Бұл орайда байқалғаны, аталмыш іс-әрекеттегі табыстылық өзара қатынастың оңтайлы түрінің артуы мен бала беделінің көтерілуі. Іс-әрекеттің табыстылығы баланың топтағы жағдайына оң әсер беретінін көрсетті. Дегенмен, берілген іс-әрекетті бағалау барысында маңыздысы оның қаншалықты нәтижелі болуы емес, маңыздысы оны айнала қоршағандардың сырттан бағалуы. Егер баланың жетістігі сырттан қарағанда топ шартымен сәйкес келіп, оны айналасындағылар жоғары бағалап, құнды деп табатын болса, онда баланың құрдастары арасындағы қатынас беделі жақсара түседі. Соған сәйкес баланың белсенділігі артып, өзін-өзі бағалауы мен тартымдылық деңгейі артады. Сонымен, балалардың танымал болуының негізі олардың іс-әрекеттегі жетістігі, атап айтқанда олардың бірлескен ойынды ұйымдастыра білу қабілеті, өнімді іс-әркеттегі табыстылығы.

Сонымен, осы зерттеулерге қорытынды жасай келе, балалардың бір-бірін таңдау арқылы үйірсек болуының негізіне төмендегідей қасиеттердің жатуы мүмкіндігін топтадық, атап айтқанда бастамашылдық, іс-әрекеттегі табыстылық, құрдастар арасындағы достық қатынас пен бір-бірін түсініп қабылдауына мұқтаждық және құрдастарының коммуникативтік мұқтаждығын қанағаттандыра білу қабілеттері. Қалай болғанда да аталған қасиеттердің көлемі балалардың танымал болуының негізгі шарттарын анықтауға мүмкіндік бере алмайды. Топтық құрылым генезисін зерттеу жеке тұлғалар арасындағы үдерісті сипаттайтын жас ерекшелігі динамикаларының кейбір тенденцияларын көрсетіп берді. Кішкене топтардан ересектер топтарға қарай тұрақты, бірақ бар жағдайда анық байқала бермейтін, «жалғыздық» пен «жұлдыздықтың» өсуі, өзара қатынастық, оның нәтижесіне қанағаттану тұрақтылық пен дифференциалдыққа, балалардың жынысына және жас ерекшелігіне тән болу тенденциясы анықталды. Бір-бірін таңдау барысында балалардың жас ерекшелігінен туындайтын қызықты заңдылықтар анықталды: кіші топ балалары құрдастарының жағымды қасиеттерін бірлескен қызықты іс-әрекеттер негізінде ересек топ балаларына қарағанда бес есе артық атаса, ересек топ балалары құрдастарының жағымды жақтарын тек достық қатынас негізінде ғана атап бере алған [Скитская Л.В., 2013. № 5 (42). с.84-87].

Қатынас барысында қиындық, түсініспеушілік туғызатын балалар туралы айтсақ, мұндай жағдайда баланың жеке тұлғасының толыққанды қалыптасуы мүмкін емес. Өйткені мұндай балалардың әлеуметтік рөлді игеруі төмендеп, өзіндік қабілеттерінің қалыптасуы бұзылады, баланың өз-өзіне сенімсіздік танытуына ықпал етеді. Қатынасқа түсу барысында кезіккен бірқатар қиындықтарға байланысты мұндай балалар бойында құрдастарына мейірімсіз, қатыгездік, агрессиялық сапалар көрініс береді. Қиындықтар төмендегідей болып келеді:

- бала құрдасына қарай ұмтылса да, оны ойынға қоспайды;
- бала құрдастарына ұмтылады, олар онымен ойнайды, бірақ олардың қатынастары формальді сипатта болады;
- бала құрдастарынан өзін алшақ ұстайды, бірақ олар оған достық тұрғыдан қарайды.

Бұл қиындықтарды толыққанды қатынас шарттарының келесі түрлерінің бұзылуынан деп түсінеміз:

- өзара ықыластық;
- құрдасының іс-әрекетіне қызығушылық таныту, бірігіп ойлауға ықылас білдіру;
- бір-бірін түсініп, сезіну;
- бір-бірінен үйрену, дағдыға айналдыру қабілеті;
- ойын-ойнау дағдысы мен білігінің қажетті деңгейі. [Жексенбаева У.Б., Жамекова К.Х., «психологиялық және педагогикалық терминдерге түсіндірме сөздік», 11 б]

Сонымен балабақша топтары өзінің құрылымы мен мазмұны, даму тенденциясы тән функционалдық жүйесі қалыптасқан, тұтастай білім мен тәрбие беру ортасы болып табылады. Топ ішінде білік пен жеке тұлғалық қасиеттеріне қарай неғұрлым жоғары бағаланатын, топтық құндылық бағдарларына сәйкес қасиеттерін анықтайтын, мүшелерінің тұлға аралық иерархиялық байланыста болатын күрделі жүйесі болады. Оған тұлға аралық иерархиялық байланыстағы топ мүшелерінің білігі мен жеке тұлғалық қасиеттерін, топта неғұрлым жоғары бағаланатын сапалы қасиеттерін анықтайтын, оның құндылық бағдарына сәйкестенген жүйе кірігеді.

Енді мектепке дейінгі ересек топтағы қатынас тұжырымдамасына сәйкес балалардың бір-біріне қатынастары қандай өзгеріске түсетіндігін қарастырайық. Негізгі параметр ретінде қатынастағы мұқтаждық мазмұнын, қатынасқа қызығушылық пен оның құрамын аламыз.

Мектеп жасының соңына қарай өзара түсінушілік, бір-бірін ілтипат сезімімен қабылдау қажеттілігі өсе түседі. Зерттеу негізінде байқалғаны балалардың бір шешімге келу барысындағы толқуы, үлкендерге қарағанда құрдастарына қарай ұмтылуы болды. Құрдастарымен қатынасқа түсуі үлкендермен байланысқа түсулеріне қарағанда неғұрлым эмоционалды болып келді. Мектепке дейінгі жастағы балалар өз құрдастарымен әр түрлі жағдайда, түрлі себептермен қатынасқа түседі. Мектеп жасына дейінгі баланың үлкендермен және құрдастарымен қатынасы бірнеше кезеңдерде байқалады.

Мектеп жасына дейінгі баланың қатынасқа жасауға мұқтаждығы қатынасқа қызығушылық танытуымен өте тығыз байланысты. Қызығушылық – индивидтің іс-әрекеті мен мінез-құлқына әсер етуші күш. Субъектіні серіктесімен іс-әрекеттес болуға итермелейді, яғни баланың серіктесімен қатынасқа түсуге деген қызығушылығы оның өзіндік «Мендігін» ашатын, оның өз-өзін түсінуіне ықпал ететін қасиеттері болып табылады.

Педагогика ғылымы мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен қатынасқа түсуге деген қызығушылығының үш категориясын анықтайды: біліктік, танымдық және тұлғалық. Мұнда мектеп жасына дейінгі баланың құрдастарымен қатынасқа түсуге қызығушылығы жас ерекшелігіне сәйкес болады. Әрбір жас ерекшелігіне сәйкес кезеңде қызығушылықтың аталған үш түрі де жүзеге асады: 2-3 жаста алдыңғы орынға тұлғалық пен біліктілік, 3-4 жаста - біліктілік, сонымен қатар басымдықта тұлғалық; 4-5 жаста – біліктілік және тұлғалық (біліктілік басым келеді); 5-6 жаста - біліктілік, тұлғалық, танымдық; 6-7 жаста – біліктілік және тұлғалық [Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторин жүргізудің әдістемелік ұсынымдары, 2018. 116 бет].

Мектепке дейінгі ересек шақта баланың құрдастарымен өзара іс-әрекеттік сипаты айтарлықтай өзгереді. Баланың құрдасы туралы білігі, білімі туралы түсінігі кеңейіп, оның жеке тұлғалық бұрын байқалмаған, қасиеттеріне деген қызығушылығы пайда болады. Ол балаға құрдасының тұрақты мінез-құлқын анықтауға, неғұрлым оның толық бейнесін қалыптастыруына ықпалдық етеді. Құрдастарының іс-әрекетін бағалау қатынасын қарастыратын болсақ, салыстыру, бағалау үдерісі балалардың бір-бірімен қатынасы барысында пайда болады. Бала өзге баланы бағалау үшін, онымен қатынасқа түсіп, оны қабылдап, көріп, осы жас ерекшеліне сәйкес бағалау эталондары мен балабақша топтарындағы құндылық бағдарына қарай топтастыруы қажет. Балалардың өзара бағалауын анықтайтын осы құндылықтар, оларды қоршаған үлкендердің әсерімен қалыптасады және көбінесе ол баланың басты мұқтаждығына байланысты болып келеді. Топтағы балалар арасынан кімнің неғұрлым беделді болатыны және қандай құндылықтар мен қасиеттердің тән болуы негізінде сол топтағы балалардың бір-біріне қатынасының мазмұны мен қатынас стилі туралы мағлұмат алуға болады. Топтарда әлеуметтік маңызды құндылықтар басым келеді, әлсіздерді қорғау, оларға көмектесу және т.б. Топтарда үлкендер тарапынан ықпал төмендесе, өзге балаларды өздеріне бағындыруға тырысу, басқару рөлін бала немесе балалар тобы алып кетуі мүмкін. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойындағы бірлестігін туғызу негізінде жатқан қызығушылық мазмұны көбінесе құндылық бағдарының мазмұнымен сәйкес келеді. Осы жастағы балалар серіктестерінің жетістігін, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін жоғары бағалайды.

Балалардың коммуникативтік біліктері 6 жасқа қарағанда шағында үлкен мәнге ие бола бастайды. Өйткені дәл осы шақта баланың мазмұндық қатынасқа деген қажеттілігі күшейіп, бірлескен іс-әрекетке деген мүмкіндігінің аясы кеңейіп, еркін бірлестіктер аясын кеңейтуге деген талпынысы пайда болады. Мектепке дейінгі баланың құрдастары арасындағы танымалдылығы оның жолдастарымен қатынасына байланысты болып келеді. Мектеп жасына дейінгі баланың өзара қатынасқа деген қызығушылығы барысында туындайтын қиындықтар олардың өзімшілдік, үстемдік ету секілді мінез-құлқын көрсетеді, бірлескен ойын барысында шындықты бұрмалап бұзуы баланың топ ішіндегі әлеуметтік статусының төмендеуіне әкеледі, оның айналасындағылармен тұлға аралық қатынастарының дамуына қажетсіз келеңсіз кедергілерді туындатады. Баланы құрдастарының бірлескен ойынға тартуының маңызды шарты – баланың бірлескен ойында, бірлескен

іс-әрекетте қатынасқа түсе білу деңгейі.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың пікірлеріне сүйене келіп, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыруға мынадай анықтама бердім: «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыру дегеніміз осы жастағы балаларды мақсатқа сәйкес өзара түсіністікке жеткізетін, бұған дейін иеленген білімдері мен дағдыларының жиынтығымен қамтамаз етілетін бірлескен екі жақты ақпарат алмасуға қажетті амалдарды меңгерту».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында // http://www.zakon.kz. (уақыты 19.09.2018 ж.)

2. ҚР «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.–2018ж.

4. Смирнова, Е.О.Межличностные отношения дошкольников. Диагностика проблемы, коррекция. – М.: Владос, 2013. – 158с.

5. Лисина, М. И. Формирование личности ребенка в общении. – СПб. : Питер, 2009. – 320 с.

6. Скитская, Л. В. К вопросу оптимизации коммуникативного общения детей старшего дошкольного возраста в воспитательнообразовательном процессе ДОУ //Мир науки, культуры, образования. – 2013.– № 5 (42). – С.84-87.

7. Жексенбаева У.Б. мен Жамекова К.Х «психологиялық және педагогикалық терминдерге түсіндірме сөздік»

8. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторин жүргізудің әдістемелік ұсынымдары. –Астана, 2018. – 116 бет.

ӘОЖ 375.033

ЖАЗДЫҚБАЕВА МАРИЯ БОТАЙҚЫЗЫ,
п.ғ.к., доцент

ҚАСЫМБЕКОВ ЖАКИПБЕК АЙДАРБЕКОВИЧ,
п.ғ.к., профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

«ТІЛ ДЕФЕКТІСІ БАР БАЛАЛАРМЕН» ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Түйіндеме: Бұл мақалада тіл мүкістігінің пайда болуына көптеген себептер әсер етеді. Ең негізгі себебінің бірі баланы дұрыс тәрбиелемеу, яғни ата-анасының не бала бақшасында тәрбиешінің баланың жастайынан қалай сөйлей бастағанына көңіл аудармауы. Кейде баланың ауыз аппаратындағы кемістіктер де (мысалы, тістің қисық шығуы, таңдайдың, тілдің жырық болып туылуы, т.б.) тіл мүкістігінің болуына әкеледі. Егер баланың есту қабілеті нашар дамыған болса, ол айтылған сөзді дұрыс естімейді де оны құлағында анықтап сақтап қала алмайды.

Кілт сөздер: Тіл мүкістігі, дұрыс тәрбиелемеу, сөйлеу, сөйлесу, есту қабілеті, ауыз аппаратындағы.

Резюме: В этой статье очень много причин влияет на возникновение языкового недоразумения. Одной из основных причин является неправильное воспитание ребенка, то есть не обращать внимания на то, как родители или воспитатель детского сада начали говорить с детства. Иногда и дефекты в ротовом аппарате ребенка (например, кривые вывихи зубов, распыления подборов, развития языка и т.д.) приводят к наличию речевого нерва. Если у ребенка слабо развита слуховая способность, он не правильно слышит произношенное Слово и не может обнаружить его на ухе.

Ключевые слова: Языковые нарушения, неправильное воспитание, речь, общение, слух, устная речь.

Summary: In this article, many reasons affect the occurrence of a language misunderstanding. One of the main reasons is the wrong upbringing of the child that is, not paying attention to how the parents or kindergarten teacher started talking from childhood. Sometimes defects in the child's oral apparatus (for example, crooked dislocations of teeth, sprayed rebounds, language development, etc.) lead to the presence of a speech nerve. If the child has a weak auditory ability, he does not hear the pronounced Word correctly and cannot detect it in the ear.

Keywords: Language impairment, improper upbringing, speech, communication, hearing, oral

Дүние есігін ашқан сәби түрлі дыбыстарды естіп, ажырата бастайды. Адамдардың әңгімесі, жапырақтардың сыбдыры, құстардың сайрағаны секілді. Уақыт өте сол дыбыстарды ауызекі дыбыстау арқылы сөйлеу дәрежесіне жетеді. Егер бала дұрыс, анық түрде дыбыстарды айтып сөйлей білсе, ол оның өз-өзіне деген сенімін күшейтеді, ал керісінше тілінде мүкісі бар бала өзін өзгелерден кем санап, көп сөйлемеуге тырысып, қуыстана бастайды. Ол өз кезегінде баланың тұлға ретінде қалыптасуына кері әсерін тигізетіні анық [Лебединский В.В. «Нарушения психического развития в детском возрасте», 2003. 144 бет].

Қазіргі таңдағы еліміздегі және шет елдің ғалымдарының зерттеулері бойынша дамуында түрлі кемістігі бар балалардың саны жоғарылап өсуде.Соның ішінде сөйлеу тілі бұзылған балалардың саны жоғары деңгейде екені анықталды. Біздің басты мақсатымыз-осы балалардың мүмкіндіктерін анықтау, оқыту, тәрбиелеу, түзету жұмыстарын жүргізу.

Тіл мүкістігін түзеуде баламен неғұрлым жиі әрі жеткілікті түрде әңгімелесудің маңызы зор. Өкінішке орай, қара қазан қамымен, нәпақа табу мұратымен жүрген ата-ана балаға көп уақыт жұмсай алмайды. Шыны керек, ертегі айтудың өзі келмеске кетіп бара жатқан жайы бар. Сондықтан бұл ретте негізгі міндет балабақшалардағы топқа жүктеледі. Шынтуайтында, екі жасқа дейін баланың былдырлағаны құлаққа жағымды естілсе, ал екі жастан асқан бала әлі былдырлап жүрсе, онда ол логопедтің қарауына қаралғаны жөн [Кенжебаева Т.Б., Арнайы психология. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы, 2011. 122 бет].

Тіл мүкістігін түзеуде:

-Тыныс алу жаттығулары;

-Су-Джок терапия;

-Түрлі дидактикалық,қимылды,мазмұнды,сюжетті, рөлді ойындар және шығармашылық жұмыстар;

-АРТ терапия;

-лого-ырғақ жаттығулары;

-Артикуляциялық жаттығулар;

-Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулардың маңызы зор.

СУ-ДЖОК ТЕРАПИЯ

XX ғасырдың аяғында Сеул халық университетінің профессоры Пак Чже Ву өзінің шығыс медицинасын зерттеу жұмысы барысындағы жаңалығы ретінде, адамдардың өзін-өзі түрлі кеселдерден емдей алатындай ерекше әдістемелерін паш етті.

Ол әдістеме «су джок» (корей тілінен аударғанда «су» — алақан, «джок» — табан) деп аталды «Су Джок» терапиясын пайдалана отырып: бұдыр-бұдыр шарлармен, қыры бар қарындашпен екі алақанның ортасына салып айналдыру арқылы жұмыс жасаймыз.

Жеке және топпен балалардың өз бетімен саусақтарына массаж жасауға дағдыландырамыз. Мәселен, сырты бұдыр кішкене шар немесе жаңғақты алақанға салып айналдыру арқылы баланың ұсақ моторикасын дамытамыз. Яғни, бұл саусақтарға массаждың бір түрі. Сол секілді карандаш, пластилин, мозайкамен жұмыс та, құмды,қиыршық тасты уыстау, тиындарды іріктеу, көз алдына елестету арқылы ауаға белгілі бір бейненің суретін салу- саусақ қимылын жетілдірудің, ми жұмысын жақсартудың бірден бір жолы [Попов А.С., Мусыкаева Ф.В., 2012. 112 с].

Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. "Арттерапия"– термині (art – өнер, artterapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Арт терапияға құммен ойналатын ойындар мен дәстүрден тыс сурет салуды жатқызға болады.

Лого-ырғақ жаттығулары - бұл әуен ырғағымен және сөзбен үйлескен қимылдар жүйесі. Түзету жұмыстарында лого-ырғақтың атқаратын маңызы зор. Себебі музыка оқу қызметінде үнемі лого-ырғақтың элементтерін енгізу тілді, жалпы моториканы және үйлесімділікті жедел дамытуға ықпал етеді. Лого-ырғақ жаттығуларын "денсаулық" білім беру саласында дене шынықтыру оқу қызметінде элементтерін пайдаланамыз.

Қолдың саусақтары жақсы жұмыс жасауы үшін баланың сурет салып үйренуіне, қайшымен жұмыс жасауына, мозайка, пазлы жинауына, түймелерді тағып, шешуі секілді әрекеттерді атқаруына басымдық беріледі.

Көптеген тәжірибелерге сүйенсек,сөйлеу тілі бұзылған балалардың белсенді қозғалуында жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикасында ауытқушылықтар байқалады. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл қозғалыстарын дамыту жұмыстары мектепке дейінгі кезеңде де мектеп жасында да маңызды болып табылады. Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда қолдың саусақ және буындарына массаж қолданудың маңызы бар [Лебединский В.В., 2003. 12 б.].

Балалардың ұсақ моторикасын дамытуда тақпақпен бірге жасалатын саусақ жаттығуларының да орны ерекше.Данышпан қазақ халқымызда бұған да ерекше назар аударған. Мысалы, «Қуырмаш», «Санамақ» т.б. ойындарды ойнатудың баланың ұсақ моторикасын, көру-қозғалыс тепе-теңдігін сақтауда, зейін қою, есте сақтау, санау қабілеттерін дамытуда маңызы роль атқарады.

Ата-аналар мен тәрбиешілердің ұсақ моторикаға дұрыс көңіл бөлгені жөн. Ойындар, жаттығулар , түрлі тапсырмалар беріліп отыруы керек.

Ұсақ мотористиканы дамыту барысында біз осы нәтижеге жетеміз:

1. Сөйлеу тілі жетіледі.
2. Қимыл қозғалыс қабілеті артады.
3. Икемділігі арта түседі.
4. Логикалық ойлау қабілеті дамыйды.
5. Танымдылық деңгейі артады.

Ұсақ мотористиканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше.В.А. Сухамлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды.

Барлық жаттығуды баламен бірге жақсы көңіл-күйде орындаймыз, ән айтамыз, жақсы жұмыстарын бағалап, мақтаймыз-бұл өз кезегінде балалардың қызығушылығын оятады. Берілген тапсырмаларды тиянақты орындауға тырысады. Әрбір баламен жеке-жеке жұмыс жасаймыз.

Баланың кедергілерден өту секілді ойынды ұйымдастыру барысында оны сөзбен де, қол шапалақтау арқылы да қолдап тұрған жақсы нәтиже береді. Әрбір бала мақтау сүйеді. Жылы сөз, жылы қабақ арқылы баланың сөзін де, тәрбиесін де түзеуге болады [Кенжебаева Т.Б., 2011. 122 бет].

Қарапайым жаттығулар барысында балаға түрлі жануарларды таныстырып, олардың жүрісін, қандай дыбыс шығаратынын қайталатқан абзал. Бұл бала үшін әрі қызық әрі керемет жаттығу. Мәселен, мысық қалай жүреді?, ол қандай дыбыс шығарады?- деген сауалдарға баладан жауап алып, оның қимылын бағалауға болады.

Бұдан басқа бірнеше жан-жануарларды атап шығуға болады. Ол үшін әрине, балаларға сол жануарлар туралы алдын ала мәлімет беру арқылы оқу қызметін өткізіп алған дұрыс. Сондай-ақ, аталған аңдарды көз алдына елестетуді үйреткен жөн. Ол өз кезегінде оның логикалық ойлау қабілетін дамытады. Ойын арқылы баламен қарым-қатынас нығаяды, сенім артады, баланың өз-өзіне деген көзқарасы жақсы жағына қарай өзгереді, көрсем, білсем деген ынтасы, қызығушылығы оянады. Ойын ақыл-ойды дамытатын тәсіл. Сондықтан оны тиімді пайдалану арқылы көздеген нәтижеге жетуге әбден болады.

Ұлттық құндылығымыз-қолөнерге баулу да осы мотористикаларды дамытуда өзіндік роль ойнайды. Жуан жіптен тоқыманың қарапайым түрін тоқу, түйін жасау, оны тарқату. Аппликация, жапсырма жасау, бір уыс бидай мен күрішті араластырып, балаға оны бөлек ажыратуды тапсыру да әрі қызық әрі пайдалы істің бірі. Бастысы, кез келген тапсырманы баланың қызығушылығын тудыратын ойын түрінде ұсынған дұрыс және тәрбиеші өзінің көңіл күйінің де көтеріңкі болуын қадағалағаны жөн, жағымды эмоционалдық жағдай жұмыс жасау қабілетінің жақсаруына, психикалық тонусының жоғарылауына әсерін тигізеді [Филичева Т.Б., Чиркина Г.В., Туманова Т.В., 2010].

Баламен неғұрлым көбірек сөйлесіп, оны диалогқа тарта білу қажет.Сол арқылы оның сөздік қоры қалыптасады. Тек баланың дұрыс сөйлеуін ғана бақыламай, тәрбиеші өзінің де құлаққа жағымды, дыбыстарды анық, мәнді етіп айтуына үлкен маңыз беріледі.Шағын ғана қуыршақ театрын, көлеңке театрын, көңілді эстафета ұйымдастырып, балаларды қызықтырып, көтермелеп отыру-тіл мүкістігін түзетуде ерекше роль ойнайды. Не десек те, басты нәрсе – ниет пен мүдде. Тәрбиеші мен ата-ана осы ретте мүдделі болса, кез келген кедергіні жоюға, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Тәуелсіз еліміздің ертеңі-балғындардың ақылды, өз-өзіне сенімді, ені сау, зерек болып өсуі-ортақ мүддеміз. Міне осы бағытта біз ең тиімді, ең дамыған, ең керемет тәсілдерді қолданамыз. Өз жұмысымыздың жақсы нәтижесін көргенде, бізден бақытты жан жоқ. Бұл жұмысымызды одан әрі инновациялық тұрғыда дамыта бермекпіз [Лапшин В.А., Пузанов Б.П., 1990].

Тіл мүкістігі – жеке дыбыстардың дұрыс айтылмауынан сөздің бұзылуы. Баланың кекештеніп, "р" әрпін айта алмауы – тіл мүкістігінің айқын дәлелі болып табылады. Тіл мүкістігінің бірнеше түрі бар:

- сигматизм – С, З, Ц, Т, Ж, Г, Щ әріптерін дұрыс айтпаудан сөздің бұзылуы;
- сақаулық – Р әрпін айта алмау; лямбдацизм – Л дыбысын дұрыс айтпау не басқа дыбыспен ауыстырып айту;
- бықтық – дауыс ырғағының бұзылуы және дыбысты дұрыс айта алмаудан сөздің түсініксіз шығуы;
- дизартрия – әріптерді дұрыс айта алмағаннан сөз көркемдігінің бұзылуы.

Тіл мүкістігінің пайда болуына көптеген себептер әсер етеді. Ең негізгі себебінің бірі баланы дұрыс тәрбиелемеу, яғни ата-анасының не бала бақшасында тәрбиешінің баланың жастайынан қалай сөйлей бастағанына көңіл аудармауы. Кейде баланың ауыз аппаратындағы кемістіктер де (мысалы, тістің қисық шығуы, таңдайдың, тілдің жырық болып туылуы, т.б.) тіл мүкістігінің болуына әкеледі [Специальная педагогика. Под ред. Н.М.Назаровой, 2007].

Егер баланың есту қабілеті нашар дамыған болса, ол айтылған сөзді дұрыс естімейді де оны құлағында анықтап сақтап қала алмайды. Сондай-ақ жүйке жүйесінің зақымдануынан да сөздің бұзылуы мүмкін (мыс., миға қан құйылу). Тіл мүкістігін емдеу кемістіктің пайда болу себебіне байланысты жүргізіледі. Бала тәрбиесінің дұрыс болмауынан болған тіл мүкістігін емдеуді логопед-дәрігер жүргізеді, ауыз аппаратындағы кемістіктерді жою үшін хирургиялық (көбінесе пластикалық) операция жасалынады.

Қазіргі кезде қоғам дарынды қабілетті адамдарды қажет ететінін ескеріп, жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру қажет. «Психика дамуындағы тежелу» терминін дефектологтар ұсынған болатын [Кенжебаева Т.Б., 2011. 122 бет].

Психикалық дамудың тежелуі ол оның қарқынының бәсеңдеуі, мектепке түскен кезде анықталып, жалпы білім қорының болмауынан, қиялдауының шектелуімен, ойлаудың жетілмеуінен, шағын интелектуалды мақсаттылығымен, ойынға деген қызығушылығының жоғарылығымен көрінеді. Олегафрениямен ауыратын балалардан қарағанда бұл балалар қолданыстағы білім қорымен жеткілікті қанықкан, көмекті әлдеқайда өнімді қолдана білетін балалар. Кейбір жағдайларда эмоционалдық сфера 391 дамуының тежелуі бірінші болып байқалса, интелектуалды сфераның бұзылуы анық байқалмайды. [Лебединский В.В., 2003, 54 б].

Психикасында тежелуі бар балалардың танымдық ерекшеліктеріне тоқталсақ, түйсік пен қабылдауы жалпы бұл балалардың қоршаған орта туралы білімі өте шектеулі, фрагментарлық болып келеді. Қабылдаудың заттық және құрылымдық түрлері жеткіліксіз болып келеді. Бұл балалар кез келген затты таныс емес ракурста немесе схемалық түрінде, контур түрінде тани алмайды. Ұқсас әріптер мен әріп элементтерін үнемі шатастырады. Көру арқылы қабылдау қабілеттерінің кемшілігі олардың оқу процесінде айтарлықтай қиындықтар туғызады [Кенжебаева

Т.Б., 2011. 63 б].

Сондай-ақ тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған. Яғни, балалар объектінің жеке элементтерін ажырата алмайды. Психикалық дамуында тежелуі бар балалардың зейін қабілетін зерттеген ғалымдар Л.И. Переслени, З. Тржесоглава, В.А. Пермякова, С.А. Домишкевич сияқты ғалымдар зерттеп, соның негізінде зейіннің келесі ерекшеліктерін ашып көрсетті:

1. Зейіннің тұрақсыздығы (толқымалылығы) баланың жұмыс өнімділігін төмендетеді.

ететін факторларының қатарына мектеп оқушыларының оқу сабақтарымен артықша жүктелулерін, педагог пен оқушылардың арасындағы авторитарлық қарым-қатынастықты, оқыту мен тәрбиелеудегі баланың тұлғалық және жас ерекшеліктерін қажетті деңгейде есепке алынбаушылықтарын, гиподинамия және т.б. атап көрсетуге болады. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі салауатты өмір салтын қалыптастырудың тұжырымдамасы мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты[2]. Педагогика ғылымында осы туындаған мәселені шешудегі тиімді жолдары мен құралдарын негіздеу қажеттілігі туындайды. Денсаулық мәдениеттілігінің төмендігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, оқушылардың арасында 40% салауатты өмір салтының теориясын білмейтіндігінен деп саналады. Демек, салауатты өмір салтын ұстау қазіргі кезде оқушылардың салауатты өмір салтын тәрбиелеу қажеттілігі, оны арнайы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып қалыптастыру қажеттілігі туады[3]. Жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мәселесі қай заманда болмасын ойшылардың, ағартушылардың, ғалым-педагогтардың назарынан тыс қалмағандығы белгілі. Классикалық педагогтардың өкілдері Я.А.Коменский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренконың еңбектерінің негізгі өзегі дені сау азаматты тәрбиелеу болып табылады. Қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М. Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов т.б. өздерінің саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби еңбектерінде балалар мен жастардың салауаттылығы туралы пікірлер айтып, ғылыми құндылығы жоғары мұралар қалдырған «Салауаттану денсаулықты сақтау» бағдарламасы бойынша СӨС-ке қалыптастырудың тұжырымдамасында [4] . *Салауатты өмір сүру салты дегеніміз* – био-әлеуметтік категория. Салауатты өмір сүру салты – интегративті түрде қалыптасады және адамның іс-әрекетіне байланысты болады. Салауатты өмір сүру салты – шаруашылық күнделікті үй тұрмысы, материалдық және рухани формаларын қанағаттандыру үшін қоғамдық ұйымдарда өзін-өзі ұстай білу, қоғамдық тәртіппен санасу, артық сөз айтпау, орынсыз саясатпен айналыспау, кезкелген адамдарды жамандамау, біреуді біреуге шағыстырмау, өзін ақылды деп есептеп, басқаларды ақымақ ретінде көру, ата-анамен баланың тәрбиелі қарым-қатынасы, тазалық гигиенасын сақтау, ұтымды тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, спортпен шұғылдану тағы басқалар жатады М. Сәулебекова Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі деген[5]. *Салауатты сөзінің негізгі мағынасы – парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы* деген ұғымды білдіреді. Қоғамымыздағы адамзаттың өмірінің аяғына дейін денсаулығының мықты болуы қоршаған ортаның тазалығына байланысты. Өмір сүру салты дегеніміз – әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытында демалатыны, қысқасы, олардың қалыптасқан өмір тіршілігі, яғни, адамның өмір сүру салты қандай болса, өзі де сондай, өмір сүру салты тұлға мен қоғам деңгейінің прогресті даму көрсеткішінің категориясы. Салауатты өмір сүру салты тұлға және адам деңгейінде болуы әлеуметтік экономикалық жағдайларға байланысты болады, адамның психикасына, денсаулығына, ағзаның функционалды-биологиялық қасиеттеріне де байланысты. Биологиялық ерекшелігіне байланысты салауатты өмір сүру салты бір келкі болады. Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ген арқылы беріліп отыруы мүмкін. Осыған байланысты салауатты өмір сүру салты *3 категорияға бөлінеді*:

1. Салауатты өмір сүру деңгейі;
2. Салауатты өмір сүрудің сапасы;
3. Салауатты өмір сүрудің стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі – экономикалық категория. Адамның материалдық және моральдық-рухани қажеттілігін толығымен қамтамасыз ету.

Салауатты өмір сүру сапасы - әлеуметтік категория – үй-іші қызмет істейтін орындар (оқу орындар, мектептер) неше түрлі адам денсаулығын қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабороториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүру стилі - әлеуметтік психологиялық категория – адамның қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстап және көрсете білу .

Салауатты өмір сүру деңгейі мен салауатты өмір сүру сапасы эквопотенциалды болып келеді. Сондықтанда адам денсаулығының жақсы және жаман болуы салауатты өмір сүру стиліне байланысты. Ал салауатты өмір сүру стилі тарихи және ұлттық дағды –дәстүрлер арқылы қалыптасады. Тағыда тұлғаның бейімділігіне байланысты болады.

Салауатты өмір сүру салтының негізгі *биологиялық* және *әлеуметтік принциптері:*

Биологиялық принцип:

- Салауатты өмір сүру салты адамдардың жас ерекшеліктеріне;
- Салауатты өмір сүру салты энергетикаға;
- Салауатты өмір сүру салты эстетикалық қызметке;
- Салауатты өмір сүру салты ритмикалық үрдістерге;
- Салауатты өмір сүру салты денсаулықты арттыруға байланысты болуы керек.

Әлеуметтік принциптер:

- Салауатты өмір сүру салты және эстетикалық қызметті;

- Салауатты өмір сүру салты рухани түрде жеткіліктілікті;

- Салауатты өмір сүру салтының еріктігін дамытуды;

- Салауатты өмір сүру салтында адамның үшінші жағдайда болмауын қамтамасыз ету деген Г.Б. Бейсеева, Ә.С. Бейсенова «Адам экологиясы» еңбегінде [6]. Сонымен, еліміздің кез келген азаматы салауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі және білімді болуы керек. Әсіресе денсаулық жайында білімді болғаны жөн.Биологияда, медицина мен психологияда қаншама түсініксіз жайлар бары таңқаларлық. әрине, адам миының жұмысын түсіндіру қиын: 15 миллиард жүйке жасушалары бар, олардың әрқайсысы мыңдаған, тіпті миллиондаған басқа жасушалармен байланысқан және жүйелі жұмыс атқарады. Адам гендерінде не жазылғанын оқу да оңай емес. Адам үшін денсаулықты сақтап қалу – мақсат. Дәмді тамақтану – мақсат, әрекет жасау – мақсат. Мақсаттар көп, ал уақыт пен күш шектеулі. Таңдауға тура келеді. Мақсаттар бәсекеге түседі. Қажеттісі қайсы: өкпе рагінен өлмеу ме, не болмаса қыздардың алдында сигарет тартып кербездену ме? Әрине, өлмеу екені сөзсіз. Ертедегі ата-бабаларымыздан бізге шынығуды қажет ететін дене мен кемістікке бейім биологиялық сезімдер немесе психика қалды. Олардың біріншісі – *жалқаулық*. Адам жануарлар сияқты, ынталандыру болса ғана күш алады. Босаңсу әрқашан да жағымды. Тек балалар ғана ерекше: олар ешбір мұқтаждықсыз жүгіреді, ойнайды. Екінші кемшілік – *қомағайлық*. Тамақ ішіп-жеуден қанағат табу – аса маңызды құбылыстардың бірі. Дәмді тамақ ішіп, оны басқа сезімдер сияқты, жаттықтыруға болады. Адам әлдеқашан етті қуыруды үйреніп, оны дәмді ету тәсілін пайдаланғаннан бері өзінің тамақ сіңіру орталығын жаттықтырады. Үшінші кемшілік – *қорқыныш*. Хайуандармен салыстырғанда адамда қорқыныш күшейе түседі, өйткені ол, есіне жақсы сақтайды, оның кейіннен болар салдарын да болжай біледі. Сондықтан тек оны өзінің ауырулары ғана емес, басқа біреулерден көргені, оқығаны немесе көргені үрейлендіреді К.С. Ормантаев, С.Н. Ешмұқамбетов «Экология және адам мен бала денсаулығы» еңбегенде [7]. *Денсаулық – ауруларға қарама қарсы құбылыс* екені әркімге түсінікті сияқты. Бүкіл медицинаның даму кезеңінде оның екі бағыты анықталды: біріншісі – бұзылған денсаулықты дәрі-дәрмектің көмегімен қалпына келтіру, екіншісі – сол мақсатқа "организмнің табиғи қорғаныс күштерін" жұмылдыру арқылы жету. әрине, екі тәсілді бірдей қолданған дәрігерлер әрқашан да болды, бірақ, әдетте, іс жүзінде біреуі ғана басымырақ қолданылды. Өкінішке қарай, көпшілік адамдар, кейбір дәрігерлер де организмнің ауруға қарсы күресетін табиғи күшін ескере бермейді. Сол табиғи күштерді толықтырып, шынықтыруға көңіл бөлмейді. Мемлекеттік барлық құрылымдардың тікелей қатысуын талап ететін маңызды мәселенің бірі – салауатты өмір салты. Ол адамдардың өздері шеше алатын, өз қолдарынан келетін жұмыс. Ендеше, әр адамзат өз денсаулығына жауапты болып, оны әрі қарай нығайтып, шыңдағаны дұрыс. Ал қай адамның болсын өз өмірін бақытты етуге толық мүмкіндігі бар. Өмір қуанышын сезініп, мақсаттарға жету үшін саналы сезім, саралы ой қалыптастыруы қажет. Өз дене бітімінің дұрыс жетілуіне, өзін-өзі сергек сезінуге, ақыл ойын, сана сезімін тәрбиелеуге жағдайлар туғызуға міндетті.Денсаулық сақтаудың бүкіл дүниежүзілік ұйымы денсаулықты жақсарту бағдарламасын жасауды 1978 жылдан бастап ұсынған. Бағдарлама жоспарлары жасалып, бірнеше жыл талданды. Ал денсаулық нығайту қозғалысын іс жүзіне асыруда мектептің атқаратын рөлі өте үлкен. Сол себепті 1994 жылы "Денсаулықты нығайту мектептерінің" негізін салып, жобасын жасады. Бұл мектептің жұмысы санитарлық-ағарту бағдарламалары және орта мектептің тәрбиелік іс шараларымен ұштасып жатуы керек. Алғаш рет жасалған жоба, Венгрия, Чехия, Словакия және Польшада сынақтан өтті. Одан соң Европалық комиссия, Европалық кеңес және денсаулық сақтау дүниежүзілік ұйымы Европалық аймақтық бюросының халықаралық келісімі бойынша аталған жобаны дамыту бекітілді және "Денсаулықты нығайту мектептерінің" европлық торабына мүше болуға жол ашылды. 1997 жылы оған 37 ел енді. Қазір көптеген елдер Европалық тораптың жобасын іс жүзінде орындауға кіріскен. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа "Қазақстан – 2050" жолдауына сәйкес біздің елде де адам денсаулығының ең маңызды, ең басты екендігі жарияланып, жаппай салауатты өмір сүруге жағдайлар жасалуда. Осы игілікті істің айғағы – денсаулықты нығайтуға ықпал ететін орта құру арқылы мектептегі адамдардың барлығын салауаттылыққа жеткізу жұмыстарының басталуы. "Сонымен мектепте денсаулықты нығайтуға ықпалын тигізетін мәселелер жоспарланып, жүйелі түрде жүргізіле бастады. Денсаулықты нығайту мектебінің мақсаты – денсаулықты нығайтуға ықпалын тигізетін жағдайлар туғызу арқылы оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыру және оған баулу. Сондай-ақ мектеп қызметкерлерінің өз денсаулықтарына жауапкершілігін арттыру. Шешетін мәселелер:

- денсаулық бағдарламасы мәселелерін шешуге кірісу;

- мектептегі сынып бөлмелерін дұрыс бөлу, оқушының бос уақытын өткізуге арналған алаңдарды жөндеу, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және дұрыс тамақтануды ұйымдастыру арқылы оқыту кезеңінде қоршаған орта саулығын сақтау;

- жекелеген адамдардың отбасында немесе жалпы қоғамда денсаулықты қорғауда жауапкершілігін туғызу;

- салауатты өмір салтын сүруге оқушылар мен қызметкерлеріне нақтылы жағдай және мүмкіндіктер жасау;

- барлық оқушыларға өз жаратылысының, психикасының, әлеуметтік жағдайының ең жоғары дәрежедегі мүмкіндіктерін көрсетуіне жағдай жасау;

- денсаулықты нығайту жолында және мектеп ұжымының денсаулығын қауіпсіздендіруде анық мақсат қоя білу;

- оқушылар мен мектеп мұғалімдерінің және оқушылардың өз арасында, сондай-ақ олардың үйімен, қоғамдастықтармен ара қатынасын нығайту;

- қолда бар ресурстарды денсаулықты нығайту жолында дұрыс қолдана білу;

- медициналық – санитарлық оқыту бағдарламасының жобасын дайындау;

- білім алуды және денсаулығына қатысты дұрыс шешім қабылдауға қажетті дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ету, қоршаған ортасын сақтауды үйрету;

- оқушылардың өз денсаулықтары туралы мәліметтер деңгейін арттыру және медициналық-санитарлық оқытуларды дұрыс жолға қою мақсатында мектептің медициналық-санитарлық жұмыстрына кеңінен жол ашу.Жас жеткіншектердің денсаулығы күннен-күнге нашарлап, соңғы кезде ауру – сырқаулардың саны көбеюде. Бұған генетикалық – тұқым қуалаушылық аурулардың әрі қарай бағыт алуы, адамдардың денсаулық сақтау білімдерінің төмендігі, әсіресе, ақша табу жолында жанын аямай, демалуды ұмытып, өзіне-өзі көңіл бөлмейтіндіктері себеп. Міне, осындай түсінбеушілікті жойып, сана-сезімі жоғары, білікті, тез шешім қабылдайтын және әртүрлі жағдайдан өзін алып шыға алатын азамат даярлау мақсатында мектептерге "валеология – денсаулықты қалай сақтауға болады" бағдарламасы енгізілді. Ал бұл жұмыстардың нәтижесі үнемі талқыланып, жинақталып отырады. Соның арқасыда: оқушылардың денсаулық топтары анықталды, оқу үрдісінде әр балаға қалай көңіл бөлу керектігі ескертілді;- жас жеткіншек қыз балаларды микроэлементтер, әсіресе РР-витаминдік жетіспеушілік анықталды. Демек, салауатты өмір салтын насихаттау жұмысы жылдан-жылға толықтырыла түсетін болса дені сау, жаны сау ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндігіміз артатынана толық сенім білдіреміз. Бүгінгі оқушы – ертеңгі болашағымыз. Әр балаға ата-аналары, мектеп қызметкерлері жылылық нәр беріп, үлкен үмітпен қараса, өзінің денсаулығын шыңдап, білімін нығайтуға ұмтылған азамат дайындауға болады. Салауатты өмір салтын сақтау арқылы ғана дені сау қоғамға жететіндігіміз айқын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2050. Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Білім,

2. Жанабердиева К.А., Адылханов А.С. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі салауатты өмір салтын қалыптастырудың тұжырымдамасы. //Валеология. Дене тәрбиесі. Биология және салауаттылық негізі.№1-2003.

3. Әлімжанова Г. Салауатты өмір салтын ұстау. //Бастауыш мектеп, №2-2004.

4. Сатпаев К.Н., Әділханов, А.С ,Тель Л.З. «Салауаттану денсаулықты сақтау» бағдарламасы бойынша СӨС-ке қалыптастырудың тұжырымдамасы. – Алматы, 2002.

5. Сәулебекова М.. Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі. //Биология және салауаттылық негізі, №3-2005.

6. Бейсеева Г.Б., Бейсенова Ә.С.. Адам экологиясы. – Алматы, 2012.

7. Ормантаев К.С., Ешмұқамбетов С.Н.. Экология және адам мен бала денсаулығы. – Алматы, 2001.

УДК: 378

ҚАСҚАТАЕВА БАҚЫТКҮЛ РАХЫМЖАН ҚЫЗЫ,
педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Алматы, Қазақстан
Kaskataeva@yandex.ru

ӘДІЛАҚЫН АЙГЕРІМ,
математика ғылымдарының магистры,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: aadilakin@bk.ru

«АНАЛИТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯ» КУРСЫН ОҚЫТУДА МЕКТЕП ПЕН ЖОО АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ

Аннотация. Авторлық мақалада «Аналитикалық геометрия» курсын оқытуда мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтастықты жүзеге асырудың қажеттілігі негіздеген. Білім беру жүйесінің әртүрлі сатылары арасындағы байланыстар шеңберінде тәрбие, оқыту, білім берудегі сабақтастық мәселелеріне арналған зерттеулер зерделенген. «Аналитикалық геометрия» курсын оқытуда мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру үшін мектепте және педагогикалық университеттерде элективті таңдау курсын әзірлеу және енгізу қажеттілігі айқындалған және оны жүзеге асырудың әдістемелік шарттарын анықтаған. Мектепте элективті курсты жоспарлағанда, алдымен жоғарғы оқу орнында жалғастыратын тақырыптарды, ұғымдарды, әдістерді, мазмұндық-әдістемелік мәселелерді курстың оқу жоспарына енгізу қажеттілгі келтірілген.

Түйінді сөздер: Аналитикалық геометрия, сабақтастық, координаттар әдісі, элективті курс, педагогикалық университет.

Аннотация: В статье обосновывается необходимость преемственности в изучении «аналитической геометрии» между школой и университетом. В рамках связей между различными уровнями системы образования были изучены вопросы преемственности в образовании, профессиональной подготовки и воспитании. В целях обеспечения преемственности в изучении «аналитической геометрии» между школой и университетом определена необходимость разработки и внедрения элективного курса по выбору в школах и педагогических вузах, определены методические условия его реализации. При планировании элективного курса в школе рекомендуется включать в учебный план курса темы, понятия, методы, содержание и методические вопросы, изучение которых продолжается в вузах.

Ключевые слова: Аналитическая геометрия, преемственность, метод координат, элективный курс, педагогический университет.

Abstract. The article substantiates the need for continuity in the study of "analytical geometry" between the school and the University. As part of the links between different levels of the education system, issues of continuity in education, training and upbringing were studied. In order to ensure continuity in the study of "analytical geometry" between the school and the University, the necessity of developing and implementing an elective course of choice in schools and pedagogical universities is determined, and the methodological conditions for its implementation are determined. When planning an elective course at school, it is recommended to include in the curriculum of the course topics, concepts, methods, content, and methodological issues that continue to be studied at universities.

Keywords: analytic geometry, continuity, coordinate method, elective course, pedagogical university.

Геометрия жалпы адамзаттық мәдениеттің феномені бола отырып, жоғары дамытушылық әлеуетке ие, өйткені геометрияны оқып үйрену кеңістіктегі көзқарас пен логикалық ойлаудың дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ғылыми және педагогикалық қоғамның пікірінше, оқушылардың да, студенттердің де геометриялық білім деңгейі бүгінгі күні қажетті деңгейде емес. Негізгі мектепте геометрияның жүйелі курсын көрнекі геометрия курсымен ауыстыру тенденциясы байқалып отыр. Жоғары оқу орындарында (ЖОО) геометрияны оқуға берілген сағаттар қысқаруы орын алып отыр. Геометриялық білім беру дағдарысы туралы пікір жиі айтылады.

Мектеп және ЖОО-ның геометриялық білім берудегі дағдарыс мәселесін шешудің бір жолы «Аналитикалық геометрия» курсын оқытуда мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру.

Осыған орай, оқушы мен студентке геометриялық білім беруде сабақтастық қағидатын жүзеге асыру мәселесінің маңыздылығы артады.

Білім беру жүйесінің әртүрлі сатылары арасындағы байланыстар шеңберінде тәрбие, оқыту, білім берудегі сабақтастық мәселелеріне көптеген зерттеулер арналған. ([Лыкова В.Я., 2001, с. 132], [Комарова М.В., 2002, с. 196], [Калинин Е.А., 2003, с. 223], [Магомеддибирова З.А., 2003, с. 300] және басқалар).

Мектеп бітірушінің ЖОО-да оқуда математикалық дайындығы контексінде жазылған [Мельников И.И., 1999, с. 200], [Корешкова Т.А., 1991, с. 16], [Насирова М.Е., 1992, с. 168], [Саранцев Г.И., 2002, с. 224], [Сманцер А.П., 1995, с. 134], [Сидоров Ю.В., 1994, с. 35] және басқалардың еңбектері бар. Студенттердің болашақ кәсіби қызметіне математикалық дайындығы туралы [Колягин Ю.М., 2003, с. 47], [Луканкин Г.Л., 2007, с. 86-91], [Мордкович А.Г., 2009, с. 336] және басқалардың зерттеулері арналған. Алайда, мектеп пен ЖОО арасындағы аналитикалық геометрияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыруға арналған жеке зерттеулер жүргізілмегенін мойындау керек.

Математикалық энциклопедиялық сөздікте «аналитикалық геометрия» деп «геометриялық объектілер координаттар әдісі негізінде алгебра құралдарымен зерттелетін геометрия бөлімі» түсініледі.

Аналитикалық геометрия, кез-келген ғылым сияқты ұғымдар, фактілер жүйесі (теоремалардың аксиомалары және олардың дәлелдері), яғни психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда, математикалық ұғымдар, пайымдаулар мен тұжырымдар жүйесін игеруді қамтиды. Аналитикалық геометрия ұғымдары мен әдістері жаратылыстану және математикада үлкен рөл атқарады, ал координаттық әдістің өзі нақты әлемді танудың «құралдарының» бірі болып табылады.

Мәселе кеңестік және одан кейінгі орта және жоғары мектептің білім беру практикасында «Аналитикалық геометрия» элементтерін оқытудың мазмұндық-әдістемелік құрамдасында байланыс үзілген.

Мәселен, аналитикалық геометрияның ұғымдарына (координат, гипербола, парабола және т. б.) мектеп пен жоғары орындарында әртүрлі анықтама беріледі. Бұл студенттердің ол ұғымдар туралы түсінігін бұрмалап қалыптастыруға әкеледі

Сонымен қатар мектепте және ЖОО-да геометрияны оқыту процесін ұйымдастыруда үйлесімсіздік байқалады. ЖОО-да оқу жүйесіндегі студентте объективті, оның қалауына байланыссыз, сондай-ақ оқытушының субъективті талпыныстары мен нұсқауларына қарамастан дамудың әлеуметтік жағдайы мен қызмет түрі өзгереді.

Аналитикалық геометрияны оқытуда мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтастықтың объективті қажеттілігі мен шын мәнінде білім берудің әртүрлі кезеңдерінде оқыту бір-біріне тәуелсіз жүргізілгенде сабақтастықтың жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық зерттеудің өзектілігін анықтады.

Сабақтастық – оқу процестерінің барлық аспектілерін қамтитын негізгі дидактикалық принцип. Мектеп пен ЖОО-да оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру тұрғысынан ғылыми байланыстардың эпизодтық қолданылуына негізделген дәйекті тәсіл неғұрлым орынды болып табылады, ал осы тұрғыдан ең сәтті оқулық М.М.Постниковтың [Постников М.М., 1973, с. 752] оқулығы екенін мойындау керек.

М.М.Постниковтың оқулықтарының бірінде ғана - парабола, эллипс, гиперболаны зерттеу кезінде мектеп математика курсымен сабақтастық байланыстар орнатылған. Кейбір оқулықтарда (Я.С.Дубнова, И.И.Баврина) шеңбер туралы мәліметтер келтіріледі, бұл мектептегі геометрия курсымен сабақтастықты жанама түрде ғана көрсетеді.

Мектеп пен ЖОО-да математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыруға ықпал ететін әдістемелік шарттарды анықтау үшін психологиялық-педагогикалық заңдылықтарды, оқыту принциптерін, математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесінің негізгі ережелерін және тарихи тәжірибені ұғыну қажет.

Оқытудың психологиялық-педагогикалық заңдылықтары [Гальперин П.Я., 2000, с. 336], Зимний И.А. [16], Леонтьев А.Н. [17] және математиканы оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін зерттеушілердің

Груденов Я.И. [18], [Епишева О.Б., 2003, с. 20], [Фридманның Л.М., 1988, с. 207] тағы басқа танымал психологтардың жұмыстарында көрсетілген. Шетел ғалымдары бүкіл әлемде ТМД оқушыларының математикалық жетістіктерін орта мектепте алгебра мен геометрияны бөліп оқытатынымыздан деп түсінеді. Шынында, геометрияны алгебрадан бөліп оқыту және геометрияның мазмұнын меңгертуге мән беріп, оқушылардың кеңістіктегі көзқарастарын және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырудың мәні зор.

Білім берудің әрекеттік тәсілінің тұжырымдамасына сәйкес, оқыту мазмұнын меңгеру және оқушы «оған белгілі бір ақпаратты беру процесінде емес, оның өзінің іс-әрекеті барысында дамиды», - делінген.

«Аналитикалық геометрия» курсының материалын көрнекілікті қолдана отырып іс-әрекеттік тәсілмен жүргізу арқылы оқушылардың іс-әрекетін белсенді етуге мүмкіндік мол. Бұл материал зертханалық жұмыстар кешенін әзірлеу үшін негіз бола алады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін сабақта жиі-жиі проблемалық ахуал тудырып та белсендіруге болады.

Проблемалық жағдайларды құру үшін аналитикалық геометрияны оқытудың ЖОО және мектептегі қолданылатын тәсілдеріндегі қарама-қайшылықтарды пайдалану орынды. Осы

материал негізінде проблемалық ахуалдарды құрудың бір нысаны болып табылатын бірқатар проблемалық мәселелерді тұжырымдауға болады. Оқушыға берілген Проблемалық сұрақтар, қарапайым сұрақтарға қарағанда, сұраққа бұрын тәжірибесінде болмаған жаңа өз шешімін ұсынуға мәжбүр етеді. Оны ойландырады, белсенділендіреді.

Өкінішке орай, қалыптасқан білім беру тәжірибесінде мектепте және ЖОО-да «Аналитикалық геометрия» курсын оқу кезінде бұрмаланған ұғымдар қалыптасады. Мектепте парабола мен гиперболаны оқу кезінде олардың характеристикалық қасиеттері көрсетілмейді, бұл оқушыларда жалпы қате пікірдің пайда болуына әкелуі мүмкін. Жоғары оқу орнында керісінше, бұл қисықтар тек характеристикалық қасиетінің негізінде ғана енгізіліп анықталады. Қисықтар ұғымы жеке және ерекше жағдайлармен байланыстырылмай, жалпы жағдайда қалыптасады.

Осылайша, дұрыс жалпыланған білім беру үшін ЖОО-да аналитикалық геометрия туралы мектеп материалының шектеулігін түсіндіру жеткіліксіз. Оқушыларға мектепте ұсынылған ұғымдардың шектеулі және олардың тереңдетілуі мен нақтылануы ЖОО-да орын алатыны туралы бағыт бағдар беру керек.

Білімді қалыптастырудың бірінші сатысы, ақыл-ой қызметінің ең басында, негізінде ішкі пәнаралық немесе жүйеішілік байланыстар қалыптасатын жергілікті және жеке жүйеаралық байланыстарды орнатудан тұрады. Сабақтастықтың жоғарғы сатысы пәнаралық байланыстар болып табылады. Ю.А.Самариннің жазуынша, «жүйеаралық немесе пәнаралық сабақтастықтар білім, білік және дағдылардың әр түрлі жүйелерін қамтып, осы жүйелердің алуан түрлілігін жинақтайды».

Пәнаралық сабақтастық ақыл-ой қызметінің тұтастығын қамтамасыз етеді және оның жоғары деңгейі болып табылады, өйткені олар байланыстың әр түрлі жүйелерінде қандай да бір құбылысты қарауға мүмкіндік береді. Осылайша, аналитикалық геометрия бойынша білімді жүйелеу және оның тұтастығын қамтамасыз ету үшін сабақта пәнаралық байланыстар жүргізу керек.

Сабақтастықты ең жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін оқу процесіне қорытынды жағдай ретінде аналитикалық геометрияның, математикалық талдау мен жаратылыстанудың пәнішілік және пәнаралық байланыстарын іске қосасын элективті таңдау курсын енгізу қажет.

Элективті таңдау курсы білім алушылардың білім беру дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі. Осыған орай, элективті таңдау курсының құрылымы мен мазмұны туралы нақты әдістемелік нұсқаулар жоқтың қасы. Мәселен, көптеген мектептерде оқушыларға берілетін элективтік курстардың тақырыптары кездейсоқ болуы әбден ықтимал. Себебі мұғалім оқушыларға қолында бар оқу құралына байланысты, немесе өзіне таныс тақырыптарды ұсынады.

Жоғарғы оқу орындарына оқуға келген студенттердің бейімделу уақытында олардың қиыншылықтарын азайту керек. Мектепте элективті курсты жоспарлағанда, алдымен мектептегі, жоғарғы оқу орнына оқуға қажет және әрмен қарай оқып үйренуді жалғастыратын тақырыптарды, ұғымдарды, әдістерді, мазмұндық – әдістемелік мәселелерді бөліп көрсетіп алу қажет. Сондықтан, курстың оқу жоспарына көрсетілген тақырыптарды енгізген дұрыс. Сол ұғымдар, әдістер мектептегі элективтік курстың бағытының және оқушыларды ЖОО-на дайындаудың нысаны болу қажет.

Қорыта келе, аналитикалық геометрияны оқытуда сабақтастық қағидатын іске асыру үшін келесі бірқатар шарттарды орындау ұсынылады:

а) Аналитикалық геометрия бойынша білімді жүйелеу және оның тұтастығын қамтамасыз ету үшін сабақта пәнаралық байланыстар жүргізу керек;

ә) Білім алушылардың білім беру дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі элективті таңдау курсын құру және енгізу;

б) Элективтік курста «аналитикалық геометрия» бойынша бұрын алған білімдерін нақтылау және жүйелеу;

в) Элективті таңдау курсында «Аналитикалық геометрия» бойынша алған білімді бекітіп, кеңейту, «Аналитикалық геометрия» және «Математикалық талдау» пәндерінің пәнаралық байланыстарын жүзеге асыру.

г) Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін сабақта жиі-жиі проблемалық ахуал тудырып белсендіру

д) ЖОО-да «Математиканы оқыту әдістемесі» курсында екінші ретті қисықтарды, координаттар әдісін оқытып үйрету кезінде жалпы мектеп ұғымдарының шектеулігін көрсететін проблема қойып отыру.

ж) Жоғары оқу орнының білім беру процесіне студенттердің мектепте Аналитикалық геометрия бойынша алған білімдерін бекітетін және кеңейтетін таңдау курсын әзірлеу және енгізу.

Сонымен, оқушылар геометрияны оқып үйренгенде, геометриялық есептерді шығарғанда, модельдеу, дәлелдеу жүргізгенде психикалық интелектуалды және тұлғалық дамиды. Оқушының іс-әрекеті – оқу процесінің негізі, оқу міндеттерін орындау кезінде оқушының санасында болатын барлық процестерден де маңызды. Сондықтан оқушылардың және студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында «Аналитикалық геометрия» курсын оқытуда мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтастыққа мән беру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лыкова В.Я. Последовательно и гармонично: преемственность в воспитании [Текст] /В.Я. Лыкова. - Смоленск: СГИИ, 2001.-132 с.

2. Комарова М.В. Преемственность обучения иностранному языку в средней и высшей школе : На примере технического вуза [Текст]: дис. канд. пед. наук: 13.00.08 / Комарова Марина Викторовна - Барнаул, 2002.-196 с.

3. Калинин Е.А. Преемственность в содержании литературного образования между начальной и основной школой [Текст]: дис. ...канд. пед. наук : 13.00.02 / Калинин Евгений Александрович. - М., 2003.-223 с.

4. Магомеддибирова, З.А. Методическая система реализации преемственности при обучении математике [Текст]: Дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.02 / Магомеддибирова Зульпат Абдулгалимовна.- М., 2003.- 300 с.

5. Мельников, И.И. Проблемы совершенствования современного школьного и вузовского математического образования / И. И. Мельников М.: Ун-т., 1999.-200 с.

6. Корешкова, Т.А. Научно-методические основы взаимосвязи математических курсов педвуза и школьного курса математики (на примере курса «Интегральное исчисление функций одной переменной») [Текст] : автореф.... канд. пед. наук / Т.Д. Корешкова.- М., 1991. - 16 с.

7. Насирова, М.Е. Преемственность обучения начала математического анализа в школах и педагогическом институте [Текст]: дис. ... кан. нед. наук. / Нарисов М.Е.-Ташкент, 1992.-168 с.

8. Саранцев, Г.И. Методика обучения математики в средней школе [Текст]: учеб. пособи для студентов мат. спец. пед. вузо и ун-то / Г.И.Саранцев. М.: Просвещение, 2002. - 224 с.

9. Сманцер, А.П. Преемственность обучения математике в средней и высшей школах [Текст] /А.П. Сманцер. - М.: Нар. асвета, 1995.- 134 с.

10. Сидоров, Ю.В. Преемственность в системе обучения алгебры и матема- тического анализа в школах и вузах [Текст]: дис. ... д-р пед. нау в форме науч. докл. /Ю.В. Сидоров.-М., 1994.- 35 с.

11. Колягин, Ю.М. Организация народного образования во второй половине XVIII века [Текст] / Ю.М. Колягин, О.А. Саввина, О.В. Тарасова // Начальная школа. 2003. №8. С.47.

12. Луканкин, Г.Л. Проблемы и перспективы подготовки учителей математики на новом этапе реформы образования в Российской Федерации [Текст] / Г.Л. Луканкин // Профессиональная подготовка в высшей школе накануне XXI века.-М.: МПУ, ЕГПИ, 2007. С.86-91.

13. Мордкович, А.Г. Алгебра и начала анализа [Текст]: Учебник для учащихся 10-11 классов общеобразовательных школ / А.Г. Мордкович-М.: Издательский дом «Новый учебник», 2009.-336 с.

14. Постников, М.М. Аналитическая геометрия [Текст] / М.М. Постников. М.: Наука, 1973.-752с.

15. Гальперин, П.Я. Введение в психологию [Текст] : учеб. пособие для вузов / П.Я. Гальперин. 2-изд. М.: Книжны до «Университет», 2000.-336 с.

16. Зимняя, И.А. Педагогическая нсихология [Текст] : учеб. нособие. http://sdo.mgaps.ru/books/KP1/M4/file/2.pdf

17. Леонтьев, А.Н. Деятельность, сознание, личность [Текст] / А.Н. Леонтьев. https://www.marxists.org/russkij/leontiev/1975/dyeatyelnost/deyatyelnost-soznyanie-lichnost.pdf

18. Груденов, Я.И. Совершенствование методики работ учителя математики [Текст] https://www.twirpx.com/file/635598/

19. Епишева, О.Б. Технология обучения математике на основе деятельностного подхода [Текст]: Кн. Для учител / О.Б.Епишева. М.: Просвещение, 2003.-23 с.

20. Фридман, Л.М. Изучение личности учащихся и ученических коллективов [Текст]: Кн. Для учителя / Л.М. Фридман, Т.А. Пушкина, И.Я. Куплунович / Л.М. Фридман.- М.: Просвещение, 1988.-207 с.

ӘОЖ 378.016.02:82-1-94 (574)
ҒТАХР 14.35.09
ҒТАХР 17.82.10



СЕЙІТЖАНОВ ЗУФАР НҰРСАПАҰЛЫ,
Профессор, филология ғылымдарының докторы,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы,
E-mail: seytzhanov.zufar@kaznu.ru

МАҚСҰТ ДИНАРА ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
2 курс магистранты,
7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы,
E-mail: Kayratkyzy_dinara@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТАРИХИ ЖЫРЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Мақалада тарихи жырлардың ерекшелігі мен сипаты, оны оқытудағы осы ерекшеліктерін қолданудың маңызы жайлы айтылады. Заманауи білім беру жүйесінің өзгеруі, жаңа модификацияға көшуімен бірге, оқытудың әдіс-тәсілдері де өзгерді. Тарихи жырларды елдің идеологиялық жағдайымен байланыстырып оқытудың әрі жоғары оқу орнында білім алушылардың кешенді ақпарат алудың көзі ретінде қараудың шарттары талқыланады.

Түйін сөздер. Тарихи жыр, Оқыту, Оқыту әдістемесі, Тарихи жырдың ерекшелігі, Әдебиетті оқыту.

Аннотация. В статье рассказывается о специфике и характере исторических эпосов, о значении использования этих особенностей в их преподавании. С изменением современной системы образования, переходом на новую модификацию, изменились и методы, приемы обучения. В статье дается обзор предпосылок выбора и применения соответствующих методов и приемов обучения историческим эпосом. Обсуждаются условия изучения исторических эпосов в увязке с идеологическими условиями страны и рассмотрения их как источников получения комплексной информации обучающимися в вузе.

Ключевые слова. Исторический эпос, преподавание, методика преподавания, специфика исторического эпоса, обучение литературы.

Annotation. The article describes the specifics and nature of historical epics, the importance of using these features in their teaching. With the change in the modern education system, the transition to a new modification, the methods and techniques of teaching have changed. In an era when information technologies were developing, methods of interactive teaching of folklore works were discussed.

Keyword. Historical epic, teaching, teaching methodology, specifics of historical epics, studing of literature.

КІРІСПЕ

Әлемде ақпараттық технологиялардың дамуы, интеграциялық қарым-қатынастардың орнауы мен түрлі қолданбалы ғылымдардың бір-бірімен байланысқа түсуі білім беру жүйесінің жалпы формуласын өзгертуге, білім берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру мен оңтайландыруға алып келді. Е.А.Кашина атап өткендей, «қазір білім алушыларға қойылатын талап өзгерді: оқуды, жазуды, есептеуді білу аздық етеді, енді білім алушылар ақпарат табу, жинау, бағалау мен қолдану, ұйымдастыру қабілетін қоса игеру қажет». Сондықтан ақпарат қазіргі дәуірдің басты құндылықтарының біріне айналды. Ал білім беру мекемелері талапкерлерді ақпаратпен жұмыс жасауды үйретуші, бағыт беруші кеңістікке айналуда [1.12].

Заманауи әлемнің дамуында тоқтау жоқ. Адамзат саласының түгеліне дерлік инновациялық технологиялар енгізілуде: бұл бір жағынан, адамдардың үнемі дамуына, жетілуіне, білімі мен қабілетін, құзіретін дамытуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ауыр, шаруасы мол жұмыстар машинаға артылып, адам шығармашылық пен барынша сыни ойлауға беріліп, орынды шешімдер қабылдауға мән беруде.

Ақпараттық мәдениет заманауи адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі, адамның социумда жайлы өмір сүруінің шарты саналады. Ал білім беру саласы адамзаттың осы міндетін қанағат-

тандыра алуы тиіс. Бұған дейін білім саласын ақпараттандыру өзекті болса, қазір цифрландыру маңызға ие.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі оқушылардың, студенттердің ізденімпаздығы мен дербес жұмыс жасауына, ал оқытушылардың міндеті талапкерлерге тек бағыт берумен байланысты. Сыртқы факторларды ескере отырып білім беруді қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселесі саналады. Ал біздің зерттеуімізде әдебиет пен әдебиеттанудың қайнар көзі, деректік негізі саналатын тарихи жырларды оқыту, оның заманауи әдіс-тәсілдермен беру, сол арқылы білім алушылардың әдеби және тарихи көзқарастарын қалыптастыру аса маңызды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тарихи жырлар – бұл белгілі бір дәуірдің тарихи оқиғасына құрылып, реалистік мотиві бар, бірақ эпостық белгілерімен қабаттасқан жыр. М.Әуезовтің айтуынша, «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары – көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды» [2.147].

Ал Әлкей Марғұлан «...Қазақ эпосы кейде жылнамалық жазбалардан кем түспейді, олар көп сәттерде жазу-сызуға машықтанбаған халық арасында жылнамалық жазбалардың орнына жүрген. Осы оқиғалардың эпоста суреттелуінің дұрыстығы соншама – оларды тіпті, тарихи әдебиеттер де дәлделдеп отырады» [3.35] деп жазады.

Ал фольклоршы Едіге Тұрсынов батырлар жырының да түп-төрінде тарихи жад пен тарихи оқиғаның көмескіленген формасы жататынын, сол себепті тарихи жыр мен батырлар жырын бөлек алып қарауға болмайтынын айтады. «Батырлар жыры дегеніміз – ілгергі дәуірлерде болып өткен, халықтың есінде нақтылы сипаты көмескіленіп, я болмаса тіпті, ұмытылып кеткен тарихи оқиғалардың негізінде пайда болған, бара-бара жалпылық сипатқа ие болып, белгілі бір дәуір оқиғаларын жалпы түрде бейнелейтін эпикалық шығарма. Ал тарихи жыр деп жүргеніміз – халық есінде нақтылық сипаты әлі толық жойылмаған, кейбір жағдайларда болған тарихи оқиғалардың ізімен шығарылған, тарихи оқиғалардың суреттеуде ескі батырлар жырларының поэтикалық тәсілдерін пайдаланған эпикалық үлгілер» деп анықтама береді [4].

"Әдебиет танытқыш" еңбегінде Ахмет Байтұрсынов: «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағұлым оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған уақиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген қазақ басынан кешірген уақиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады» деп көрсетеді [5].

Ал М.Әуезов пен Л.Совольевтің бірігіп жазған "Қазақ халқының эпосы мен фольклоры" атты еңбегінде тарихи жырдың жанрлық сипатын ашып, оның басты-басты белгілерін атап өтеді. Ғалымдардың айтуынша, тарихи жырдың басты ерекшелігі – оның тарихи оқиғаларға құрылғаны. Жырлардың ертеде не кейінгі дәуірлерде туғанына қарамастан, оларды біріктіретін бір нәрсе – тарихи оқиға төңірегінде өрбитіні. Одан кейінгі жырдағы басты кейіпкерлер – тарихта болған жандар. Тағы бір ерекшелігі – жырдың авторлары да тарихта, өмірде болған ақын-жыраулар. Одан әрісі жырдың басты кейіпкері – тарихи тұлғаның жанында, оқиғаның басы-қасында болған, жағдайды көзімен көрген замандастар. Оқиғаны көзімен көріп, жүрегімен сезінгендіктен, тарихи фактіні жан-дүниесінен өткізген, соны жылнама-баянға айналдырған. Мысалы, Едіге Тұрсыновтың айтуынша, тарихи жыр кейіпкерлері Абылай, Қабанбай, Олжабай, Ағыбай, Есет, Жанқожа сияқты батырлар тарихта болған адамдар болса, Қобыланды, Ер Көкше, Ер Сайын (Бату хан) сияқты ескі батырлар жырының кейіпкерлері де – тарихта болған адамдар. Ал Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жырындағы Ағыбай, Бұхарбай, Балқожа, Байзақ, Медеу, Дулат, Меңдібай, Жәуке, Толыбай сынды батырлар – Кенесарымен бірге патша үкіметіне қарсы күрескен, ел амандығын күйттеген азаматтар. Яғни, тарихта болған тұлғалар.

1979 жылғы «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты басылымда «...Мұнда үлкен оқиғаның жекелеген фактілеріне, бұқара қауымнан өзінің қайратымен, жүректілігімен, ақылымен дараланып шыққан кәдімгі қарапайым адамға мән беріледі. Бірақ олар яғни, жеке фактіде, одан да жалпы тарихи жағдайдан бөлек алынбайды. Тіпті, тарихи жырдың бүкіл мазмұнының өзі сол заманның оқиғаларынан туып, өрбіп жатады» делінген.

М.Әуезов тарихи жырлардың неге шынайы оқиғамен байланысып жататынын былай түсіндіреді: «Жырдағы әңгімені алсақ, тарихи оқиғаның жылы ізі суымай тұрған уақытта, сол оқиғаның өкшесін басып шыққандықтан үлкен шыншылдықпен жазылған. Өмірде анық болған оқиға көмескісіз, күңгіртсіз, айнаға түскендей ашық түскен. Бұрынғы батырлар жырының жасырынды сүйетін тұманды сарыны Исатай жырында суалып, жоғалған сияқты да, оның орнына ел тіршілігі мен ел салты көлемдірек болып көрінуге айналған. Бұл жағынан қарағанда Кенесары, Исатай жырлары сияқты тарихи өлеңдер әдебиетте жаңа бағыт туғызып, өмірге жанасуды мақсат қылған сияқтанады. Ел әдебиетіндегі

өміршілдік, нағызшылдық толық пішінде ең алғашқы рет осы өлеңдерден шығады. Исатайдың Жәңгір ханға астамдық сөз айтып, айып тартып, алпыс атан төлеуі, ел билерінің кесім айтуы, онан соң жырдың ішіне шай мен жылы үй, құс төсектің кіруі барлығы да әдебиетке ел өмірі көлемді суретпен кіре бастағанының белгісі. Бұлардан басқа орыс әскері, зеңбірек, қазақша соғыстың суреттері болсын, бәрі де бүгінгі заман адамдарына Исатай оқиғасы кеше ғана болған іс екенін анық білдіреді. "Исатай" жырында "Кенесарыда" кез келетін жекпе-жек жоқ. О да ескі өмірдің ескі салты еді. Оның аржағында баяғы ескі батырлар жекпе-жегі кезең астында ғана тұрған сияқты еді. Мына заман ол салт пен ол дағдыны жоғалтқан. Бұл көріксіз, көңілсіз болса да өмір» [6.156].

Тарихи жырларды туындау мерзіміне қарай төрт кезеңге бөледі. Алғашқы кезең – Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай ордасы, Қырым мен Астархан хандығы кезі. Бұл уақытта «Едіге», «Орақ-Мамай», «Нұрадин», «Қарасай-Қази», «Мұсахан», «Телағыс» сынды тарихи жырлар өмірге келді. Одан кейінгі кезең – бұл жоңғар шапқыншылығы. Бұл кезеңге Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек батырға арналған жырлар дүниеге келді. Үшінші кезең – XVIII-XIX ғасырдағы ұлт-азаттық күрес кезеңіндегі жырлар. «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбат», «Жанқожа батыр», «Жанқожа батыр» жырлары жатады бұған. Соңғы төртінші кезең – XX ғасыр басындағы көтеріліс пен төңкеріс кезінде туған жырлар. «Амангелді», «Ұзақ батыр», «Бекболат», «Оспан батыр», «Демежан» жырлары жатады.

Жырдың авторлығына келсек, Жамбыл Жабаев "Сұраншы батыр", "Өтеген батыр" дастандарын, Сүйінбай Аронұлының Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Ботбай, Өтеген, Бөлтірік, Тотан батырға арналған жырлары жырлаған. Ал «Орақ-Мамайды» Мұрын жырау, «Кенесары-Наурызбай» жырын Нысанбай жырау, «Исатай-Махамбет» жырын Ығылман Шөреков, «Досан батыр» жырын Сәттіғұл Жанғабылов жырлаған. Бұдан басқа, тарихи жырларды Сүйінбай Аронұлы, Шернияз ақын, Жамбыл Жабаев, Үмбетей, Нұрпейіс, Мұрат, Тілеміс сияқты ақын-жыраулар жырлаған. Ал Шыңжаң өңірінде Отарбай, Шәу, Көтбай, Есенсары, Әсет Найманбайұлы сынды ақын-жыршылар болған.

Жоғары келтірілген фактілерден, тарихи жырлардың үш басты белгісі барын байқадық: кейіпкері тарихи тұлға, авторы өмірде болған ақын-жырау, оқиғасы тарихи дерекке негізделген. Осы үш басты белгісін негізге ала отырып, тарихи жырларды білім беру мекемелерінде оқытудың маңызы зор екенін аңғаруға болады. Себебі әдеби жанрлардың ішінде мұндай шынайы үш бірдей интеграциялық атрибутқа ие бірде-бір жанр жоқ. Яғни, тарихи жырларды әдебиеттану, филология, лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану пәндерімен және тарих пәнімен шектесіп жатқан аралық ғылымдармен бірге алып қарастыруға, соның негізінде білім беруді жетілдіруге болады. Сондай-ақ, тарихи жырды оқыту арқылы географиялық, этнографиялық, археологиялық, генеалогиялық, философиялық, топонималық білімді бірге беруге болады.

Интеграция дегеніміз – бір оқу материалын жалпылау мақсатында барынша әртүрлі салалардың бірігуі, кіріктірілуі. Мәселен, тарихи жырды оқыта отырып, тарихи деректерді қатар оқытып, кеңейтілген білім беруге болады. Сондай-ақ, интеграция белгілі бір саланың бір-бірімен бірігуі, кірігуі ғана емес, білім беру саласында әдіс-тәсілдердің бірігуін де айтады.

Тілдік, жаратылыстану, гуманитарлық циклдердің интеграциясы оқу материалын өмірмен тығыз байланыстыруға, қоршаған шындықты тануға деген қызығушылықты оятуға, студенттердің сөздік қоры мен көкжиегін кеңейтуге, олардың білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Интеграция студенттердің зияткерлік қабілеттерін дамытуда үлкен маңызға ие. Интеграциялық оқытуда студенттің шығармашылық әлеуеті мен жан-жақты оқу мүмкіндігі бар. Бұл университетте оқуға бейімделуді жеңілдетеді [7.45].

Тарихи жырларды интеграциялық әдіс-тәсілдер арқылы оқыта отырып, білім алушылардың елдің жалпы тарихы мен мәдени-тұрмыстық жағдайын, дәуір ерекшелігін үйретіп, тарихи кейіпкерлер арқылы ұлттық идеология мен таным-түсінікті қатар сіңдіруге болады. Батырлар жырынан тарихи жырдың реалистік шындығы басым болғандықтан әрі оны өзге тарихи деректермен салыстыруға мүмкіндік туатындықтан, жоғары оқу орны шәкірттері үшін бұл деректер білім көзі бола алады. Әрі елдік идеологияны қатар енгізуге мүмкіндік бар.

Тарихы жырды тарих және басқа да ғылымдармен оқыту – студенттің қазақ халқының жалпы өмірі мен тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен шежіресі жайлы кешенді білім алуына көмектеседі. Осы бағыт бойынша бірнеше мысалдар келтіріп көрсек. Оқытушы сабақ бастар алдында тарихи жырдың ерекшелігін басты назарға алып, қай пәнмен немесе ғылыммен байланыстырып өткізудің өзінше үлгісін жасақтайды.

Тарихи жыр және генеалогия. Тарихи жырлардың тағы бір ерекшелігі – жырдағы кейіпкердің ата-тегі, шежіресі мен кімнің ұрпағы екені жайлы міндетті түрде айтылады. Бұл әдетте кейіпкердің образы мен бейнесін жасақтау үшін қажетті деталь. Мәселен, "Кенесары-Наурызбай" жырында хан Кененің Абылайдың ұрпағы, "Абылайлап" атқа қонушы батыр екені айтылады. Оқытушы тарихи жырдың тарихи оқиғалар мен шынайы фактілерге құрылған фольклорлық шығарма екенін айта отырып, қазақ халқының басынан кешкен тарихы жатқанын, қазақ халқының тарихи тұлғаларының ататегі жайында айтылған туындылар екенін жеткізуі қажет.

Тарихи жыр және топонимика. Тарихи жырда айтылған жер-су атаулары әлі күнге дейін бар. Бұл фактілерді топонимикалық атаулардың шығу тарихы жайында айта отырып, қазіргі Қазақстан өңірлерімен жырды байланыстырып беру студенттердің географиялық білімін арттыруға көмектеседі.

Тарихи жыр және өнер. Қазір ел сахнасында тарихи оқиғаны, ұлттық мәдениетпен қатысты шығармаларды қойылымға айналдыру ірі бағытқа айналды. Оның ішінде тарихи жырлардан да спектакль шығаруға ұмтылыс байқалуда. Мәселен, М.Әуезов атындағы Қазақ драма театры "Кенесары-Наурызбай" жырын сахналаумен айналысады. Ендеше студент шәкірттер аталмыш тарихи жыр мен соның негізінде жазылған спектакльді тамашалап, айырмашылығы мен ерекшелігін, ұқсастығы мен үлгіден тыс кеткен жерлерін талқылауына болады. Бұл тарихи жырды одан әрі түсіну мен интерпретация жасауға мүмкіндік береді.



1-сызба. Тарихи жырларды пәнаралық оқыту

2-сызба. Тарихи жыр мен өнерді байланыстыру

Өнер туындыларымен танысу келесі міндеттерді шешуге көмектеседі: студенттерге сахнада көргендерін олар ұсынған образдармен салыстыру; мәдени демалыс процесінде студенттер қоршаған әлемді көркемдік қабылдауды қалыптастырады; өнерге деген қызығушылық артады; эпосты зерттеу патриоттық сезімнің оянуына ықпал етеді; тарихи мәдениетке деген қызығушылығы артады.

Жоғары білім беру мекемелерінде тарихи жырларды оқытудың тағы қолдануға болар тәсілі – интерактивті оқыту.

Интерактивті оқыту – білім алушылардың ішкі өзін-өзі дамыту механизмдерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, сонымен қоса білім беру процесінде оқу сапасын арттыратын және өз бетінше жұмыс істеуде ағымдық бақылауды қамтамасыз ететін формалары қолданылатын оқытушы мен студенттің арасындағы белсенді, үнемі болатын өзара әрекеттесу [8.159].

Интерактивті оқытудың айрықша белгілерін атап өтуге болады:

- Белсенділік (физикалық, әлеуметтік, танымдық);
- Ынталылық (қызметтің бағыттылығы);
- Тәжірибемен өзара әрекеттесу;
- Кері байланыс;
- Проблемаларды шешу;
- Команда жасау дағдыларының қалыптасуы.

Білім саласына ақпараттандыру процестері етене еніп жатқан кезеңде шет тілінде білім беру мен оқытудың бағыт-бағдарына да өзгерістер енгізу керектігі алдымыздан шығады. Ақпараттық технологиялардың кез келген оқыту курсына қосымша компьютерлік технологияларды қосып байытатыны, сол арқылы студенттерге қызықты, тиімді әрі назар аудартатын ақпараттар мен мәліметтерді беруге мүмкіндік туғызатыны бәріне белгілі. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың келесідей артықшылықтары бар:

1) Көлемі үлкен ақпараттарды бір жерде сақтауға болады;

2) Ақпаратты оңай толықтырып, оңай алып тастауға болады;

3) Керек ақпаратты тез табуға, іздеуге болады;

4) Жаттығулар мен тестілеуді интерактивті түрде орындауға мүмкіндік бар;

5) Әдебиетке қатысты көрнекі, визуаль үлгілерді, аудиоақпараттарды құруға мүмкіндік көп;

6) Құрылымы жақсы;

7) Әдебиетшіге қажет ақпараттарды онлайн алуға мүмкіндік бар.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі, көбінесе, олардың оқу-тәрбие процесінің құрылымына енгізілуінің әдіснамалық және педагогикалық негізделгендігіне байланысты [9.56].

Тарихи жырларды оқытуға қатысты сабақты ұйымдастыру кезінде түсіндірме-иллюстрациялық және ішінара іздеу, зерттеу әдісін, пікірталас, әртүрлі білім көздерін, теледидар бағдарламаларын, кинофильмдер, мультимедиялық курстар, интернет-технологиялар, оқыту мен бақылаудың басқа да техникалық құралдары қолдануға болады. Бұл студент дағдысын дамытуға көмектеседі, техниканы игеруді үйретеді, сабақты жандандыруға және студенттермен қарқынды жұмыс істеуге көмектеседі. Мысалы, "дөңгелек үстел" әдісін қолдана отырып, қоғамдық мәселелерді немесе басқа даулы мәселелерді талқылауға болады. Мәселен, "Тарихи жырлардың қайсысынан заманауи анимациялық фильм түсіруге болады?" немесе "Тарихи жырдың ел идеологиясын қалыптастырудағы маңызы қандай?", т.б. сауалдар қойып, қоғамдық мәселелерді талқылауға болады.

Мәселен, оқытушы аудиторияға кіріп, студенттерден қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтеріліс бастаған тұлғалар туралы сұрап, олардың қайсысына жыр арналғаны, ұлт-азаттық қозғалыс жайлы қандай тарихи жырлар барын сұрап, ондағы негізгі ой мен мазмұнды айтуына рұқсат беру керек. Осы ойды идеологияға айналдырудың мәселелерін де қозғаса болады.

Студенттер өз ойын ортаға салғанда келесідей сауалдар қоюға болады:

1. Сіздің ойыңыз бен бағытыңыз қандай?
2. Ондай ойға келуіңіздің себебі не?
3. Дәлелдеп, мысал келтіріңіз.
4. Пікірлерді жинастырып, ой қорытыңыз.

Студент сауалдарға бағыттала отырып, өз ойын тұжырымдайды. Сол арқылы еркін ой жеткізуі керек. Студент жауабы:

1. Менің ойым мен бағытым – мынадай...

2. Себебі бұл қазақ халқын біріктірер, ортақ ойға жетелер тарихи деректер деп ойлаймын. Өзге ұлт өкілдері қазақтың осындай тарихи тұлғасы мен батырлары жайлы біліп, құрмет көрсетеді.

3. Мәселен, ұлт-азаттық көтерілістер кезінде қазақ рулары арасында ынтымақ пен бірлік бекем болмағандықтан, жеңіске жете алмады.

4. Қорытынды: Қазақстанның қазіргі идеологиясын күшейту үшін ұлттық мәдениет пен ұлттық дәстүрге, тарихи қайраткерлерді жандандыру мен танытуға ұмтылу керек.

Осындай әдістер арқылы студенттер белгілі бір мәселе бойынша өз пікірін білдіруді, көзқарасын қорғауды, білімін шоғырландыруға, байыту мен реттеуді үйренеді. Осындай талқылаулардан кейін мұғалім кейбір қосымша ақпаратты енгізеді, түзетеді, содан кейін тарихи жырларды тарихпен сабақтастырып, содан кейін келесі қорытынды жасайды [10.48].

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихи жырлардың толық сюжетін білген студент эпостағы оқиғаларды тарихи оқиғалармен салыстыра отырып талдай білуді, қазақ халқы-

ның тарихын, оның мәдениетпен байланысын, географиялық жағдайын тануды, сюжеттегі топонимикалық атаулар және оларды қазіргі заманмен салыстыруды, тақырыптық және идеялық мазмұнды талдай білуге үйренеді.

Ақпараттық технологиялар ұсынылған материалдарды тиімді ұйымдастырып, курсқа қажетті түрлі компоненттерді байланыстырып, оқыту бағдарламаларын интерактивті түрде ұсынып, оқушы үшін де, мұғалім үшін де таптырмас көмекші болмақ. Мәселен, электронды оқу құралдарын оқу үрдісінде қолдану студенттің лингвистикалық та, ақпараттық дағдыларын да дамытып, әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі.

Тарихи жырлардың ерекшелігін қолдана отырып заманауи оқытылым әдістерін қолданудың маңызы зор. Әсіресе, бұл студенттердің кешенді білім алуына әрі елдік идеологияны түсіну мен жалпы тарихи жағдайларға тұжырым жасауға септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кашина Е. А. Прогнозирование структуры интегрированного курса информатики : дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / Кашина Елена Анатольевна. – Екатеринбург, 1997. – 187 с

2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962. – 427 бет

3 Маргулан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса. "Известия Каз ФАН СССР. Серия историческая". – Алматы, 1946 год, с. 75

4 Тұрсынов Е.Тарихи жырлар мен өлеңдердің шығу төркіні//Электронды кітап. Ғаламторы сілтемесі https://kitap.kz/book/tarixi-zhyrlar-men-olengderding-shyhu-torkini

5 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. I-том.-Алматы; 2003. – 289 бет

6 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 460 бет

7 Леонова И.А., Гапонов О.И. Традиции как основа нравственно-эстетического воспитания курсантов и слушателей // Территория науки. 2015. № 4. С. 44-47.

8 Мадумарова М.К. // Методы интегрированного обучения заветов Манаса в целях распространения национальной идеологии и укрепления государственности. Синергия. Науки об образовании. №2. 2016 жыл. – 156-161 стр.

9 Трапезникова Т.Н. Новейшие педагогические технологии: кейс-метод (метод ситуационного анализа) // Территория науки. 2015. № 5. С. 52-59.

10 Шаталов М.А., Мычка С.Ю. Внедрение инновационных методов обучения при реализации программ подготовки специалистов среднего звена // Перспективы науки и образования. 2015. № 5 (17). С. 47-52.

УДК 004.853

МУРСАКИМОВА ГҮЛЖАН АЛТАЙБЕКОВНА,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қаласы,
E-mal: gmursakimova@mail.ru

КАНАПЬЯНОВА ЗАУРЕ НИАЗБЕКОВНА,
педагогика ғылымдарының магистрі,
№28 IT мектеп-лицейі,
Талдықорған қаласы,
E-mal: kanapyanova81@bk.ru

STEM БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ РОБОТОТЕХНИКА БАҒЫТЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

Түйіндеме. Бұл мақалада STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі мен оның шеңберіндегі академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар келтітіледі. Математикалық және ғылыми-техникалық білім беруді дамыту туралы бағдарламалары мен мысалдары көрсетіледі. Сонымен бірге STEM–платформасын қолдана отырып робототехника және бағдарламалау тілдерін оқыту мүмкіндіктері қрастырылады.

Кілттік сөздер: stem платформасы, робототехника, IT саласы, бағдарламалау, ұлттық стратегия, ғылыми-зерттеу жұмыстар.

Аннотация. Эта статья представлен STEM - комплексный подход к обучению и академические научно-технические концепции. Представлены программы и примеры развития математического и научно-технического образования. Кроме того, рассматривается возможности обучения робототехнике и языкам программирования с использованием STEM-платформы.

Ключевые слова: stem платформа, робототехника, IT индустрия,
программирование, национальная стратегия, исследования.

Annotation. This article is presented by STEM - An Integrated Learning Approach and Academic Scientific and Technical Concepts. The programs and examples of the development of mathematical and scientific and technical education are presented. In addition, the possibilities of teaching robotics and programming languages using the STEM platform are considered.

Keywords: stem platform, robotics, IT industry, programming, national strategy, research.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керектігі жайлы атап өткен болатын. Осыған орай, «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырған.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұл тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнатуға бағытталған.

Әлемнің басқа мемлекеттерінде математикалық және ғылыми-техникалық білім беруді дамыту жөнінде мемлекеттік бағдарламалар да қабылданды. Мысалы, Малайзияның 2013-2025 жылдарға арналған білімді дамыту жоспары аясында STEM-білім беру реформасы қарастырылған [1].

Австралияда 2015 жылы STEM-білім беруді мектептерде дамытудың 2016-2026 жылдарға арналған Ұлттық стратегиясы қабылданды (National STEM School Education Strategy). Стратегияда бес басты міндет анықталды:

1) оқушыларды STEM-ге тарту және қызықтыру, қабілетін арттыру;

2) мұғалімдердің әлеуетін және STEM пәндерге оқыту сапасын арттыру;

3) мектептерде STEM-білімін алу мүмкіндіктерін қолдау;

4) ЖОО-мен, бизнеспен және өнеркәсіппен тиімді серіктестік қарым-қатынастарға жәрдемдесу;

5) мықты деректер қорын құру.

STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Бұл әдістемелік ұсынымдар шет елдердегі және Қазақстан мектептеріндегі STEM білім беруді дамытуды зерттеу нәтижелерін қамтиды. STEM білім беруді ұйымдастырудың негізгі тәсілдері қарастырылып, мектептердегі оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану-ғылыми, математикалық, технологиялық сауаттылықты дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулар ұсынылған.

Оқу-әдістемелік ұсынымдар білім беру саласындағы мұғалімдер мен мамандарға арналған, сондай-ақ қазіргі заманғы білім беру мәселелерін зерттеушілер үшін пайдалы.

STEM білім беру, бұл - білім беру саласында «Жаратылыстану», «Математика және информатика», робототехника бойынша элективті пәндер өзгермелілігін субъектілерінің терең зерттеуді білдіреді, графикалық дизайн және басқа да оқушылардың 21-ші ғасырда табысқа мен бәсекеге қабілеттіліктің қажет негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған.

Дегенмен, қазіргі уақытта STEM бағытының негізгі субъектілерін зерттеуге заманауи көзқараспен қарауға бағытталады, яғни заманауи ақпараттық қоғам, математика, физика, химия, биология және инжиниринг (программалық қамтамасыз ету, молекулярлық-генетикалық инженерия, инженерлік техника және т.б.) бойынша қол жетімді ғылыми зерттеулермен интеграциялауды қамтитын, өмірге неғұрлым бейімделген оқытудың жаңа формасының пайда болуына ықпалын тигізеді [2].

Stem-білім берудің әлем елдеріндегі STEM-мамандықтардың түлектері, (20-39 жастағы халықтың 100 мың адамына шаққандағы саны) жұмыспен қамтылған.

STEM –academia.com платформасы бірнеше білім беру бағыттарының бір нешеуін қарастырып оқытуға бағытталған өте тиімлі әдістемелік нұсқаушы болып табылады.



2-сурет. STEM –academia.com платформасы IT- саласындағы оқыту бағдарламалыры

IT- саласындағы оқыту бағдарламаларын қарастыратын болсақ, мұнда бағдарламалау тілдерін және инженерлік техника (робототехника) бағыттарын үйретудің әдістемелері де қарастырылған. STEM-платформасында робототехника бағыты бойынша тәжірибелік және жобалық жұмыстарды жасауға арналған мысалдары қамтылған. Тәжірибелік жұмыстарды жасай отырып бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларды да ұйымдастыруға болады. Ал бағдарламалау тілдерін меңгере отырып роботтардың қозғалу механизмін құруға болады.



3-сурет. Бағдарламалау тілдері оқыту түрлері

Қазақстанның өкілдері Қазақстандағы мектеп оқушылары мен студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының, соның ішінде оқушылардың ғылыми жобалары, пәндік олимпиадалар, университеттегі курстық және дипломдық жұмыстар туралы және т.б. туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы қарастырылған (4 және 5-сурет).

4-сурет. «Технологиялық жоғары ортадағы ғылыми білімнің мәселелері» семинары



5-сурет. Мектептегі физиканы оқытуда жаңа технологияларды қолдану бойынша мастер-класс («Инновациялар және оқу мен оқытудағы жаңа технологиялар» секциясы, Сингапур Ұлттық университеті)

6 – сурет. Мектепте биологияны оқытуда жаңа технологияларды қолдану бойынша мастер-класс («Инновациялар және оқу мен оқытудағы жаңа технологиялар» секциясы, Сингапур Ұлттық университеті) [3].

Орта білім беру ортасында STEM – academia.com платформасында робототехника бағыты бойынша да оқушылардың ойлау логикасын дамытуға, және шығармашылық жұмыстарын мен жобаларды жасауға қызығушылығын арттырады.

Робототехника - автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеумен айналысатын қолданбалы ғылым. Робототехника электроника, механика, бағдарламалау, физика пәндеріне сүйенеді. Робототехника ғылыми - техникалық прогрестің маңызды бағыттарының бірі болып табылады, онда механика мен жаңа технологиялар мәселелері жасанды интеллект проблемаларымен ұштасады.

Ойын немесе жарыс түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Еңбек, ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелген. Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен қызығушылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс.

Оқушылар робототехника сабақтарына өздерінің идеяларымен келеді, оларды жүзеге асырудың барлық мүмкіндігін қарастырады. Педагогтардың міндеті – оларға осы ізденіс барысында бағыт бағдар беру.

Курсты жүргізетін педагогтар робототехника сабақтары өз оқушыларын жақын тануға, олардың айрықша қабілеттерін, бейімі мен ойлау стилін бағамдауға мүмкіндік береді. Бұл әр оқушыға жеке көзқарасымен қарауға да көмегін тигізеді.

Келесі 7-9 суреттерде Талдықорған қаласының №28 IT мектеп -лицейінің оқышыларымен бірлесіп робототехника бағыты бойынша жұмыс жасау нәтижелері көрсетілген.

7, 8-суретер. Оқушылардың жұмыс жасау барысы мен нәтижелері

8-сурет. Әр түрлі деңгейде ұйымдастырылған жарыстар оқушылардың қызығушылығын арттырады

9-сурет. Жарыс барысы

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылар робототехника бағыты арқылы физика, математика, бағдарламалау сияқты нақты ғылымдарды жеңіл әрі тиімді жолмен түсінуге мүмкіндік алады. STEM платформасын қолдана отырып, кәсіби түрде осы саламен айналысқысы келетін оқушылар да қызығушылық танытып жүр.

Оқушыларды робототехника бағыты бойынша түрлі жарыстарға қатыстырып, және тәжірибе алмаса отырып білім деңгейі мен қызығушылықтарын арттыруға болады. Қызығушылығы артқан оқушы көптеген жетістіктерге жетеді.

Оқушылардың Республика және халықаралық деңгейде түрлі жарысқа қатысудағы басты мақсат – елімізді халықаралық аренада таныту.

Болашақта робототехника және IT саласының маманы болып, Қазақстандағы робототехниканың дамуына септігін тигізеді деп ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 160 б

2. Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н. А. Назарбаева Народу Казахстана от14 декабря 2012.

3. Отчет сотрудников НАО им. И. Алтынсаринапо итогам научной командировки в Сингапурс 23 по 28 ноября 2014 г. – НАО им. И. Алтынсарина, 2014 – 12 с.

ӘОЖ 378
ГРНТИ 14.35.05

ОСПАНОВ БАХТИЯР,
аға оқытушы, филология ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
E-mail: baktiar_aa@mail.ru

СЫР СҰЛЕЙІ ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақала авторы қазақ жерінде әрдайым талантты және дана адамдар болғанын және Сыр елінің ақын-жыраулары олардың ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Мақалада Тұрмағамбет Ізтілеуовтің шығармаларын талдау негізінде олардың тәрбиелік жағына мән беріледі, ақынның исламдық дүниетанымын талдауға көбірек көңіл бөлінеді. Посткеңестік дәуірде азаматтарымыздың барлығы дерлік «ұлтшыл», «діндар», «халық жауы» болғаны жасырын емес. Олар біздің данышпандардың сөздерін ұлттық санадан күштеп алып тастауға тырысты. Ақын Тұрмағамбет шығармаларын талдау негізінде оның адамгершілігін, өз халқына деген сүйіспеншілігін, тарихи сахнада өз ұлтын сақтап қалу жолындағы күресін көре алдық. Осы бағытта мақала авторы Тұрмағамбет шығармаларынан мысалдар келтірген.

Түйінді сөздер: дүниетаным, рухани дүниетаным, ислам, исламдық дүниетаным, тәрбие, қоғам, сана.

Аннотация. Автор статьи отмечает, что на казахской земле всегда было много талантливых и мудрых людей, неотъемлемой частью их являются поэты-сказители земли Сыра. В статье на основе анализа произведений Турмагамбета Изтлеуова раскрывается их воспитательный аспект, больше внимания уделяется анализу исламского мировоззрения поэта. Не секрет, что в постсоветское время почти все наши граждане были «националистами», «религиозными», «врагами народа». Они пытались насильственно вычеркнуть слова наших мудрецов из национального сознания. Анализ произведений поэта Турмагамбета показывает его гуманность, любовь к своему народу, борьбу за сохранение своей нации на исторической сцене. В статье приводятся примеры из произведений Турмагамбета.

Ключевые слова: мировоззрение, духовное мировоззрение, ислам, исламское мировоззрение, воспитание, общество, сознание

Abstract. The author of the article notes that there have always been many talented and wise people on the Kazakh land, an integral part of them are poets-storytellers of the land of Kyzylorda. Based on the analysis of the works of Turmagambet Iztleuov, the article reveals their educational aspect, more attention is paid to the analysis of the poet's Islamic worldview. It is no secret that in the post-Soviet era, almost all of our citizens were "nationalists", "religious", "enemies of the people." They tried to forcibly delete the words of our sages from the national consciousness. Analysis of the works of the poet Turmagambet shows his humanity, love for his people, struggle to preserve his nation on the historical stage. The article provides examples from the works of Turmagambet.

Key words: worldview, spiritual worldview, Islam, Islamic worldview, education, society, consciousness.

КІРІСПЕ

Болашағынан үлкен үміт күттіретін кез-келген тәуелсіз елдің, еркіндік жолындағы кез-келген ұлттың ең қастерлі міндеті - өткенмен үндесіп, жас ұрпақтың санасын нығайтуға қызмет ете алатын білім беру жүйесін құру. Ал мұндай білім беру жүйесі ұлт табиғатын ескере отырып жүзеге асырылады. Өткеннен сынға түскен ұлттық дүниетанымның құнды мұралары жас ұрпақ рухының негізі болып, болашаққа бағыт-бағдар бергенде ғана ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді.

Осы тұрғыдан қарастырғанда ғасырлар бойына қалыптасқан қазақ әдебиетінің даму жолы халқымыздың рухани дүниетанымының көркемдік ойлау жүйесін танытады және оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі мол тәжірибесі негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы саналады.

Бұл мәселені шешу - қазіргі ұрпақтың басты мақсаты. Өйткені, адамның дүниетанымын жоғары деңгейде дамытуға қазақтың рухани байлығының әсері зор. Бұл үдерісте исламдық дүниетанымның, әсіресе Сыр бойында өмір сүрген ақын-жыраулар шығармашылығының әсері өзгеше.

Зерттеу жұмысының әдістемелік және теориялық негізін, біріншіден, Тұрмағамбет Ізтілеуовтың шығармалары құрайды. Екіншіден, олар туралы жазылған ғалымдардың еңбектері шолу әдісі арқылы сипатталып, аталмыш ең-

бектерде қолданылған материалдар назарға алынды. Ізденіс рухани дүниетаным, руханилық, білім, тәрбие, қоғам, сана, ислам, исламдық рухани кілт сөздеріне сүйену арқылы жүргізілді. Салыстырмалы тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық талдау әдістері нәтижелерге жетуге арқау болды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сыр сүлейі - Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882-1939) Бұхарадағы әйгілі «Мир Араб» (Көкелташ) медресесінде ұзақ жылдар бойы оқыған, араб, парсы, түркі тілдерін жетік білген, шығыс тарихы мен әдебиетін білген, ақын болған. Ол поэзия өнері бағаланатын елде туып-өскен. Осындай жан-жақты және бай рухани байлықпен қаныққан Тұрмағамбеттің шығармасы ағартушылыққа, эстетикалық тәрбиеге, өнер іздеуге, еңбек етуге шақырады және т.б. тәрбиелік идеяларға толы. Ол өзінің «Шәкірттерге» деген өлеңінде балаларды білімге шақырып, ғылымның өмірлік пайдасын, артықшылықтарын түсіндіреді.

Ата-анаң бәріңнің де мәз боп отыр,
Қалды деп молда болып қарақтарым.
...Дұғада ұстаздарың Тұрмағамбет,
Бәріңнің оң болғай деп талаптарың! [Ізтілеуұлы Т.,2009, 23б.]

дегені де ақынның оқу-білімнің қажеттігін көре білген терең танымын көрсетеді. Ақын өзінің алғашқы жазған өлеңдерінде жастарға, көпшілік қауымға оқу мен өнер-білімнің адамның зердесін ашатынын, содан нәр алып, ой-өріс кеңейетінін, әсемдікті түсінетін, ғылым мен даналықтың, ақылдылықтың, парасаттылықтың бесігі екенін дәлелдеп, ғибрат айтады.

Ұлы ақын Абайдың "Атаңның баласы болма, адамның баласы бол" – деген ұлағатты сөзін Тұрмағамбет ақын өзінің "Қайрама халыққа тісіңді", "Қайтсең де өз халқыңа қызмет қыл", "Қамын ойла халқыңның" атты өлеңдерінде негізгі идея етіп ала отырып, өз қамын ойламай, халық қамы үшін аянбай еңбек етуге шақырады.

Қайратты туған ер болсаң,
Қамын ойла халқыңның.
Жетім менен жесірге,
Өзі бол – жүзі жарқынның, -

деп халыққа жақын, жетім мен жесірге қамқор болуды насихаттайды [Ізтілеуұлы Т., 2009]. Сол секілді қайрат, еңбек, рухани адамгершілік, қайырымдылық қасиеттерді өз өлеңдерінде қатар қойып, адам болу үшін осы қасиеттердің барлығын бірдей бойға қуат, ойға қазық етуді талап етеді.

Бала тәрбиесі қай кезде болсын ұстаздың да, ата-ананың да жадынан шықпайтын келелі мәселелердің бірі. Осы орайда ақын өзінің ұстаздық

парызын шәкірттері есіне маржандай төгілген жыр шумақтарымен береді:

Шәкірттер, бір-біріңмен ұрыспаңдар!
Мінездің мінін алып, дұрыстаңдар!
Күтініп күн ілгері жылыстаңдар.
Күшіктей күжірейіп бір-біріңмен,
Ұстасып, отбасында жұлыспаңдар!
...Жасыңна оқу оқып, үлгі үйрен де,
Ел билеп, ұлғайған соң, тыныстаңдар! –

деп төгілтіп айта отырып, балаларға жаман мінезден аулақ болуға, оқу-білім, өнермен мұратқа жетуге, жанұяда тәртіпті де ибалы болуға шақырады [Ізтілеуұлы Т., 2009, 24б.] Тұрмағамбет өзінің қысқа шумақты рубаиларында өмір, пәни, болмыс жайлы толғана келе, өмір құбылыстарын көңіл құбылыстарымен салыстыра отырып, пайымды тұжырымдар жасайды:

Жасыңда жаңа соққан пышақтайсың,
Қажалып қартайған соң ұсақтайсың.
Өкпеңнен өлім оғы өткен күні –
Көз жұмып, қара жерді құшақтайсың.

Ақын сондай-ақ отбасында берілер өнеге-тәрбие жайлы да өз өлеңдерінде толғап өтеді:

Тіріңде тіршілік қып тырбанасың,
Жаһанға жаратылып келеріңде.
Ұшқанда алар аңың сол болады:
Ұяңнан нені көрсең өреріңде.

Тұрмағамбеттің артында қалдырған нақыл сөздері де тәлім-тәрбиелігі жағынан құнды пікірлерге толы. Мәселен, оқу-өнер, білім жайында:

Ғылым – іштегі нұр,
Өнер – сыртқа салынған түр.
Білім – арзан,
Білу қымбат.
Ілім – бұлақ,
Ақыл – жағалай біткен құрақ;

Адамның жақсы мінездері мен қасиеттері туралы:

Сабыр – күн түсірмейтін сая,
Асығыс – аунатып кететін мая.
Ақылсыз адам – ауыздықсыз ат.
Жақсы ер – елдің туы,
Жақсы әйел – ердің туы.
Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толады,
Құлағы жоқ, көзі саудың ақылы солады.

Сонымен жоғарыда айтылып өткен пікірлерімізді жинақтай келе, Тұрмағамбеттің артына қалдырған мұралары қазақ этнопедагогикасының жарқын беттерін тәлімі мол тәрбиелілігімен, ғылыми құндылығымен толтыратыны даусыз.

Тұрмағамбет өзінің өлеңдері арқылы кейінгі ұрпақты терең білім алуға, жастық дәуренді босқа өткізіп алмауға шақырады. Ол қазақ ұлтының мәңгілік болашағын жасайтын ұрпағына халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиелік ойларын жүйелі жырлайды. "Өмір өткелдері" өлеңі арқылы сәби шақ, болашақ шақ, жігіттік кезең, "өз алдына от жаққан отыздағы кезең", "ақындыққа бой ұрған" кезеңдерді суреттейді. Өлеңдегі лирикалық қаһарман – ұлттың тірегі боларлық тұлға. Әрбір адамның осы кезеңдерді бастан кешіруі туралы ақын философиялық ой түйеді.

Сауалын Сүлейменнің берген шешіп,
Білімге бай болған соң бір құмырсқа.
Талабы қай біреудің оңғарылса,
Иелік ете кетер бақ ырысқа.

Жыр үлгісінде жазылған бұл өлеңнің айтар ойы терең қол қусырып отырмай талаптанып, алға ұмтыл, жақсыдан үйрен, жалықпай білім ал, сонда ғана еліңе тіреу боларсың деген ақын ұрпағын биіктен көргісі келеді. "Адамдық іс" атты өлеңінде ауызбіршілікті, бірлікті уағыздайды. Елдің қамын жеген ақын дұшпанға құл болып, байланбас үшін, қайраңдағы шабақтай шалпылдап қалмас үшін халықтың бірлігі қажет екендігі туралы айтады. Халқының жанашыры болған ақын өз халқына береке, молшылықтың тек бірліктің арқасында келетіндігін айтады.

Деген бар: "төртеу түгел – төрге шығар"
Төрің сол – бақыт құстың айналғаны
Алтау боп аузың ала бола қалса,
Дұшпанға құл боп анық, байланбағы.

"Қайрама халыққа тісіңді" өлеңінде қазақ халқына тән үлкен қасиет кешірімшіл болуды, кекшіл болмай, көпшіл болуды уағыз етеді. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадисімен түйгенде: "Мұсылман баласына үш күннен артық кек сақтауға болмайды", қанатты сөзде: "Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш". Оқырман ой-санасының деңгейіне сай өрбітіп, өз түсінігі қалай қабылдаса да өнегенің нағыз үлгісі.

"Ақыл – тон аңдағанда тозбайтұғын" өлеңі – Т.Ізтілеуұлының өмірден түйген пайымының қорытындысы. Аз сөзбен "Жастық шақты елең-селең етіп босқа өткізбей", ғылым, білім, өнерді меңгеруге шақырғаны суреттеледі.

Ақыл – тон аңдағанда тозбайтұғын,
Ғылым – кен, күнде өніп қоздайтұғын,

деген жолдардан терең ойды байқауға болады. Әрбір адам ақыл мен ғылымды өміріне серік етуі керек. Ғылымның қызығына тоймай, күнде жаңа нәрсені үйреніп, біліп отыруға болатындығын ақын оқырманына осындай терең ойлы сөздермен жеткізеді.

Ұл мен қыздың қызығы,
Тілі анық шыққанша,
Мергендіктің қызығы –
Көздеген аңын жыққанша.
Жүйрік аттың қызығы –
Шомылып терге лыққанша; [Ізтілеуұлы Т., 2009, 284 б.]

Бұл жай ғана өлең емес, қазақ өмірінің тұрмысының көрінісінен мәлімет беретін толғау. Әрбір нәрсенің өмірдегі мәнін, негізін түсіндіреді, қазақ халқының болмыс табиғатын егжей-тегжейлі, барынша дәл және қайталанбастай әсерлі сипаттайтын тұтастай суреттер сыйып кеткен.

Ұлттық дүниетаным – ежелгі ата-бабалардан бүгінгі ұрпақтар өмір сүрген географиялық ортада, атамекенде қалыптасқан көзқарастар жүйесі. Қазақ елінің ежелгі атажұрттарын мәңгілік мақтанышпен жырлау – қазақ поэзиясында қалыптасқан ұлттық сезімнің нақты көрінісі.

Атамекеннің берекелі табиғатының, оны мекендеуші адамдарға бақыт, байлық әкелетінін жырлау – қазақ ақындары және жыраулар поэзиясының көркемдік мұраты. Бұл бағыт Тұрмағамбет поэзиясында да басты тақырып болып келеді. Сыр жерінің байлығын, молшылығын, табиғат көрінісін, ақынның өзін қоршаған ортада нәр алған шабытты, шалқар сезімі, ғажап өлең өрімі байқалады. "Жыл келді" өлеңінде Тұрмағамбет жердің жаңарған көктем мезгіліндегі Сыр бойының сұлу бейнесін көргендей боласың. "Әр елдің бар бұлбұлы" өлеңінде ақын Сырдың саңлақ шайырларын айтып мақтан етеді.

Балқы базар – білгенге,
Атақты әйдік астана.
Жұмыла жұртты жиып ап,
Жырласа бітпес күні-түні. –

Осы жолдар арқылы ақынның өзінің алдындағы жыраулардан үлгі алып, үйренетіндігін, оларды өзіне пір тұтатындығын айтады. Сыр өлкесінің осындай саңлақ шайырларды дүниеге әкелген киелі өлке екендігін жырлайды.

Тұрмағамбет сауатты болғандықтан ерте кезден-ақ Абай шығармалары-мен жақсы таныс болған. 1910 жылы "Абайды оқығанда" деген өлеңін жазған.

"Артында атақты ердің қалса сөзі",
"Өлді деп өкінбеймін оның өзі".

Абайдың артында қалған ғибратты сөзі оның есімін ешуақытта ұмытыл-майтындығын айтады. Ұлы Абайдың айтқандарын оқығандағы өзінің сезімін, шалқар шабытын өлең жолдарымен өре білген ақын, Абай сөздерінің дара-лығын кейінгі ұрпаққа үлгі етеді.

Шығыс поэзиясының дәстүрін бойына молынан сіңірген Тұрмағамбет олардың кейбір идеяларын, сарындарын және оқиғаларын жаңғырта жырла-ғандығы, қазақ өлеңін түп мазмұн жағынан дамытқандығы рубаилар, мысалдары арқылы көрінеді. Рубаи – араб сөзі, төрттік немесе төрт жолдық өлең деген мағынаны білдіреді.

"Қоям, - деп, халықпен қарсы" – бір өзіңді,
Байқамай болып жүрме тірі езінді
"Әрқашан алам – деген - төрден орын", -
Түзеп ал татаусыз қып мінезіңді ! [Ізтілеуұлы Т.,2009,288б.]

Бұл рубаиларда ақынның өмір, тіршілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас, өмір тәжірибесі туралы толғамдары мен түйгендерін бір-бір шумақ өлеңге сыйғызады. Сөйтіп "тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні" айтылады.

Дүниеден өмір біткен өткенде өзім,
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім,
Көре алмай кейінгіні кеттім-ау деп
Арманда болмай-ақ қой, екі көзім [Ізтілеуұлы Т., 2009, 288 б.].

Бұл рубаиларды бүгінгі ұрпақтарға оқыту арқылы Сыр өлкесінде Тұрмағамбеттей дарын иесі өткенімен таныстыра аламыз. Тұрмағамбет

ақын-ның мол мұрасы, әрине, мұнымен шектелмейді. Ақынның "Рауа Бану", "Жарлы Тәліп" атты шағын дастандары өзі өмір сүріп отырған шақта ел арасына ауызша таралып, жыршылар халық арасында жырлап жүрді. Бұл дастандардың да әдебиетімізде де, қазақ поэзиясында да алар орны ерекше.

Қалайда "Аралап жердің жүзін жүрер сөзім" дегенді ақын артық айтпаса керек. Ақынның мол мұрасының қазіргі ұрпақ тәрбиесіне етер ықпалы зор. Бұл шығармаларды оқу арқылы әрбір оқушы жан дүниесін байытады, ұлттық дүниетанымын қалыптастырады.

Сондықтан ақынның көкірек қойнауында қайнап шыққан шығармалары-мен бүгінгі ұрпақты сусындату – Тұрмағамбет жырларына тәнті ету, жорға тілмен кестеленген жыр жолдарын сезіну білу.

Тұрмағамбет туралы аңыз болып кеткен әңгімелерде, өлеңдерінен афо-ризмнің, көрегенділіктің небір үлгісін көруге болады. Солардың көпшілігі халық аузында, қазақ тілінің байлығын көрсетіп, рухын асырып, құндылығын асыра түсетіні анық. Мысалы, "Әкімің залым болса, жердің үстінен асты жақсы", "Әкім – бір ұлттыкі, ақын – бар жұрттыкі", "Сыпайының ісі сабырмен бітеді", "Қарныңнан қиын кетсе, басыңнан миың кетеді".

Түрекең белгілі Сыр сүлейлері, ақын, жырауларының айтысына төрелік айтқан және оларды жүгіндіретіндей аталы сөзбен татулықты жоғары қойып, тоқтау қойған. Мысалы, Шәкей сал мен алты ақынның өмірі туралы" жолдарында Керейт елінің азаматтарына:

"Татулық – таусылмайтын кен секілді,
Кен сақтау – шама келсе, шен секілді,
Ортаңда татулықтың тұрса туы,
Дос – дұшпан демес сені "кем секілді..." – деп жазған.

Тұрмағамбет жырларының ел есінде қалып, атадан балаға жалғасып, олардың жүрегінде орын алып, өмірдегі мысалдарды пайдалануында және оның арасында нақыл-өсиеттерді тиімді пайдаланып, кейбір кемшіліктерді болдырмауымыздың жолдарын көрсетуінде деп айта аламыз. Сондай нақыл-өсиеттер ақынның жырларында көптеп кездеседі. Мысалы, "Жігіттің жарас-тығы жан барында, дос сыйлау дастарханда нан барында", "Сөз өлшеуін білмеген, шағалаша шулайды", "Негізінде, нәпсім – бөрім, ойым – қойым, нәпсіге ойды "жемей" жоқ қой тойым", "Күшіктей күжірейіп бір-біріңмен, ұстасып от басында жұлыспаңдар" және т.б.

Тұрмағамбеттің "Көңіліме егілді махаббатың", "Татулық таусылмас кен", "Арқаның ауруы не қозбайтұғын?" деген өлеңдерінде ақын махаббат, достық, ақыл, білім туралы жырлайды, жас ұрпақты осындай асыл қасиеттер мен қазынамызды қадірлеп, сақтауға, білуге шақырады.

Ақынның ағартушылық, адамгершілік тақырыбына философиялық топшылау жасаған өлеңдері ел арасында көп таралған, бір ауыздан екіншісіне айтылып отырған. Шын мағынасында адам болудың жолы – білім алу деп ұққан Тұрмағамбет "Шәкірттерге" (1905), "Балаларым" (1906), "Ұлдарым" (1915) деген өлеңдерінде Ыбырайша жас ұрпақты тікелей оқуға, халықтың көзін ашуға шақырса, "Тәлім" (1906), "Адамдық іс" (1907), "Қамын ойла қазақтың" (1907), "Халыққа қайрама тісіңді" (1907), "Мәнді сөз" (1908) деген өлеңдерінде өсиет, нақыл түрінде халқының қамын ойлап қалтқысыз қызмет етуге шақырады [Еңсегенұлы Т., 2000].

Ақын шығармаларының бір саласы мысалдар десек, ол өзінің "Өгіз бен есек", "Көккұтан мен шымшық", "Төрт дос" деген мысалдарында жанжануарлар тілімен жақсы қасиеттерді мадақтап, жаман қасиеттерге күліп отырған, бірлікке, достыққа, елдікке шақырған. "Төрт дос" деген мысалда тасбақа, түлкі, қарға, киік – төртеуі дос болып, бастарының аманында шын көңілмен бір-бірімен сыйласқан, киіктің басына қиындық туғанда, барлығы көмекке келіп құтқарғанын айтып, "Береке болмай қалмас қай күнде де", "Бірлікпен осылайша бас қосқан" – деп аяқтайды.

Тұрмағамбет Шығыс классиктерінің үлгісімен жазылған рубаяттарында, яғни төрт жолдық шумақтарында ақыл-нақыл сөздерді шебер түйіп, бейнелі түрде, өз пікірін бағытты түрде, кейде мысқыл түрінде, жаман әдеттерді дәл көрсетіп айта білді. Ондай шумақтар халық аузында болды, жаттап алынды, қажетті кезінде айтылып отырды. Оған ақынның "Насыбай", "Темекі", "Арақ" туралы шумақтары нақты мысал бола алады.

"Насыбай" деген шумақтарында жағымсыз қылықтар мен әдеттерден, уытты сөздерімен жиіркендіріп, тазалық сақтауға үгіттеп, былай дейді:

Атпаңдар, тіл алсаңдар, насыбайды!
Нас атсаң, нас боласың басыбайлы.
Желді күні "түһ" деп қатты түкіргенде,
Боқтай-ақ бет-аузыңа шашырайды.
Аптықпай ақылы толық азаматтар,
Өз-өзін таза етіп асырайды [Ізтілеуұлы Т.,2009,289б.].

Көп жасаған қарттар көрген-білгендерін қорытып, ұрпаққа аманат ақылын, өсиет – насихатын айтып кеткен. Ақын Тұрмағамбет те өзінің нақылдарында: "Адам ісімен ғана емес, мінез-құлқымен, адамдармен қарым-қатынасымен бағаланады" – дейді.

Ердің ісі – келіс,
Жаманның ісі – керіс.
немесе
"Керіспеймін" деп мақтанба,
"Кек сақтаймын" деп мақтан, -

деп келісіп жасалған жұмыстың алға апаратынын, керістің артқа тартатынын айтып, ел адамдарын ауызбіршілікке шақырады.

Ақынның өткір де қанатты сөздері, даналық тұспалдары қазір ел аузында халыққа тарап кеткен. Халқына, жеткіншек ұрпағына өсиетті өнегесі – нақылдарын сұрыптап ғалым Ұ.Н.Жаңбыршиева мынадай түрге бөлген [Жанбершиева Ұ. 1996, 4 б.]:

1. Нақыл сөз – бұл мақалаға ұқсас, онда автор ананы істе, мынаны істе деп айтпайды. Ол ақынның тауып айтқан тұжырымды үлгілі сөзі.

2. Қанатты сөз. Бұл – елге жаттанды болып, үлгі-насихатқа құрылған, қысқа бейнелі түрде айтылған, өсиет сөз. Бұған Тұрмағамбеттің адамгершілік, мінез-құлық туралы өсиеттері жатады.

3. Ақылгөйлік сөздер. Кеңес айтады, ақыл береді. Мысалы:

Ғылым – іштегі нұр,
Өнер – сыртқа салынған түр.
Білім – арзан,
Білу – қымбат.
немесе
Айтар нақылы жоқтық –
Табар ақылы жоқ, -

деген сияқты т.б. ақынның сөздерін елдегі үлкен кісілер, ақын-жыраулар, ретті жерлерде кейінгі жас ұрпаққа ақыл-нақыл есебінде айтып отырады. Оларды өткір, тапқыр ойлы сөйлеуге үйретеді.

Т.Ізтілеуов өзінің "Балаларым" деген өлеңінде барлық жастарда жалқау болмай, сауатты болуға шақырып, білімді болудың қажеттілігі туралы айтады:

Болсаңдар, балаларым, хатқа ұста,
Төрден жай аларсыңдар, тұрмай тұста.
Төр түгіл, төменнен де тимейді орын,
Жүрсеңдер жалқаулықпен жазы-қыста.
Бақ қонып бастарыңа, орнар ықпал,
Ілімнің бола қойса кені ыдыста.
Қай жерде қазынасы болса ілімнің,
Қабыңды қолыңа ал да қыдырыста [Ізтілеуұлы Т., 2009, 283 б.]

Келесі бір өлеңінде осы ойын жалғастырып, өнер, білімді, ғылымды игергендерді өмірде әрқашан озық болатынын еске салады:

Ақыл – тон, аңдағанға тозбайтұғын,
Ғылым – кен, күнде өніп қоздайтұғын
Иелік екеуіне еткендердің,
Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын.
...Өнер мен кен ғылымға, уақытың барда,
Себеп не, қол сыбанып созбайтұғын?! [Ізтілеуұлы Т., 2009, 292 б.]

Ақын өлеңінің жанды өзегі – адам жан сарайының сұлулығы еді. Қанағат, ынсап болғанда, хақ істің иесі атанғанда ғана сұлу тартасың. Білімділік, адалдық – адам салтанаты.

Сипаты бірдей адамның,
Ерден ердің ісі артық.
Пормасы келмес күмістен,
Сұлулап соққан мыс артық.
...Құрамы тамған қараша үй –
Таза болса тамағы,
Ықыласты болса адамы,
Ақ ордадан үш артық.

Адамшылықты, ақыл-сананы сараптап, безбендейтін ақынның өлеңінің де әр жол, әр шумағы – қанатты сөз.

Көп жасаған қарттар көрген-білгендерін қорытып, ұрпаққа аманат ақылын, өсиет – насихатын айтып кеткен. Шешендік толғаудың бір түрі – шешендік нақыл. Ақын Тұрмағамбет те өзінің нақылдарында: "Адам ісімен ғана емес, мінез-құлқымен, адамдармен қарым-қатынасымен бағаланады" – дейді.

Удай ащы болсаң түкіріп тастайды,
Балдай тәтті болсаң, жұтып жібереді, -

деп үй ішінде, көпшілік арасында өзіңді ұстай білуге, ойлап сөйлеуге үлкен мән берген.

Тұрмағамбет бал арасындай жиған білім нәрін туған елдің қажетіне жаратып, жас ұрпақтың сауаттануына сүбелі еңбек сіңірген ұстаз еді.

Ақынның бай шығармасын, яғни, өлеңдерін, мысалдары мен рубаяттарын, т.б. жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру мақсатында, қазіргі тіліміздің насихаттап, мәртебесін көтеріп жатқан тұста, ЖОО оқулықтарына ендіріп отырса нұр үстіне нұр болар еді.

Тұрмағамбет халық даналығының асыл нәрін рухани пайдалануды көздеген. Бұл әсіресе, мақал, нақыл, шешендік сөздерді қолдану тәсілінен анық байқалады. Ақын өлеңдерінде ақыл-нақыл, ғибрат, қанатты сөз секілді тамаша тіркестер жиі кездеседі. Оның тіл қазынасын мол игергендігі соншалық - өлеңдері халық санасында екшеленіп, сұрыпталып, қорытылып шыққан нақыл сөздердей әсер қалдырады.

Тұрекең өнер-білім төңірегінде тікелей кеңес бермейді, жанамалап ақыл айтады. Яғни, ғылымды, өнерді игеру әркімнің жеке жұмысы, қалауын өзің біл деп көрсеткен. Ақыл айтып, кеңес жасау, толғана сөйлеу, белгілі ойды білдірерлік шебер шешен туындылар.

Ақылсыз адам – ауыздықсыз ат.
Ақылдығы біткен сақал – жөн,
Ақылсызға біткен сақал – жүн.

Ақылдылық – адамның асыл қасиеті, азамат болып өсуге, жоғары адамгершілік сезімге ие боп өсуге үндейді.

"Жақсы ер – елдің туы" – деп ел қамын ойлап, кішіпейіл, ар-намысты ұстау, жақсыдағы қасиет – ел-жұртын қадірлей білу екенін аңғартады.

Қандай іске болса да ақылдылықпен қарауға дағдылан, асығыс соңы өкінішке тірелмек деп:

Сабыр – күн түсірмейтін сая,
Асығыс - аунатып кететін мая.

Саналы, сабырлы болу ақылдың көрігі – деген түйіндеу жатыр. "Ақыл иесі болу үшін азамат болу керек, сондықтан айтар сөзі жоқ адам ақылсыз демек".

Айтар нақылы жоқтың –
Табар ақылы жоқ, -

т.б. өмірдің көп қырына ой түйіндейді, әр түр-

лі жағдайларды ұғындырады. Сөйтіп, халықтың даналық қорын байытқан:

Әйел жерден шыққан жоқ –
Ол да еркектің баласы.
Ерлер көктен түскен жоқ –
Әйел оның анасы, -

деп тағылым берерлік мәні бар ойды ықшамды, ұтымды түрде жеткізген.

Осындай ақынның нақылдарының эстетикалық мәні де зор. Тәлім-тәрбиелік, насихаттық, өнер-ғылымды үндейтіні де көп. Жастарды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді. Еріншектік пен жалқаулықтан сақтандырып, еңбек етуге үндейді. Өткір де, тапқыр ойлы сөйлеуге үйретеді. Өмірдегі барлық жақсылықты көңілге тоқып, зердеге сіңіруді тілейді.

Терең мазмұнды, түйінді өмірдің өзінен ойып алынған қорытындылары көп. Біздегі мақсат: ақынның өзіндік сыры мол, сөз асылы нақылдарын жастарға таныстырып өту. Тұрекеңнің өз сөзімен айтқанда: "Адам баласы үш түрлі: Ел үшін, мал үшін, қатын-бала қамы үшін".

"Ұл – орныңдағы ту, қыз – айдыннан ұшатын қу". Осы нақылдарда дәлелдеу де, қорытынды да бар. Тұрмағамбет тыңдаушыға олай істе, былай істе деп те көрсетпейді. Оқырман бұл сөздерден өздері қорытынды шығарады. Сондықтан ақын тұспалдарын халықтық мақалдармен шатыстыруға болмайды. Тұрмағамбет нақылдары даналық қорытындыға құрылған мейлінше жинақы, әрі мағыналы сөздер. Сондықтан оны ақынның өзіндік афоризмдері деп таныған жөн.

Т. Ізтілеуов поэзиясын тақырыптық, идеялық жағынан қарасақ, ақын өзі жасаған дәуірінің шындығын қамтып, замананың талабына жауап бере алатын сияқты. Ақын халықтың тұрмысын, қоғамдық қайшылықтарын, әлеуметтік тіршілігін барынша мол қозғайды. Бұның өзі оның поэзиясының қоғамдық эстетикалық мәнін жақсы түсінгендігін көрсетеді. Оның өлеңдері көп тақырыпты, сан салалы, маңызды да мәнді. Халқының мұңын, талап-тілегін кең қаититын көркем туындылар. Кейбір адамдардың өнімді кәсіппен шұғылданбай, жұмыссыз бос жүріп, қымбат уақыты бос өткізетіндігін сынайды. Дүниемен ісі жоқ, еріншек, жалқау жандардың, жеңіл табысын, сұрамсақтық, сұқтанғыштық келбетін келеке етеді. Олардан жастар қауымын сақтандырады. Тұрмағамбеттің адамгершілікті уағыздайтын шығармаларының көпшілігі балаларға, жасөспірімдерге арналған өлеңдер. Адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын насихаттауға арналған оның өлеңдерін жастар тамсана тыңдайды. Ол жастарға арналған кейбір өлеңдерінде адамгершілік рухында тәрбиелеу мәселесі жеке адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесіне арналады. Адамгершілік асыл қасиетке ие болып, туған елдің қызметшісі, болу міндеті жырланады. «Қайрама халқыңа тісіңді», «Қайтсең де өз халқыңа қызмет қыл», «Қамын ойла халқыңның», «Ой», «Ұядан ұшқанда», «Адам секілді өлеңдерінде жігіттің бағасы азамат боп ат жалын ұстап мінгенде өзі үшін емес, халқы үшін адал қызмет етумен өлшенетінін ескертіп, елін азат ету, оның мерейін көтеру азамат ердің бірден бір міндеті деп біледі. Әсіресе, 1905 – 1907 жылдар қарсаңында жазған өлеңдерінде ұлттық – азаматтық үшін күрес идеясы көрініңкірейді. өзінің жеке басын қамдап, қарнын қампитқанына мәз тоғышарларды күлкі етеді.

Кейбіреу сәл бақытқа мас болады,
Шабақтай шалпылдаған қайраңдағы.
Адамдық ісіңе жұрт аңсап тұрсын,
Не керек, қарныңның құр майланғаны.

Ақынның көптеген өлеңінде көтерілетін көкейкесті мәселесі - азаматтың қайырымдылығы менмейірбандылығы, елі – жұрты үшін аянбай еңбек қыла білуі. Елге пана, жұртқа дана адамдарды шын жүрегімен бар пейіл, ынтасы- мен жырлап бағады.

Адамгершіліктің биік нысанасы – шын достық, ауыз бірлік, ынтымақ, ұйымшылдық, тілектестік, ағайыншылық депті. Аталған идея – Тұрмағанбет шығармаларының ең биік талғамы.

«Қайтсең де өз халқыңа қызмет қыл» деген өлеңінде ақын былай дейді:

Бақ қонып, бастарыңа бітсе дәулет.
Көзің сал, көкірегі шерленгенге!
Қолайлы өз халқыңа қызмет қыл,
Белгілі бедеу сыры ерленгенге...

Адам бақыты дәулеттілікпен шектелмейді, халқыңа қол ұшын беріп, қызмет ету жігіттің асыл қасиеттерінің бірі. Сондықтан басыңа бақ қонса, халқыңнан көмегіңді аяма, қарас демек.

Адам бойында көп кездесетін кемшіліктер: алауыздық және менмендік, жеке бастың қамын ғана жеп, дүниеқоңызға берілушілік, менмендік, тоғышарлық ерге емес, езге тән қылықтар екендігіне көз жеткізе толғайды. Тұрекенде даңғойлардың бет пердесін ашып, оны ащы мазаққа айналдыра білетін қасиет қалыптасқан. Дүниеқорлар мен пейілсіздердің адам өоғамы үшін індет екенін танытады. әділетсіздік пен арамдықтың бәрін солар істеп, елді бүлдіретіндер екеніне көз жеткізді.

«Қайрама халқыңа тісіңді» деген өлеңінде ақын қазақты осындай «арам ниеттілерден» сақтандырады.

Қамын ойла қарныңның,
Қайрама халқыңа тісіңді!
Ел ізіңе ермейді,
Тазартып алмай ішіңді.
Қойдырып алып қор болма,
«Арам» деген есімді!

Осы кескінсіз мінездерден ақын оқырмандардын аулақ ұстамақ. Кісілікке шақырады. Кейбір дүние, мал үшін өз ағайындарын жұтып жіберуге даяр қара ниеттілерді өле жек көреді. Дүниенің өткіншілігін, дәулеттің тұрақсыздығын ескеріп, санаға жетер ақыл түйеді. Адамгерші-

ліктің ең жоғарғы сапасы - өнер. Өнер - білімді игеру – байлық. Өмір өзгереді, өмірмен бірге біз де өзгереміз, жетілеміз, ілгерілейміз, өсеміз, жақсарамыз, тазарамыз дегісі бар.

Кейбір жастарға арнаған өлеңінде адамгершілік рухында тәрбиелеу, жеке адамның өзін - өзі тәрбиелеу мәселелерін қозғайды. Адамгершілік асыл спаға ие болып, туған елдің қызметшісі болу міндетімен тәсілі ескеріледі. Оның жеке басының тәрбиесі болашағын белгілейтіні, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», - деген халықтың қағиданы қолдайды. Басқа да демократ ақындар сияқты Тұрмағамбет те елін тәрбиелеп, басқа өнегелі елдер қатарына көтеру. Өнер – білімі жоғары, парасатты ұрпақ өсіру. Осылайша қазақ халқының іргелі ел боп, өнерін өркендете беруін керек ету. Халықтың, елдің даңқы тек оның өнерлілігімен шығатынын тани да, таныта білген көреген ақын. Адамдар бірін – бірі күндемей, барды ортақтаса пайдалануды уағыздайды. Бірін – бірі ағайын тұтып, тату – тәтті өмір кешуді керек қылады.

Барлық шығармаларында ақын шығыс поэзиясындағы қалыптасқан дағдының ізімен халықты тәрбиелеудің ең жетімді құралы поэзия деп бағалайды.

Қазақ арасындағы әділетсіздік пен озбырлыққа, алауыздыққа, жігерсіздікке кінәлі қарапайым қара халық емес, оған тікелей жауапты оның көзі ашық, зиялы тобы. Солардың жігерсіздігі. Ал қараңғылық бұғауы озбырлар мен зұлымдардың өзімшіл, өркөкіректердің қолында қалмай адал, зиялы азаматтың билігіне бірлесе олай болмасы хақ. Сондықтан Тұрмағамбет өлеңдерінің барлық нақыл өсиетінің түпкі ниеті халыққа адал қызмет ету деген түйінге тіреледі. Жастарды өнер - білімге, ізденуге ел алдында адал, ақ ниеттілікпен еңбек ету сияқты ізгі ниеттерге бар талантын арнайды. Тұрмағамбетте адам деген ардақты атқа ие болу үшін адамға ең керек нәрсе білімділік, ақылдылық өнерпаздық, ыждағаттылық ел-жұртына берілгендік.

«Ақын мұрасы түрлі тарихи-әлеуметтік, қоғамдық саяси толқулар тезінен өтіп, өз тұсындағы әріптестері сияқты рухани дағдарыстың небір зобалаңын бастан кешірді. Сондықтан шайыр шығармашылығы осындай себептерден өзінің әуел бастағы мақсатты тұтастығы мен бірізділік үйлесімінен ажыраған сәттері де болды. Тіршілігінде қандай қағида – ұстындарды тұтынса да, түрлі әдеби ағымдардың өзара ықпалына болса да, туындыларының басты тақырыбы - исламдық сенім мен таным ұлағатын өмірінің соңына дейін берік ұстанды. Ақын ретінде Тұрмағамбеттің өз жолы, өз мұраты болды. Орысша оқымаса да дін ғылымын, ислами құндылықтардың туын көтерген - араб, парсы, түрік, шағатай тілдерін еркін меңгерді. Діни оқу мен дүниелік пәндерді тұтас үйреніп, ескі қадим негіздерін меңгере тұра, жәдидтік заманауи бағыттан да шет қалмаған. Оның табиғат лирикасына арналған, саяси - әлеуметтік өзгерістерге үн қосқан, түрлі әлеуметтік топтар мен ұлт санасын ойландыратын ғазалдары да аз болған жоқ» [Әуезов М., 1996, 79-80 б.]. «Шайырдың лирикалық кейіпкерлері негізінен халық ауыз әдебиеті мен исламдық шығысқа тән хикая, дастан секілді эпикалық жанрдың рухына сай шендестіріле бейнеленді. Батырлық жырдағы ерлік-елдік пен исламдық мораль-ақлақты қатар алып жырлау үрдісі Тұрмағамбет творчесвосына басты арқау болды. Абайдың «Сегіз аяқ» кестесінде жазылған «Ұшқын» атты жалғыз өлеңінен оның түрлі шығармашылық сынақ-тәжірибелерге қадам ұрғанын, алайда, бұл үлгіні жалғастыруға ниет танытпай, өзінің жастай исінген көне соқпағына қайта түсіп отырғанын көреміз. Ақынның тіл бедері, өлең өрімінің көркемдігі, сомдаған образдарының шынайылығы, мәтіндегі сөз мағынасын ауыстыру аоқылы туындыларының ішкі мәніне семиотикалық құбылтулар үстеуі, тың ұйқас өрнекті тіркес пен жаопы жанрлық құрылымы жете зерттелді деп айта алмаймыз. Өйткені, Тұрмағамбет мұрасы қолжазба күйінде, кириллицаға көшірілу ісі кешеуілдеп араб жазуына негізделген қадим әліппесінде қауышты. Оның халыққа танылған аты - Тұрмағамбет. Бірақ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталығы қорында сақталған №875 - бумадағы соңына «тәмәтлу-тәмад!» деп қолы қойылған 615 беттік төл қолжазбасында бастан–аяқ оның есімі Түрмұхаммед. Ақынның төлқұжат - паспортындағы, 1936 жыл 10 сәуір және 1937 жылдың 1-ақпанында берілген Халық Ағаарту Комиссариатында жұмыс істейдінгі туралы куәлік пен анықтама қағаздағы, 1937 жыл 15 қаңтардағы Каз ЦИК-тің дербес пенсия тағайындау туралы хаттамасындағы, 1937 жыл, 7-мамырдағы Наркомсобестің Т.Ізтілеуұлына қайтарған жауап хатындағы есімі де Тұрмағамбет емес - «Турмухамет», «Турмухамбет». Әуелде өзінің азан айтып қойған атының Тұрмұхаммед екенін ақынның өзі «Мен өзім – Мұхаммедпін, қолым – Алла!» деген өлеңінде емексітіп, емеурінмен айтатын. Алақаңды ашып, бас бармақ пен сұқ саусақ арасыннан дөңгелек шеңбер жасағанда «Аллаһ!» сөзіне ұқсас таңбаның пайда болатыеы исламнан хабары бар екі пенденің біріне мәлім.» «Алла аты абайласаң қолыңда тұр, Жазуы Мұхаммедтің форымда тұр», - дейді, ол тағы бір өлеңінде Жаратылыстың жасағанына тәнті болған ақынның «Қолым –Алла!» дейтіні сондықтан.

Өзің «Мұхаммедпін!» деуіне де мән бар еді. Қазақ тілінде Мұхаммед есімі дәл арабша нұсқаудағы әуелгі қалыпта айтыла бермейді. Арабша транскрипцияда болатын заңдылыққа сай араб тіліне енген сөздерді біздің жұрт орфоэпия жағынан түрлі формада құбылтып «Мұхаммед-Махамбет-Мәмбет» деп, ауызекі айтылуына, дыбысталуына қарай бейімдеп алған. Ермұрат молдамен арадағы жұмбақ айтысында Тұрмағамбет

өз есімінің бас буынын ұлықтап; «Атымды айтпссам да аңғарарсың, Мұсаның мысалында шыққан Тұрға»-дейтін жері бар ғой. Соған қарағанда, сәбиге ат қойған (Тұрмағамбет есімі осы нағашы атасының құрметіне ұйқастырылып қойылған) нағашы Ермағамбет (Ермұхаммед) мұсылманша сауат ашқан адам болған сияқты. Болашақ Сыр сүлейіне Синай түбегіндегі «Тұр »тауы мен Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар есімін біріктіріп - Тұрмұхаммед деп ұлық есім беруінде үлкен мән бар [Әуезов М., 1996, 81-82 б.].

«Мұнда ислам қағидаларын жетік меңгерген көреген ақын өзінің қай жасында фәни тіршіліктен бақилық дүниеге сапарланатына деін айтқан. Ақынның Әдебиет және өнер институты Қолжазбалар қорындағы «Елудің алтауында тұр-ау өлу» деп аталатын сегіз жолдық қысқа өлең мазмұнында осындай болжам бар . алайсыз тағдырына көнген ақын: «Ойланып ой көзімен қарағанда, Елудің алтауында тұр –ау өлу!» - деп, талқаны таусылатын қысқа күн мен жасайтын жасын да алдын ала айтқан. Ақынның туған жылын куәландіріп жүрген төлқұжат - паспорт мәліметі дерегін де нақты деп айтуға болмайды. Өйткені, Кенес тұрысындағы төлқұжаттарға тән бір-екі жас ауытқудың мұнда да болу хақ. Есесіне, ақынның өзі болжап айтқан қамшының қысқа сабындай 56 жас - шамшырақ ғұмырының нақты есебі анық. Олай балса, Сыр саңлағы Тұрмағамбет Ізтілеуұлы жарық дүние дидарына 1883 жылы 9-шы шілде де келген деп кесіп айтуымыз керек» [Әуезов М., 1996, 86-87 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Халқымыздың асыл қазынасына айналған ақын жырауларымыздың кімге де болса қызық дүние, жұмбақ бір әлем, талайлар тұңғиығына жетіп маржанынан дәмелі болған. Осындай керемет, дүниеізден қол үзіп қала жаздағанымыз да шындық. Батыстың даңғазасына ұйып, өмірді тек орыс ойшылдарының ғана ойымен өрнектеу керек деп келген кері замандарда асылдарымыз жасыққа айналып кете жаздағаны мәлім. Иә мұндай алапатты да қазақ басынан өткерді. Қазақтың жыр дастаны, бұл қазақтың айбыны, айкүні еді. Ең асыл қазынасы, тарихы еді. Ал оны жоймақ кімге керек? «Өзін жойсаң, өмірін жоясың. Тарихын жойсаң, түбімен жоясың», - деген қағиданы ұстанған біреулер, қазақты тарихымен қоса жоюға мүдделі еді. Ал қазақ тарихының үштен екісі қазақ жыр дастандарында еді де жыр дастандардың үштен бірі этно педагогика, үштен бірі діл, үштен бірі дінге толы дүние еді. Демек біреулер бізді дінсіз, ділсіз бейшара халық қылып тастамақ болған десек қателеспеуіміз мүмкін [Оспанов Б., 2018, 205 б.]

Қазақ халқының тарихында Сыр елінің жасампаздығы ерекше орын алады. Сол кездегі Сыр елінің поэтикалық өнері қазақ халқының рухани өміріндегі жарқын оқиға, баға жетпес мұра болды. Қасиетті Сыр бойында ақынжыраулар мектебінің тарихы тереңде. Өнерді өлтірмеген жыраулар буыны бар. Бір сөзбен айтқанда, мақала төнірегінде қарастырылған Тұрмағамбет ақынның шығармалары қазақ әдебиеті тарихында жас ұрпақ тәрбиесінде лайықты орын алады. Ол өз заманының көрнекті ақыны. Ақынның өзіндік бет-бейнесі мен стилі оның шығармаларынан айқын көрінеді. Біз оны қазіргі ақындардың ешқайсысымен алмастыра алмайсыз. Оның поэзиясы - ұлттық мәндегі шынайы, сыршыл туындылар. Барлық нақыл-ақыл, ғибрат сөздері ізгі ниетке толы. Оның әділеттілік, сенім, дін және ар-ұят жөніндегі кеңестері қазіргі заман талабына сай келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Айсаутов Ә. Сыр елінің өнер өрендері. - Қызылорда. 1999
2. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиет терминдерінің сөздігі, - Алматы: Ана тілі, 1996, - 240 б.
3. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996, - 238 б.
4. Еңсегенұлы Т. Сыр бойы ақын жыраулары. – Алматы:Білім, 2000
5. Жанбершиева Ұ. Тал жібектей таза сөдің тарланы -Қызылорда:Тұмар, 2006
6. Ospanov B., Karbozov B. Motives of humanism in the Works of the Syrland Poet-storytellers Сборник трудов конференций (научный журнал), «Advanced Studiesin Science: Theory and Practice» Лондон, 5-наурыз
7. Оспанов Б. Сыр бойы ақын-жыраулар шығармашылығының тәрбиелік сипаты //Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time": materials of the II international scientific-practical conference. In three volumes. Volume III – Osaka, Japan: Regional Academy of Management, 2017. –274-277p.
8. Оспанов Б.Е. Сыр сүлейлерінің шығармашылығындағы имандылық мәселелері //Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал - №4(61) 2018 – 201-205 бб.
9. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары, 1-том. – Астана: Фолиант. 2009
10. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары, 2-том – Астана: Фолиант, 2009

ӘОЖ 372.8(072)

РЫСКУЛОВ АЛДИЯР,
PhD докторант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНДЕРІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ МӘНІ

Аңдатпа. Жаңартылған білім беру бағдарламасы позитивті дидактикалық интеграция деңгейлерін және олардың артықшылықтарын айқындауды алға тартады. Мектепте оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге әкелетін жекелеген пәндердің немесе олардың циклдерін өзара ықпалдастыру іс-әрекеттер процесі мен нәтижесі пәндерді дидактикалық интеграциялау деп аталады. Бұл жағдайда интеграциялаушы фактор, белгілі бір жаратылыстану және техника, технологиялық ғылымдар түйіскен жағдайдағы жаңа интегративті пән болуы керек. Солардың бірі, қазіргі жаңартылған бағдарлама негізінде құрастырылған «Көркем еңбек» болып саналады.

Кілт сөздер: Жаңартылған білім беру бағдарламасы, дидактикалық интеграция, интеграция деңгейлері, кең ауқымды дағдылар.

Аннотация. Обновленная образовательная программа способствует выявлению уровней позитивной дидактической интеграции и их преимуществ. Интеграция отдельных предметов или их циклов, приводящая к совершенствованию учебно-воспитательного процесса в школе, процесс и результат деятельности называется дидактической интеграцией предметов. Интегрирующим фактором в данном случае должна стать новая интегративная дисциплина в условиях сопряжения тех или иных естественных и технических наук, технологических наук. Одним из них является «художественный труд», составленный на основе обновленной программы.

Ключевые слова: обновленная образовательная программа, дидактическая интеграция, уровни интеграции, широкий спектр навыков.

Abstract. The updated educational program is aimed at determining the level of positive didactic integration and their advantages. The process and result of interaction of individual subjects or their cycles, leading to the improvement of the educational process in school, is called didactic integration of subjects. In this case, the integration factor should be a new integrative subject, which combines certain natural and technical Sciences, technological Sciences. One of them is “art work”, developed on the basis of a modern updated program.

Keywords: Updated educational program, didactic integration, level of integration, broad skills.

Қарастырылып отырған тақырып қазіргі жаңартылған бағдарлама бойынша мектепте оқу-тәрбие үдерісін тиімді жетілдіру жолдарын іздестіру әр түрлі оқу пәндерінің ықпалдасу проблемасына жетекші ғалымдар мен практиктердің назарын көбірек тартады.

Дидактикалық интеграция - деп мектепте оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге әкелетін жекелеген пәндердің немесе олардың циклдерінің өзара іс-әрекеттерінің процесі мен нәтижесін түсінеміз.

Жаратылыстану - ғылыми және көркем еңбек пәндерін интеграциялауды жаратылыстану-ғылыми және көркем еңбек бойынша білім беру жүйелерінің әртүрлі құрылымдық элементтерінің (оқыту мақсаттары, мазмұны, әдістері, нысандары, құралдары) өзара іс-әрекеттерінің процесі мен нәтижесі ретінде анықтауға болады.

Оқу пәндерінің интеграциясы бірнеше деңгейлерде жүзеге асырылуы мүмкін, олардың негізінде, объективті субъективті, жан-жақты ықпалдасу факторларының алуан түрлілігі жатыр.

Бұл интеграцияның ең төмен деңгейі *пәнаралық байланыс деңгейі* болып табылады. Бұл деңгей оқу пәнін базалық пәнмен ықпалдастыруға қатысатын құрал-саймандардың ассимиляциясымен (техникалық немесе теориялық) сипатталады, олардың әрқайсысы оқу үдерісінде өз егемендігін сақтайды. Бұл ретте негізгі интеграциялық фактор оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және көркем еңбек пәндерінде қалыптасатын жалпы жаратылыстану-ғылыми және техникалық, технологиялық түсініктері болып табылады. [1,б.86].

Оқу пәндерін интеграциялаудың бұл деңгейінің тиімділігінің жетімсіздігі оқытудың мазмұндық және процессуалдық (іс жүргізушілік) жақтарының бірлігінің қағидатын толық ескермеуге әкеп соқтырады, бұл оқыту үдерісіннің ұйымдастыру формаларының интеграциясының орын алмаулары арқылы сипатталады.

Бұл, өз кезегінде, жаратылыстану-ғылыми және көркем еңбек бойынша білім беру мазмұнын интеграциялаудың жеткіліксіз деңгейіне әкеледі.

Оқу пәндерін интеграциялаудың екінші деңгейі *дидактикалық синтез деңгейі* болып табылады.

Бұл жағдайда негізгі интегратор ретінде жаратылыстану-ғылыми және техника-технологиялық циклдер пәндерінің өзара іс-әрекеті шеңберінде оқытылатын, жалпы техникалық нысандар болып табылады. Бұл жағдайда оқу пәндерін интеграциялануы аталған пәндердің біреуінің базасында орын алады. Бұл ретте өзара ықпалдасатын пәндер, әрқайсысы, өз мәртебесін және өзінің тұжырымдамалық негіздерін сақтайды. Осылайша, дидактикалық синтез, алдыңғы деңгеймен салыстырғанда, оқу пәндерінің терең мазмұнды интеграциясын ғана емес, оқу сабақтарының формаларын ішінара біріктіруге негізделген ұйымдастырушылық синтез, жаратылыстану-ғылыми және техника-технологиялық пәндерді интеграциялаушы болып табылады. Бұл ретте дидактикалық синтез арқылы бір-бірімен байланысқан оқу материалын зерделеу оқу үдерісінің бірлігі шеңберіне дейін (сабақ, семинар және т.б.) шоғырланады деуге болады. [2,б.3].

Пәнаралық интеграцияның осы деңгейінің позитивті дидактикалық артықшылықтары айқын - бұл нығыздау және оқушылардың артық жүктемесін жоятын, оқу уақытын үнемдеуге және тікелей күшейтуге әкелетін оқу материалын орталықтандыруды қамтамасыз ететін, көркем еңбек мазмұнының ғылыми негідерін меңгеруге қатысты жаратылыстану пәндерін оқуға қызығушылық арқылы жүзеге асырылады.

Осындай пәндер аралық өзара ықпалдастыру әрекетінің оң сәттілігі - оқу үдерісінде, қазіргі уақытта өте қажетті жалпытехникалық, ғылыми және меңгерілген білімдердің гумандылық деңгейлеріне қызығушылықты жетілдіру болып табылады. [3,б.3].

Осыған орай ұлы көшпелі халықтардың, ұлтымыздың негізгі баспанасы болған киіз үйдің құрылысында, жасалуында бірнеше ғылымның сабақтастығының яғни интеграциялық байланыстың бар екенін қазіргі уақытта ғалымдар өз еңбектерінде көрсетуде.

Сондықтан ұлттық құндылықтарымыздың бірі киіз үйге ғылыми талдама жасауды жөн көрдім.

Киіз үйдің суреті - 1

Көшпелі халықтың киіз үйі тек баспанағана емес, ол сәулет, құрылыс,сурет,қол өнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды екені баршаға мәлім.

Басқа мемлекеттердегідей емес, бұл ағаш, киіз, ши, әрі жылжымалы (көшпелі) құрылыс болып табылады. Кейінгі VII-VIII ғасырларда киіз үйге ешқандай өзгеріс орын алмай, халқымыз үшін ең қолайлы таптырмас баспана болды. Киіз үй әлемдегі ең тез құрастырылатын және тез жинауға болатын баспана. Сонымен қатар басқа ұлттардың баспаналарымен киіз үйімізді салыстыратын болсақ, бірде-бір теміш шеге қолданбай-ақ құрастыруға болатын үй деп танылады. Киіз үй төрт жыл мезгілінде де пайдалануғақолайлы, ішіне сәуле жақсы түседі, ауа алмасу жақсы жүреді, жел-дауылға шайқалмайды, орнықты, төбесі күмбез болып келеді. Киіз үйдің құрылысында математикалық есептеулер мен физикалық, химиялық, биологиялық қасиеттер жақсы сақталған.

Киіз үйдің ішкі көрінісінің суреті - 2

КИІЗ ҮЙГЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ.

Киіз үйдің суреті - 3



Шаңырақ (шеңбер, қисық)
Шаңырақтың –суреті-4. №1-тоғын, ол шаңырақтың негізі.
№2-күлдіреуіш /Сәмбі, 3,8 күлдік/.
(Елтаңбамызда 6 күлдіреуіш бейнеленген)
№3-беріктік./күлдіреуіш ыдырамауы үшін/
№4-шаңырақтың көзі.
Шаңырақ*= $\frac{1}{3}$ табан = 20-30 кг.



Кереге *(ромбик, параллелограмм)*
Керегенің суреті - 5. Кереге ағашы = «желі»
Ең ұзын желі = «ерісі» (№3)
Орташа желі = «балашық» (№2)
Ең кіші желі = «сағанақ» (№1)
1 қанатта 14 ерік, 9 сағанақ, 9 балашық;
14. күй: V=130-140 м^3, h.кг р, 2,4,-2,5м=20 кг



Уық *(вектор)*
Уықтың суреті - 6. Уықпен кереге арасы = «Доғалай» №1
Иілген жерін = иығы №2
Шаңырақ-иық = уықтың қары №3
Шаңырақтың көзі – ұшын = қаламы №4
Доғалай жіп = уықбау №5= 45,60,72,90,120
Уық* = 200-220см = 12-16 қарыс = 3-6кг уық = 5°72,3°/120



Киіз үйдің толық суреті-7.

КИІЗ ҮЙГЕ ФИЗИКАЛЫҚ ТАЛДАУ.

Киіз үйдің қаңқасы берік ағашты (қайың,тал) деформациялау арқылы жасалады.

Үйді құрастырушылар құрғақ ағаштарды қидың шоғына (диффузия процесі өтеді) әйтпесе күлдің ыстық шоғына салып балқытады, яғни ағаштардың негізгі қалпын өздеріне керекті пішінге келтіреді.

Киіз үйдің негізгі жабдығы – киіз екені белгілі. Киіз - табиғи жабдық, оны қой түгінен біріктіріп, сабалап жасайды. Егерде микроскоп арқылы түктің бір талшығын қарайтын болсақ, бір қуыс каналдың бар екенін байқауға болады. Түкті ширату үшін, оған ыстық су құйып, механикалық әрекетпен илейміз, сонда оның көлемі кішірейіп, тығыздығы артады. Киіз басудың ең жоғарғы тығыздығы $\rho = 0{,}55 г/см^3$.

Киіз үй құрылысының бір бөлігі ши болып табылады. Оны түкпен орап әшекейлеп тоқиды. Ши туырлықпен керегенің ортасына орнатылады. Шидің жылулыққа әсері көп. Шиден жылан, құрт-құмырсқа, басқада жәндіктер өтіп үй-ішіне кіре алмайды. Ши күнделікті тұрмыста, техникада қолданып жүрген сүзгінің(фильтр) қызметін атқарады.

Киіз үйдің негізгі салмағы керегеге түседі де,-сол арқылы салмақ тең үлестіріледі. Кереге – киіз үйдің негізгі іргесі, қабырғасы болып табылады. Қандай ыстық болсада ауаның барынша таза, әрі салқын болуы физиканың конвекция заңына тікелей байланысты. Туырлық бауымен керіліп жоғары көтеріледі, сырттан үйге енген ауа қайтадан жоғары көтеріледі, себебі жылы ауа ұлғаяды. Бұл жағдайда суық ауаның тығыздығынан, ұлғайған ауаның тығыздығы кем болады, сөйтіп жылы ауа жоғары көтеріледі.

Түндік киіз үй салқын болуын, әрі жарықтың жақсы түсуін қамтамасыз етеді. Жалпақ тілмен айтқанда ,түндік қазіргі баспаналардағы терезенің ашпалы көзі (форточка) және мұржаның қызметін атқарады. Салқын ауа түндік арқылы төмен түсіп, суықта от жаққандағы түтін түндік арқылы сыртқа шығады.

Ал киіз үйде барлық тепе-теңдік сақталып, орнықтылығы барынша жетілдірілген. Боранды, дауылды күндері үй шайқалып, қозғалмас үшін оған ауыр салмақты затты байлап қоятын болған. Салмақты зат ретінде диірмен тастарымен желбауға байланған. Ауыр салмақты зат шаңырақта ілініп тұрғасын үйдің бүкіл керегесіне қосымша салмақпен әсер еткен. Осыдан кейін дауылда киіз үйдің беріктігі, мықтылығы, орнықтылығы артады.

КИІЗ ҮЙ ЖАБДЫҚТАРЫНА ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Ғалымдардың пікірінше сәулет өнеріндегі әлемдік озық үлгілердің бірі киіз үй болып табылады. Небәрі сүт пісірімдей уақытта, бір түйеге жүк болатын киіз үйдің қаһарлы қысқа да төтеп беретін тұрғын үйге айналуымен қатар, дөңгелек кескіндегі бөлме ауасының алмасуы төрт бұрышты кескінді бөлменің ауасы тазаруынан 5-6 есе тезірек болатынын қазіргі архитектура ғылыми жетістіктерімен дәлелдеген. Европалық тас, бетон үйлер мен заманауи полимерлік материалдарының әртүрлі температуралық жағдайда бөлетін химиялық қоспалары бөлме ауасының 35 пайызын құраса, киіз үй адам денсаулығына тіпті зиянды емес екені ерен талантты адамдардың арғы тамыры ауылда жатқанын түсіндіреді. [4,6.3].

Енді осыны негізге ала отырып киіз үй жабдықтарының ең негізгісі киізге химиялық құрамына тоқтала өтсек.

Қазақ халқы әу бастан-ақ киіз басу өнерімен айналысқан. Ғасырлар бойы көшпелі өмірге ыңғайлы тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен, киіз басу өнерін әбден меңгеріп, өнер дәрежесіне көтерген. Дәстүрлі қазақ қоғамында киіз басу ісі маусымдық сипатта болған. Ол қойды қырқудан басталады да (күзде), қырқылған күзем жүннің барлығын өңдеп болғанға дейін созылады.

Түк – байланысуға бейім бірден-бір талшық. Ол ылғал мен температура әсерінен және механиклық әрекет нәтижесінде ширайды да, жасалып жатқан бұйымның көлемі кішірейіп, тығыздығы артады: шұға 30 – 35%, киіз 80%-да ширайды. Киіз Басудағы ең жоғары тығыздық 0,55 г/см3 (байпақтың табаны 0,42 г/см3), тығыздығын бұдан әрі арттырса, жүн талшықтары үзіліп, материал ыдырай бастайды.

Түктің химиялық құрамы:

А) Сутегі-12-13%+

Б) Азот-54-65%

В) Оттегі-32-54%

С) Көміртегі-70%

Д) Азот-12-28%

КИІЗ ҮЙ ЖАБДЫҚТАРЫНА БИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Дәрігерлердің пікірінше жүннен жасалған бұйымдардың денсаулыққа пайдасы өте көп екен. Ал киіз үй жабдықтарының айтарлықтай көп бұйымы жүннен жасалады. Мысалы:

-*біріншіден,* жоғарыда талқылап жатқан киізіміз қойдың түгінен жасалады, ал қойдың түгінің жылуды реттейтін қасиеті бар.

-*екіншіден* түктен жасалған бұйымдар мен киімдер, жараның және сынықтың тез жазылуына көмектеседі.

-*үшіншіден* қой түгіндегі табиғи май ланолин болады, ланолин — бағалы шикізат, ол кремдермен түрлі майлардың негізі қоры ретінде пайдаланылады. 35-37 градус температурада ланолин ериді, теріге тез сіңіп кетеді. Омыртқаға, тамырларға,бұлшық етке, тыныс алу жолдарына оң әсер етіп, қан айналымын реттейді.

-*төртіншіден* қанның айналымын реттеп,

аяқтың ауырғандығы мен шаршауын,талуын басады, әр түрлі аурулардың алдын алып суық тиюден сақтайды.

Сол себепті түктен жасалған анығы киізден жасалған киімдерді киу тері астындағы қанның айналымын жақсартып, терінің тез қартаюын тежейді. Түктен жасалған киімдер, төсеніштер, айтар болсақ, остеохондроз, радикулитпен және ревматизммен ауыратын адамдарға ұсынылған [6,6.4].

Мұнда, жаратылыстану-ғылыми және техникалық пәндердің интеграциясы оны іске асыру деңгейіне байланысты әртүрлі қағидаттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс екені сөзсіз.

Біз үшін негізгі практикалық қызығушылық әр түрлі оқу пәндерінің синтезі деңгейінде жүзеге асырылатын екінші типтегі интеграция болып табылады.

Мұндай дидактикалық, оның барлық бағыттарының бірлігінде интеграция біз ұсынатын мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс: жекелеген оқу пәндерінің функцияларын сақтауда, үйлестіруде және субординациялауда, олардың жеке зерттеу пәнін сақтауда туындайтын функцияларды шоғырландыру принципі; зерттелетін материалдың нығыздалуын, шоғырлануын, оның мазмұнында қайталануын жоюды білдіретін үнемділік принципі; сонымен бірге вариативті техникалық, технологиялық базиста интеграциялану мүмкіндігін көздейтін жаратылыстану-ғылыми және техникалық пәндердің оқудағы гуманитарлық, кәсіптік бағыттылық принципі; осы жағдайда пәндердің осы циклінің интеграциясы техникалық, технологиялық цикл пәндері негізінде жүзеге асырылуы тиіс, жалпы білім беретін пәндерді оқытуда уәждеме күшейтіледі, соның есебінен техникалық, технологиялық цикл пәндері негізінде жүзеге асырылуы тиіс; жалпы білім беретін және техникалық, технологиялық пәндерді оқыту мәселесін күшейту принципі, бұл пәндерді интеграциялау есебінен оны іске асыру үшін объективті жағдайлардың туындауын білдіретін, интеграциялық процестер арқылы бір - бірімен байланысқан оқу материалын оқу үдерісі бірлігінің шеңберіне дейін шоғырланған сабақ, болуы; ғылым мен техникадағы көшбасшылықтың ауысуымен және нақты интегративтік факторлардың тиісті ауысуымен байланысты интеграциялау процесінің, оның ішінде: ғылым, техника және өндірістің даму деңгейімен анықталатын және оқу пәндерінің дидактикалық интеграциясының нақты іске асырылуының қарқыны, түрлері мен формалары үнемі өзгеруге тиіс екенін білдіретін серпінділік принципі.

Мұның бәрі, бізден қажетті «білім қорытпасы» ретінде оларды механикалық жинақтаудан гөрі, білім мазмұнына айналдыратын арнайы дидактикалық жұмысты талап етеді. Бұл, нағыз ғылымға бейімделуді, біріншіден, білімді беру барысында әртүрлі пәндерден алған білімдердің өзара байланыстығына назар аудару, олардың бірін-бірі өзара тартатын күшіне,біріне-бірі ықпалдасатынына және біріне-бірі түсінік жасайтыны соншалық олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайтынына назар аудару керек. [5,6.5].

Қазіргі уақыттағы басымдықтар инфрақұрылымды дамыту және жаңартылған мазмұнға көшу болып табылады. «Көркем еңбек» бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізу осы үдерістің бір бөлігі болып табылады. Бастауыш және негізгі мектептердегі «Көркем еңбек» – арнайы пән болып саналады. Бұл пәннің айрықша ерекшелігі, онда, тек қана пәндік білім мен дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар *кең ауқымды д*ағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Сондықтан жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі: өнердің әртүрлі салаларын зерттеу, идеяларды өнер арқылы көрсету, әмбебап (күнделікті) және арнайы (пәндік) білімдер, икемділіктер мен дағдыларды материалдарды көркем өңдеу, объектілерді өзгерту, үй шаруашылығын жүргізуде техника мен технологияларды қолдануға арналған. Пәнге оқыту пәндік білім мен түсінікті, тұлғалық, практикалық, көркемдік, зерттеушілік және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді, қоршаған ортаны эстетикалық қабылдауын дамытады және адамның жеке ой-пікірлерін қалыптастырудағы сыни ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортамен неғұрлым сезімтал қарым-қатынаста болуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Типовая учебная программа по предмету «Художественный труд» для 5-9 классов уровня основного среднего образования .Астана -2016
2. Рысқұлов А.Қ., Пошаев Д.Қ., Қалтаева Г. Оқыту үдерісінде интегративтік тәсілді пайдаланудың мәні// ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ. Халықаралық ғылыми журнал. №5/2, 2019.- Б.159-163.
3. Пошаев Д.Қ., және басқалар. Когнитивтіктен әрекетке ауысу – білім беруді жаңғырту факторы// ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ . Халықаралық ғылыми журнал. №12/3, 2019.- Б.110-115.
4. http://anatili.kazgazeta.kz
5. https://alashainasy.kz
6. Материалы Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации»: Сб. науч. трудов. – Переяслав, 2020. – Вып. 57. – 514 с

ӘӨЖ 004.78:33 (075.8)

СЕРІКОВ БАҒДАТ БЕРІКҰЛЫ,
Магистр, оқытушы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.

АСЫЛБЕКОВА ШЫНАР МОРЯКОВНА,
Магистр, оқытушы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.

ОҚУШЫ ПРОФИЛІНІҢ БІРЫҢҒАЙ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ЕНДІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация. Оқушы профилінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру және ендіру электронды оқыту үрдісін дербестендіруге міндеттейді. Электронды оқыту үрдісін ұйымдастырудың жаңа формасы оқушылардың дамыған электронды білім беру ресурстарының көмегімен өз бетімен оқу жұмысына негізделеді. Оқушы өзінің үй жұмысын дербес компьютердің көмегімен ұйымдастыруына мүмкіндік алады. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық бейімделуін арттырады.

Кілттік сөздер. Ақпараттық технология, мектеп, ақпараттық басқару жүйесі, электронды білім беру, веб-сайт, білім сапасы, модель, мониторинг.

Аннотация. Создание и внедрение профиля ученика единой информационной системы требует процесса автоматизации электронного обучения. Электронное обучение готовит школьников к будущей жизни, где практически все услуги будут электронными, а профессиональная деятельность просто будет невозможна без интернета, компьютеров и сетевых социальных и профессиональных сообществ.

Основная цель информационной системы – обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям.

Ключевые слова. Информационные технологии, школьная система управления информацией, электронное образование, веб-сайт, качество образования, регулярный мониторинг.

Abstract: Creation and implementation the profile student of the unified information system requires the process of automating e-learning. E-learning prepares students for the future life, where virtually all services will be electronic, and professional activities will simply be impossible without the Internet, computers and networked social and professional communities.

The main goal of the information system is to ensure equal access of all participants educational process to the best educational resources and technologies.

Keywords. Information technology, school information management system, e-education, website, quality of education, regular monitoring.

Кіріспе

Бүгінгі таңда электронды білім беру жүйесі әлемнің көптеген елдерінде үлкен қарқынмен енгізіліп келе жатқан алдыңғы қатарлы АТ бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында қазіргі замандағы білім беру жүйесінің жаңа технологияларымен қамтамасыз етілуі міндеттелген. Электронды білім беру бойынша жүзеге асырылатын ақпараттық жүйе Қазақстан Республикасының білім беру сапасын арттыруға үлесін қосады.

Электрондық білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – білім беру ұйымдары қызметкерлеріне алдын ала енгізілген бірыңғай білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге негізделген.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы оның әртүрлі буындарын басқарудың тиімділігімен анықталады. Оқу орындарын жаңа талаптарға сай басқару керек. Мектептегі оқу пәндерін оқытуды сапалы дәрежеге көтеруге ықпал ететін интернеттегі программалардың қоры оқыту үрдісіне жаңа мүмкіндіктер жасайды. Осымен бірге оқушының жеке тұлғасын қалыптастырудағы компьютерлік оқыту технологиясының маңыздылығы күн өткен сайын анық аңғарылуда [1].

Оқушы профилінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру және ендіруді жүзеге асыру мектептерді компьютерлендіру, бағдарламалық және контенттік жабдықталуға сәйкес оларды электрондық инфрақұрылымен қамтамасыз ету, ең бастысы, педагогика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы кәсіптік қызметке мұғалімдерді даярлау жағдайына әкеледі.

Жүйе мұғалімдерге дербес блогтар арқылы

кәсіби тәжірибелермен және портфолиомен пікір алмасуды, оқушылардың үлгерім динамикасын зерттеп отыруды, оқушылар рейтингісін жүргізуді, мектеп ұстаздарының және әкімшілігінің жаңалықтары мен хабарламаларын беруді және тағы басқа әрекеттерді орындауды қамтамасыз етеді. Ал оқушы өз кезегінде оқу үлгерімін арттыруға, жеке портфолиосына кіруге, күнтізбесін қарауға, күнделігін қолдануға мүмкіндігі бар. Ақпараттық жүйе әр оқушыға жүргізілетін рейтинг, оқушының үлгерімі мен сапа көрсеткішін арттыру мақсатында мониторинг жүргізу мүмкіндігін туғызады [2].

Негізгі бөлім

Ақпараттандыру үрдісі – бұл жай ғана компьютерлер мен жабдықтар және оларды интернет желісіне қосу емес, бұл құралдар білім беру үрдісінің барлық қатысушыларын біріктіру үшін және олардың арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету үшін қызмет ету керек. Білім беру үрдісінің барлық қатысушыларын біріктіруді ұйымдастырудың ең дұрыс жолы ақпараттық басқару жүйесін (1-сурет) пайдалану болып табылады.

Ақпараттық басқару жүйесінің классикалық моделіне негізделген ақпараттық жүйелер әр түрлі модельдер ұсына алады. Солардың ішінен электронды білім беру жүйесіне веб-сайт арқылы ішкі және сыртқы қолданушылар жұмыс істейтін жалпылама моделі сәйкес келеді. Мектепті басқарудың ақпараттық жүйесі үшін сыртқы қолданушыларға мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар кіреді, ал ішкі қолданушыларға мектеп әкімшілігі кіреді.

Бүгінгі мектеп – күрделі де жауапты жүйе. Мектеп қабырғасына жаңа заманның мұғалімдері келіп жатыр. Олар компьютерді, интернетті меңгерген. Демек, барлық мектептер электронды білім беру жүйесіне көшу, мектепке басшылық ету тәсілдерінің өзгеруіне бейімделу оңайға түседі.

1-сурет. Ақпараттық басқару жүйесінің классикалық моделі

Мектеп үшін ақпараттық басқару жүйесінің ең қолайлысы функционалды веб-сайт жасау және оны уақыт өте одан әрі дамыту. Бүгінгі таңда ақпараттық технология арасында веб-технологияның орны ерекше. Сондықтан электронды білім беру жүйесін веб-сайт арқылы ұйымдастырған жөн. Бұл жағдайда веб-сайт ақпараттық жүйенің негізіне айналады. Мұндай ақпарттық жүйемен жұмыс істеу өте жеңіл болады, себебі ол тек браузерге ғана тәуелді болады, ал компьютердің моделіне тәуелсіз болады.



2-сурет. Веб-сайт негізінде ақпараттық басқару жүйесінің моделі

Веб-сайт негізінде ақпараттық басқару жүйесінің моделі оларды тарату және дамыту үшін үлкен мүмкіндік береді, себебі ақпараттық басқару жүйесінің классикалық моделіне қарағанда мынандай артықшылықтары бар:

– жүйе тек қана серверде орнатылады;

– қолданушы өз құрылғыларымен жүйеге кіру үшін қосымша бағдарлама орнатпай-ақ стандартты браузерді пайдалана алады;

– жүйемен үйде, жұмыста және т.б. жерде техникалық жабдықтамаға тәуелді болмай жұмыс істеуге болады;

– қызметкерлердің жүйемен жұмыс істеуді үйрену үшін материалдық шығындарды талап етпейді.

Веб-сайт негізінде ақпараттық басқару жүйе моделінің кемшіліктері мыналарды жатқызуға болады:

– интернет желісі жоқ болған жағдайда ішкі және сыртқы қолданушыларға жүйемен жұмыс істеу мүмкін емес;

– ақпараттық қауіпсіздікке байланысты өткір мәселелер туындайды.

Веб-сайт арқылы мектеп әкімшілігі мен ата-аналар арасын байланыстыратын желі іске қосылады және онымен қоса оқушылардың өздерінің оқу үлгерімдерімен танысуға мүмкіндіктері бар. Мектептің барлық қатысушыларының жүйе ішінде істей алатын әрекеттері 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Мектептің барлық қатысушыларының әрекеттері

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндет – білім берудің жаңа модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы – мұғалім, инноватор болуы тиіс.

Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу, жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек.

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген модельге бағытталған [3].

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

– оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

– оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

– оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;

– оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту [4]. Интерактивті әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті.

Мектепті электронды басқару жүйесіне көшу мектептегі үрдістердің күнделікті ағымдағы кәсіби қызметтері мен есебін жүргізуді автоматтандыру мүмкіндіктерін береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңдағы ерекше талаптың бірі – мектепті басқару жүйесінде ақпаратты сапалы қамтамасыз ету. Басқару жүйесінде ақпаратты сапалы қамтамасыз ету мектептің «өмір сүруін» қолдап қана қоймай, оның дамуын жүзеге асырады. Себебі, жүзеге асырылып жатқан оқушы профилінің бірыңғай ақпараттық жүйесінің ақпараты қолда болмаған жағдайда білім мекемесі басшыларының мақсат пен міндеттерін дұрыс жолға қоюы және оны табысты шешуі екіталай. Мектеп басшылығын ұйымдастырудағы маңызды жағдай – педагогикалық басқару жүйесінің қалыпты күйге келіп, әрекетшеңдік жағдайында болуы және оны іске асыру жолдарын әрбір басшының жіті білуі тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. http://ashyk-sabak.kz/index.php/kz/mektepti-baskaru/91-natizhege-bagyttalgan-mektep-baskaru-urdisin-kalyptastyru.

2. http://www.zkoipk.kz/ru/b3/312-conf.html.

3. Сластенин В.А. Педагогика. Инновационная деятельность. – М., 1997. – Б. 45.

4. Керимбаева М.С. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск. – Алматы, 1995. – Б. 58.

ӘОЖ 373.1.02

ТУКЕНОВА НАТАЛЬЯ ИМБЕРГЕНОВНА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.,
ақпараттық-қатынастық технологиялар кафедрасы,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.

ЖУРЕК БАРЫС,
2 курс магистранты,
7М01503-информатика мамандығы,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДА ОНЛАЙН ТЕХНОЛГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Түйіндеме. «Информатика және АКТ» пәні білім беру жүйесінде де, қазіргі қоғамның дамуында да маңызды рөл атқарады. Бұл пән жақында мектептерге енгізілді және басқа мектеп пәндерінен мүлдем өзгеше, сондықтан мұғалімдермен жұмыс жасауға көптеген мүмкіндіктер бар. Бұл мүмкіндіктер сабақтарды жаңа әдіспен өткізуге, әртүрлі әдістерді, құралдарды, оқыту технологияларын қолдануға мүмкіндік береді, бұл, әсіресе, оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына ықпал етеді, сондықтан білім сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Кілт сөздер: Интерактивті, Информатика, АКТ, Ақпараттық технологиялар, коммуникация технологиялар.

Резюме. Дисциплина» Информатика и ИКТ « играет важную роль как в системе образования, так и в развитии современного общества. Этот предмет недавно был введен в школах и сильно отличается от других школьных предметов, поэтому существует множество возможностей для работы с учителями. Эти возможности позволяют проводить занятия по-новому, применять различные методы, средства, технологии обучения, что, в частности, способствует формированию познавательного интереса учащихся и, следовательно, поднимает качество знаний на новый уровень.

Ключевые слова: интерактивные, Информатика,ИКТ, Информационные технологии, коммуникационные технологии.

Annotation. The subject “Computer Science and ICT” plays an important role in both the education system and the development of modern society. This subject has recently been introduced in schools and is completely different from other school subjects, with the opportunity to work with teachers. These opportunities allow to conduct lessons in a new way, to implement methods, tools, learning technologies, which are carried out in connection with the formation of students’ cognitive interests, raising education to a new level.

Key words: Informatization, interactive forms, distance learning technology.

Кіріспе

Кәдімгі сабақты әдеттен тыс қалай өткізуге болады, қызықты емес материалды қалай қызықты етіп ұсынуға болады, қазіргі балалармен заманауи тілде қалай сөйлесуге болады? Осы және басқа да көптеген сұрақтарды, әрине, бүгін сабаққа келген әр мұғалім қояды. Әр мұғалім: студенттердің өмірлік ұстанымы мен кәсіби өзін-өзі анықтауы негізінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттеріне белсенді қатынасты қалыптастыратындай етіп, оқу процесін қалай ұйымдастыруға болады деген сұрақтармен жұмыс жасайды. Осыған байланысты қандай оқыту әдістері мен технологиялары тиімді әсер етуі мүмкін. Интерактивті әдістер бұл мәселені шеше алады. Интерактивті оқытудың мәні білім беру процесі оқушылардың барлық дерлік оқу процесіне қатысатындай етіп ұйымдастырылғандығында, олар білетін және ойлаған нәрсені түсінуге және ой елегінен өткізуге мүмкіндік алады. Оқу материалын меңгеру, меңгеру процесінде студенттердің бірлескен қызметі әркімнің өзінің жеке дара үлесін қосатындығын, білім, идея, іс-әрекет тәсілдерінің алмасуын білдіреді. Оның үстіне, бұл ізгілік пен өзара қолдау атмосферасында болады, бұл жаңа білімді алуға ғана емес, сонымен бірге танымдық іс-әрекетті дамытуға мүмкіндік береді, оны ынтымақтастық пен ынтымақтастықтың жоғары формаларына айналдырады.

Негізгі бөлім

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы информатиканы зерттеу оқушылардың танымдық

белсенділігін белсендіруге, өз бетінше білім алу қабілетін дамытуға, топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға, коммуникативтік дағдыларды дамытуға және қалыптастыруға мүмкіндік береді, ең бастысы, оқуға деген ынтаны арттырады.

Оқыту әдістері - бұл оқу процесінде оқушылар мен мұғалімдердің өзара әрекеттесу формаларын бейнелейтін тәсілдер мен тәсілдердің жиынтығы.

Оқытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасында оқыту процесі оқушыларды белгілі бір білім, білік, дағдылар мен құндылықтармен таныстыру мақсатында мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті (сабағы) ретінде қарастырылады.

«Информатика және АКТ» пәні білім беру жүйесінде де, қазіргі қоғамның дамуында да маңызды рөл атқарады. Бұл пән жақында мектептерге енгізілді және басқа мектеп пәндерінен мүлдем өзгеше, сондықтан мұғалімдермен жұмыс жасауға көптеген мүмкіндіктер бар. Бұл мүмкіндіктер сабақтарды жаңа әдіспен өткізуге, әртүрлі әдістерді, құралдарды, оқыту технологияларын қолдануға мүмкіндік береді, бұл, әсіресе, оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына ықпал етеді, сондықтан білім сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Өздігінен «информатика» пәні әмбебап болып табылады. Дәл осы пәнді оқып-білу кезінде интерактивті әдістерді қолдану қажет деп санаймын, өйткені информатика күн сайын жетілдіріліп, ғылыми-техникалық прогреске ілесіп дамып келеді, және дәстүрлі әдістерді осы жерде тоқтап, қолданған жөн емес.

Информатика сабағын өткізуде дидактикалық тапсырмаға байланысты әдісті таңдауды ескеремін. Мен өзіме бұрын оқылған материалды жалпылау міндетін қоя отырып, «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Іскерлік ойын», «Жағдайды талдау», «Шағын топтарда жұмыс», «Жұппен жұмыс», «Микрофон» әдісін қолданамын.

Жағдайды талдау әдісі:

Мен оны барлық қатысушылардың типтік жағдайда кездесетін мәселелерін талқылау үшін қолданамын. Компьютерде жұмыс жасау кезіндегі жағдайлар - компьютер қатып қалады, электр қуатының кенеттен өшуі, компьютерлік вирустар, қосымша құрылғыларды қосу, Интернеттен ақпарат іздеу және т.б.

«Іскерлік ойын» әдісі.

Іскерлік ойын кезінде студенттер жаттығу тақырыбына байланысты сценарий бойынша рөл ойнайды. Іскерлік ойындарды оқылатын тақырыптардың қорытынды сабақтарында - MS-Word мәтіндік редакторында, Excel кестелерінде өткізу тиімді. Оқушылар тапсырмаларды әртүрлі рөлдер ретінде орындайды. Мысалы, бір топ - компьютерлік техниканы құрастыратын және сататын компьютерлік компания, екінші топ - сатып алушылар.

«МИ БОРЫ» әдісі.

Миға шабуыл кезінде қатысушылар кез келген адам өзгенің идеясын дамыта алатындай етіп пайда болған кезде еркін пікір алмасады.

Информатикадағы ми шабуылына арналған қиындықтар:

Компьютердің адам денсаулығына зияны бар ма?

Сыртқы сақтау құралдары - артықшылықтары мен кемшіліктері.

Сіздің кәсіби міндеттеріңізді шешуде Интернет.

Компьютерлік вирустар - компьютерді қалай қорғауға болады.

Сіздің кәсібіңіздегі ақпараттық технологиялар.

Информатика ғылымын құрудағы математика мен физиканың рөлі.

және басқалар.

Шағын топтарды талқылау әдісі.

Шағын топтардағы пікірталас әдісін информатиканың кез-келген тақырыптарын оқуда, қайталаумен, консолидациямен, жаңаларын оқып үйрену кезінде қолдануға болады.

Жобалар әдісі.

Ақпараттық технологиялар білімге қарағанда көбірек білік пен дағдыларды қажет етеді. Сондықтан информатика сабағында студенттердің практикалық іс-әрекеті басым болуы керек. Оны жобалық оқыту әдісі арқылы белсендіруге болады. Мұндағы ең маңызды мәселе - орындалған әрекеттердің нәтижесі. Сондықтан кез-келген практикалық жұмыстың нәтижесі міндетті түрде жеке мәнге ие болуы керек. Бұл әдіс осы мәселені шешудің тамаша құралы болуы мүмкін.

Сондықтан мен бұл оқыту әдісін жиі қолданамын: оқушылар сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта негізінен Microsoft Power Point бағдарламасын қолдана отырып жобалар жасайды.

Оқу процесінде оқытудың интерактивті және жобалық әдістерін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді қолдану арқылы ақпараттық қоғам өміріне қажетті білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге болады.

Білім берудегі ақпараттық технологиялар: негізгі ұғымдар, анықтамалар мен міндеттер.

Қазіргі кезде білім берудегі ақпараттық және әлеуметтік технологиялардың рөлі өсуде, олар студенттер мен оқытушыларды кем дегенде үш негізгі міндетті шешуге мүмкіндік беретін деңгейде әмбебап компьютерлендіруді қамтамасыз етеді:

- білім беру процесінің әрбір қатысушысы үшін, және мүмкіндігінше, кез келген уақытта және әр түрлі орындардан Интернетке қол жетімділікті қамтамасыз ету;

- білім беру салалары үшін біртұтас ақпараттық кеңістікті дамыту және онда әр түрлі уақытта және бір-біріне тәуелсіз барлық оқу-шығармашылық процесінің қатысушылары;

- басқарылатын ақпараттық білім беру ре-

сурстарын, соның ішінде жеке қолданушылардың дерекқорларын және олармен жұмыс жасауға әмбебап қол жетімділік мүмкіндігі бар студенттер мен оқытушылардың мәліметтер базаларын және білім банктерін құру, дамыту және тиімді пайдалану.

Үздіксіз білім беру саласында компьютерлендірудің қалыптасқан қарқынына сүйене отырып, сонымен қатар халықтың үйдегі біркелкі емес технологиялық компьютерлік-желілік қолдауын ескере отырып, жақын арада бұл міндеттер толық және жан-жақты шешілмейді деп күтуге болады [1].

Сонымен қатар, өмірдің бірінші жартысында білім алудың дәстүрлі схемасы моральдық тұрғыдан ескірген және оны үздіксіз білім мен өмір бойы оқумен ауыстыру қажет деген түсінік өсуде. Оқытудың жаңа формалары интерактивтілікпен және оқу процесінде ынтымақтастықпен сипатталады. Оқытудың жаңа теориялары, мысалы, конструктивизм, студенттерге бағытталған білім, уақыт пен кеңістіктің шекараларынсыз оқыту қажет. Білім сапасын арттыру үшін жаңа білім беру технологияларын қарқынды қолдану ұсынылады [2].

Білім беру технологиясын анықтаудағы әр түрлі тәсілдерді оқу мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін формалар, әдістер мен оқу құралдарының жүйесі болып табылатын оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын іске асырудың тәсілдерінің жиынтығы ретінде қорытындылауға болады. Әдетте мамандар білім беру технологияларының айырмашылығын қолданылған оқу құралдарының айырмашылығынан шығарады. Ақпараттық білім беру технологиялары ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы пайда болады. Білім берудің ақпараттық технологиялары іске асырылатын білім беру ортасы онымен жұмыс жасайтын компоненттермен анықталады:

- техникалық (пайдаланылатын компьютерлік техниканың және байланыс құралдарының түрі);
- бағдарламалық және аппараттық құралдар (енгізілген оқыту технологиясын қолдайтын бағдарламалық жасақтама);
- ұйымдастырушылық-әдістемелік (студенттер мен оқытушыларға арналған нұсқаулық, оқу процесін ұйымдастыру).

оғары оқу орындарындағы білім беру технологиялары - бұл ғылыми және инженерлік білімдер жүйесі, сонымен қатар жоғары білімнің пәндік аймағында ақпаратты құру, жинау, беру, сақтау және өңдеу үшін қолданылатын әдістер мен құралдар. Білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімділігі мен оларға сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың интеграциялану дәрежесі арасындағы тікелей байланыс қалыптасады.

Жоғары білім беруді ақпараттандыру проблемасын түсіну мен іске асырудың ең маңызды міндеті - дамыған елдерде қол жеткізген мамандарды даярлаудың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қоғамдағы интеллектуалды қызметтің жаһандық рационализациясына қол жеткізу керек. Постиндустриалды қоғамның талаптарына сәйкес келетін ойлаудың жаңа типі бар кадрларды даярлау қамтамасыз етілуі керек.

Білім беру практикасының бұл жағына келесідей түсінік беріледі. Машина жасау өнеркәсібіндегі менеджмент институтының доценті А.В.Фельдің айтуы бойынша (Ресей), ақпараттық жүйені оқу үдерісінде қолдану «студенттерге басқару объектісі туралы ақпарат беріп қана қоймай, сонымен қатар нақты кәсіпорындарға тән қатынастардың барлық алуан түрлілігі мен күрделілігін түсінуге көмектеседі, сыртқы және ішкі факторлар өзгерген кезде осы байланыстардың динамикасын қадағалау, сонымен қатар студенттер арасында қалыптасқан пәнаралық кедергілерді жою, оқу пәндерін ұсынудың уақытша реттілігіне байланысты. Мұндай құрал студенттерде ерекше ойлауды, басқаруға шығармашылық көзқарасты қалыптастыруды қамтамасыз ететін заманауи білім беру технологияларын құруға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, олардың қызметі стандартты техниканың жиынтығы емес, құбылыстар мен процестердің себеп-салдарлық байланыстарын түсінуге негізделген, бұл оның ынтасы мен тиімділігін едәуір арттырады ».

Алайда, қазіргі кезде көптеген жоғары оқу орындарының менеджерлері мен теоретиктері «білім беру технологиялары» терминді бүгінде толыққанды емес деп санайды. Әдетте, олар көбінесе ақпараттық технологиялар туралы, компьютерлік технологиялар туралы, біршама аз - коммуникациялық технологиялар туралы, ал өте сирек - бұл қазірдің өзінде арнайы талқылаудың тақырыбы болып табылады - аудиовизуалды технологиялар туралы. Ақпараттық, коммуникациялық және аудиовизуалды технологияларды жиынтықта маңызды міндеттерді шешуге бағынышты деп есептейміз - жаңа білім беру ортасын құру, мұнда ақпараттық, коммуникациялық және аудиовизуалды технологиялар жаңа білім беру модельдерін енгізу үшін оқу процесіне органикалық түрде енгізілген.

Білім берудің ақпараттық ортасының анықтамаларының бірі оны мамандарды даярлаудың оқу үдерісінің тиімділігі мен қол жетімділігін арттыруға арналған желілік технологиялар, бағдарламалық-техникалық құралдар, ұйымдастырушылық, әдістемелік және математикалық қолдау арқылы біріктіретін ақпараттық жүйе ретінде түсінуді тұжырымдайды.

ЮНЕСКО-ның Бірінші халықаралық информатика және білім беру конгрессінен кейінгі іс-әрекеттің негізгі бағыттары туралы есебінде технологияның өзі маңызды емес, оның оқумен өзара байланысы және жалпы білім беру жүйе-

сінің контекстіндегі рөлі көрсетілген.

Бүгінгі таңда білім беру ортасына тән ерекшеліктердің бірі - студенттер мен оқытушылардың кеңістіктің кез келген уақытында және кез-келген жерінде бүкіл университеттің мультимедиялық кешендерін оқытатын құрылымдық оқу материалдарына сілтеме жасай алуы. Оқу материалының қол жетімділігімен қатар, тыңдаушыға оқытушымен қарым-қатынас жасау, on-line немесе off-line режимінде кеңес алу, сондай-ақ тақырыпты дамытуда жеке «навигацияны» қабылдау мүмкіндігін ұсыну қажет. «Студенттер икемді оқыту режиміне ұмтылатын болады, бірнеше кірістері мен аударымдары бар модульдік бағдарламалар, олар несие жинақтауға, алдыңғы тәжірибе, білім мен дағдыларды ескере отырып, бір университеттен екіншісіне еркін ауысуға мүмкіндік береді. Студенттер үшін жеке дамудың және кәсіби өсудің мүмкіндігі маңызды болып қала береді; дипломдық бағдарламалар мен қысқа курстарға бірдей сұраныс болуы мүмкін; кәсіптік оқыту бағдарламалары мен жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар қажеттілігі күрт артады ».

Қашықтықтан білім беруді дамытушылар білім берудің мінез-құлқын жекелендіруді келесі жолмен конкретизациялайды, өйткені оқытудың тұлғалық-бағдарлы тәсілінің ерекшеліктері DL-да айқын көрінеді:

Икемділік - студент сабақтың уақытын, орнын және ұзақтығын өз бетінше жоспарлай алады.

Модульдік - оқуға арналған материалдар модуль түрінде ұсынылады, бұл тыңдаушыға олардың сұраныстары мен әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Қол жетімділік - студенттің және оқу орнының географиялық және уақытша орналасуынан тәуелсіздік ел тұрғындарының білім қажеттіліктерін шектемеуге мүмкіндік береді.

Рентабельділік - экономикалық тиімділік білім беру мекемелерінің үй-жайларын күтуге кететін шығындарды азайту, уақыт пен материалдық ресурстарды үнемдеу (басып шығару, материалдарды көбейту және т.б.) арқылы көрінеді.

Ұтқырлық - мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру - DL процесінің сәттілігінің негізгі талаптары мен негіздерінің бірі.

Қамту - көптеген студенттердің білім беру ақпарат көздеріне (электронды кітапханалар, мәліметтер қоры, білім қорлары және т.б.) бір уақытта қол жеткізу.

Өндіргіштік - білім беру процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін пайдалану.

Әлеуметтік теңдік - оқушының тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, элитарлығына және материалдық қауіпсіздігіне қарамастан білім алудың тең мүмкіндіктері.

Интернационализм - білім беру қызметтері нарығында әлемдік жетістіктердің экспорты мен импорты.

Ақпараттық технологиялар білім беру үдерісінің моделін өзгерту мүмкіндігі мен қажеттілігін тудырады: репродуктивті оқытудан білімнің «басынан екінші басына», мұғалімнен оқушыларға - «шығармашылық моделіне» көшу (жаңа технологиялық және техникалық қолдаудың көмегімен сыныптағы өмірлік жағдай модельденген кезде) немесе үдеріс, мұғалімнің басшылығымен студенттер өз білімдерін қолдануы керек, имитациялық жағдайды талдауға және қойылған міндеттерді шешуге арналған шығармашылық қабілеттерін көрсетуі керек). Сарапшылар дәстүрлі және жаңа технологияларды дамыту бірін-бірі толықтыратын және өзара байланыс принципіне сәйкес жүруі керек деп санайды, бұл өз кезегінде білім беру ортасының принципиалды жаңа өлшемі - нақты уақытта болатын және білім беру технологияларының барлық жиынтығын біріктіретін ғаламдық өлшем туралы айтуға мүмкіндік береді.

«Интернет - бұл басқалардың бәрін қамтитын гипер-технология, оның жетістігі -« бәрін бәрін бере »алатындығымен байланысты ... Алайда, компьютерлік конференциялар немесе электрондық пошта сияқты төменгі деңгейлі технологияларды қолдануға әрдайым аймақ бар ... жаһандық сипатта болатын, бірақ ешқандай компьютерлік немесе коммуникациялық технологияларды қолданбайтын қашықтықтан оқыту курстарынан бас тартуға уақыт келген жоқ.

Барбулес бұл жаңа технологияның ең маңызды ерекшелігі - бұл «байланысты қоғамдастықтар» құруға мүмкіндік береді. Осының арқасында қауымдастық тұжырымдамасы жаһандық ауқымды және кейбір жаңа ерекшеліктерді алады. Автордың айтуы бойынша: «Мұндай кеңістіктің маңызды ерекшеліктерінің бірі - бұл жедел байланыс пен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін оның ғаламдық сипаты. Қазірдің өзінде бұл орта әртүрлі қоғамдар мен мәдениеттерді қамтитын коммерциялық және қаржылық операциялар үшін өте қажет. Сонымен, ғаламдық жаһандану-дың басты себебі де, оның көрінетін көрінісі де Интернет болып табылады. Сонымен қатар, бұл желілік қоғамдастықтардың табиғатын анықтайтын жаһандану.

Ғаламтордың арқасында жаһанданудың әртүрлі жақтары (ғылыми, технологиялық, экономикалық, мәдени және білім беру) дәстүрлі бетпе-бет білім беру мекемелеріне де, қашықтықтан оқыту және виртуалды университеттер сияқты әр түрлі білім беру инновацияларының дамуына да айтарлықтай әсер етті. Осы ұйымдардың барлығында жаһандану құрылымы, әдістемесі мен ғылыми зерттеулеріне терең және түбегейлі өзгерістер енгізуді, сонымен қатар басқарушы және оқытушы кадрларды даярлауды қажет етеді.

Ақпараттық-білім беру ортасының құрылымы.

Қолданыстағы ақпараттық білім беру орталарының (ILE) артықшылықтары мен кемшіліктерін және ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялардың қазіргі жағдайын талдау келесі принциптер тұжырымдалуы керек дегенді білдіреді, қазіргі уақытта жобаланған ақпараттық және білім беру орталары құрылуы керек:

Көпкомпонентті - ақпараттық-білім беру ортасы - бұл оқу-әдістемелік материалдар, жоғары технологиялық бағдарламалық қамтамасыз ету, оқыту жүйелері, білімді басқару жүйелері, техникалық құралдар, мәліметтер базасы және ақпараттық-анықтамалық жүйелер, кез-келген түрдегі ақпаратты сақтау, оның ішінде графика, бейнені қамтитын көп компонентті орта және т.б., өзара байланысты.

Тұтастық - АЖЖ ақпараттық компоненті мамандар даярлаудың профильдерімен анықталатын, әлемдік ресурстарға қол жетімділігі бар ғылым мен техника саласындағы барлық қажетті базалық білімдер жиынтығын қамтуы керек, бұл пәнаралық байланысты, білімді егжей-тегжейлі және тереңдететін қосымша оқу материалдарының ақпараттық-анықтамалық базасын ескеруі керек.

Тарату - АТЖ ақпараттық компоненті қазіргі заманғы техникалық құралдар мен экономикалық тиімділіктің талаптары мен шектеулерін ескере отырып, ақпараттық қоймаларға (серверлерге) оңтайлы таратылады.

Бейімделгіштік - ақпараттық және білім беру ортасы қолданыстағы білім беру жүйесінен бас тартпауы керек, оның құрылымы мен құрылыс принциптерін бұзбауы керек, сонымен қатар қоғамның қажеттіліктерін барабар көрсететін ХББ ақпараттық ядросының икемді түрленуіне жол беруі керек.

Қорытынды

Информатика сабағында желілердегі коммуникация технологияларын меңгерген оқушыны мектептегі пән мұғалімдері жаңа педагогикалық тәсілдерді қолданатын осындай оқу үрдісіне қосуға болады (ынтымақтастықта оқыту, топтық жұмыс, жобалық іс-шаралар, көп деңгейлі және модульдік оқыту және т.б.).). Сонымен қатар, студент нақты білім беру мәселелерін шешу үшін мектепішілік ақпараттық кеңістіктен және Интернеттен алынған ақпараттық ресурстарды қолдана алады. Мұндай білім беру процесінде студент тек мұғалімнің ықпал ету объектісі болуды тоқтатады - ол мұғаліммен және басқа практиктермен интерактивті, коммуникативті өзара әрекеттің субъектісіне айналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

2. Трайнев, В. А. Информационные коммуникационные педагогические технологии : учеб. пособие / В. А. Трайнев, И. В. Трайнев. - 3-е изд. - М. : изд.-торг. корпорация "Дашков и К0", 2007. С. 9-110.

УДК 373.1.02

ТУКЕНОВА НАТАЛЬЯ ИМБЕРГЕНОВНА,
кандидат педагогических наук,
Жетысуский университет имений И.Жансугурова,
г.Талдыкорган

САХИПОВ АЙВАР,
магистрант,
Жетысуский университет имений И.Жансугурова,
г.Талдыкорган

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Реалистік сипат – көркем шығармадағы тарихилыққа негіз болатын поэтикалық ерекшелік. Реализм әдісіне арқау болған халық тұрмысындағы әлеуметтік-қақтығыстардың, қайшылықтардың көркемдік шешіммен жазылуы уақыт шындығын танытады.

Академик З. Қабдолов «Сөз өнері: Әдебиет теориясының негіздері» кітабындағы «Сөзбен шыңдалған шындық» атты тарауында шығармашылық әдістің екі түрін (романтизм, реализм) атайды, екеуінің өзара сабақтастығын, көбінесе біртұтас өрілетінін, шындық пен қиялдың қосыла отырып, өнер туындысының болмысын құрайтынын атап көрсетеді:

«Көркемдік әдіс – алдымен, шындықты шын мәніндегі суреткердің өз көзімен образды түрде тану жолы, содан соң, өзі танығанын шындықты бар өнерін төге, бар шеберлігін сала көркем жинақтап, өзгеге таныту жолы, ... суреттеулер шындық қиялға негізделеді, қиялы шындықтың өзі – осы шақтыкі емес, не өткен, не келер шақтыкі; шығарманың идеялық-көркемдік арқауында асқақ арман, көтеріңкі пафос жатады; автордың тілі де тым бояулы, мейлінше лепті, оқыс әсерлі келеді» [3. Қабдолов, 1983. 355 б.]. Көркем әдебиет тарихындағы суреткерлердің реалистік сипатпен жазылған шығармаларында романтизм мен реализм көркемдік әдістерінің сарындарында өзгешеліктер болғанмен, көркемдік жинақтауында шешімінде арналастық сақталады.

Реалистік сипат пен көркемдік қиял – реализм мен романтизм сарындары сабақтастығының көрсеткіші. Академик З. Қабдолов XIX–XX ғғ. белестеріндегі көрнекті қазақ ақын-жазушылары шығармаларындағы осы поэтикалық ерекшеліктің әдеби үдеріс қозғалысы поэтикасы аясында бағалайды:

«... бәрінің творчествосында да реализм мен романтизм араласып жүр. Жалғыз-ақ бір есте болатын нәрсе – осылардың жеке алғанда әрқайсысы, жалпы алғанда барлығы, қолдан келгенше, романтизмнен реализмге келе жатады. Әдеби дамудың объективті заңы, әдеби әдістің эволюциясы тек қана осылай жылжуы тиіс.

Бұл – бір біздегі емес, бар елдегі жағдай. Осыған қарап, бүкіл әлемдегі барлық ілгерішіл әдебиет пен өнердің ғасырлар бойы даму тарихын, бір себептен, дүниені көркем тану, дәлірек айтқанда, өмірдегі шындықты өнердегі шыншылдықпен тану жолында реализмнің туу, қалыптасу және даму тарихы деуге болар еді [3.Қабдолов, 1983. 355 б].

Қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығының көрінісі классикалық әдеби даму арнасында танылады. Роман жанрындағы шығармалардың эпикалық мол тыныстық құрылымында қаламгерлер уақыт пен кеңістіктегі халық тарихы оқиғаларының шиеленісті кезеңдерін реалистік сипатпен бейнелейді.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазақ романдарының реалистік сипатын дәйектеген тақырып саласы – адамдар мен қоршаған табиғат ортасының хал-ахуалы. Әсіресе, Арал теңізінің тартылуынан, Семей полигонындағы ядролық сынақ жарылыстарынан туындаған зардаптарды арқау еткен көркем шығармалар әдебиеттегі өзекті мәселелерді қамтуымен танылды. Заманымыздың экологиялық өзекті мәселелерін арқау еткен көркем шығармалар уақыт шындығын туындылардың мазмұны мен пішінінде қамтып, адам мен табиғат тағдырының күрделі жағдайын реалистікпен жазудың тың бағдарына жол салды.

Көрнекті жазушы, ҚСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романында уақыт шындығы Арал теңізі тартылуының экологиялық зардаптарын реалистік сипатпен қамтуымен ерекшеленеді.

Реалистік сипат пен көркемдік қиял тоғысуы арқылы эпикалық шығармалардағы кейіпкер мен табиғат, қоғамдық - әлеуметтік орта байланыстары аясындағы поэтикалық мағына айқындалады. Әдебиет тектері бойынша сараланатын жанрлар жүйесінде көркем прозадағы романдардың өмір шындығы ортасындағы жеке кейіпкерлерлер тағдырымен табиғат тынысын сабақтастыратыны, тіршілік қозғалыстары мен құбылыстарының баламаланып суреттелеуі тәсілі қолданылатыны сезіледі. Бұл орайда, көрнекті жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының идеялық-композициялық құрылымындағы үш кейіпкер арқылы Адам – Табиғат – Қоғам тағдырларының біртұтас өріліммен, бір-біріне баламаланумен берілетін психологиялық сипатты болмысын аңғарамыз. Романның тақырыбы – Арал теңізінің тартылуынан туындаған экологиялық - әлеуметтік дағдарыс ахуалы, идеясы - табиғаттағы, қоғамдағы күрделі қайшылықтар әлемін жеке адамдар тағдырлары арқылы ұқтыру.

Романның реализмі – XX ғасырдағы адам

мен табиғатқа, қоғамдық-әлеуметтік ортаға тән өрлеу мен дағдарыстар, сабылыстар болуын психологиялық сипатымен аңғартуы. Бұл арада заманымыздың суреткер қаламгері Әбіш Кекілбаевтың осы роман туралы жазған «Сең соққандай сергелдең» атты мақаласындағы бағалаудың эпикалық шығарма реализмін айқын бағдарлауға себін тигізетіні ақиқат:

«Алғашқы сөйлемдерін оқығанда-ақ Нұрпейісовтің көзқанық әлеміне қайта оралғандай боласың. Таныс табиғат. Таныс орта. Таныс мінездер. Үлкен суреткерлердің қай-қайсысы болса да осылай. Тәңір жаратқан ортақ әлемнің үстіне әрқайсысы өзі әлемдерін орнатып алады. Нұрпейісов те солай. Арал теңірегінен тағы бір кесек суреткер туып, ол да Арал туралы жазса, бәрібір Нұрпейісовтің Аралстанын оқырман көз алдынан қалтарысқа әкете алмас еді. Нұрпейісовтің Аралы кесек мінездер мен кескекті тартыстардың қорығы сияқты. Ондағы сирек кескін-келбеттің өзін ешкім қайта сомдай алмайтындай. Аруларының өзі ақпанның ақтүтек боранындай долы.

Момындарының өзі әлі атыла қоймаған жанартаудай дүлей. Арзымсыз қып суреттейтін алаяқтарының өзі басқаның ақсүйектеріне бермейтіндей, сырбаздыққа, сарабдалдыққа ие» [Ә.Нұрпейісов, 1999. 459 б].

Романдағы Адам – Табиғат – Қоғам бірлігі аясында қамтылатын реалистік сипатты танытуда автор бұрынғы және қазіргі хал-ахуалды салыстыруды негізгі көркемдік әдіс түрінде қолданған. Романның тақырыптық-идеялық желісін құрап тұрған теңіздің де, кейіпкерлердің де, қоғамның да бұрынғысы және қазіргісі поэтикалық желілі сипатымен ерекшеленеді. Табиғаттағы географиялық мекендердің (теңіздердің, көлдердің, өзендердің, ормандардың, таулардың, т.б.) тіршілік иелері үшін өмір сүруге кепілдік беретін жағдайының болуы – тепе-теңдіктердің сақталуын қамтамасыз ететіні мәлім. Адамдардың материалдық және рухани мәдениет құндылықтарын жасауы, оларды игіліктерге айналдыруы да табиғаттағы тепе-теңдіктердің сақталуы арқылы жүзеге асады.

Жазушы – уақыт пен кеңістіктегі үндесім мен үйлесім әлемін көркем кестелеуші шығармашылық тұлға. Романның басты кейіпкерлерінің бірі Жәдігердің туған өлкесіне келе жатқан сәттегі салдырлақ машинаның кабинасының терезесінен сыртқа қарап отырған сәтіндегі Арал теңізі мен зеңгір аспан тұтасқан пейзажды бейнелеудің реалистік сипаты айқын:

«Төбеде мөлиген көк аспан. Бір қапталда жарты дүниені алып жатқан көк теңіз. Сол екеуі ту-ту көз ұшында жігі білінбей, бір-біріне сіңіп кетіпті. Аспан да көк. Жер де көк» [Ә.Нұрпейісов, 1999. 24 б.].

Адам – Табиғат – Ананың саналы бөлшегі. Туған жердің топырағынан, ауасынан, суынан, ағашынан, өсімдігінен жан жүйесіне қуат дарыған перзенттер тіршіліктегі өзі атқарып жүрген тұрмыстық-әлеуметтік оқиғалар ортасындағы жаңа бағыттарға құлшынады. Қазақтың ежелгі заманғы әдеби жәдігерліктерінде де, фольклордағы мұраларында да атақоныс, атамекен, туған жер ұғымдары арқылы жаратылыстың өзара үйлесімді ұлы заңдылығы қалыптасқан. Түркі өркениетінің жазба жәдігерлігі Орхон жазуларындағы «Күлтегін» «Тоныкөк» жырларындағы қоныстар (Шантун жазығы, Інжу өзені, Байырғы жері, Өтүкен, Қадырқан қойнаулары, Темір қақпа, Ертіс өзені, т.б.) [Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Қ. Сыдиқов, 1967. 26 б.] туралы сағынышты тебіреністер әдебиетіміздің кейінгі дамуындағы шығармалардан тұрақты орын алды.

Атамекен, атақоныс – қазақтың, жалпы әлем халықтарының ұлттық дүниетанымындағы аса қасиетті ұғымдар. Қазақ даласындағы ежелгі дәуірлерден біздің заманымызға дейін халқымыздың талай буын ұрпақтары өсіп-өркендеген атамекендердің XX ғасырдың екінші жартысында мемлекеттік саясаттағы солақай шешімдердің кесірінен азып-тозуға ұшырағаны белгілі. Белгілі бір аймақтағы өзендерді талай ғасырлар бойы ағып жатқан арналарынан бөлек-бөлек бағыттарға бұрудың, құнарлы атыраптарды игердің тек ғана бес жылдық немесе жеті жылдық жоспарлардың орындалуына бағыттап пайдаланудың ақыры Қазақстанның Тың өлкесі атанған облыстарындағы (Көкшетау, Ақмола, Қостанай, Павлодар) кең-байтақ жазықтардың шамадан тыс жыртылуының, ысыраппен пайдалануыдың зардаптарына ұшырады.

Сырдария, Әмудария өзендерінің суларын Аралға дейінгі аралықтағы республикалардың мөлшерден артық егінге, бақша, шабындықтар өсіруге, жасанды су қоймаларын жасауға, т.б. пайдалануының салдары теңіздің тартыла бастауына, көп бөлігінің құрғап кетуіне ұластырды.

Қазақстанның Шығыс өңіріндегі Семей облысының Абралы мекенінде 1949 жылдан 1989 жылға дейін үздіксіз жүргізілген ядролық сынақ – атомдық полигонының зардаптары да халық қасіретіне айналды. Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған шет елдік зымырандардың үздіксіз ұшуларының, ұша бере құлаған апаттарының зардаптары да халықты қатты алаңдатып отыр. Жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының реалистік сипаты осындай ғаламдық мәні зор жалпыадамзаттық өзекті мәселені көркем шындықпен бейнелеп беруімен құнды.

Романдағы басты кейіпкерлердің бірі Жәдігердің туған өңіріне келе жатқан сәтіндегі қуаныш пен өкініш қабаттасқан көңіл-күй психологиясын Арал теңізінің құрғап қалған жерлерімен жүріп келе жатқан бейнелеу суреттерімен жеткізген:

«Баяғыда кеме жүзген қолтық ба, саттардың бәрі қазір қара жер. Теңіздің бұл бетіндегі баяғы

аралдар – Жалаңаш, Бұйырғынды мен сол анау көз ұшында бұлдырап қалып бара жатқан Көк-Арал – қазір қара жерге тұтасып кеткен. Баяғыда ата-бабалары қостанып жатып балық аулаған су ортасындағы сол аралдарды сен көбіне көп шамамен ойша танып, көңілі құрғыр күні бойы құлазыды да отырды» [Ә.Нұрпейісов, 1999. 24 б].

Шығарманың кең тыныстысы эпикалық сипатына психологиялық-лирикалық шырай беретін кейіпкердің ішкі толғаныстары туған жердегі байырғы мекендердің бұрынғы атауларын, табиғат келбетінің бұзылмаған болмысын еске түсіре баяндай суреттеулер арқылы өрнектелген. Кейіпкердің туған жердің тұзды тозаңы бұрқыраған қазіргі апатты жағдайын көзімен көріп тұрып, артта қалған жылдарды, балығы тайдай тулаған көлдерді («Шөміш-көл», т.б.) балықшы ауылдарды (Көл-Қора, Көк-Арал, Ақ-басты, Ақ-Еспе, Сары-Басат, Тас-Түбек, т.б.) еске алатын табиғат пен адам берекесі тұтасқан ғажайып тіршілік кезеңі туралы тебіреністер әсерлі.

Жазушы – уақыт, кезең шындығының суреткері. Роман композиция-сындағы басты кейіпкерлердің көркем шындықпен жинақталуында өмір шындығы деректерін эпикалық шығарма арқауына алудың поэтикалық табиғаты айқындалады. Басты кейіпкерлер – кезең шындығының жемістері. Тұрмыстық-әлеуметтік оқиғаларға жеке адамдардың қатынастары, басқару-әкімшілік жүйесіндегі адам мен қоршаған орта қайшылықтарын туындатушы құбылыстар, кедергілер – бәрі де эпикалық шығармалардағы адамдар арқылы жүзеге асатын іс-әрекеттер нәтижелерін көркем шындық жүйесімен қамтиды.

«Соңғы парыз» романындағы Адам – Табиғат – Қоғам сабақтастығы жүйесінің әрқайсысына тән өзіндік іс-әрекеттер, қасиеттер тұтаса келе тіршілік қозғалысының күрделі болмысын бейнелейді. Адам – тіршілік қозғалысындағы жетекші тұлға. Табиғаттағы, қоғамдағы саналуан құбылыстарды, қасиеттерді тарихи шындықпен бейнелеуде саналы тіршілік иесі адамның өзіндік болмысы да, жаратылыс қоғам тынысымен өрілген сипаты да күрделі, кешенді сипатымен айқындалады.

«Соңғы парыз» романындағы басты кейіпкерлердің көрнектісі – Жәдігер. Романның идеялық-композициялық желісінде оның ғұмыр жолы бірнеше кезеңдерден құралатындығымен байқалады. Романда оның Арал теңізі жағалауына жақын балықшылар ауылында өскені, он жылдықты бітіріп, міндетті әскери қызметіне де барып оралғаны, одан кейін осы ауылдан аттанған үшеуінің (Жәдігер, Бәкизат, Әзім) де астанаға барып жоғары оқу орындарына оқуға түскендері – уақыт шындығына сай эпикалық авторлық баяндаулармен жеткізілген.

XX ғасырдағы кеңестік кезең келбеті романның басты кейіпкерлерінің өмір жолынан аңғарылады. Қазақстанның барлық аймақтарына ортақ тағдырлы шығармадағы негізгі үш кейіпкердің сол кезеңде қалыптасқан жолмен жүрген өмір сатыларымен танылады. Үш кейіпкердің әуелде бір ауылдан оқуға аттанғанынан бастап, астанада оқып жүріп бір-бірімен араласа-қатынаса жүріп, әрқайсысының өздеріне тән дүниетанымымен қалыптасқанын сезінеміз.

Жәдігер – туған ауылына, ата-бабалық кәсібіне мейлінше адал ұрпақтың көркемдік жинақтаумен дараланған тұлғасы. Оның тұлғасы арқылы жоғары оқу орынын бітіріп, жоғары білімді дәрежесімен балықшылар кәсіпшілігін басқарып жүрген қызметімен, туған ауылдарына үлес қосқан адал еңбегімен, жансебіл қалпымен азаматтық тұғырын биік ұстап жүрген қазақ азаматтары елестейді.

Жәдігердің романдағы көркем әдеби бейне болып тұлғалануында оның балықшылар кәсіпшілігін басқара жүріп, жылдың барлық мезгілінде де еңбек ортасындағы белсенді, жігерлі қалпынан айнымайтындығын көреміз. Оның еңбек етіп жүрген кезеңі – Арал теңізінің тартыла бастаған апатты жағдайдағы қалпы. Суы тартылған теңіздің маңайындағы көлдері де құрғап, балықшылық кәсіп тоқырап, халықтың күнкөріс қамымен жан-жаққа көше бастаған оқиғалары экологиялық апат қасіретін шындыққа айналдырды.

Күн көріс кәсібі балық аулаумен айналысатын ауылдастарына басшылық жасап, солармен бірге ауыр еңбектің тауқыметін бірге көтерісқені өмір шындығы іс-әрекеттері аясында реалистік қалпымен суреттелген. Реалистік сипат – көркем шығарманың идеялық-композициялық сипатына тіршілік қозғалысын толық сыйғыза қамтуымен танылатын әдеби-танымдық ерекшелік. Жәдігердің және онымен тағдырлас балықшылардың еңбек ортасының реалистік сипатын өмір шындығымен көрсету романға арқау болған жеке адам, тұтас халық тағдырының уақыт белесіндегі жағдайын көз алдымызға әкеледі:

«Балықшылар түнімен көз ілмей жел ызғыған қоста дірдектеп шығады. Таң қараңғыда ысылдап-пысылдап киінеді, түннен қалған мұздай балықты бір-екі қарпып асай сала қос ескек, бір таяуды қолтыққа қысып, қара суық басталғалы таңқылдап қатып қалған тоң жерді топырлап басып теңізге кетіп бара жатады; жағада кеудесін қара жерге асып жатқан қайықты бірнешеуі жабылып суға салады; әупірім теңіздің жағаға шапшып арс-ұрс ұрып жатқан әпербақан толқындарымен жағаласып жүріп, балық бір соқса осы араға соғар деген дәмелі жерге күнде-күнде тор жаяды; бүгін жайған торды ертеңіне елең-алаңда барып қарайды; кейінгі кезде ұдайы арқадан соғып тұрған қара дауыл мен ұлы теңіздің ағысы ауды арқан ғып есіп тастап тұрған-ды. Кешеден бері теңіз түбінен толқын көтерген томарлар ауға оралып, қара торды дал-дұл ғып жыртып тастап тұр. Жел-құз жиілегелі су астының ағысы күшейіп, бүгін жайған тор ертең томар оралып, тосап

басып, сары лайға батып балықшылар жағаға сүйреп шығарып жатқандары. Ондай күндері суға малшынған пақырлар арқан боп есіліп қалған аудың шатысын жазып, шалаң мен тосаптан тазартып, қамыс қосқа сілесі құрып әзер келеді» [Ә.Нұрпейісов, 1999. 37 б].

Жәдігер – күнде де, түнде де толассыз жүріп жататын балықшылар қауымының ауыр бейнетті жұмыстарының ортасындағы еңбек адамы. Жәдігердің балықшылау ортасынан ажырамай, отбасында, әйелі Бәкизаттың жанында бола алмайтын тынымсыз еңбек бейнетімен жүрген тағдыры өзінің маңындағы балықшыларға да, солар типтес әлемдегі барлық бейнеткештерге де ортақ өмір екендігін сезінеміз.

Эпикалық туындының құрылысындағы авторлық баяндаулар мен суреттеулер романның лирикалық-психологиялық және көсемсөздік сарынды ерекшеліктерін тұтастандырғандай әсерімен баурайды.

Романның екі кітаптан құралған сипатын тұтастандырып тұрған авторлық дүниетаным, өзіндік қоғамдық-әлеуметтік көзқарас айқындылығы идеялық желіні құрайды. Азаматтық-қайраткерлік ұстаным – қазақ романдарында басты кейіпкерлерді сомдау барысындағы көркемдік тәсілдермен айқындалатын ерекшелік. Туындының басталуынан аяқталуына дейінгі аралықтағы композициялық желідегі сюжеттік бөліктерде суы тартылған Арал теңізі жағалау өңірлерінің көңілсіз, қасіретті келбетінің суреттелуі үнемі назарға алынады. Көбінесе басты кейіпкерлерінің әртүрлі іс-әрекеттері, ойланыс-толғаныстары кезеңдерінде психологиялық егіздеулер суреттеулерімен бейнеленген.

Жазушы – халық тарихының өткені мен қазіргі келбетін салыстыра, сабақтастыра бейнелейтін тарихи шындық суреткері. Өмір деректерін шығарма арқауына алған суреткер өмір шындығының сапырылысқан құбылыстарының ішінен көркемдік-эстетикалық танымммен аса қажеттілерін екшеп, іріктеп алады. Шығарманың мазмұны мен пішініне арқау болған құбылыстар мен деректер тоғыса, тұтаса келе қаламгердің көркемдік шешімімен өмір шындығына тән эстетикалық таным нәтижелерін жүзеге асырады.

«Соңғы парыз» романының құрылысындағы сюжеттік бөліктердің бәрінде де, адамның жан ділі тебіреністері мен ойланыстары табиғат келбетімен, құбылыстарымен үнемі егізделе, қатарлас алынғаны – шығарманың идеялық-композициялық желісін құрайтын поэтикалық түйін.

Романның соңғы жағында кейіпкерлердің сең үстінде болуының өзі – психологиялық егіздеу поэтикасының көрнекті көрсеткіші. Сең – өзендердің, теңіздердің, көлдердің сыртқы беті айдындарында көктем және күз мезгілдерінде үлкенді-кішілі болып ағып жүретін мұз бөлшектері. Көлемдерінің әртүрлілігіне қарай өзендерде, теңіздерде ағыстың ынғайымен қозғалады. Ал, көлдердің, ағыссыз теңіздердің айдындарында желдің ынғайымен қозғалыстарға түседі. Су айдынында қалқып жүрген сеңдердің желдің немесе қуатты ағыстардың әсерінен аласапыран жағдайда болатыны мәлім. Әртүрлі себептермен көлемді сеңдердің үстіне уақытша жан сақтауына мүмкіндік алған тіршілік иелері (адам, мал, аң, т.б.) де болуы мүмкін. Бірақ, сең үстіндегі жансақтау кезеңі – өте сенімсіз хал-ахуал болмысы. Демек, жазушы Ә. Нұрпейісов романындағы «Сең» сөзінің аталуы – адамдар тағдырының баламалануы.

Өмір шындығы философиясы заңдылығы тұрғысынан қарағанда тіршілік әлемі бейне теңіз көл айдынындай көрінеді. Тіршілік теңізі айдынындағы адамдар тағдыры сең үстіндегідей су ағыстары мен желдің соғуына үндес тағдыр ықпалдарына тәуелді. Яғни, адамзат өмір теңізіндегі сең үстіндегідей жағдайымен айқындалады.

Сөз өнерінің фольклор мен әдебиет үлгілерінде адам мен табиғат құбылыстарының егізделе өріле бейнеленуі тұрақты орын алатыны мәлім. Адам – табиғаттың саналы бөлшегі. Адамның ана жатырында пайда болуынан бастап, жарық дүниеге келуі, белгілі бір уақыт кезеңінде өмір сүретіні, ұрпақ өсіретіні, еңбек ететіні – бәрі де тіршілік қозғалысындағы табиғатпен біртұтас бағаланатын өмір өрнектері. Жазушы Ә. Нұрпейісовтің романындағы кейіпкерлер осындай тіршілік қозғалысындағы ұрпақтар жалғастығын аңғартады.

Әдебиет тарихындағы көрнекті жазушылардың романдарындағы уақыт пен кеңістіктегі ұрпақтар жалғастығы сақтала бейнеленетіні мәлім. Бұрынғы және кейінгі жазылған туындылардың кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, ой өрілімдерін шығарма арқауында сабақтастыра бейнелеу арқылы суреткерлер өмір қозғалысындағы табиғи үндесулерді, сабақтасуларды негізге алады. Бұл орайда, «Соңғы парыз» романындағы басты кейіпкер Жәдігердің өткен мен бүгінді сабақтастыра, ұрпақтар жалғастығына баға беріп тұрған сәті лирикалық-психологиялық сипатымен оқырман көңіліне ұялайды. Басты (Жәдігер, Бәкизат, Әзім), жанама (Көткеншек Көшен, Сары Шая, Адай шал, Жуан Жақайым, т.б.) кейіпкерлері де Табиғат – Ананың алуан түрлі құбылыстарымен егізделген көңіл-күй психологиясымен сабақтаса көрінеді.

«Соңғы парыз» романын құрап тұрған екі кітапқа арқау болып тартылған тартыс – тіршілік қозғалысындағы қарама-қайшылықты көзқарастағы адамдар іс-әрекеттері. Бұл – романның идеялық-композициялық желісін құрап тұрған поэтикалық, көркемдік шешім желісі. Қаламгердің көркемдік шешімі – XX ғасырдың 70–90-жылдарындағы Қазақстанның саяси, қоғамдық-әлеуметтік құрылысындағы қайшылықтарды түсіндіру. Ең басты қақтығыс – Арал теңізінің тартылып бара жатқан тағдырына арналған екі түрлі көзқарас иелері арасында өрбиді.

Бірінші көзқарастағылар – Арал теңізін әртүрлі жолдармен қалайда аман сақтап қалуды жақтаушылар. Бұл пікірді ұстанушылар Сібір өзендерін бұрып әкелуді де, Орта Азия республикалары арқылы ағатын Сырдария мен Амудария өзендері суларының жеткілікті мөлшерде Аралға құйылуын қамтамасыз етуді де ойлаушылар. Екінші көзқарастағылар – Арал теңізін біржолата құрғатып, оның табанына суырмалы егін, бау-бақша егуді ұсынатындар. Бірінші көзқарастағылар – ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі бүкіл жанды, жанды денелердің, ауаның, судың, т.б. – бәрінің де Жаратылыс заңдылығының Ұлы жүйесіндегі тепе-теңдік, өзара сабақтастық, байланыстылық жағдайында болуын негізге алушылар. Бұл – ғылыми және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген, дұрыс көзқарас. Ғарыш кеңістігіне орналасқан Жер планетасына тән өзіндік атмосфера ауқымында құрлықтардың да, мұхиттардың да, теңіздердің де, өзендердің де, ормандардың да, жазық далалардың да, аңдардың да, құстардың да, төрт түлік малдың да, ең бастысы адамдардың да – бәрінің де белгілі кеңістік жүйесіндегі жаратылыс тепе-теңдіктері заңдылықтарын сақтауы тиіс. Тепе-теңдік бұзылған жағдайда онда экологиялық проблемалардың бірінен кейін бірі туындайды.

Алаштың аяулы ақыны Мағжанның «Түркістан» атты өлеңіндегі шумақтар да түркі жұртының қасиеті мекені болған көл-теңіз Аралдың да, оған құйылып жатқан екі өзеннің де халықтың күнкөрісіне де, рухани серпілуіне мәңгілік ықпал мекені болып келгендігін дәлелдейді:

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шексіз Теңіз-Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстық көлдің,
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.
Ертеде Оқыс, Яксарт-Жейхұн, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында,
Табасың қасиетті бабаң бейітін [М.Жұмабаев, 1989. 448 б].

Романда қазақ даласына ғана емес, Орта Азияға, одан кең алғанда дүние жүзіне зор апат зардабы болатын экологиялық хал-ахуалды жан ділімен сезінген ғалымдар көзқарасын жеткізушілердің таласты-тартысты жиналыстар кезіндегі айтылуымен берілуі де шығарма өзегіндегі әлеуметтік тартыс табиғатын айқындайды:

«– Ата-бабамыздан қалған байлықтың басы – осы теңіз еді. Сені мен біз өзімізден кейінгі ұрпаққа сол байлықтан не қалдырдық? Кешегі біздің бала кезімізде «балығы тайдай тулаған» деп ақындар жырлаған телегей теңіз орнына соңыра тұз бетіне шығып, шаңдақ бұрқырап, топырақ борап жататын сахара шөл ме? Қылтиған көкті күйдіріп жіберетін өрттей аптап аңызақ па? Соңыра бізден кейінгі ұрпақ құс ұшса – қанаты күйіп, аң жүгірсе – тұяғы күйетін өрттей ыстықта бір тамшы су таппай кенезесі кеуіп бара жатқанда, сені мен бізге алғыс айта-ма? Жоқ! Жоқ, бауырым, тек қарғыс айтады! Лағынет айтады!» [Ә.Нұрпейісов, 1999. 226 б]. Бұл – Арал теңізінің өз деңгейінде сақталуын, сол арқылы бүкіл әлемдік тіршілік тынысының бірқалыпты болуын қамтамасыз етуді ойлайтын нағыз қайраткер ғалымдар, саналы азаматтар (Жәдігер, Аққұба жігіт, т.б.) көзқарастарының ортақ үні. Көркем шығарманың реалистік сипаты қаламгердің өзі жетік білетін өмір шындығының тарихи деректілігін сақтай отырып, көркемдік қиял сарынын да енгізе жазылуымен айқындалады. Жазушы қарапайым халық тұрмысындағы тұрмыстық қиыншылықтармен бетпе-бет келгенде де ата-бабалар бейіттері жатқан атамекендерінен кеткісі келмей қарайлап, жоқшылыққа да, ауа райының қолайсыздығына да төзген адамдардың көнбісті мінезді дағдыларын оқырмандарға шынайы қалпымен жеткізген. Арал теңізіндегі, оның маңындағы көлдердегі балықты аулауды ғана кәсіп еткен адамдардың сол кәсіптерінен ериксіз ажырап қалған жағдайдағы дағдарғандары, ақыры басқа жаққа қоныс аударуға бел байлағандары, Жәдігердің қарт балықшыларды үмітті сөздерімен («Бұл Арал баяғы ата-бабалар заманында талай тартылып, талай тасыпты. Осы жолы да аңысын аңдап көрелік. Кім біледі, Құдай оңдай су көтеріліп, кәрі Арал баяғы қалпына қайтып келер!») жұбатқанын оқимыз.

Халықтың тарих белестеріндегі кезеңдерінде талай қиыншылықтардан, әсіресе аштықтан сақтап қалған Арал теңізі мен оған құйып жатқан өзендер, маңайындағы көлдер – бәрі де кейінгі қиыншылық туындаған кезде халықтың жадында қайта жаңғырады.

Романдағы қақтығыстардың негізгі себепкерлері – Арал теңізін біржолата құрғатып, құртып, оның босаған табанын ауыл шаруашылығы жүйесіндегі жаңа еңбек орындарына айналдыруды ұсынатындар. Яғни, ол – кеңестік кезеңнің әсіре романтикалық-революциялық, әпербақан, содыр ұстанымының белсенділері қолданған тәсіл. Табиғатты бағындыру, Жер – Ананы адамдарға табындыру, жасанды көлдерді, теңіздерді қолдан жасау, т.б. жасандылықты, жалғандықты шынайы өмір ағынына заңдылықтай етіп енгізуге тырастану – материалдық және рухани мәдениет салаларындағы экологиялық апатты жағдайға жеткізгендігі мәлім.

Романдағы қоғамдық-әлеуметтік ой-сана қақтығыстарының себепкерлері – өмір дамуы заңдылығына қарама-қарсы, саяси-идеологиялық, әкімшілік-әміршілік тоталитарлық басқару жүйесінің солақай жоспарларына ғана негізделген жалған теориясымақтар иелері. Басты кейіпкер академик Әзім және оның қолдаушы кеңестік саясатты жүзеге асырушылар (Мәскеудегі басқару орталығы, Бабаев сынды «жаңашылдар», т.б.) – бәрі де Арал теңізінің құрғатылуын, одан әрі болатын «гүлдену дәуірін» насихаттауды пәрменді, белсенді жүргізеді. Роман құрылысындағы кейіпкерлер диалогтарының тартысты бір

сәтіндегі олар айтып тұрған сөздер, туған жерді, атамекенді ешқашан қимайтын, оны тастап басқа жаққа көшкісі келмейтін халықтың біраз бөлігінің көңілдеріне жұбаныш әкелуі де мүмкін еді.

Көркем эпикалық шығарманың реалистік сипатын айқындай түсетін ерекшеліктер қатарында кейіпкерлердің диалогтары мен монологтарындағы ойларды назарға аламыз. Кейіпкер сөзі – шығарма арқауындағы прототиптік негізге жинақталған адамдарға ортақ пікір.

Әзім және оның көзқарасын ұстанушылардың кеңестік тоталитарлық әмірлік-әкімшілікпен орталықтандырылған, шовинистік-отаршылдық санамен өктем күшке айналғандарға қосыла көзқамандық-сатқындық пиғылмен жүргенін аңғарамыз. Жалған теориямен халықтың басын айналдырған кеңестік саяси-идеологиялық рухтағы ғалымсымақтардың ортақ пікірі де сол уақыт шындығын көз алдымызға толық елестетеді:

«Бүкіл Аралдың берген балығын соңыра біз ақ мақтадан алған бір жылғы өніммен өтейміз. Соңыра Тұран ойпаты сияқты Арал ойпаты деп аталатын теңіз астынан босаған осынау жерден біздің ұрпақтарымыз ақ мақта өндіріп, дүние жүзілік рекорд жасайды» [Ә.Нұрпейісов, 1999. 226 б].

Автордың көркемдік шешімі арқылы кеше ғана бір топта, бір бағдарлы ұстаныммен жүргендердің бүгін кенеттен «сыншыл», «отаншыл», «халық қамын», «Арал тағдырын ойлаушы» «қайраткер» бола қалғанына куә боласыз. Жылдар бойы Әзім тектес талай жалған ғалым-басшылармен бірге жүрген, бәрін білетін адамдардың кенеттен әділдік орнатушы, «қылмыстарды ашушы», «обырларды ауыздақтаушы», «халық қамын ойлаушы» бола қалғанына еш иланбайсыз. Шығармадағы реалистік сипат пен көркемдік қиял сабақтастығы тіршілік қозғалысындағы осындай қайшылықты шындықтың да бар екендігін оқырманның ақыл-ой таразысына салады.

Эпикалық шығарма желісіне бастан-аяқ өзекті желі болып тартылған әділдік пен әділетсіздік тартысында оқырманның көз алдында осы екі мәселенің де мәңгіден кем жатқан егізделген қалпы елестей береді. Философия ғылымында үнемі назарға алынатын қарама-қайшылықтардың өзара күресі мен бірлігінен құралатын табиғи-тарихи шындығын есімізге аламыз.

«Соңғы парыз» романындағы ұлты да, мекені де бір адамдардың шындығы айқын көрініп тұрған Арал тағдырына қатысты мәселедегі әділдік пен әділетсіздік тартысына түсетінін де тіршіліктегі бағзы замандардан келе жатқан қайшылықтар қақтығыстарының тоқталмайтын, үзілмейтін жолы аясында түсінуге болады. Екі түрлі көзқарасты ұстанушылардың барлығы да өзіндік өрісімен ғана пайымдайды. Сондықтан, роман авторы Аққұба жігіт және оның жақтастары, жалпы осы шығармадағы адал адамдар (Жәдігер, т.б.) арқылы адам ақыл-ойының тіршілікке пайдалы шынайы ғылым ұлағатпен ұстануын ұсынады. Бұл орайда, қазіргі заманға философиялық зерттеулер ұстанымына да жүгінеміз. Профессор Т. Ғабитов «Адам болмысын пайымдау тәжірибесі» атты еңбегінде жеке тұлға мен қоршаған орта қатынасын ғылыми пайымдайды:

«Адам – ақыл-ойы бар әлеуметтік жан. Оның іс-әрекеті белгілі бір мақсатқа бағынады. Күрделі қазіргі әлемде мақсатқа сай қимылдау үшін көп біліп қана қоймай, сонымен қатар адамның түбірлі мүддесі мен заман талабына сай дұрыс шешімдер қабылдап, дұрыс мақсаттар таңдай білу қажет. Ол үшін ең алдымен әлемді терең және дұрыс түсіну, яғни жалпы және жеке мақсаттарды және оларға жету әрекетінін, тәсілдерін таңдауға мүмкіндік беретін дүниетанымның қажеттілігі шарт. Адамға қоршаған ортада бағдар жасауына, оны өзгертуіне көмек беретін – ғылым» [Философиялық зерттеулер, 2006. 296 б].

Шынында да, «Соңғы парыз» романындағы қақтығыстар шын ғылыми ойлау мен жалған долбарлау көзқарастары арасында өрбіген. Романның көркемдік шешімі арқылы шын ғылыми ойлаудың бәрібір салтанат құратыны қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің болуымен, уақытша дәуірлеген Әзім тектестердің ақырында күйреуімен дәлелденген.

Романдағы Бәкизат – күрделі болмысымен дараланған кейіпкер. Жазушы қазақ ауылында туып-өскен қыздың астанадағы жоғары оқу орынында оқып, оқуын бітіргесін Жәдігерге тұрмысқа шыққанын, одан кейін бір ұлды, бір қызды ана болғанын, балықшылар ауылындағы мұғалімдік қызмет атқарғанын роман-желісіндегі сюжеттік бөліктерде қамти отырып оқырманға жеткізеді. Бәкизаттың бойжеткен кезінде де, институтта оқып жүргенінде де Жәдігер де, Әзім де оған қызыға қарады, бірақ екеуінің көзқарасы екі бағытта болды. Жәдігердің – Бәкизатты ұнатуы күштірек, ал Әзімдікі қызығу, ол қыз сезімін өзінің қосымша қолдаушы қуат, демеу әсері ретінде ғана қабылдады.

Бәкизат – өзіне серік болатын еркектің аса көрнекті көріктілігін, аса сезімтал шабыттылығын, қуаттылығын, сонымен бірге ерекше өткір мінезділігін, дарындылығын, барлық істе де қабілеттілігін, т.б. саналуан сырлы, көп қырлы адам болмысын тілейтін әйел жынысы болмысының жинақталған тұлғасы.

Қорытынды

Қазіргі қазақ романы – әлем әдебиеттері тарихындағы озық классикалық үрдістер жалғастығындағы жанр. XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың бас кезіндегі әдеби үдерістің көрнекі саласын құрап келе жатқан қазақ романдарындағы өмір шындығының тарихилықпен, суреткерлік көркемдік шешіммен жазылғаны ұлттық сөз өнері дәстүрінің өркениет кеңістігіндегі классикалық деңгейін танытады. Бұл орайда,

әдебиеттанушы-ғалым Ж. Дәдебаевтың пікірімен біздің ойымыз сабақтас естіледі:

«Қазіргі қазақ романы тарих бетінде сақталған белгілі оқиғаның болған жағдайын, оның басты қозғаушы күштерін саралап талдай отырып, соның бәрінің логикалық және психологиялық дәлелін, жүйесін көркемдік заңдылықтарына орай анықтайды. ... Тарихи шындықтың дәлелдігін сақтай отырып, оған белгілі бір ой, мағына жарығын терең әрі шебер екшеп түсіру өмірлік құбылысты терең және жан-жақты ғана емес, сонымен бірге мүлде жаңа қырынан тануды қамтамасыз етті» [Ж.Дәдебаев, 2001. 121 б].

Демек, қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат дегеніміз – тарихилық негізділіктің көрсеткіші. Тарихилық негізіндегі эпикалық шығармада поэтикалық көркемдік қиял арқылы қосылған бейнелеулер адам санасындағы эстетикалық,адамгершілік дүниетанымының шынайылығын, тереңдіктерін көрсетеді. Көркемдік ойлау тереңдіктері мен кеңістіктерінің эпикалық шығармалардағы поэтикалық сипаты ұлттық және жалпыадамзаттық көзқарастардың ортақ бірлігін аңғартады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығы арқылы шығармаларға арқау болған қайшылықтар мен қақтығыстар негізі, жеке адам мен қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның үндестігі мен үйлесімсіздігі, т.б. мәселелер поэтикалық тұтастықпен анықталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1983. – 368 б.
3. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз: Роман. – Алматы: Жазушы, 1999. – 472 б.
4. Ертедегі әдебиет нұсқалары / Құрастырушылар: Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Қ. Сыдиқов. – Алматы: Мектеп, 1967. – 208 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
6. Адам бол! Что это значит?: Философиялық зерттеулер. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006. – 292 б.
7. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б.

ОӘЖ 101.4602

БАЛТАБАЕВА ГАУҺАР САЯДІЛҚЫЗЫ,
Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

КҮЗЕМБАЕВА АЙГЕРІМ БОРАНТАЙҚЫЗЫ,
Магистрант,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

МҰХТАР МАҒАУИН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

Аңдатпа: Мақалада Мұхтар Мағауиннің ғылыми зерттеулеріндегі XY-XYIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясының ұлттық құндылық дәрежесі айқындалған. Жыраулар поэзиясының құндылық деп танылуы заңды. Себебі ұлттық әдебиетіміздің жазба әдебиетпен ғана байланысын емес, ауызша таралса да, қазақ әдебиетініңбастауы болып тұрғаны көрсетілген.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, жыраулар поэзиясы, ұлттық құндылық, ұлт тәрбиесі, концепция.

Аннотация: В статье определена степень национальной ценности поэзии поэтов-жырауов XY-XYIII века в научных исследованиях Мухтара Магауина. Законно, чтобы поэзия жырау была признана ценностью. В связи с тем, что наша национальная литература имеет не только связь с письменной литературой, но и устное распространение.

Ключевые слова: казахская литература, поэзия жырау, национальные ценности, национальное воспитание, концепция.

Abstract: the article defines the degree of national value of the poetry of zhyrau poets of the XV-XVIII centuries in the scientific research of Mukhtar Magauin. It is legitimate to recognize the poetry of zhyrau as a value. Because it is shown that our national literature is not only related to written literature, but is also a source of Kazakh literature, although it is distributed verbally.

Keywords: Kazakh literature, zhyrau poetry, national value, education of the nation, concept

Кіріспе

Қазақтың заңғар жазушысы, тарихшысы, ұлттық жәдігерлерді жинаушы, ұлттық құндылықтарды сақтаушы Мұхтар Мағауин – бірнеше қасиет пен құзіреттерді бойына жинаған энциклопедист.

«Қобыз сарыны» монографиясын хандық кезеңде өмір сүрген, ақылшы, кеңесші болған, тоқтам айтып, халық мұңын жеткізе білген жыраулар поэзиясы туралы жазып шықты. XY-XYIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар бұл еңбекке арқау болған.

Негізгі бөлім

Бұл еңбегінде М. Мағауин қазақ әдебиетінің жауһарларын тізіп береді. Бар-жоғы 25 жасында аталған еңбекті жазып, оқырманға ұсынады. Жас зерттеушінің архив пен кітапхананның табалдырығын тоздырып, қазақтың өткен әдебиетін жинап, классикалық жыраулар поэзиясын әдебиет қоржынына толтырып бергені ұлтымыздың тарихы мен әдебиетін түгендеп бергендігін көрсетеді *[Мағауин М., 2007, 204 б.]*. Тек қазақ әдебиетінің қоржынын толықтырып қана қоймай, бұл әдеби туындылар ұлтымыздың рухани және мәдени арнасын да толықтырғанын айта кетуіміз керек. Себебі олардың, яғни жырауларымыздың, дидактикалық ойлары тәрбиеде үлкен рөл атқарады. Сол себептен жырауларымыздың мол да бай мұраларын бүгінгі жастарымыздың тәрбиесіне қажетті тәлімдік құралы деп танып, оларды патриоттық сезімге бөлеп, елі мен жерін сүюге, құрмет тұтуға баулып, гуманитарлық қағидалардың негізгі ұстанымы бола алатындығын жас ұрпақ санасына сіңіру қажет. Ұрпағымызды ұлттық рух негізінде тәрбие беру тұрғысынан алғанда жырауларымыздың мол мұрасы өзінің терең мәнін жоғалтқан емес. Сонымен қатар ақын-жырауларымыз тереңнен толғап жазған жырларының негізінде бойына елжандылық сезімін қалыптастырады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біздің халқымызға жолдаған Жолдауында аалдымызға мақсатымызды айқын қою керектігін, егер жақсы өмір сүргіміз келсе, еркіндікті бағалауымыз керектігін, ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды қастерлей білуіміз керектігін айтады. Балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүргенін қаласақ, ұлтымыздың негізгі символдарын, құндылықтарын ұмытпауымыз керек дейді *[Назарбаев Н., 1999]*.

Алдына осындай мақсаттарды қоя отырып, қазақ халқы ұлы мұраттарын іскер асыратынын қадап айтады. Бүгінге жеткенге дейін қаншама қадау-қадау тұлғаларымыз ұлттық әдебиет, мәдениет, саясат жолында қаншама еңбегі мен өмірін сарп етті. Қарқынымыз бен арынымыз тоқтамаса, әлем мойындайтын ел боламыз. Ол

үшін өткенімізді қадірлеп, жыраулар поэзиясындағы әрбір астарлы ойды анықтап, ұрпақ ұшін, болашақ үшін пайдалана білуіміз керек. Жыраулар поэзиясы ұлттық рухты түсірмей, биікке көтеретін, ұлы мұраттарымызды іске асыруда септігі тиетін, Тәуелсіздің тұғырын мықтай түсетін құндылық болып саналады. Жырауларымыздың өлшеусіз еңбектерін бағамдай да бағалай білуіміз керек.

Профессор, әдебиеттанушы Г.Ж. Пірәлиева «Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея» деген еңбегінде: «Шындығына келгенде, автор айтып отырғандай ешқандай саячсатқа көбейтін, заманына ілеспейтін, нағыз ұлттық идея, ұлттық мүдде мен мақсат – осы құндылықтарда жатыр емес пе?» деген пікір білдіреді *[Піралиева Г., 2015, 18 б.]*.

Расында, ұлттық идея, ұлттық мінез, ұлттық мүдде т.б. сынды ұлттық құндылықтарымыз жыраулар поэзиясында тұнып тұр. Осы құндылықтардың нағыз қайнар көзі ретінде М.Мағауин жыраулар поэзиясын алып, жинап, қаттап, саралап, талдап берді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар өмірлік қағида да жыраулар поэзиясының шырайын келтіріп тұрады. Философиялық көзқарастарынан қалыптасқан жүйелі ойларын әдебиеттанушы ғалымдар түрлі концепцияларға жіктеп көрсетеді. Концепция деген сөз – философия термині. Белгілі бір көзқарастар жиынтығы десек те болады. Уикипедияда бұл сөзге мынадай анықтама берілген: «Концепция от латинского слова «система понимания» дей келіп, ары қарай былай таратып көрсетеді: 1) комплекс взглядов на что-либо, связанных между собой и образующих взаимосязанную систему; 2 определенный способ понимания, трактовки каких-либо явлений; основная точка зрения, руководящая идея для их освещения; 3) система взглядов на явления – в мире, природе, обществе; 4) ведущей замысел,конструктивный принцип – в научной, художественно, технической, политической и других видах деятельности; 5) ситема путей решения задачи; 6) способ понимания, различения и трактовки каких-либо явлений, порождающий присуще только ему соображения и выводы *Глобальная.., 2012, 42 с.]*.

Бұған қоса: «Концепция определяет стратегию действий. Различным концепциям соответствует свой терминологический аппарат деген пікір де қосады. Осы анықтамаға қарап отырып, осы термин атауының бір нәрсеге деген ортақ көзқарас екендігін көреміз.

Концепцияның тарихи, білімдік, ғылыми, философиялық, математикалық, маркетингтік т.б. түрлері бар. Нақты мәселені ғана қарастыратын кіші концепциялар болады. Сонымен қатар жинақтап көрсететететін ірі концециялар болады. М. Мағауин жинақтаған жыраулар поэзиясын оқи отырып, мынадай концепция түрлерін жіктедік:

1-кесте Жыраулар поэзиясындағы концепция түрлері

Ірі концепция	**Негізгі концепция**	**Уақ концепция**
Саяси-әлеуметтік концепция	рух концепциясы	«Мен», арман, елдік, ерлік концепциялары
Тарихи концепция	Тарихи тұлғалар концепциясы	Хан, жырау, кеңесші, еркіндік концепциялары
Мәдени концепция	Тұрмыс-тіршілік, өмірлік қағида концепциясы	Ақыл, білім, өнеге, өсиет, аманат, отбасы концепциясы
Философиялық концепция	Діни концепция	Жалған дүние, өмір, өлім концепциялары

Осы біз жіктеген концепциялар жыраулар поэзиясында көрініс табады.

Зерттеу мақаламызға арқау болып отырған ғалым Мұхтар Мағауин «Орта ғасырда қазақ поэзиясында жыраулар жетекші рөл атқарды. Жырау шығармалары әдетте нақыл, қанатты сөздерден құрпалған философиялық толғаулар түрінде келеді. Толғауларда жырау өзінің адам және заман жайында түйгендерін, тіршілікте, табиғатта болып жататын өзгерістер, оның мән-мағынасы жөніндегі түсініктерін баяндайды. Өздері өмір кешкен жаугершілік заман талабына сай ұмыр кешкен, кейде, тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар ерлік сарынды отаншыл жырлар туғызады. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер жырау поэзиясының ішкі мазмұнымен орайлас» дейді *[Мағауин М., 1992, 102 б.]*.

Мұхтар Мағауиннің айтуынша, Шалкиіз ақынның тәрие алған бесігі Қазтуған мен Асан Қайғы жырлары. Сонымен қатар бізге жетпеген, біз білмейтін ақын-жыраулардың шығармашылығы мен халқымыздың сөз өнері болған. Солай бола тұра Шалкиіз ақынның поэзиясы өзіне дейінгі, өзі үлгі алған поэзиядан озық деп жазады. Бұл, әрине, ұстаздан шәкірт озғанның үлгісі. Қазтуған жыраудың толғаулары бала мінез көшпендінің ой-армандарын көрсететін, табиғат жайындағы түсінігінен хабар беретін шығармалар. Қазтуғанның жылы поэзиясының қасиеті де осында деп түйіндейді. Кең жазира далада көшпенді халықтың шарықтаған қиялы мен ой-армандырының қоры секілді Қазтуған толғаулары біз үшін құнды саналады. Соны-

мен қатар Шалкиіз ақынның шығармаларының өзіне тән ерекшелігі философиялық ойлар мен толғаныстардың мол кедесетіндігінде *[Мағауин М., 1992, 102 б.]*.

«Қобыз сарыны» еңбегінде «Ғасырлардан көктей өткен» деген эпиграфпен берілген тараушасында «Халқымыздың ескі әдеби мұралары біздің заманымызға қалай жетті деген сауал қойылса, әдетте: ауыздан-ауызға көшіп, бір ұрпақтан екінші ұрпақ жаттап сақталады деген жауап беріледі. Ал сонда мұра алғашқы қалпын қаншалық сақтайды, жаңа ұрпақ өзіне жеткен туындыға қаншалық өзгерістер енгізеді, иесін ұмытып, өз жанынан нендей қоспалар қосады – бұл мәселенің беті күңгірт. ...мұраның сақталуындағы жеткізушінің рөлі теріс бағаланды» *[Мағауин М., 2007, 179 б.]*.

Алғашқы құндылық – ол халықтың ауызба-ауыз таратуында. Ауызша таралуындағы ең бірінші мән беретін мәселе – өзгермей жетуі еді. Әрине, мүлде өзгермеді деуге де негіз жоқ. Бірақ бұл жерде Мұхтар Мағауин Махмұт Қашқаридың еңбегіндегі мақал-мәтелдердің бізге дейін өзгермей жетуін оның жатталып таралуымен байланыстырады. Біріншіден, мақал-мәтелдерде ұйқас, ырғақ бар. Өлеңге ұсқас. Сондықтан тез жатталады. Және соған сәйкес жатталған дүние өзгермей айтылғандықтан, бізге де аумай жеткен. Дәл осы жүйемен жыраулар поэзиясы да бізге жеткен деп санайды ғалым. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі ақындық, киелі сөзді меңгеруі деп таниды.

Мұхтар Мағауин монографияның бірінші тарауында 15-17 ғасырлар арасында өмір сүрген Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет, Марғасқа жыраулардың өмірі мен шығармашылығы берілсе, екінші тарауда XYIII ғасырдағы Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жыраулар мен Көтеш пен Шал ақын енген. Бұлардың әр шығармасында ұлттық құндылықтарымыз тұнып тұр. Ұлт болып қалыптасып, негізгі ұлттық мінезіміз бен ұлттық мүдделерімізді осы кезде қалыптастырдық десек те болады.

Зерттеуші Қ. Мәмбетов Қазақ хандығы дәуірі кезіндегі жырауларымыздың поэзиясы еліміздің, халқымыздың күнделікті өмірінде кездесетін түрлі оқиғалар мен жағдайлардағы негізгі мәселелерге арналатындығын жазады. Өткен күнге көз тастапе, бүгінгіні сараптап, болашаққа ұлттық құндылық ретінде жеткізу қажет деп санайтын категорияларды жырлап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізгендігін айтады. Аса мәнді идеялардың ұраншысы болған деген пікір айтады *[Мәмбетов Қ., 2015, 3 б.]*.

Ақын жыраулар туралы ғалым-жазушы М.Мағауин: «Ой тереңдігімен, өз заманының көкейкесті мәселелерін көтерумен ғана емес, көркемдік сапасымен өзгеше Бұқар шығармалары ғақлия толғаныстар, нақыл афоризмдер түрінде келеді. Бейнелі суретке бай, ұлттық бояуы қанық, көркемдігі кемел. Дәстүрлі жыраулық поэзияның көркемдеу тәсілдерін жете меңгерген Бұқар туындыларының өлең өлшемі өте күрделі. Міне, осының бәрі Бұқар жырауды көне қазақ поэзиясының ең тұлғалы өкілдерінің қатарына көтерді. Бұқар өнернамасы әлденеше ғасырлық тарихы бар жыраулар поэзиясының қорытынды түйіні іспеттес болды», - дейді *[Мағауин М., 1992, 102 б.]*.

Қазақ халқы өзі жеке қалыптаспы, хандығын құрған соң, өз алдына жеке ел болып, жауапкершілік бұрыңғыдан да зорая түстін. Осы кезеңде халық ішіндегі мұң-мұқтажды айтып отыратын жыраулардың, олардың толғаулары арқылы айтқан ойларының маңызы ерекше болды. Елдік пен ерлікті қатар жырлай отырып, бір идеологияға жұмылдырып отырды халықты.

Қазақ өзі жеке хандық құрған соң, халық алдында үлкен жауапкершілікке ие болды. Бір халық болып өмір сүру уәдесін жекелеген тайпалар алдында орындау, бір ту астына бірігу, жерді сақтап қалу, бірлікті игеру, халықты бір идеяға жұмылдыру деген секілді ірі-ірі істердің хандық алдында тұрғаны мәлім. Ал ханның кеңесшісі ретінде ел сөзін ханға, ханның ой-арманын елге жеткізуші жыраулардың арманы асқақ болды. Әр толғауларында ерлік, елдік, арман, жақсы өмір, бірлік, бір идеяға ұйысу мәніндегі тақырыптар қазақтың кең даласын біріктіріп тұрған еді.

«Қобыз сарынынан» өзге де көркем-тарихи туындыларында хандық дәуірдегі қазақ бейнесін хандық, жыраулық, батырлық категорияларымен сипаттап жазған туындылары жазушының қазақ өмір сүрген жерде сұранысқа ие деп ойлаймыз. Ғылыми, тарихи, әдеби зерттеулерге арқау бола бермек. XIX ғасырдағы әдебиетімізді Шоқан Уәлихановтың біраз жинағаны белгілі *[Уәлиханов Ш., 1985, 102 б.]*. Бірақоған дейінгі әдебиетіміз жиналмаған болатын. Осы олқылықтың орнын М. Мағауин толтырды.

Біздің ұлттық әдебиетіміз бен тарихымыз XIX ғасырдан басталатындай әсер қалдыратынын Шоқан Уәлихановтың зерттеулерінен бастап жүргендігін ғалымдар да жазып жүрді. Осы кезеңді 4 ғасырға жылжытып, мұрағаттарды ақтарып, ұлттық мұрамызды толықтырғаны ұлттық құндылықтар қатарын көбейткені деп танимыз.

XIX ғасырдың соңын ала, төңкеріске шейін Қазанда көптеген өлең кітап, жинақтар басылып шықты. Дулаттың «Өсиетнамасы», Шортанбайдың «Бала зары», түрлі қиссалар.

XIX ғасырда жазба әдебиет туғанын М.Әуезов те нығыздай айтты. Әрине, бұл қазақ әдебиетінің тек жазба әдебиет келгеннен кейін ғана пайда болды деген сөз емес екенін сол кезең ғалымдарының бәрі де ұқты. Қазақ әдебиетінің тамыры тереңде екенін білді.

XIX ғасыр әдебиетіне байланысты Сәбит Мұқанов 1942 жылы мынандай тұжырым жасады. XIX ғасыр әдебиетінің дәуірлері одан бұрынғы ғасырлардың әдебиет дәуірлеріндей көмескі емес, айқын, ашық. Мәселен: XIX ғасырдың алғашқы жартысында ұлт бостандығын жырлайтын

әдебиет жасалды. XIX ғасырдың 50-70 жылдарында «Зар заман» әдебиет басым болды. XIX ғасырдың 70 жылдардан бастап просветительдік (мәдениет үндеуші) әдебиет туды.

XIX ғасыр әдебиетінің негізгі бітім-болмысы, саяси-тарихи жағдайлары Х. Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, С. Қирабаев, Т. Кәкішов, Р. Бердібаев, М.Мырзахмедов. М. Мағауин, А. Жақсылықов, Б. Омаруұлы т.б ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Бірақ XIX ғасырға дейін қазақ әдебиетінің озық үлгілеріболғанын М.Мағауин өзінің зерттеулерінде келтіріп, ұлттың қоржынын толтырды.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Мұхтар Мағауиннің зерттеулерінде ұлттық мүдде басым, айқын көрінеді. Ұлттық мүдде қазақ әдебиетінің арналарын кеңейтіп, ұзартудан, тарихын әріден бастап, тереңдетумен байланысты. Қазақ әдебиеті тақыр жерден емес, құнары мол, мәні терең, астары терең сөздерден пайда болғандығын дәлелдеген. Осы арқылы ұлттық мүддені негізгі нысан етіп, қазақ әдебиетінің бастауларын алтын әріптермен тарих бетіне жазып, ұлтымыздың, әдебиетіміздің мерейін асырды. Қазақтың жыраулар әдебиетін ұлттық құндылық деп қарап, мәнін тереңдетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Глобальная трансформация – Русский проект. – Internal Predictor USSR. 2012 г. Москва. 42 с.
2. Мағауин М. Қобыз сарыны: XY-XYIII ғасырларда жасаған қазақ ақын-жыраулары. – Өңделіп, 5-ші басылуы. – Алматы: Мектеп, - 2007. – 192 бет.
3. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі. 1992. – 170 б.
4. Мәмбетов Қ., «Сарысу» газеті, 2015 ж. 18 шілде.
5. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 282 б.
6. Піралиева Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. – Алматы, 2015. – 180 б.
7. Уалиханов Ш. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1985.

ОӘЖ 81.373

БУГЕНОВА ЛЭЛЯ АМАНЖОЛОВНА,
қауымдастырылған профессор,
М.Тынышбаев атындағы ҚазКҚА,
Email: lelya2106@mail.ru

КАРБОЗОВА АЛИЯ МУКАТАЕВНА,
Лектор,
«Тілдер» кафедрасы,
М.Тынышбаев атындағы ҚазКҚА

ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТЕКСТОВ СМИ

Түйін. Бұл мақалада БАҚ тілінің ерекшелігі, оның қоғаммен тікелей өзара әрекеттесуіне байланысты оның үнемі дамуы мен өзгеруі, БАҚ дискурсы мәтіндерінің тиімділігін зерттеу, сонымен қатар сөйлеу құралдарын қолданудың өзара әрекеттесуін іздеу және оларды жарнамалық қызмет барысында қолдану нәтижесі қарастырылады. Осы мақаладағы авторлық ұжым қазіргі уақытта БАҚ тілінің рөлі мен маңыздылығын дәлелдеуге тырысты. Бұқаралық коммуникация саласын – радио, теледидар, газеттер, журналдарды, оның ішінде бүкіләлемдік ғаламтор – Интернетті зерттеу мәселесі адам өмірінің басқа салаларында дискурсивті тәжірибенің жалпы көлемінен әлдеқайда көп болатын сөйлеуді қолданудың негізгі көлемін алып жүреді. өзектілігін жоғалтпайды.

Кілт сөздер: тілдің ерекшелігі, тікелей өзара әрекеттесу, дискурс мәтіні, сөйлеу құралдары, жарнама қызметі, сөйлеуді пайдалану

фирмаларға бағытталған. Маркетинг кешенінің маңызды элементтерінің бірі бола отырып, сайып келгенде, компанияның жалпы маркетингтік мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді [Вердиян В. «Ғаламтордағы маркетингтердің сәтті әдістері», 2012 жыл, 156 бет]. Өз кезегінде, маркетингтік коммуникацияның мақсаттарын таңдау көбінесе оларға қол жеткізу үшін қолданылатын әдістерді анықтайды.

Кәсіпорынның маркетингтік коммуникациялар жүйесі қандай нысанда ұйымдастырылса да, кәсіпорынның ішкі ортасына (персонал мен кадрларға) және бүкіл нарықтық инфрақұрылымына: коммерциялық делдалдарға, сауда персоналына, бөлімшелер мен филиалдардың, өкілдіктердің, оның ішінде шетелдік басшылардың белсенді әсерін қамтамасыз етуі тиіс. Кәсіпорынның байланыс жүйесі тиісті өтініштерді жедел және қатаң түрде жіберуді және ең тиімді арналарды пайдалануды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге олар жүгінгендердің осы өтініштерді нақты тұжырымдау мен біржақты түсіндіруіне жауап беруі керек [Волков Ю.Г. «Жарнамадағы социология», 2009 жыл, 148 бет].

Шетелдік тәжірибелерге сүйенсек, көршілес Ресей Федерациясында "маркетингтік коммуникациялар кешені" батыстың "жарнамалық шаралар кешені" ұғымына сәйкес келеді. Көптеген кәсіпорындарда нарыққа әсер етудің қарапайым әдістерін қолдана отырып, маркетингтік коммуникацияларды құру мәселелері ресми түрде қарастырылады. Осылайша, отандық өндірушілердің маркетингтік коммуникациялар құрылымын құрудағы бірінші мәселесі басшылықтың оның маңыздылығы мен бәсекелестікте бере алатын мүмкіндіктерін түсінбеуімен байланысты. Түсінбеушілік көбінесе менеджердің не екенін, маркетингтік коммуникациялардың құрылымы қалай құрылатынын және іске асырылатындығын білмейтіндігіне байланысты. Бұл өз кезегінде алғашқы мәселе болып саналады.

Екінші мәселе, маркетингтік коммуникацияларды жүзеге асыру процесінде. Көптеген фирмалар үшін жарнаманы қолдану себептері жаңа тауарлардың пайда болуы, маусымның басталуы және сұраныстың төмендеуімен тығыз байланысты. Нарықта көп немесе аз тұрақты жағдай болған кезде, көптеген адамдар маркетингтік байланыс шығындарын азайтуға тырысады. Батыс фирмаларының көзқарасы түбегейлі ерекшеленеді, нақты айтқанда олар үшін маркетингтік коммуникациялар құрылымы - бұл ұйымның өмір бойы қызметін қамтитын жалпы білім. Әр түрлі әдістерді қолдана отырып, олар күн сайын өздерінің экономикалық қызметі үшін қолайлы жағдай жасау үшін нарыққа әсер етеді. Ең қызығы, аталған әрекет тізбегі екінші мәселе болып танылады.

Ресейлік фирмалардың маркетингтік коммуникациялар құрылымын құрудағы үшінші мәселесі олардың басқа нарықтық жағдайлар үшін жасалған батыстық әдістер мен жүйелерді өз қызметінде қолдануға тырысатындығымен байланысты [Гермогенова Л.Ю. «Контекстті жарнама құпиялары», 2015 жыл, шығарылымы].

Маркетингтік коммуникациялар құрылымын құрудағы төртінші мәселе осы құрылымның тиімділігін жоспарлау, іске асыру және бағалау үшін өкілеттік беру жүйесінің дамымауымен байланысты. Әрине, компания үшін құру жұмысы негізгі қызмет саласы емес, көмекші болып саналған. Екінші жағынан, бұл айтарлықтай уақыт пен қаржылық ресурстарды қажет етеді [Гончарук В.А. «Маркетингтік ақпараттану», 2006 жыл, 3 тарау, 15 бет].

Жаһанға жар салып айта беру де жалықтыратыны мәлім. Қазіргі кезде «уау» деп таңқалдырар дүниелер көп болуына байланысты үздіктердің үздігі атану қиынға соғады. Соған қарамастан жыл сайын бізде жаңалықтар толастар емес. Соның бірі жарнамадағы жаңалықтар. Жарнама жасау әдісін дұрыс жасай алсаң жақсы, тіпті ойлағаныңнан да мол нәтиже беретін құбылыс болса, ал қателесіп басқа бағытқа аусаң екінші мәрте құлшынысыңды қашыратын дүние. Ол сенуге және сендіруге бағытталғаны да рас. Бұл әдісті тек тауар ғана емес тауарды тұтынушы ортаға немесе ұйымдарға да қолдануға болады, тек өз шегі және талабына сай болса жеткілікті. Ілгерілету жұмыстары - бізге, сізге және басқаларға, оның ішінде: тұтынушы жаққа, басшылыққа бағытталған іс-шаралар легі. Затты өткізу деген қызық естілмесі анық, себебі ол өтімді нәрсе екені айдан анық.

Мекемені қалай басқаға ерекше етіп таныстырамыз, оған басқалар сену үшін не істей аламыз? Сұрақтың жауабын бірігіп таптық, ұсыныстар әзірледік. Біздің әдісте: міндетті түрде жас мөлшері әртүрлі адамдар іс атқарады немесе қолданыла береді. Дәрежесіне, нақты бір жанға бағытталмайды, тек қызығушылықты арттыратын, қалыптастыратын мүмкіндіктердің болатынына жүз пайыз сенімімiз мол. Істі бір арнаға бағыттап, ілгері жүргізуге бағыттау - қызықтыру мен танытар көрсеткіші мен эффектісі бір қажеттілікті танытып тұратын іс. Аталған істе «жарнаманы» қосып биік шыңға жеткізуге бір табан жақындықтың бір сатысы болары анық.

«Баннерлік» әдіс бұрын қағазды пайланып көшеге жарияланатын тиімді әдіс болса, заманына сай бұл әрекет виртуалға көшті. Ресми сайттардағы әр мекеме туралы ақпарат, дизайн, дұрыс орналастырылған жазулар көзге көрінбейтін адам санасына әсер берер бірінші қимыл. Таңқалдырар логотип пен фразалық сөз, қысқа да нұсқа сол ұйымға лайықты болар бір ауыз қысқаша анықтама беру. Жазып, іліп қоюдан бұрын мағынасына сай келетіндігін, түстер үйлесіміне аса қатты мән беру керек, өйткені мекеме атауын айтып қалған есте қалған жалғыз дүние сол болады.

Теру әдісімен жазылған буклеттер, анықтамалық қағаздар. Жәй ғана тастай салатындай қағаз емес, қырық сегіз секунта көз жүгіртіп оқығанда бір жаттап алар мәлімет берер құнды зат болуы керек.

Лозунг қолдану. Бағытталған тауар туралы графикалық, жарқын әрі логикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған мәтіннің берері де мол.

Сувинерлік заттар жасау әдісі. Олардың қатарында: күнтізбе, ойыншықтар, таңбаланған қалам, ілгіштер, кішкентай көлемді кітапшалар, футболкалар, т.б. заттар бар. Әр ұйымның басшысы болады, сол басшы қол астындағы жандарға бағыт пен бұйрық беріп өзі көшбасшылық танытып ұсыныстар жасай алуы керек. Басшы екіге бөлінеді: лидер немесе жәй ғана жоғары мінбердегі қарапайым адам. Өз қызметкерлеріне төбеден қарау дұрыс емес, керісінше ішкі ахуалдарды реттеу үшін аянбауы керек [Данченок Л.А, Дайнекин Т.В «Комплексті пиардың түсінігі мен мағынасы», 2010 жыл, 120 бет.].

Жыл өткен сайын адам миы небір дүниелерді қозғаудан шаршамайды. Әлеуметтік желілердің түр - түрінің шығуы, оған тіркелудің оңай болуы біздерге жақсы. Қайталап көрсету, жаңалықтар ұсыну арқылы да біз мақсатты жетістігімізге оңай жете аламыз. Ол үшін, дұрыс СММ маманын, қоғаммен байланыс жасайтын нағыз шеберді таңдай алуымыз керек.

Нарықта өз орнын табудың тағы бір бағыты - барлық арналық жолдарды егжей - тегжейлі зерттеу. Өзің білмейтін ақпаратты өзгеге таратпау. Ертеңгі күнде абыройлы болу үшін, өзіңмен бірге жасаған жарнамаңның барынша қызықты, сатылымдық трендтге айналуында үлкен күш жұмсау. Ұмытпайтын қағида: сапа үшін жақсы ақша, кейіннен нәтиже шыққанда құйылған инвестицияның екі есе, тіпті он есе қайтуында тұрған жанұйымдастырушы топ. Іздеу жүйесіндегі ілгерілету жұмысы - контексттік терминге жақын, бірақ өзгешелігі бар жүйе. Арзан болуын қалағандар үшін бұл қимылды орындау тиімдірек. Жарнама ұсынарда кімге бағыттап жатқаныңызды ескергеніңіз дұрыс. Жарнамалық презентация - пойнт жүйесімен ақпаратты тарататын, беретін нарықтық қызметтерді жылжытуы негізінде хабарламаның әмбебап нысаны. Таныстыру немесе презентациялау - бір жобаның істің, жаңалықтың, жобаның, тауардың ұйымның, жалпы алғанда болып жатқан құбылыстардың құрылымдық негіздегі ақпаратты ұсыну тәсілі, процесі. Мақсаты - аудитория ыңғайына сай ақпаратты кең форматта жеткізу. Презентацияны қолданып жылжыту әрекеті маркетингтік және пиар құралдарының бірі болған. Тұсаукесер шаралар негізінде осы тұрғыда таңдауға сай өткізіледі. Мекен-жайға байланысты слайд жасау да өзі көп түрге бөлінеді:

– Пауэр пойнттік негіздегі. Ерекшелігі: жаныңызға не қажет болса, жоғарыдағы барлық функцияларды ойланбай осы қатарға кіргізуге болады. Қорғау үшін: сөзіңізге ауызша форматта сөйлеу керек. Ұсынылатын жері: конференц-залдар, аудиториялар.

– Стол үстіне арналған жазбалы. Қағаз бетіне ақпаратты енгізген ғана жеткілікті. Жоғалтып аламын деген, техникалық жақтан қорқыныш осы ретте екі есе төмен.

– Видео-роликті. Арнайы түсірілгендіктен монтаждалып, өңделіп, керек нәрсенің барлығы қойылады. Керегі тек кәсібилік қана.

– Интерактивті слайд. Заман талабына сай тағы бір әдістемілік қатардағы құрал. Флэш бағдарламасымен жасалатындықтан оңай көрсетіліп, бір батырманы басу арқылы басқарылады. Бөліктерге бөлініп, анимациялық сипатқа оңай бейімделеді. «Көзге тартымды» болуына қарап - ақ оның зеріктірмейтініне кепілдік бар.

– Мультимедиялық бағытта. Жоғарғы технологиялы заманауи жеткізуді қамтамасыз еткендіктен бағытталған аудиториясына, серіктестеріне, қаржы құятын жандарға арналған бағдарламалық құрал. Терминнің өзі ақпаратты жеткізу сипатымен белгіленеді. Мультимедияның тізімінде сіз таңдайтын: бейне, анимация, сурет, фото, компьютерлік графика, текст, дыбыс, әуен, арнайы жарықшалар бар [Дегтярев А.Р «Жарнаманың таңдаулы мәліметтері», 2012 жыл, 5 шығарылымы].

Ең бастысы, бұл артықшылықтар мен қызметтерді толық меңгеруге зор мүмкіндік береді. Кәсібилік жақтан дайындалған жарнама міндетті түрде өз нәтижесін бермей қоймайды. Қызметтің деңгейін ілгерілету үшін ғаламтор желісінде пиар кампания істерін жүзеге асыру үшін бірқатар пиар құралдарды қолдануды көздеу қажет. Оларға жататын тиімді тәжірибеден өткен әрекеттерді сараласақ:

1. Ресми сайт. Тиімділігі: бағдар мен ұсыныстар береді..

2. Жаңалық арналары. Аудиториямен тығыз байланысқыңыз келсе, ешқандай қорқыныш жаныңызды ауыртпасын десеңіз осы әдіс өте қажет.

3. Арналардан бөлек оларды әлеуметтік желілерден де бақылай аламыз. Ол қатарға: инстаграм, телеграм, ютуб, твитер, тик-ток, одноклассники, майл ру сияқты тізімдер жатады.

4. Контекстті имиджді сақтау. Сауатты қолдану кезінде яндекс, гуглды тиімді байланыстыра алу бағытталған танымалдылық мен ілгерілетуге, тіпті асыра бастауды қолдану да мүмкін. Басты рөлі – өзіне керек аудиториясына таныстырылымы бола алатындығында.

5. Әлеуметтік желі. Қанша жерден болмасын ӘЖ қолданбайтын жан баласы жоқ. Еңкейген қарттан, еңбектеген сәбиге дейін тілін білетін ұялы телефонның виртуалды әлемі бәрімізді баурап алғанын мойындаймыз [Демингтий Д.Р. «Ілгерілету мен жүргізу», 2018 жыл, 1 тарау, 10 бет].

Маркетинг жүйесінің бір бөлігі бола отырып, игере келе жарнама ақпараттық функцияның тар шеңберін аттап өтеді және коммуникациялық функцияны өзіне алады. Жарнамалық қызметті зерттеу процесінде қолданылатын сауалнамалар, пікірлерді жинау, тауарларды өткізу процесін талдау көмегімен нарықпен және тұтынушымен кері байланыс ұсталады. Бұл қызметтердің нарыққа жылжуын бақылауға, тұтынушыларда оларға артықшылық берудің тұрақты жүйесін құруға және бекітуге, қажет болған жағдайда өткізу және жарнамалық қызмет процесін тез түзетуге мүмкіндік береді. Мерзімдік көрсеткіштерді анықтамастан бұрын аясын, тарлық немесе кеңшілік тарифіндегі ұғымын зерделедік. Мерзімдік куақытына кепіл жоқ, бір білер анықтамамыз ұзақ болмағаны бізге және бар қоғам мүшесіне пайдалы. Зымыраған уақытта иірімге ілесе жаңаша қимылдар мен көзқарастар таныту керек. Заңдылықты біз емес, табиғатқа бағытталып құрастырылғандықтан оған айтылар пікірлер мен сұраныстар да тұрақсыз. Барлығы қоғаммен байланыс жасауда шешіледі.

Біздің пайымымша кәсіпорынның маркетингтік коммуникациялар жүйесі қандай нысанда ұйымдастырылса да, кәсіпорынның ішкі ортасына (персонал мен кадрларға) және бүкіл нарықтық инфрақұрылымына: коммерциялық делдалдарға, сауда персоналына, бөлімшелер мен филиалдардың, өкілдіктердің, оның ішінде шетелдік басшылардың белсенді әсерін қамтамасыз етілуі тиіс. Кәсіпорынның байланыс жүйесі тиісті өтініштерді жедел және қатаң түрде жіберуді және ең тиімді арналарды пайдалануды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге олар жүгінгендердің осы өтініштерді нақты тұжырымдау мен біржақты түсіндіруіне жауап беруі керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аксенова К.А. «Жарнама және жарнамалық қызмет», конспекттік жұмыс
2. Астахова Т.В. «Үшінші секторға бағытталған қоғаммен байланыс», 2006 жыл, 156 бет
3. Бекетова Н.В. «Паблик релэйшнз», 2012 жыл, 45 бет
4. Бердышев С.Н. «Жарнама ұғымы: жолдары, әдістері», 2012 жыл, 102 бет
5. Бокарев Т.А «Ғаламтор жарнамасының энциклопедиясы», 2016 жыл, 2 тарауы
6. Бондаренко С.В «Виртуалды байланыс», 2011 жыл, 101 бет
7. Вердиян В. «Ғаламтордағы маркетингтердің сәтті әдістері», 2012 жыл, 156 бет
8. Волков Ю.Г. «Жарнамадағы социология», 2009 жыл, 148 бет
9. Гермогенова Л.Ю. «Контекстті жарнама құпиялары», 2015 жыл, 1 шығарылымы
10. Гончарук В.А. «Маркетингтік ақпараттану», 2006 жыл, 3 тарау, 15 бет
11. Данченок Л.А, Дайнекин Т.В «Комплексті пиардың түсінігі мен мағынасы», 12.010 жыл, 120 бет.
12. Дегтярев А.Р «Жарнаманың таңдаулы мәліметтері», 2012 жыл, 5 шығарылымы
13. Деминтий Д.Р «Ілгерілету мен жүргізу», 2018 жыл, 1 тарау, 10 бет.

МРНТИ 10.02.19

ҚОБЛАНОВА АЙМАН ЖИЛКИБАЕВНА,
Профессор, доцент, филология ғылымдарының кандидаты,
Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қаласы, Қазақстан

АБАЙ ӨЛЕҢ ӨРНЕКТЕРІНДЕГІ ҚЫЗ ӘДЕБІ

Түйіндеме: Ұлы ақынның өлеңдерінде де, қара сөздерінде де ұлттық этикетпен байланысты қолданыстар ерекше орын алады. Мақалада Абайдың «Қыз сыны» тақырыбына қатысты өлеңдеріндегі қыз сұлулығының эстетикалық, этика-этикеттік компоненттері, сонымен қатар қыздың ақыл-парасатына тән ерекшеліктері талданады. Ақынның өлең өрнектеріндегі қыз сұлулығының әдеппен, ақылоймен байланысты қырлары айқындалады. Ақын өлеңдеріндегі қыз болмысына қатысты жайттарды салт-дәстүрмен, халықтық танымммен, біліммен байланысты қарауға назар аударылды. Қыз әдебіндегі біз қарастырып отырған осы пайым-парасаттың бәрін де Абай өлең өрнектерінен табамыз.

Кілт сөздер: әдеп, эстетикалық таным, реттеуіштік қызмет, бағалауыштық категория, этикалық ұғым, этикеттік нормалар, тілдік қарым-қатынас т.б.

Аннотация. В стихах и прозе великого поэта использование национального этикета занимает особое место. В статье анализируются эстетическая, этико-этикетные составляющие красоты девушки в стихотворениях Абая на тему «Кыз сыны», а также особенности интеллекта девушки. Стихи поэта раскрывают нравственную и интеллектуальную стороны красоты девушки. В стихах поэта внимание было уделено вопросам личности девушки в связи с обычаями, традициями, народными познаниями и знаниями. Всю эту мудрость девичьего этикета, которую мы рассматриваем, мы находим в стихах Абая.

Ключевые слова: этикет, эстетическое познание, регулирующая деятельность, оценочная категория, этическое понятие, этикетные нормы, языковое общение и др.

Abstract. The use of national etiquette occupies a special place in the poetry and prose of the great poet. The article analyzes the aesthetic, ethical and etiquette components of the girl's beauty in Abai's poems on the topic "Kyz syny", as well as the features of the girl's intellect. The poet's poems reveal the moral and intellectual side of the girl's beauty. In the poet's poems, attention was paid to the issues of the girl's personality in connection with customs, traditions, folk knowledge and national cognition. All this wisdom of girlish etiquette, which we are considering, we find in Abai's poems.

Key words: etiquette, aesthetic knowledge, regulating activities, an evaluative category, an ethical concept, etiquette norms, language communication etc.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай жайында айтқан келелі ой пайымдаулары мәдени жұртшылыққа, әсіресе білім беру саласындағы жоғары мектеп оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне ерекше ой салып отыр. («Егемен Қазақстан», 01.03.2020). Білім мен тәрбие беруде ұлы ақынның шығармашылық мұрасын игеру педагогика, ғылым, білім жүйесінде алатын орны мемлекет басшысы айтқан қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыру, интеллектуалды ұлт қалыптастыруда ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әрине, Абай шығармалары, оның тілдік айшықтары мен ой өрнектері гуманитарлық саладағы студенттер аудиториясындағы дәрістерде, оқулықтар мен оқу құралдарында азды-көпті айтылып та жүр.

Академик Р. Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» атты ғылыми зерттеуі абайтанудағы жаңашыл іргелі зерттеудің бірегейі болды. Ғалымның монографиясында Абай тілін танытудың қырларын, образдар жүйесін айқындау, сөз құбылту, эстетикалық өрісін ашу тәсілдері арқылы сөз еткен зерттеуі абайтану ғылымындағы дәстүр мен жаңашылдықты сабақтастыру болып табылады [Сыздық Р., 2014, б.577].

Бұл орайда абайтанушы ғалым Р. Сыздықтың монографиясы жайында Н.Уәли: «Ұлы ақынның поэтикалық тілі, көркемдік сипаты, көріктеу құралдарының тілдік механизмі сөз болып, ұлы Абайдың тіл көркемдігін танытудың кілті бұрынсоңды айтылып келген пікірлер мен еңбектерден басқаша бұраумен ашылады» [Уәли Н. 2019, б.240]. Бірақ бүгінгі кезеңде ұлттық болмысымызды сақтай отырып, жаңару, жаңғырумен байланысты ақын мұрасын игеруде дәстүрлі бағытты ұстанамыз ба? Мектеп, жоғары білім беру салаларында қолға алынып, жасалып жатқан бағдарламалар жобасы, аңғаруымызша, дәстүрлі бағытты ұстанғаны байқалады. Дегенмен ойланумызға тура келеді.

Осындай ізденіс кезінде профессор Н.Уәлидің «Аттың сыны», «Абайды қайта оқығанда» деген мақаласы жарық көрді («Егемен Қазақстан», 01.09.2020).

Байқауымызша, мақала авторы дәстүрлі жүйе мен өлеңді «өз ішінде» талдаудан, яғни метафо-

ра, теңеу, эпитет т.б. тәрізді көріктеуіш тәсілдерді сипаттаудан гөрі, - объектіні әлеуметтік ортамен, ондағы салт-дәстүрмен, халықтық таным, біліммен байланысты қарауға басымдылық берген.

Осы жағын байқай отырып, біз ақынның «Қыз сыны» тақырыбына қатысты өлеңдерін әсемдік, сұлулықпен байланысты сипаттауына көңіл бөле келе, аталмыш жайтты, этикалық, этикеттік қырдан қарау жағына назар аударып, зерттеуіміздің әдістемесі ретінде негізгі алдық.

Алайда этикеттік стереотиптердің, этикалық нормалардың әлеуметтік қатынаста болсын, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас кезінде болсын реттеуіштік қызметі әралуан және әрқилы болып отыратыны мәлім.

«Сөз этикетінің арнаулы функцияларының бірі – реттеуіш қызметі (регулятивная функция) [Қобланова А., 2001, б.120]. Бұның өзі дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктер мен топтардың, олардың өзді-өзіне тән мәртебелерімен, салт-дәстүрмен, гендерлік ерекшеліктерімен байланысты. Этикеттік, этикалық нормалардың алуан қырлы болып келетіні де сондықтан.

Ұлы ақынның өлеңдерінде де, қара сөздерінде де ұлттық этикетпен байланысты қолданыстар ерекше орын алады. Өйткені этика, этикет тәрізді әлеуметтік мәдени сипаттағы мәнділіктердің қоғамдағы, жеке адамдар арасындағы қатынастарды реттеудегі қолданыс қызметі айрықша болатынымен байланысты.

Қазақтың Абайға дейінгі немесе ақынмен тұстас өлең-жыр саңлақтарының ежелден ден қойған «жігіт сыны», «қыз сыны» дәстүрлі қазақ қоғамында өнегелі тақырыптардың бірі болды. Осы тақырыптағы өлеңдерде жиі айтылатын *әдеп, иба, ізгет* атаулары – бағалауыш категорияға жататын этикалық ұғымдар жүйесін құрайды. **Әдеп** – қарым-қатынас субъектілерінің бәріне ортақ, үлкенге де, кішіге де қатысты. Ал *ізгет, ізгет көрсету* «кішінің» қарым-қатынас аясында «үлкенге» сыпайылық танытуы. **Иба, ибалық** көбіне әйел затына тән сыпайылық қасиетке ие. Басқаша айтқанда, *иба, ибалық* – мінез-құлықтың әйел затына тән гендерлік ерекшелікпен байланысты түрі. Онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **иба, ибалыққа** берілген лұғаттық мақаладағы иллюстрациялық материалдан бұл атаудың қыздарға, қыз-келіншектерге қатысты екенін айқын байқауға болады [*Қазақ әдеби тілінің сөздігі.* Он бес томдық. 7-том, 2011,б.714].

«Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?» деген өлеңінде сұлуды, бой сұлулығын сөз ете келіп, ақын:

Бұлардың кейбірінің мінездері:
Ешнәрсе көрмегенсіп бұртақтаған
Кейбірі жайдары ашық боламын деп,
Орынсыз адамдармен жыртақтаған, - дейді.

Жыртақтау, бұртақтау сияқтылар этикеттік, этикалық нормаға қайшы келетін, ибаға жатпайтын жағымсыз қылықтар қыздың бой сұлулығымен үйлеспейтінін, *қыз қылығымен сұлу* деген халықтың әдеп ұғымын ақын қаламы қайта жаңғыртып, сұлулық, қыз сұлулығы әдеппен байланысты екенін ұқтырып отыр.

Ашық мінез, жайдары болу субъектілер арасындағы қарым-қатынасқа оң әсерін тигізетін қасиетке ие. Алайда бұндай қасиеттердің мөлшері мен шегі болады. Олардың реттеушісі – *ұстамдылық, сабырлылық.* Ұстамдылық, сабыр болмаса, жайдары, тым ашық мінез болу теріс бағытқа ойысып, ақын айтқандай, «бұртақ» пен «жыртаққа» ұрындырады. Қазақ қоғамында қызға тән *ашық мінез, жайдары күй* сезімнің әрекеті. Бұндай эмоциялық күйдің шектен шығуын әдетте реттеп отыратын «қарауылшысы» сабыр мен ұстамдылық – ой-сананың әрекеті болып табылады.

Сыншыл Абай «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінде былай дейді:

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің-бірің сөйле сөзін тосып.
Біріңді-бірің ғиззат құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Өлең жолдарындағы *сөз тосып сөйлеу, ғиззат* (*ізгет*) *ету* – әңгіме -дүкенде өнегелі болуды, жарасымдылықты меңзейтін этика-этикеттік мәнділік.

Ақын қаламынан шыққан қыз сұлулығының ерекшелігі оның табиғи, боямасыз болмысында. Қыз сұлулығы, қыз көріп, қызық іздеген ат жаратып, сән түзеген, бозбалалық, жастық шақтағы қызығушылық көздің танығаны. Алайда сұлулықты көзбен тану бар да, жүрекпен тану бар. Ақын өлеңдерінде осы екеуі де кездеседі.

Ақын қаламы қыз сұлулығының ерекшелігін оның табиғи, боямасыз болмысынан іздейді:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын.
Үлбіреген ақ етті ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ

Өлең жолдарындағы *ақ тамақ, қара қас, үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ* деген бағалауыштар эстетикалық танымменбайланысты көріктеуіштер. Сондай-ақ *ашық жүз,* қыз мінезіне тән эстетикалық әрі этикалық мәнділікпен байланысты ұғынылаы.

Ақын айтқан боямасыз бұл сұлулық–бозбалалық, жастық шақтағы қызығушылық көз тартқан қыздағы сыртқы сұлулық.

Осыларды айта келе ақын:

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.

Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе, - деп, бой сұлулығын ішке түскен сезім күймен үйлестіріп, сұлулыққа ерекше жан бітіреді: сұлу қызға деген құмарлық, құштарлық тәрізді эмоциялық сезім әдеппен әдіптеледі. Қыздың кәмшат бөркі, өрген бұрымы, таққан шолпысы, іззетті жүрісі – баршасы әсемдік, бірақ жай ғана әсемдік емес, әдеппен әдіптелген, әдептілікті танытатын әсемділік. Бұдан Абайдың эстетикалық танымындағы ерекшелік көбіне әдеппен (этикамен) байланысты өрнектеліп отыратыны байқалады.

Академик Ә.Т.Қайдар:

«Қазақ халқы қыз баланың иманжүзді ақылдылығымен ғана ерекшеленетінін бағалап қана қоймай, олардың жүріс-тұрысына, тәрбиесі мен отбасындағы қылығына жұртпен араласып, жақсы да, жаман мінездерін назардан тыс қалдырған емес», - дей келіп қыз баланы гүлге теңейтінін, ай мен күнмен айшықтайтынын ашып айтады. Сөйтіп, Ұлы Абайдың мына өлеңін мысалға келтіреді:

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Ауыз ашса көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген іш қайнайды» - деп,

Абай жырлаған өлең жолдарын оқығанда көркем де сұлу қыздың бейнесін көз алдыңызға әкелгендей боласыз дейді. ақынның эстетикалық танымына тән сипатын атап көрсетеді [Қайдар Ә., 2009 б.784]. Сөйтіп Ә.Т.Қайдар ақынның эстетикалық танымына тән сипатын айқындап атап көрсетеді.

Шынында, көз алдыңызға әкелгендей болуы көзтанымдық еш боямасыз табиғи сұлулық.

Сонымен қатар Абай өлеңдеріндегі жүрекпен танитын сұлулық бар. Ол – қыздың пайым-парасаттылығын байқататын жан сұлулығы.

Қыз сынына қатысты ақын өлеңдеріндегі эстетикалық, этикалық, этикеттік компоненттермен қатар қызға тән пайым-парасат нышандарының ерекше екендігі де айқын аңғарылады. «Көзімнің қарасы» өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің (жігіттің):

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын? – деп, жігіттің ғашығына қарата айтқандарынан қыздың жүрек сөзін тереңінен ұғынатын зейінді, зерек жанның пайымды, парасатты бейнесін байқаймыз. Саналы сергек жан жігіттің жүректен қозғаған сөзін «құлақпен қармамай, жүрекпен тыңдайды...»

Абай тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін зерттеген ғалым Г.Мұратова «Абай байқаған дүние суреті оның тілдік тұлғасында қазақи бейнемен өзгеше кейіптеледі. Ұлы ақын шығармаларында ұлт табиғатын танытатын, қазақ ұлты дүниетанымына ғана тән лингвомәдени бірліктердің мол кездесуі – ақынның ұлттық танымының биіктігін көрсетеді» [Мұратова Г. ,2008, б. 356].

Ұлттық болмысы, қазақы әдебі мен ибасы сақталған, тәрбиесі көрініп тұрған сол заманның екі жасының сүйіспеншілік сезімі:

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі.
Тұрмаппа еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі.

Бұл орайда Абай сомдаған портрет ұлттық мінезбен ұласып кеткен.

«Қыз сөзі» өлеңінде лирикалық кейіпкер қызға тән сыпайылық, әдеп, иба таныта отырып,

Қиыстырып мақтайсыз,
Ойласаң не таппайсыз?
Бізде ерік жоқ, өзің біл,
Әлденеге бастаймыз.

Біз де әркімді байқаймыз,
Тап бергеннен тайқаймыз.
Сендей асыл кез болса,
Қайтіп басты шайқаймыз? – деп, өзінің сергек сезімталдығын жүректен шыққан ойлы сөзбен аңғартады.

Қорыта келгенде, қыз сынына қатысты ақын өлеңдерінде айтылатын сұлулықтың эстетикалық, этикалық, этикеттік компоненттерін, сондай-ақ қыз сұлулығының пайым-парасатқа тән ой-танымдық қырларына назар аударды.

Әсіресе сұлулықты көріп, жүрекпен тану ақынның концептуалды көзқарасында ерекше орын алатындығын айқындай түстік. Гуманитарлық студенттер аудиториясында абайтануға байланысты семинар сабақтарында осындай кешенді бағытта білім беру болашақ педагог мамандар үшін пайдалы болар деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы/Рәбиға Сыздықова/-Алматы: «Ел-шежіре», 2014.-577 б.

2.Уәли Н. Ғалым-ұстаз хәм шәкірт/Ғалымның ғылымдағы ғибраты, мақалалар жинағы.-Алматы: ИП «Балауса», 2019.-240б.

3.Қобланова А.Ж. Қазақ сөз этикеті. Алматы: ЖАК-тың баспа орталығы, 2001. -120б.

4.Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. Алматы, 2011.187-188б.б.

5.Қайдар Әбдуәли. Қазақтар ана тілі әлемінде (этно-лингвистикалық сөздік) Адам.- Дайк Пресс, 2009. Т.1.

6.Мұратова Г. Абай тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейі.-Астана, 2008.-356 б.

УДК 81-139

МЕДЕТБЕКОВА ПЕРИЗАТ ТУКТИБАЕВНА,
ф.ғ.к,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан,
E-mail: medet_73@mail.ru

СМАДИЯР МЕДИНА,
2 курс магистранты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан,
E-mail: medina09.05@mail.ru

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «АРМАН» ҰҒЫМЫНЫҢ ПАРЕМОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Түйіндеме: Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі *арман\dream* сөздерінің қолданысы мен сөздіктердегі анықтамасын негізге ала отырып мақалдардағы бейнесі берілген. Бастысы осы сөздердің мағыналық сипатын ашатын мақалдардың екі тілдегі аудармасы мен бастапқы тілдегі танымдық сипаты қарастырылған. Сонымен қатар зерттеу барысында аталған екі тілдің, яғни генетикалық, типологиялық жақындығы жоқ тілдер мен тіл иелерінің арасындағы ұқсастықтары және танымдық сипаты қарастырылған.

Кілт сөздер: паремиология, этнолингвистика, лингмәдениеттану, таным, тіл, сөз.

Резюме: В статье представлено изображение пословиц на основе определения слов *арман\dream* в словарях и употребления слов на казахском и английском языках. Главным является перевод пословиц, раскрывающих смысловую природу этих слов, в двух языках и познавательный характер в первоначальном языке. Также в ходе исследования были рассмотрены сходства и когнитивный характер между двумя названными языками, т.е. языками и носителями языка, не имеющих генетической, типологической близости.

Ключевы слова*:* паремиология, этнолингвистика, лингвокультурология, познание, язык, слова.

Abstract: The article presents the image of proverbs based on the definition of the words *арман \ dream* in dictionaries and the use of words in Kazakh and English. The main thing is the translation of proverbs that reveal the semantic nature of these words in two languages and the cognitive nature in the original language. The study also looked at the similarities and cognitive nature between the two languages mentioned, i.e. languages and native speakers that do not have a genetic, typological affinity.

Keywords: paremiology, ethnolinguistics, cultural linguistics, cognition, language, words.

Кіріспе

Тілді зерттеу қай кезде болмасын өзектілігі арта берері анық. Оған себеп, тілдің әмбебаптылығында және тілді зерттей отырып, тілдік бірліктердің жан-жақты қарастырылуы күн санап артып келеді. Халықтың өткені мен қазіргі болмысы және келешегі тікелей тілмен және оның ұрпақтан-ұрпаққа берілуінде.

Халықтың болмысы мен әдет-ғұрпы, тарихы, жалпы құндылықтарының көрінісін бейнелейтін, атадан балаға беріліп келе жатқан өсиет, ақыл, ой сынды адам баласына деген тәрбиелік мәні, өмірге дұрыс жол нұсқар тілдік құралдардың берері де, зерттелетін тұстары да жетерлік. Тілдік құралдардың бірі мақал-мәтелдердің тарихы мен қазіргі замандағы қолданысын қарастыру арқылы тіл бірліктерінің ғана емес, халықтың өткені мен қазіргі жай-күйін және тіл тазалығына тигізер әсері де орасан.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тілдік бірліктерді салғастыра зерттеу арқылы танымы мен мәдениеті, ұлттық құндылықтарын айқындаудың өзектілігі басым. Сондықтан да, зерттеуімізде мақал-мәтелдер арқылы екі тілдегі қолданысын қарастыра отырып, ерекшеліктерін айқындауды жөн көрдік. Мұндай зерттеулер ғылыми қажеттілігімен қатар, тіл үйренудегі маңыздылығының басым екенін айқындайды. Сол себепті де, көптеген зерттеуші ғалымдардың пікірінше мақал-мәтелдердің дидактикалық мақсатта қолданылуының тиімділігі орасан.

Негізгі бөлім

Тіл білімі ғылымында мақал-мәтелдерді зерттейтін саланы паремеология деп атайды. Тіл бейнесінің ұлттық ерекшелігін сипаттап, мәдени, рухани, ұлт өмірінің айнасын бейнелеп қана қоймай, негізгі ақпаратты жинайды, сақтайды және жеткізеді. Халық ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдердің зерттелуі жайында түрлі пікірлер мен тұжырымдар қалыптасқан. Негізінен XIX ғасырдың екінші жартысында қағаз бетіне түскен

жанр. Адам өмірі, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдағы түрлі жағдайларда кездесетін құбылыстар, тарихи оқиғалар, даналық тұжырымдар мен логикалық ойлар бейнеленеді. Жалпы адам өмірінің жас ерекшеліктері, яғни кезеңдері мен барлық саласын қамтиды. Көбіне қамтылатын тақырыптары өмір, денсаулық, адалдық, тіршілік, еңбек, байлық, кәсіп, сақтық, т.б.

Тіл мен ұлт мәдениеті, ұлттық сана, салт-дәстүр – біртұтас ұғым. Олар этностың ең негізгі көрсеткіштері. Сондықтан халықтың өткен жолын, даму кезеңдерін сол этноспен бірге дамып келе жатқан тілінің деректері арқылы да анықтауға болады. Өйткені, академик Ә.Қайдардың сөзімен айтар болсақ: «тіл – тұла бойы тұнып тұрған тарих» [1, 21]. Тіл деректері деп отырғанымыз – сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер.

Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы мақал-мәтелдердің молдығы сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни, мақал-мәтелдер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттың менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады [2, 25].

Сөз – өте құдіретті құрал. Сөзбен адамды қуантуға да, жылатуға да, жанын жаралап ашуландыруға да, тіпті керек болса ауруынан айықтыруға да болады. Сондықтан да болар «Жақсы сөз – жарым ырыс, жақсы ой – бүтін ырыс» деген мақалдың халқымызда жиі қолданылуы. Ал, тіл бірліктерінің бірі – сөз, яғни тіл бірліктерінің қызметінің қай жағынан болмасын қолданысы дұрыс болуы керек. Ал біздің зерттеуімізге арқау болып отырған негізгі мәселе қазақ және ағылшын тілдеріндегі «арман» ұғымының тілдік бейнесі. Кез келген адам баласы алға қандай да бір мақсат қойып, сол мақсатқа жету үшін болашақтан күтер үміті, ізгі ниеті. «Арман» сөзінің қолданылу аясы өте кең, оны бірі жағымды жағынан, ал біршамасы жағымсыз жағынан да сипаттайды.

Тіл бірліктерінің астарында этностың қасиеттері мен мәдени асыл қазыналарының мол қабаты көрініс беретіндіктен, бұл мәселенің шешімін ізденуші, этнограф, философ, әлеуметтанушы, психолог ғалымдар да әр дәуірде сан алуан ой-пікірлер айтты. Бұл бағытта зерттеудің алғашқы нысандарын XVIII-XIX ғасырдағы неміс ғалымы Иоган Гердердің еңбектерінен бастау алатынын атауымызға болады. Ол ұлттың, этностың рухани құндылығы – миф, таным-түсінік, тіл, моральдік нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларын уақыт пен кеңістік аясында қарастыруға ерекше назар аударса, тіл білімінің аса көрнекті ғұламасы Вильгелм фон Гумбольдт – тілдің жарыққа шығуы адамзаттың ішкі кажеттілігімен байланысты, ол тек адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, адамда жаратылысынан бар рухани күш пен дүниетанымдық білімді дамыту үшін керек, яғни әр халық өз тілін – адам іс-әрекетінің қаруы ретінде жасайды, - деп тұжырымдайды [3, 378]

Зерттеуге алынып отырған нысанымыздың екі тілде, екі мәдениетте қолданысы, мағынасы мен ұғымын ашу арқылы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауда мақал-мәтелдер жинақталып қарастырудың өзектілігі жоғары.

Тіл мен мәдениетті өзара қатынасын синхронды түрде зерттеп, сипаттайтын этнолингвистика және лингвомәдениеттанудың тығыз байланысты ғылым саласы екені белгілі. Ал, этнолингвистика дегеніміз – халықтың ұлттық мәдениеті мен менталитетін бейнелейтін тілдік құралдар мен нысандарды, әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық белгілерді танытушы, жеткізуші ретіндегі тілді, тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасты, сондай-ақ тілдің қолданылуы мен тілдің дамуындағы лингвистикалық және этникалық факторлардың өзара ықпалын зерттейді [4, 333].

Айтқанымыз нақты болу үшін екі тілдегі нысанымыз «арман\dream» сөздеріндегі тілдегі бейнесін ашуда мақалдардағы қолданысынан бұрын мағыналық сипатын, ұғымын анықтау қажет.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (2006) **арман** – иран тілінен енген *көксеген мақсат, тілек, қиял* [5, 629] мағынасында деп берілген. Ал, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (2008) **арман –** *көкейтесті мақсат, тілек* [6, 45] деп берілген. Сонымен қатар, осы сөздіктерде зат есім, үстеу, етістік, т.б. сөз таптарының қызметіндегі сөйлемдермен қатар сөз тіркесі ретіндегі *арман болды, арман етті, арман қуды, арманы болмады, арманы жоқ, арманына жетті, құрғақ арман*, т.б. келтірілген. Ағылшын тіліндегі **dream** – сөзі *алдау, иллюзия, қиял* мағынасында көптеп кездесетіні берілген. Сөздіктердегі мәліметтер қолданысы жағынан екі тілде де ұқсастықтары мен ерекшеліктерінің бар екенін аңғартады. Осындай ұқсастықтарының тура және ауыспалы мағынасында және жалпы ұлттық қолданысының ерекшеліктерін мақалдардан қараудың өзіндік ерекшелігі болуы әбден мүмкін.

Қазақ тілінде «арман» сөзінің тура мағынасындағы мақалдар:

1 Арман – адамға қанат.

2 Арманы жоқ жігіттің пәрмені жоқ.

3 Ақыл мен білім арманыңды іске асырады [7]

Осы үш мақалдың мағынасын ашар болсақ, бірінші мақалда тура мағынасында дегенмен, адам баласында қанат болмасы анық, дегенмен арманына қол жеткізудегі еңбегі, білімі арқылы арманына қол жеткізуді көркемдеп, әсірелеп үнемі айтылып жүрген мақал халық арасында кеңінен таралған.

Ал, екінші, арманы жоқ жігіттің пәрмені жоқ, мақалында «арманы жоқтың, пәрмені жоқ» деп те жиі қолданылатыны белгілі. Алғашқыда айтып өткеніміздей армандау арқылы білімге, еңбекке құмарлық, өмірді сүю, жақсыға ұмтылу, өсу, өнуды адам өмірін өзгертетін қажетті құнды-

лықтарды дәріптеу мақсатында қолданылады. Мұндағы «пәрмен» сөзін қазіргі таңда көбі түсіне бермейтіні де байқалады. «Пәрмен» – *әл , күш, жігер* ұғымын білдіретін сөз, яғни синонимдік қатар. Мақалдың әрі ұйқасын, әрі айтылған сөздерді толық қамтитыны анық. Армандауда әл, күш, жігердің адамзатқа берер мүмкіндіктері, жинақталуы туралы айтылған деп қабылдаймыз.

Үшінші мақал: *Ақыл мен білім арманыңды іске асырады* мақалында да алдыңғы екі мақалдан ұзап кетпесіміз анық, сөздік қолданыстары жағынан ерекшеліктер болғанымен жалпы мақсаты жағынан бір біріне жақын, әрі толықтыруда және мағыналық сипаты айқын. Бұл жерде ақыл, білімнің арманыңа жетудегі іс әрекеттер жайы анық айтылған, адам баласының болмысынан, бойынан табылатын жақсы қасиеттері және осы аталған қасиеттер арманға, қол жеткізуге жол ашудағы іс әрекеттердің ақылмен біліммен шыңдалуына, қанат бітуіне батылдық, ерліктің мағыздылығының айқын көрінісін мен тәрбиелік мәні жоғары.

Осы жоғарыда келтірілген үш мақалды ағылшын тіліндегі аудармасы төменде №1 кестеден көруге болады.

№1 кесте. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақалдар

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
Арман – адамға қанат.	A dream is person's wings
Арманы жоқ жігіттің пәрмені жоқ.	A guy who doesn't have a dream has no courage
Ақыл мен білім арманыңды іске асырады	Intelligence and knowledge will make your dreams come true

Қазақ тіліндегі мақалдардың ағылшын тіліндегі аудару барысына тоқталар болсақ, бірінші мақал сөз бе сөз аударылып, ешбір сөз өзгеріске енбей мағынасын толық беруде. Екінші мақалға келер болсақ, мағынасы ашылған, дегенмен пәрмен сөзіне қатысты тоқталып өтудің қажеттілігі болып тұр. Сөздіктерде «пәрмен» сөз, жоғарыда айтып кеткеніміздей *әл, күш, жігер* мағынасын береді дедік, осы сөз ағылшын тіліндегі *courage* сөзін қолдану арқылы беріліп отыр. Ал, *courage* сөзі сөздіктерде *батылдық, ерлік* сынды аудармасымен беріліп отыр. Мұндағы *пәрмен* сөзінің синонимдік қатарының көбеюі арқылы бір-бірін толықтырып отырғаны анық. Себебі, *әл, күш, жігер батыл адамдарға* тән қасиет екені белгілі.

Үшінші қазақ тіліндегі мақалымыздың ағылшын тіліндегі аудармасы, қолданысы жағынан анау айтты өзгеріс жоқ. Дегенмен бір тілдегі сөздің синонимдік қатары көп болғанымен, мәнмәтіндегі қолданысы жағынан ерекшеліктерінің болуы қай тілде болмасын кездесетіні ертеректе дәлелденген. Осы тұста қазақ тіліндегі «іске асырады» немесе «жүзеге асырады» етістікті тіркестердің мағынасы жағынан жақын, дегенмен іске асырудың мағыналық сипаты жүзеге асыруға қарағанда ұғымдық сипаты тарлау. Мақалдағы ұйқас үшін, орынды екені де белгілі. Ағылшын тіліндегі аудармасы, мағынасы жағынан да, тура мағынасында да *will make* етістікті тіркестің қолданылуы бастапқы мағынасын кемітіп те, не әсірелеп те тұрған жоқ, толық мағынасын берген, әрі мағынасы анық.

Осы берілген мақалдарда алдымен қазақ тіліндегі мақалдарды қарастырып, ағылшын тіліне аудармасы берілген. Енді ағылшын тілінде кеңінен қолданысқа ие мақалдарға тоқталудың да өзіндік маңыздылығы басым, мысалы:

1.*Between tomorrow's dream and yesterday's regret is today's opportunity.*

2.*Your dream might change our planet*

3.*The future belongs to those who believe in the beauty of their dreams* [8].

Ағылшын тілінде қазақ тіліндегі сөздіктердегі ұқсастықтардан бастап, кез келген адамның *арман* сөзіне қатысты пікірлері ортақ екені ағылшын тілінде мысалға келтірілген мақалдардан аңғаруға болады, алайда аудару барысында тілдік бірліктердің, сөздік қолданыстың ерекшеліктері болмаса, жалпы мағыналық сипаттары айқын және ұқсастықтары, ұғымдық жақындықтары алыс емес. Ондай қорытындыға келу келесі №2 кестемізде берілген:

№2 кесте. Ағылшын қазақ тіліндегі мақалдар

Ағылшын тілінде	Қазақ тіліндегі аудармасы
Between tomorrow's dream and yesterday's regret is today's opportunity.	Ертеңгі арман мен кешегі өкініш арасындағы – бүгінгі мүмкіндік.
Your dream might change our planet	Сіздің арманыңыз біздің планетамызды өзгерте алады.
The future belongs to those who believe in the beauty of their dreams	Болашақ өз арманының сұлулығына сенетіндерге тиесілі.

Талдауға алынған ағылшын тіліндегі үш мақалдың қазақ тіліндегі тура аудармасының өзі нақты мағыналық сипатына ие деп есептейміз. Себебі зерттеу нысанының анықтамасы мен жалпы мағынасын толықтыру және екінші тілдегі көрінісі бастапқы тілдегі танымдық сипатына ие.

Осы тұрғыда *арман* сөзінің қазақ тіліндегі сөздіктерде, жоғарыда келтіріп кеткеніміздей қиял,

мақсат, тілек; ағылшын тілінде осы сөздерге қоса иллюзия, алдау сөздері синонимдік қатарын құрап тұрғаны айтылған. Олай болса, осы синонимдерге қатысты мақалдарға тоқтала өте кеткен де орынды, себебі сөздіктерден мағынасын ашу барысында, тек тілдердегі сөздіктермен қатар Жантану (*психология-психикалық құбылыстардың, яғни жан қуаттарының пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым*) атауларының түсіндірме сөздігіне жүгінудің қажеттілігі де басым. Оған себеп төменде берілген. Сондай ақ, аталған сөздікте *арман* сөзіне қатысты бірнеше анықтама берілген, соның бірінен мысал келтірер болсақ:

Арманның екі түрі болады: *пайдалысы және зияндысы*. Арман адам қиялының ерекше бір түрі. Арман актив әрекетшіл қиял, өз мақсатымыз бен мүддемізге орай бейнелер жасау, игі мақсатмүддемізді іс жүзіне асыруды қиялдау. **Арман** – келешектегі әрекеттерге арналған қиял. **Арман** – шығармашылық қиялға дайындықтың ерекше сатысы.

Арманды бағалауда ескеретін жайттар:

а) арманның әрекетке қатысы;

ә) шындықпен жанасуы;

б) оның келешек үшін мәні [9, 387], деп берілген.

Жалпы біздің анықтауымызша жаңа бейне құру, келешекті көздеу адам тілегінің, қиялының, арманының бірі және қазіргі кезде, яғни ақпараттық технологиялың қарқынды даму кезеңінде ол мүмкіндіктерге қол жеткізуде сөздіктерде берілген анықтамалар бойынша еңбекқорлық, білімділік, батылдық, күш, жігерді ашып қажеттілігін дәлелдейді.

Сонымен Жантану ғылымның сөздігіндегі келесі анықтаманы да келтіре кеткен жөн. **Арман** – өз қалауымызша ойда жаңа бейнелер туғызады. Шығармашылық қиялдың ерекшелігі – іс-әрекетпен тікелей баланыспай келешекке бағытталғаны. Оны шығармашылық қиялдың дайындық сатысы дейді. Адам болашағы үшін күресудің орнына бос лағып, құрғақ қиялға сүңгісе мақсатына жете алмайды. Енжар, селсоқ адамның қиялы сүреңсіз келеді, оны көбіне мұң басады. Ол жарқын болашақ үшін күреспейді, тек мойнына су кеткен кісідей мүлгіп отырады да қояды. Қиыны да, қызығы да мол өмір ондайларды қызықтырмайды, бос қиялға салынған кісі өмір ауыртпалықтарын, мұндағы қуаныш, қайғы-қасірет дегендерді жөндеп түсінбейді, тек құрғақ қиялға салынып жүре береді. Арман – жастарға қажетті қасиет. Олар жарқын болашағына имандай сеніп, дұрыс армандай білуі қажет. Өйткені, алға қойған мақсатқа жету үшін шындыққа орайлас армандағанда ғана, ол адамға зор қуат беріп, келешектегі іс-әрекетке талпындырады [9, 386]. Мұндағы айтпағымыз арман тек қиял ғана емес. Сол қиял арқылы, дұрысы қиялдаудың да армандауға қол жеткізудің өзіндік сипатқа ие екенінде.

Қорытынды

Айтпағымыз халықтың болмысын, тұрмыстіршілігін, өткені мен келешегі тіл арқылы айқындалып, зерттелетіні белгілі. Тілдегі мақал мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер, тағы басқаларының аталған құндылықтарының танымдық сипатын беріп қана қоймай, тіл байлығын, сөз қолданысын айқындары анық. Сонымен қатар білім беру, тәрбиелеу, оқыту, әсіресе тіл үйренуде де маңыздылығы білім берудің практикалық та, теориялық жағынан да маңыздылығы басым екені ертеректен айтылған және бүгінгі таңда да қарастырылуда. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі *арман\dream* ұғымының пареологиялық бейнесін айқындау арқылы, ерекшеліктері мен ұқсастықтары тек тілдік тұрғыдан ғана емес, екі ұлттың осы абстрактілі ұғымға, өмірге деген көзқарастарын айқындауға мүмкіндік беретінінде. Зерттеуге алынған екі тілдегі санаулы мақал арқылы нақты мағынасы айқын, сөздіктерде берілген анықтамаларды аша алуымен жинақталды. Сонымен қатар, жағымды және жақымсыз жақтары бар екенін аңғардық. Алдағы уақытта кеңінен жинақтап, тереңінен зерттеуді қажет ететіні де айқындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. II-том. Мақалалар, баяндамалар жинағы. Алматы, «Сардар» баспасы, 2014. - 21 б.

2. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.

3. Русский язык. Болыная Российская энциклопедия. – М.: Дрофа, 1998. – 703 с.

4. Сүлейменова Э.Д. ж.б. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов / Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 с.

5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. I том. Алматы, «Арыс», 2006. – 702 б.

6. Қазақ тілінің сөздігі. 50 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері. Алматы «Дайк Пресс», 1999. – 188 б.

7. https://bilim-all.kz/tag/proverb?tag

8. https://www.goodreads.com/quotes/658239

9. Жарықбаев Қ.Б., Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Сөздік словарь баспасы. 2006. - 387 б.

УДК 821. 512. 123. 09

МҰҚАШЕВА МЕРУЕРТ ҚОЗЫҚАНҚЫЗЫ
PhD докторанты,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен., Қазақстан
E-mail: mukasheva.m77@mail.ru

КАРТАЕВА АЙЖАН МАРАТБЕККЫЗЫ
филология ғылымдарының докторы,
Өскемен., Қазақстан
E-mail: kartaeva2011@mail.ru

ЖАЗБА ЖҰМЫСЫН ЖАЗДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ (М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация. Мақалада жазба жұмысын жазғызудың тиімді жолдары, технологиясы сөз етіледі. «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша мазмұндама жаздыру әдістемесі ұсынылады. Жазба жұмысының тұлғаның шығармашылық қабілетін, функционалды сауаттылығын арттырудағы маңызын ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, дәлелді қарастырылған.

Түйін сөздер: жаңа технология, сөздік қор, жазба жұмысы, тіл мәдениеті, логикалық ойлау.

Аннотация. В статье рассматриваются эффективные способы и технологии написания письменной работы. Предложены методика написания изложения, основанные на романе-эпопее "Путь Абая". Значение письменной работы в повышении творческих способностей, функциональной грамотности личности рассматривается аргументированно, исходя из научных выводов.

Ключевые слова: новые технологии, словарный запас, письменная работа, культура речи, логическое мышление.

Annotation. The article discusses effective ways and technologies for writing a written work. The method of writing the presentation based on the epic novel "Abai's Way" is proposed. The importance of written work in enhancing creative abilities, functional literacy of a person is considered reasonably, based on scientific findings.

Key words: new technologies, vocabulary, written work, culture of speech, logical thinking.

Кіріспе. Заманауи білім беруде еліміздің білім жүйесі жаһандық дағдарыстарға төтеп беру үшін оқытудың жаңа арнасына қадам басқаны белгілі. Яғни, еліміздің білім беру ордалары әлемдік стандартқа сай жаңартылған білім бағдарламасына жаппай көшірілді. Сындарлы оқыту технологиясына негізделген жаңартылған бағдарламаның идеясын жүзеге асыруда педагог қызметкерлер аянбай еңбек етуде. Осы орайда, «XI ғасыр дағдысы» атанған төрт тілдік дағдылар: тыңдалым, айтылым, оқылым жазылым дағдыларын дамыту бүгінгі оқыту жүйесіндегі көзделген мақсаттардың бірегейі болып отыр. Қазіргі оқыту жүйесінде де тұлғаның танымдық, шығармашылық қабілеттері мен сөздік қорын, тілдік дағдыларын дамытуда жазба жұмысының алатын орны зор.

Жазба жұмыстары дәстүрлі оқытудан бері тәжірибеде қолданылып, ғалымдар тарапынан оны жүргізудің технологиясы мен әдістемесі зерделеніп, қарастырылуда. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріндегі жазба жұмыстарының қай түрі болмасын, ең бастысы, бағдарламада берілген білімді түсіндіру, талдау, жинақтау, қорытындылау, оқушы білімін коррекция жасау, бекіту мақсатында ғана емес, сонымен қатар танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Сондай-ақ, жазба жұмыстарының оқушылардың шығармашылық қабілетін ұштауда да маңызы зор. Бұл жөнінде отандық ғалым-әдіскер А.Жапбаров: «Жазба жұмыстарын шын творчестволық жұмыс деп қараған шәкірттің ғана логикалық пайымдауы тереңдеп, топшылай, болжай білуі, сөздік қоры молайып, тіл мәдениеті артады» [Жапбаров А., 1991,112 б.]. Яғни, жазба жұмысының қай түрінде болмасын жеке тұлғаның өз ойын, зерттеушілік, шығармашылық қабілетін ашуға негіз болатын сөздік қорлары мен тіл дамыту жұмыстары екендігі белгілі. Ғалымның тұжырымында айтылғандай, шығармашылық жұмыстың бір түріне жетелейтін жазба жұмысының түріне мазмұндаманы жатқызуға болады.

Негізгі бөлім. Мазмұндаманы жазғызудың тиімді жолдары, әдістемесі туралы біршама ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер жинақталған. Мазмұндама жазғызудың мақсаты туралы орыс ғалымы М.А.Рыбникова былай дейді: «Наша задача заключается в том, чтобы научить наших учащихся думать с пером в руках» [Рыбникова М.А., 1958, 39б.]. Ғалымның тұжырымына сүйенсек, мазмұндама жұмысын жаздыруда басты назар мазмұндап жазуда ғана емес, тұлғаның сыни

ойлауы, шығармашылық ойлауы, функциональды сауаттылығы - бұл жазылым дағдысын дамытудағы көзделетін міндеттер. Тұлғаның өзіндік ойы, өзіндік пікірі, көзқарасын тудыратындай жазба жұмысын жаздыру ол мұғалімнің де жаңа әдіс-тәсілмен ұйымдастыруын талап етеді. Ал, отандық әдіскер ғалым Қ.Жолымбетов: «Мазмұндама өз мақсатына жететін болуы үшін оқушылар лексикалық жағынан даярлануы тиіс. Мазмұндаманың ойдағыдай болуы үшін, біріншіден, текст дұрыс таңдалуы тиіс; екіншіден, текспен жұмыс істеудің методикасын алдын-ала белгіленіп отыруы керек. Мазмұндама жаздырылатын тексті іріктеу оқушылардың ой-өрісіне, жас ерекшеліктеріне лайықталуы қажет»-деп саралайды. Әрине, бұл дәстүрлі оқыту кезеңінен бастап қолға алынып, қазіргі технологияландырылған оқытуда жаңа әдіс-тәсілдермен алмастырылды. Ең бастысы, мазмұндаманы жаздырудағы мақсаттың жүзеге асырылуы оқушының өз әрекеті, өз мақсаты арқылы жүргізілу жағы баса назарды аудартады. Жазылым дағдысын қалыптастыру үшін тұлғаның сөздік қорының (лексикалық) мол болуына зер салу керекпіз. Осы орайда отандық ғалым А.Жапбаров мазмұндаманың төмендегі түрлеріне тоқталады:

а) текске жуық немесе толық мазмұндау;

ә) қысқаша мазмұндау;

б) текстен цитата немесе эпиграф келтіре отырып мазмұндау;

в) берілген текске өз ой қорытындысын қоса мазмұндау [Жапбаров А., 1991, 124 б.]. Тұжырымда жіктеп көрсетілген мазмұндау түрлерінің қай-қайсысы болмасын мақсатты түрде ұйымдастырылғаны жөн. Оқушының мәтінді қабылдауы, есте сақтауы, тіл дамыту жұмыстарымен қатар, ең бастысы мазмұндауда тұлғаның шығармашылық қырын танытуы, немесе өз ой қорытындысын таныта мазмұндауы нәтижелі болмақ. Яғни, тіл дамыту жұмыстарының маңызы зор. Ғалым С.Омаров мазмұндама жазғызудың әдістемесіне тоқтала отырып, оның тіл дамытудағы маңызына назар аударады. Ол үшін төмендегідей жұмыстарды жүргізуді жөн көреді:

1. Ауызша әңгіме өткізу;

2. Берілген сұраққа ауызша, жазуша жауаптар қайтару;

3. Жай және күрделі мазмұндау жоспарын жасау;

4. Текстің көркемдік ерекшелігін және шығарманың тіл, стиль ерекшелігін сақтай отырып, текске жақындата, ауызша және жазуша мазмұндау;

5. Текстің формасын өзгерте мазмұндау;

Қысқарта мазмұндау, текстің тек түйінді, негізгі мәселелерін ғана мазмұндау т.б [Омаров С., 1954, 2б.]. Ғалымның пайымдауына сүйенсек, мазмұндама жаздыруда оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланыстың мәні зор. Дегенмен, оқушының «өз менін» ашуына, «өзін-өзі» танытуына негіз болып бағыт беруші, қолдаушы, ынталандырушы болып отырған мұғалімнің озық тәжірибеден ізденуі, тәжірибеге енгізуі заңды құбылыс болмақ. Заман озған сайын мазмұндама жаздырудың да қажеттігі арта түсуде және оны жүргізудің тың жолдары мен әдіс-тәсілдерімен қарулану - заманның талабы. Мазмұндаманың тиімді болуы, мақсат биігінен шығуы үшін оның мәтінінің шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Ол туралы Д.А.Хаустова былай дейді: «Тексты для изложений представлены в системе, отражающей последовательность ознакомления учащихся со стилями и типами речи. Каждый текст сопровождается лингвистическим анализом и методическими рекомендациями по проведению изложения» [Хаустова Д.А., 2005,39б.]. Бұл тұжырымға сүйенсек, мазмұндамадағы мәтіннің таңдап алуының өзі шеберлікке келіп тоқталады. Мәтіннің оқушылардың жас ерекшелігіне сай және бағдарламаға орай алынып, оларға ой салып, мақсатқа жетелейтіндей болуы, яғни мазмұндап қана қоюмен шектелмей, өзіндік көзқарасын танытуларына түрткі болу жағы көзделгені дұрыс. Отандық ғалым Қ.Жолымбетов мазмұндама мәтінін іріктеуді төмендегіше саралайды: «Оқушылар өздері жазатын мазмұндама тексіндегі оқиғамен жалпы алғанда таныс болуы тиімді. Мазмұндама текстерін іріктеуде басшылыққа алатын тағы бір принцип ұсынылатын текстің тілдік жағы болып табылады. Тексте фразеологиялық тіркестер, синонимдер молырақ қамтылып, неғұрлым көркем де мәнерлі сөйлемдер болуы тиіс»-дейді [Жолымбетов Қ., 1975, 68б.]. Ғалымның тұжырымына сүйенсек, оқушының ішкі сезімін, шығармашылық қиялын тудыруда мәтіннің алар маңызы зор. Мәтін мен оқушының арасында оқырмандық қабілет ұштасып, мәтіннің тұлғаның ойын жетелейтін, ой тастайтындай абзацтарға құралғаны дұрыс. Оқырман өз тебіренісін көркем тілімен жеткізе отырып, мәтінмен ой түйістіреді. Кейде тіпті «өнер сайысы» деп те атауға келетін туындыларға жол ашылады. Себебі, қаламгердің көркем шығармадағы ойына оқырман ретінде өз ойын білдіре отырып, мәтінді мазмұндаумен ғана шектелмей, шығармашылық жұмыстарға жол ашылатыны да мәтінге байланысты болады.

Мазмұндама жаздыру оқушының сөздік қорын ғана байытып қоймайды, сонымен қатар ой-өрістерінің дамуына, сауаттылықтарының артуына, өз беттерімен жұмыс істеу белсенділіктерінің артуына түрті болады. Оқушының есту, көру, есте сақтау қабілеттеріне де біршама әсер етеді. Мазмұндама жаздыру барысында оқушының жеке бас қабілетінің ұшталуына да жол ашылады. Ғалымдардың тұжырымына сүйене келе, мазмұндаманың оқушының сөздік қорын, ауызша, жазбаша сөйлеу тілін, шығармашылық қабілетін, ең бастысы өз ойы, өз көзқарасы бар функциональды сауатты тұлғаны қалыптастырудағы тиімділігіне көз жеткіздік және оны ұйымдастыра білудің өзі нағыз кәсіби шеберлікті талап ететіндігі сөзсіз.

Нәтиже мен талқы. Өз іс-тәжірибемізде мазмұндаманы төмендегідей мақсатта жазғызамыз:

-оқушының сөздік қорын молайту;

-ауызша, жазбаша тіл ұстарту, әдеби тілде сөйлей білуге дағдыландыру;

-сауаттылыққа, жазу мәдениетіне жетелеу;

-теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалана білу;

-шығармашылық қабілеттерін ұштау;

-есте сақтау, көру қабілеттерін дамытуға түрткі жасау.

Мазмұндама жазғызуда мына мәселелерге ерекше көңіл бөлген жөн:

-Мазмұндама мәтінін оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, өтіліп жатқан тақырыптарға сай сұрыптап алу. Мәтінді іріктеуде төмендегі талаптарды басшылыққа алу:

-оқушылардың қабылдауына жеңіл, мазмұндауға қолайлы болуы;

-оның өтіліп жатқан білімнің мазмұнына сәйкес келуі;

-оқушыға ой туғызатын, ол ойын жалғастыра алатын мәтіндер алу;

-мәтіндердің оқушылардың шығармашылық қабілетіне жол ашатындай деңгейде болуы;

-сонымен бірге, көмек қажет ететін оқушыларға көмек-нұсқау ұсынуды тиімді деп есептейміз.

Технологиялық оқыту үрдісі жазба жұмыстарды жүргізудің жаңаша жолдарынан ізденуді талап етеді. Осы мақсатпен іс-тәжірибемізде пәнаралық байланыстағы ұжымдық оқытуға негізделген оның жаңаша бір түрінен ізденіп жүрміз. Соның бір түрі - пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық бағыттағы мазмұндама. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан жүйелі түрде сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескере отырып, оқиғасы қызық мәтіндер таңдап аламыз. Оқушыларға мәтін тұтастай оқылады. Мұғалім оқыған мәтінді түгелдей жазу міндет емес. Қай жерге дейін жазатыны ескеріледі. Мазмұндаманы ары қарай оқушылар өз қалаулары бойынша аяқтайды. Мазмұндаманың келесі бір түрінің әдістемесі төмендегідей: Мәтін оқылады. Мұғалім мәтіндегі шағын суреттеу, не портреттеулерді үлестірме қағазға жазып, алдарына тастайды. Оқушылар өз қалаулары бойынша оны өзгертіп жазады. Қазақ тілінен өтіліп жатқан тақырыпқа сәйкес, тапсырмалар беріледі. Мазмұндаманың бұл түрінде де оған қойылатын талап басшылыққа алынады. Тек мазмұндама сөзінің санын азайтып беру керек. Мысал келтірейік: 6-сынып.

I мәтін. М.Әуезов «Абай жолы» (Қайтқанда).

Оспан әкесі ұрғанда жыламаса да, шешесі ұрған уақытта тіпті жылауық. Әке жылағанға қарамайды. Ал, шешесіне қарсы кейде бұның емі бар. Бас қорғаудың жылауы. Қазірде де бақырып, бар даусымен шырқап, азан-қазан қылды. Шешесінен босап барып сол жақтағы биік сүйек төсектің үстіне секіріп шығып, етпетінен жатып ап жылады. Бірақ бұл жолы қанша жыласа да оған қайысып, уатам деген шеше жоқ. Оны біледі. Сондықтан аяқ кезде көзде жас болмаса да, өтірік анда-санда бір бақырып қойып жатыр. Өзі де жылауынан жалыға бастады. Енді тағы да ойнақы тентек мінезіне бой ұрып, жылаған боп жатып, әредікте қысқа ғана:

-Ойбай, бау-рем!-деп қояды. Бір-екі рет қайырып, көзінің астымен шеше жаққа қарап жатыр, қозғалған кісі көрінбейді. Сондықтан тағы бір бақырып қойып, соның артынан және бір тың бәлені шақырып, жынды ұлғайтты... [Әуезов М.О., 2003, 46 б.].

Тапсырма:

1. Мәтінге ат қойып, ары қарай өз қалауыңша жалғастыр.

Үлгі: «Оспанның мінезі», «Оспанның тентектігі»

2. Мәтіннен 4-5 етістіктерді тауып, құрылысына қарай талдау жаса.

II мәтін. М.Әуезов «Абай жолы» (Қайтқанда)

Абай да бұрыңғы жылдар осы Көлқайнардан, сонау алыс, сырттағы Байқошқар өзеніне жеткенше он шақты көшіп баратын сапарды қызығы бітпес қан базардың көшкеніндей көретін.

Биыл да көшу солай. Жолдағы белгілі қоныстар: Талдыбұлақ, Барлыбай, Қызылқайнар. Кей қонысқа таңертең кеп қона сала, кешке тағы көшеді. Үдере көшу. Кей қоныста бірді-екілі күн отырар-отырмастан кетеді: үйлер тігілмей – «ұранқай», «абылайша», «жаппа», «итарқа» деген неше түрлі кішкене, тар, аласа күркелер тігіледі. Әркім өзі сүйген үйшігін тұрғызады. Жалпақ ел, бар ауылдар осы жайлауға көшу сапарында балалардың «ауыл-ауыл», «күрке-күрке» деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады.

Қыс пен көктем, күзеуде бір-бірінен алыс жүретін ауылдар осы сапарда қоныс жағдайымен әлдеқайдан түйісіп, қым-қуыт араласып қонысады. Адамдары, малдары, күркелері де қосылып, бір ауылдан бір ауылды айырып та болмайды... [Әуезов М.О., 2003, 496.].

Тапсырма:

1.Мәтінге ат қой.

2.Мәтінді өз қиялың мен ойыңа ерік бере отырып, ары қарай жалғастырып жаз.

Тапсырманы мына үлгіде жазасыңдар. ***Көмек-нұсқау:***

Жолдағы қоныстар: Талдыбұлақ, Барлыбай, Қызылқайнар

Күркелер: Ұранқай, Абылайша, Жаппа, Итарқа...

Көшті суреттеу (мәтінде)	Оқушының суреттеуі
Он шақты көшіп баратын сапарды қызығы бітпес қан базардың көшкеніндей көретін. Биыл да көшу солай. Кей қонысқа таңертең кеп қона сала, кешке тағы көшеді. Үдере көшу. Кей қоныста бірді-екілі күн отырар-отырмастан кетеді...	

Мазмұндама жаздырудағы басты мақсатымыз – оқушының «оқырман» ретінде мәтінді қабылдап қоюы ғана емес, оны өзінше қабылдап, шығармашылық қиялына, қабілетіне түрткі болу, жол ашу. Мәтінді сөзбен суреттеудегі көркем тіл айшықтарын қолдана отырып, өздерінің сөзбен сурет салуларына қолдау көрсету. Әр баланың өз қабылдауы, өз түсінігі, өз ойы бар десек, сол ойын сыртқа шығаруға мүмкіндік жасауды көздедік. Ең бастысы, мәтінді қайталап, мазмұндатудан гөрі шығармашылық қиялының еркіндігі маңызды. Сабақтың қорытынды кезеңінде, «өзін-өзі», «бірін-бірі» оқыту әрекеттері басшылыққа алынып, жұппен, топпен бірлесе отырып, жазба жұмыстарын талдау, талқылау, бағалау, кері байланыстар жүргізіледі. Мұғалім тарапынан, әр оқушыны ынталандырып, оларға қолдау көрсетіп отыру бала үшін аса маңызды.

Қорытынды. Жазба жұмысының қай түрін алмайық, сапалы білім беруде маңызы орасан. Қазіргі заманда көркем шығарманы оқуға деген, тіл дамыту жұмыстарына, сауаттылыққа да аса назар аударғанымыз жөн. Себебі, рухани сауатты ұрпақ еліміздің ертеңі екендігі даусыз болып отыр. Ал бүгінгі білім ордаларынан бастап баланы сөз өнеріне, көркем шығармаға баулу ұстаздарымыздың жауапкершілігін талап етеді. Заман талабына сай білім беру, озық инновациялық технологиялардан іздену - үнемі тың ізденісті талап ететін үрдіс.

Шығармашылық мазмұндама жазғызу оқушылардың танымдық қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ сөздік қорларының молаюына, шығармашылық жұмыстарға жол ашады. Сондай-ақ оқушының сезіміне, шабытына әсер ете отырып, дербес ізденісіне түрткі болады. Әрі рухани сауаттылыққа жол бастайтын шығармашылық мазмұндаманың баланың көркем әдебиетке, пәнге деген сүйіспеншілігін оятуға негіз болары сөзсіз.

Қазіргі таңда тек сапалы білім берумен ғана шектелмей, ең бастысы, тұлғаның рухани тазалығын сақтап қалу, ұлттық құндылықтарымызға бойлай отырып оқыту бүгінгі буырқанған ақпараттың дамыған заманында өзекті болып отыр. Ендеше, сөз өнеріне жақын, сөз сырын түсінетін рухани сауатты оқырмандарымыздың қатарын арттыру - жарқын болашағымыздың кепілі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 1991.- 160б.
2. Рыбникова М.А. Избранные труды.- Москва: Изд-во Академии педагогических наук. РСФСР, 1958. - 610 с.
3. Омаров С. Мазмұндамалар жинағы. - Алматы: ОПБ, 1954.
4. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. -Алматы: Мектеп, 1975.-144б.
5. Хаустова Д.А. Еще раз об изложении// Руский язык в школе. М, 2005, .№ 3. –С.39.
6. Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопеясы.– Алматы: Жазушы, 2003. –365 б.

УДК 81-2.323

МҰСАБЕКОВ ЕРУБАЙ ӘБІЛҚАСЫМОВИЧ
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

МҰСАБЕКОВА ҮРЗАДА ӘБІЛҚАСЫМОВНА,
доцент,
түркітану кафедрасы,
халықаралық қатынастар факультеті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
e-mail: mussabekovaua@yandex.kz

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БОЛМЫСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Аңдатпа: Мақалада қаралатын мәселе ежелгі түркі халқы дүниетанымында әйелді – отбасының жаны, тірегі, жарығы, әрі жылуы ретінде танығанын. Оның ең алдымен ана екендігін ешқашан да ұмытпаған. Осыдан барып ежелгі түрк отбасында әйел культі – анаға деген табынушылық пен құрмет қарастырылады. Мақалада тарихта өшпес із қалдырып, өздерінің жан-жақты іс-әрекеттерімен танымал болған түркі әйел тұлғаларын ашады.Ақыл-парасаты сай әйелдер тек өз отбасында емес, бүкіл ауыл-аймаққа зор беделге ие болып, олардың жақсы атағы алысқа тарап отырған жайлы сипаттайды.

Кілт сөздер: мифология, концепция, аңыз, әулие, киелі,дәуір, руника, данышпан, қасиетті, ақыл-парасат.

Аннотация: В статье рассматривается вопрос о мировоззрении древнетюркских женщин, что она душа, опора, свет и тепло семьи. В древней тюркской семье рассматривается культ женщины – это уважение и уважение к матери. В статье мы раскрываем образ тюркских женщин, ставшими известными своими всесторонними действиями, оставляя неизгладимый след в истории.

Ключевые слова: мифология, концепция, легенда, святая, эпоха, руника, гениальный, священный, интеллект.

Abstract: The article deals with the worldview of ancient Turkic women, that she is the soul, support, light and warmth of the family. In the ancient Turkic family, the cult of women is considered – respect and respect for the mother. In the article we reveal the image of Turkic women who became known for their comprehensive actions, leaving an indelible mark in history.

Key words: mythology, concept, legend, Saint, epoch, runic, genius, sacred, intellect.

Түркі әйелдері сонау көне заманнан бастап қоғамда ерекше орынға ие болған. Олардың бойына тән сыпайылық, мейірімділік, ибалылық, имену, ұялшақтық, ұяңдық қасиеттер сипат алады. Түркі әйелдері қарт адамдар мен ерлерді қадір тұтып, ізет көрсетіп, оларды өздерінен жоғары бағалайды. Әрине, түркі әйелдерінің ерлерден өздерін төмен ұстау қасиеті басқа халықтарда ерсі көрінуі мүмкін. Десек те, әйелдің мінез-құлқына, кешірімділігіне, еріне деген сыйластығына қарай отбасының керегесі берік, шаңырағы шайқалмай, айқай-шусыз болады. Еріне деген сыйластығы, сыпайылығы, әдептілігі әйел мінезін ерлердің психологиясынан ерекшелендіреді. Сондықтан да, ертедегі ата-аналарымыздың арасында ажырасу, некені бұзу сияқты теріс қылықтар болмаған. Әйелдердің бұл психологиялық ерекшеліктері әлі де сақталынып келеді. Бұл қасиет анасынан қызына, келініне ақыл, өсиет арқылы беріледі. Түркі әйелдеріне тән тағы бір ерекше сипаттардың бірі – ерлерден өздерін төмен ұстау қасиеті. Бұндай тәрбиелік әдеттер басқа халықтарда ерсі көрінуі мүмкін. Десек те, әйелдің мінез-құлқына, кешірімділігіне, еріне деген сыйластығына қарай отбасының керегесі берік, шаңырағы шайқалмай, айқай-шусыз болады. Еріне деген сыйластығы, сыпайылығы, әдептілігі әйел мінезін ерлердің психологиясынан ерекшелендіреді. Сондықтан да, ертедегі ата-аналарымыздың арасында ажырасу, некені бұзу сияқты теріс қылықтар болмаған. Әйелдердің бұл психологиялық ерекшеліктері әлі де сақталынып келеді. Бұл қасиет анасынан қызына, келініне ақыл, өсиет арқылы беріледі. Ер мен әйелдердің психологиялық ерекшеліктеріндегі ұлттық тәрбиенің орнын қаламгерлеріміз оқырмандарын баулу мақсатында көркем шығармаларында суреттейді. Ежелгі түркі халқы дүниетанымында әйелді – отбасының жаны, тірегі, жарығы, әрі жылуы ретінде танығанын. Оның ең алдымен ана екендігін ешқашан да ұмытпаған. Осыдан барып ежелгі түрк отбасында әйел культі – анаға деген табынушылық пен құрмет пайда болған. Ерте түркілердің ағыздарындағы әйел бейнесінің қалыптасуында әйелдің құрметті орында болғандығы аңғарылады. Бұл «Ұлы Ана», «Ұлы Құдай Ана», «Ақ

Ана» тайпа және ру анасы культтерінен көрінеді. Түркі халықтарының әйелге қатысты көзқарасы қасиетті болғандығын байқаймыз. Сонымен қатар түркі жазба ескерткіштерінен, эпостардан, аңыздардан әйелді құдай культі ретінде де есептегендігін көреміз. Түркі халықтарында әйел мен ердің тең деңгейде болғандығын да байқаймыз. Әйел ер адаммен бірге атқа мініп, әскери қимылдарға қатысып, зор жетістіктерге жетті. Тіпті мемлекет деңгейіндегі істерге де араласып, өз үлесін тигізіп отырды.Тарихта өшпес із қалдырып, өздерінің жан-жақты іс-әрекеттерімен танымал болған түркі әйел тұлғаларын ашу барысында, әсіресе олардың сырты мен іші үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде айтылады. Батырлар жырындағы, аңыз әңгімелердегі әйел кейіпкерлері туралы қорытынды ретінде сипаттама беріп өтейік.

Тарихымызда даңқы өзге де елдерге жайылған *Тұран патшасы Томирис* – батырлық пен қайсарлықтың; *Құртқа, Назым* – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, *Жібек* – сұлулық пен сымбаттың, сонымен қатар, қайсарлықтың; *Айман мен Ақжүніс* – әйел үшін таптырмайтын қасиет – қулық пен айлакерлік, тапқырлықтың; *Домалақ ене* – көрегенділік пен қарапайымдылықтың, ал *Баян, Айша бибі* – сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың: Данагүл – атына заты сай даналық пен ақылдылықтың; *Ақбике* – парасаттылық пен инабаттылықтың символы; және де *Дарабоз ана, Айғаным ана, Бопай ханым* – өздерінің кемеңгерлігімен ел билеуге араласып, көптеген игі істер жасап, халықтың «анасы» деген үлкен құрметке ие болғанын өзерінің атынан-ақ көреміз. Бұлардың әрқайсысы көрегенділікті, тапқырлықты, адалдықты, махаббат пен сұлулықты үйлестіре білген ақыл-парасаттың иелері. Ел арасында сақталған жыр дастандарда, аңыздарда сонау түбі бір түркі кезеңінен бастап тарихта есімі қалған ұлы әйел тұлғаларымыз туралы іздене отырып, барынша сипаттама бердік. Ғасырлар бойы ел аузында сақталып келген ұлы мұраларымызда ерекше орын алып, сұлулығымен, басқа да ізгі қасиеттерімен ән-жырға арқау болған қайсарлық пен даналықтың иесі әйел заты екені айдай анық. Ақыл-парасаты сай әйелдер тек өз отбасында емес, бүкіл ауыл-аймаққа зор беделге ие болып, олардың жақсы атағы алысқа тарап отырған. Халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен біте қайнасып жатқан гендерлік ерекшеліктер тіліміздің інжу-маржандары мақал-мәтелдерде, тұрақты сөз тіркестерінде де кең қамтылған. Түркі мақал-мәтелдері өз бастауын сонау көне жазба ескерткіштерінен - даналардың, ойшылдардың, шешендердің сөздерінен бастау алса керек. В.А. Маслованың айтуынша, әуел бастан еркектік пен әйелдік қасиеттер мифологияда, мәселен славяндардың Жер-ана және Аспан-әке, ежелгі қытайлық Инь және Янь концепцияларында, андрогиндар жайлы ежелгі грекаңызында да және барлық әлемді сипаттайтын негізгі бинарлық дихотомия ретінде бекіген [Маслова В.А., 2001, 83 б.].

Ұмай ана - ертедегі Ұлы Даланы мекендеген түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңір иесі. Ұмай анаға қазақтардан баска хакастар, қырғыздар, алтайлықтар, тувалықтар, шорлар және түріктер табынған. Бұл жайындағы деректер Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Қазақ даласына ислам діні дендеп енген соң Көк тәңірімен қатар аталатын Ұмай ана есімі ендігі жерде өз мәнін солғындатып, бөбектер мен аналардың жебеуші піріне айналды. Ұмай ана тәрізді қасиетті бейнелер финнугор халықтары фольклорында да бар [Қазақ мәдениеті. 2005, 134б]. Түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген текті ұғым жатыр. Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште деп есептеледі. Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұртты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалады. Аруды Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды сұлқ жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толғақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы рулы елге айналып, бүгінге күнге жетеді [Ыбыраев Ш., Әуесбаева П.. 2002, 78-81].. Яғни, бұл көне аңыздан ұғатынымыз «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші, әрі қорғаушы мейірімді рухани күш ретінде көрініс табады. Махмұд Қашқари жазып қалдырған түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде Ұмай ана туралы да бар: «Умайқа табынса, оғул болур – Ұмайға табынса, ұлды болар [Қашқарлы Махмуд.1993,40б.]. Ұмай жебеуші әйел культі хакастардың діни наным-сенімдерінде ерекше орын алады. Ұмай культі Хакасияның солтүстігінде тұратын кызылец тайпасынан басқа барлық хакас тайпалары арасында кеңінен таралған [Дыренкова Н., 1928, 134-139б], Ұмай жебеуші әйел хакас тілінде *Ымай идже* деп аталады. Хакастардың түсінігі бойынша Ұмай адамдардың көзіне көрінбейді және аспанда бұлттардың арасында болады. Ол сол жерден балалардың дүниеге келуін қадағалайды және оларды түрлі аурулардан сақтайды. Егер емшектегі нәресте құлап қалса, оған қатты ауыр тимейді, себебі *Ымай идже* оны қолдайды, ал егер де нәресте ұйықтап жатып түсінде күлсе, *Ымай идже* онымен ойнап жатыр, егер селк ете түссе, не болмаса жыласа — шошытады деп есептеген. *Ымай идже* нәрестені «хурай, хурай» деген сөздерімен жұбатады. Ұмай жебеуші әйелдің көңілін аулау және тамақтандыру үшін баланың аузына май жағып қойған. Хакастардың нанымы

бойынша Ұмай Ымай-тасхыл тауында өзінің шіркеуіндегі балалардың жанын сақтаушы ретінде де танылған. Хакастар *Ымай иджені* ақ шашты қария, адамдарға мейірімді және жаны ашитын деп түсінген. Бәлкім содан болар, сагайлар оны *Пай идже*, яғни, бай, қайырымды, не болмаса *Улуг ах ине* — Ұлы ақ ана деп атаған. Қарттардың түсіндіруі бойынша *ымай* сөзі хакас тілінде емшектегі нәрестенің жанын (немесе өмір күшін) білдіреді. Нәрестенің дүниеге келуімен бірге оның *ымайы* да пайда болады деп есептеген. Бала кеудеден суалғаннан кейін, яғни, екі-үш жастан кейін (бұрын хакас әйелдері балаға екі-үш жасқа дейін кеуде берген) *ымай,* хакастардың түсінігі бойынша *хутқа* — ересек адамның өмір күшіне айналған. *Ымай* баланың кіндігінде немесе жас баланың еңбегінде болады деп есептелген. Бәлкім сагайлардың кіндікті *ымай* деп атағаны осыған байланысты болар.Босанған кезде босануға жәрдем беретін әйел *инейджи* көмектескен және баланың кіндігін де ол кескен. Кескен кезде *инейджи* былай деп айтады: «*Ымай идже*, кіндікті кесеміз! Оны сақта!». Егер кіндік шеше бұрын әйелді босандырған кезінде бала қайтыс болса, ондай жағдайда ол былай деп айтуы тиіс: «Менің қолым емес, *Ымай идженің* қолы. Менің үлесім емес, *Ымай идженің* бақыты!» [Бутанаев В.Я. 1984.с.93-105]. Хакас түсінігіндегі Ұмай культі жәрдем беруші әйел ретінде танылған. Яғни, жаңа туған сәбидің аман-есен дүниеге келуімен және емшектегі нәрестені желеп-жебеуімен байланысты. Хакастардың түсінігі бойынша Ұмай — жер бетіндегі барлық балалардың «рухани» анасы, жас балалардың жанын сақтаушы, жүкті әйелдердің қорғаушысы, босануға жәрдем беруші әйел. *Қорытындылай келе* түбі бір түркі халқының барлығы дерлік Ұмай анаға табынған. Ұмай ананың жас нәрестені қорғап, желеп-жебеп жүруі барлық түркі халықтарына тән. Ұмай әйелдің бала көтеріп, дүниеге ұрпақ әкелуінің қорғаушы пірі ретінде танылған. Сонымен қатар Ұмай — Құдай-Ана ретінде көрініс тауып, адам баласы арман-тілектерінің орындалуы үшін осы Ұмайға жалбарынған. Кейбір түркі халықтарында Ұмайды От-Ана деп те атаған. Ал от – қазақтарда күні бүгінге дейін қасиетті нәрсе. Ш.Уәлиханов ол туралы: «От әулие, киелі болып саналады. Ошақтағы отты басуға немесе түкіруге болмайды. Қарғыс ұрады. Жаңа түскен келін, әуелі өз отауына кірмес бұрын,жатасының үйіне кіріп тағзым етуге тиіс, содан соң қалыңдық атасының отына бір қасық май тамызуы керек», – дейді [Уәлиханов Ш., 1985. 231 б.] Яғни, Ұмай, сондай-ақ, жаңа шаңырақтың қамқоршысы, беріктігі мағынасын береді. Және де Орхон жазбаларынан көргеніміздей, Ұмай бүкіл елдің де жебеуші пірі деп есептелген. Түрік мифологиясы бойынша Ұмай ананы өмір ағашы деп те берген. Ұмайды ағаш ретінде есептеу ежелгі Қазақстан аңыздарынан да көрініс табады. Ертеде бір отбасының кенже баласы қатты сырқаттанып қалады. Өкінішке орай бала аурудан айықпайды. Бейшара анасы жайылып өскен ағашқа келіп, өзінің қайғы-шерін оған айтып береді. Сонан соң ұлының білезігін бұтаққа іледі. Жүре бергенде моншақ үзіліп, жерге шашылып, құлап түскен жерлерден құйттай бұлақтар шапшиды. Әйел бұлақтардан кішкенеден су құйып алып, науқас ұлына ғажайып суды апарып, ішкізеді. Бала сауығып кетеді. Ұмай туралы Орхон-енисей жазбаларынан да кездестіруге болады. Тәңірі (Көк Тәңірі) ең басты құдай екендігі мәлім, сондай-ақ, сол дәуірде түркі халқының өмірінде елеулі орын алған үш құдайдың болғанын байқаймыз. Бұл Тонықөк ескерткішіндегі мына жолдардан көрінеді: «Тәңір, Ұмай, қасиетті Жер-Су осылар бізге жеңіс әкелді» [МаловС.Е.1951.,68 б.]. Бұл айтылған сөздерден Тәңірмен қатар, Ұмайдың, Жер-Судың түріктерді желеп-жебеп отырғанын байқауға болады. Жер-Су мен Ұмайдың - әйел тәңірлер екенін аңғаруға болады. Орта дүниенің басты құдайы Жер-Су, яғни күні бүгінге дейін Жерді біз Жер-Ана деп те атап жүреміз, ал Ұмайдың түркі дүниетанымындағы бейнесінен оның әйел тәңір екендігіне күмән қалмайды. М.Орынбековтың айтуынша: «Ежелгі түріктер Ұмайды өте сұлу және қайырымды, күліп-ойнайтын, күміс шашымен аспанды жарқыратқан, күн сәулесімен кемпір қосақ шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек, әйтпесе қыз ретінде танығын» [Орынбеков М. 1996. – 164 с 9, 154-155 б.].

Қатун-түркі билеуші әйелдерінің жоғары лауазымдық атағы. Қытай жазба деректерінде qaγatun<qa`atun<qatun\xatun түрінде сақталған. Көне түркі дәуірінде, руникалық жазба кезеңінде «қатун» атағы «қаған» атағымен бірге бір жұптық бірлікте қолданылған. «Қаған» мен «қатун» лауазымдық атақтары патша-патшайым және тағы сол тәрізді некелік-отбасылық қатынастар жүйесіне байланысты атақтармен тең тұрады [Авторлық ұжым. Ұлы даланың ұлы қыздары. I том.,146 б.]. Қатун мемлекеттік істерге өкілетті түрде қатысып жүрген.***Елбілге-Қатун-*** Ел/il «мемлекет», «халық», «bilga», «дана», «білгіш» көне түркі мемлекеттеріндегі катун-патшайымдардың лауазымы мен тақтық аты. Екінші шығыс түркі қағанатының (682-744 жж.) бірінші қағаны және оның негізін қалаушы Елтіріс-қағанның (Қытайша Гудулу) үлкен әйелі (бәйбішесі) Елбілге-Қатун атанған. Күлтегіннің құрметіне қойылған ескерткіштегі жазбалар бойынша Елбілге-Қатун түркі елін қалыптастыруда өз үлесін қосқан, сонымен қатар қаған ретінде де таққа отырған. «Теңрі және ыдуқ Йер-Суб былай дейді: «Түркі халқы (turk bodun) өлмесін, (нағыз) халық болсын!» Тәңрі менің әкем Елтеріст көтеріп, қағандар санатына қосты және менің анам Елбілгені көтеріп, қатундар санатына қосты». Түркі патшайымы қатун мемлекеттегі орны мен мағызына қарай жоғарғы қағанмен бірқатарда тұрған [Авторлық ұжым. Ұлы

даланың ұлы қыздары. I том., 2003,150б.]. Түркі халықтарының әйелге қатысты көзқарасы қасиетті болғандығын байқаймыз. Сонымен қатар түркі жазба ескерткіштерінен, эпостардан, аңыздардан әйелді құдай культі ретінде де есептегендігін көреміз. Түркі халықтарында әйел мен ердің тең деңгейде болғандығын да байқаймыз. Әйел ер адаммен бірге атқа мініп, әскери қимылдарға қатысып, зор жетістіктерге жетті. Тіпті мемлекет деңгейіндегі істерге де араласып, өз үлесін тигізіп отырды. Ел арасында сақталған жыр дастандарда, аңыздарда сонау түбі бір түркі кезеңінен бастап тарихта есімі қалған ұлы әйел тұлғаларымыз туралы іздене отырып, барынша сипаттама бердік. Ғасырлар бойы ел аузында сақталып келген ұлы мұраларымызда ерекше орын алып, сұлулығымен, басқа да ізгі қасиеттерімен ән-жырға арқау болған қайсарлық пен даналықтың иесі әйел заты екені айдай анық. Ақыл-парасаты сай әйелдер тек өз отбасында емес, бүкіл ауыл-аймаққа зор беделге ие болып, олардың жақсы атағы алысқа тарап отырған. Түркі халықтары мақалмәтелдерін «ақыл сөзі», «нақыл сөз», «аталар сөзі», «көсем сөз», «дана сөзі», «қасиетті сөз» деп жоғары бағалап, қасиет тұтқан. Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында әйел бейнесі ерекше орын алған. Әйел - нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. Ол дүниеге ұрпақ әкеліп, өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Бұл ұлы заңдылық.

Сондықтан әйел тіршіліктің мәні, жылулық пен мейірімділіктің, берекенің бастауы болмақ. Әйелдің басты міндеті - отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
2. Қазақ мәдениеті.Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2005. – 656 б.
3. Ыбыраев Ш., Әуесбаева П.. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002.-145б.
4. Қашқарлы Махмуд. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ит-турк») – Алматы, 1993. – 192 б.
5. Дыренкова Н. Умай в культе турецких племён // Культура и письменность Востока. — Баку: Издание ВЦК НТА, 1928. – Кн. II. – С. 134-139.
6. Бутанаев В.Я. Культ богини Умай у хакасов // Этнография народов Сибири. – Новосибирск, 1984. – с. 93-105.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. –А.: Жазушы, 1985. – 558 б.
8. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.: Изд-во АН, 1951. – 452 с.
9. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. 164 с.
10. Авторлық ұжым. Ұлы даланың ұлы қыздары. I том. – Алматы: Ұмай, 2003. – 264 б.

УДК 398:801.6

САДУАХАС А.Н.,
2 курс магистранты,
«Шетел филологиясы» мамандығы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,
e-mail: sadu_akma.96@mail.ru

БЕККОЖАНОВА Г.К.,
ф.ғ.к., доцент,
Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: almaty.gulnar@mail.ru

LINGUISTIC FEATURES OF ADVERTISING TEXT

Аннотация. Мақалада қазіргі таңдағы жарнама мәтіндерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мәселесі қарастырылды. Жарнама саласының қоғамда алатын орны ерекше екені түсіндірілді. Жарнамамен көптеген ғылым салалары айналасыды. Соның ішінде лингвистика ғылымымен тығыз байланыста. Өйткені жарнаманың мәтіні арқылы қазіргі заманғы тілдің өмір сүру формасы анықталады. Осы мақсатта қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жарнама мәтіндеріне лингвистикалық талдау жасалды және олардың тілдік ерекшеліктері көрсетілді. Талдау үшін ауызша және жазбаша түрдегі теледидар мен ғаламтордағы роликтар, журналдардағы және көшедегі жарнама мәтіндері алынды. Жарнама мәтіндерінің тілдік ерекшеліктерін рифм, гипербола, эпитет, метафора деп аталатын функциялармен көрсетіліп, толығырақ көрсету үшін мысалдар қарастырылды.

Түйін сөздер: жарнама, жарнама мәтіні, жарнама ұраны, метфора, гипербола,эпитет, рифм.

Аннотация. В статье рассматривается проблема лингвистического исследования современных рекламных текстов. Было объяснено, что рекламная индустрия занимает особое место в обществе. В частности, это тесно связано с лингвистикой. Потому что текст рекламы определяет образ жизни современного языка. Для этого был проведен лингвистический анализ рекламных текстов на казахском, русском и английском языках и их языковые особенности. Для анализа были взяты устные и письменные теле и интернет ролики, журнальная и уличная реклама. Приведены примеры, чтобы более подробно проиллюстрировать лингвистические особенности рекламных текстов с функциями, называемыми рифмой, гиперболой, эпитетом, метафорой.

Ключевые слова: реклама, рекламный текст, слоган, метфора, гипербола, эпитет, рифм.

Abstract. The issues of linguistic research of advertising texts at the present stage is considered in this article. It is explained that the advertising sphere has a special place in society.Many sciences deal with advertising. In particular, it is closely related to the science of linguistics. Because the text of the advertisement aanalysis of advertising texts in Kazakh, Russian and English and their linguistic features are shown.For analysis, we obtained oral and written video clips on television and on the Internet, as well as texts of street advertising in magazines. Examples are provided to illustrate in more detail the linguistic features of advertising texts with functions called rhyme, hyperbole, epithet, metaphor.

Key words: advertising, advertising text, slogan, metaphor, hyperbole, epithet, rhyme.

At present, advertising is a multifaceted phenomenon that is being discussed among researchers. This research is done by the sciences as psychology, sociology, journalism, history, economics, and linguistics. Recently, advertising has focused on science as a complex socio-cultural phenomenon that affects all spheres of society. It is particularly important to study advertising in the humanities, including linguistics.From a linguistic point of view, the advertising text is considered. The reason for this is that the life form of a language is defined through the text.

There are many definitions of the text. Among them, according to I.R.Galperin, "text" is the only unit of the speech process, combined with various types of lexical, grammatical, logical, stylistic communication.This unit has an internal and external structure [Galperin I. R. Grammatical categories of the text. - IAN SLIA.-1977].

Van Dyck believes that “text” is a concept containing a linguistic system orofficial linguistic knowledge, linguisticcompetencies [Van Dyck T.A, 2000. Language. Cognition. Communication, p. 9].

However, there is no clear definition of a text containing multilateral aspects of the form of linguistic unity.The text may contain some information on the objective representation of the various links and their reality,discloses temporary, national and

cultural patterns that differ from others individually, which are characteristic of the author.The text also contains information in various fields.These features make it possible to identify the main features of the text as denotative, reference and situational. A feature of any text is reliability, accurate anddetailed characterization using various artistic means.

According to researchers, advertising occupies a special place in the life of modern man.For example, according to R. Machrand, advertising shows our lives on the pages of newspapers and television sets [Marchand R. Advertising the American Dream: Making Way for Modernity, 1920-1940, 15p.].Also, according to him, advertising has contributed greatly to the formation of public discourse and still contributes, such a common association of different audiences is the language in which advertising has played an important role in the perception of opinion and truth.

Nowadays, advertising is a special socio-cultural phenomenon that determines the moral and social views of the target audience: "advertising influences our views, ourselves and the world around us, shows us ready - made forms of behavior in certain situations, reveals what is good and what is bad, educates us" [Feofanov O.A. Advertising: New technologies in Russia: textbook, 2004. p. 20].

In addition, advertising is a special pragmatic type of text. Advertising texts are created to influence different audiences, for example, ads made for children, teenagers, men and women.The target audience may differ depending on age, gender, and other characteristics.Targeting an ad to a specific audience contributes to the oral distribution of the ad text. The main feature of the advertising text is that it belongs to the field of mass media, as well as the advertising text –an intermediate result of activity, consisting of the author's compilation of the text and the intended fact of its interpretation to the reader. The concept of "advertising text" in a broad semiotic sense means all the features of the text, that is, the vocabulary, dynamic elements and image. The text of an ad in a spoken language is a unit of the contact process that includes a language system that represents language resources using various artistic resources.

As E. Y. Koltysheva found out, "advertising text is a special type of pragmatic text. Its originality depends on the direction of its influence;the impact function is performed at different levels of the text: all possible semiotic systems and tools are used" [Koltysheva E.Yu. Manipulative influence in the modern advertising text: on the material of English-language glossy magazines for women. 1995, p. 6].

When analyzing the ad text, you need to pay special attention to the specifics of the structure. In fact; its structure determines its main linguistic features. As noted by Yu.S. Bernadskaya, "to build an effective advertising text, you need to know and apply in practice the rules for composing the text, its compositional forms" [Bernadskaya Yu.S. Text in advertising, 2012, p. 4].

As a result of the analysis, the role of the oral and non-portable component is important for the ad text. It is necessary to take into account the features of the non-verbal component of the advertising message and its role in transmitting information by creating an image of the advertised product. The main oral components of the advertising text include topics, sub-titles, main text, and motto.

According to many researchers, the topic is one of the most important oral components of an advertising text. For example, you can prove that the scientist E.V. Medvedev says: "the topic includes the main advertising message and the main advertising arguments" [Medvedeva E.V. Advertising communication. 2015, p. 7].

According to U.K.Bove, the theme performs six main functions:

1. It must be attentive;
2. We need to choose your reader, that is, include what will interest the consumer;
3. The reader should familiarize themselves with the main text of the text;
4. The buyer must promise the benefits of the purchase to the buyer;
5. The theme should fully reflect the commercial idea;
6. The reader must show something new in the product they are interested in [Bove K.L. Modern advertising, 1995 p. 265-266].

According to Yu. S. Bernadskaya, the motto (slogan) is "a short aphoristic sentence that denotes the main idea of all messages in the framework of an advertising campaign" [Bernadskaya Yu.S. Text in advertising, 2012, p. 6-7].N. N. Kokhtev explains that an advertising motto should include two or four words and be memorized by a person in 1.5 seconds [Kokhtev N.N. Dynamic syntax in advertising. 1991. p. 21].

The main text reveals the content of the topic, its idea, is logically constructed and connected, it should be short and unusual. it consists of two or more short sentences and simple understandable words with a high semantic load, and the end summarizes the text of the advertising message and reveals its advantages.

The ad text performs a number of functions. Among them, it is difficult to distinguish the main one. In general, the message function plays a key role, since advertising informs the audience about the product's availability, its main properties, and the advantages of competitors. The impact function does not matter in the ad text, since the main task of the advertiser is to influence the consumer through an advertising message.

According to O. Ksenzenko, "text" plays an important role in advertising acceptance. The main goals of advertising are to attract attention, create

interest, and promote sales. The authors of advertising texts turn to the use of various linguistic and psychological methods. These texts should be bright, clear, resourceful, and highly professional. In this context, we can fully agree with the opinion of O. A. Ksenzenko [Ksenzenko O.A. Pragmatic features of advertising texts, 2003. p. 337].

An important factor that affects the effectiveness of an advertising text is its stylistic and lexical design. The dictionary includes stylistic colorful words: spoken words, special means of expression – lines and shapes. The main artistic means of advertising are allegory, oxymoron, metaphor, epithet, personalization, hyperbole, and metonymy. Using regular combinations is one of the most effective ways.

Methods of the research. In the course of the research, a syntactic and functional stylistic analysis of advertising texts was carried out, and the characteristics and features of stylistic means in their composition were given. In the course of linguistic research of advertising texts, their structure and artistic features were identified by analyzing several examples. For the purpose of the research, a survey of language specialists and technical specialists was conducted to check the significance of these stylistic features and the quality of advertising texts. Forty specialists took part in the survey: 20-language, the remaining 20-technical. The results of the analysis and statistical indicators of the survey results are presented in the practical part

Linguistic analysis and discussion.Written and oral advertisement texts in Kazakh, Russian and English languages were chosen for linguistic analysis. The texts include commercial son TV, the Internet, magazines and advertisements hanging around the streets. The advertisements are directing for the British; the Russian people see ads as calling, whereas for the Kazakh people advertisements are very common.

Morphology and vocabulary. Advertisements refer to different parts of speech and advertising affects the feelings and emotions of users. They are mainly used in slogans. Such words include: adjectives- cheaper, more reliable, more effective, better, easier; qualitative adjectives - beautiful, beautiful, bold, sensitive, interesting;nouns - beauty, image, design, price, secret, surprise, sale, novelty, feeling, economy; verbs –to get, to win, to buy, to save, and so on. Words like these are associated with any advertising in all languages. In addition, the lexicon of advertising texts have an interethnic universal nature. For example, British advertisements used words such as freedom, pleasure, safety and success to reflect a character, attitude and personal time of people. The word "freedom" appears in the advertising text of the popular butter "Country Life" in Britain: "Taste the freedom, taste the countrylife". Being free means that you are a citizen of an independent country. In the Russian advertisement for the 'Russkaya Shchedra' chocolate: "It is the best because it is ours", "Russia. A generous soul" it can be understood that Russian people are proud of their country. The word that we need to pay attention is the pronoun "our." The domestic product "Kazakhstan" chocolate was chosen for an advertisement in Kazakh: "Very fresh food". Here, even the name of the product itself shows how wonderful our country is.

The results of syntactic analysis. The following features were identified during the syntactic analysis of advertising texts. Syntactic analysis is differentiated by sentence types. In advertising texts, you can often find the types of sentences called informative, inquiring, commanding and eloquent. For example:

-Are you ready?

- To observe the point of view.

- Are you ready to seduce him to turn his head?

- Unlike conventional toothpaste, Colgate Total fights bacteria on the tongue, teeth, gums and gums for 12 hours and promotes oral health. Colgate Total, Get Ready for Life! (Colgate Total toothpaste ad).

- Do you know how to become addicted to tobacco?

-Nicotine irritates the receptors and it becomes a habit.

- Try to use Tabek. It contains cytosine. It protects receptors and helps to overcome tobacco dependence. Tabex helps you quit smoking (Tabexpills ad). These examples cover all types of sentences mentioned above. Each type of sentence has its own function. These signs can also be seen in advertisements in Russian and English:

Imagine, erasing the past. Sun damage... a blemish that leaves a mark... a skin doesn't mark

Discolorations appear. Which is why we created new Dark Spot Corrector. To our surprise, tests showed it also helps reduce ingrown hairs. Imagine that. (Clinique eraser ad). *Life tastes best when it's well done.*

One of the syntactic features is that sometimes the members of a sentence come alone, that is, sometimes you can meet the beginning or the narrator. For example: *"First Show. Pressure on. No problem."*In this text, the *first show, pressure on* are nominatives to a verb, and*no problem*is a predicate.

Pronouns. Personal (you, he) and possessive pronouns (your, our) are often used to draw attention and communicate with the addressee of an advertising message. The text of the product "Shedroeleto was chosen for the Russian advertisement: *"Your house will always be warm and cozy with the products of TM "Shedroeleto". Products without which you cannot do. "Shedroeleto" - the Sun in every packet of butter!"*In the British magazine Marie Claire, pronouns are used to attract the attention of girls and women to advertise goods: *"Pretty is what you are. Beauty is what you do"*,*"In the war against aging, you need a sonic weapon. Now anti-aging treatments penetrate better. Skin looks*

younger. We guarantee it".We can see pronouns in advertisements that are translated into Kazakh. For instance, let us look at the text from"Piala Gold" ad: *"Piala Gold - has selected hundreds of types of tea and selected the best tea leaves for our blend. Only a cup of tea leaves cut in each package in Piala Gold will give you richness of taste and color. As our family loves. Piala is the warmth of the family"*.

Imperative mood. It is often used in all three languages with the other side of the classification noun. In English commercials, the text is often accompanied by the word "let": *"Let's elevate the moment"* (Toyata Carolla ad), *"Let's make today fun"* (Toyata RAV4 ad), *"Stop dreaming, start achieving. La muscle, the very best sports supplements your money can buy"* (Men's health ad). Verbs used in advertisements include drink, start, enjoy, look, let, love, try, buy, ask, feel. The same is true for Kazakh and Russian advertisements. Here are a few examples: *"Taste a new Pepsi"*, *"Does the child have a fever? Try Nurofen for children. If the heat returns, the house may be quiet. Nurofen for children reduces fever and headaches. It works for up to 8 hours. Nurofen is for children older than 3 months"* (commercial for Nurofen), *"How? How? How? How? Duphalak action: helps with constipation and regulates the rhythm of the large intestine. If you want to be soft try Duphalac"*(Duphalak commercial). *"Buy a dishwasher with Bosch hygiene features and take care of your close ones today*" (Bosch washing machine advertisement).

The results of functional and stylistic analysis

Rhyme. Rhyming texts are unclear. Nevertheless, it immediately attracts the attention of the consumer. For example, in the advertisement of Valio's milk, "*Pretileligrachi - beriValio, pekikulichi!"* "Euro shoes - this network price is just a miracle!", "Pork you can cut with a fork", "*BeanzMeanzHeanz",* "Don't be trashy, don't you care? Recycle, don't just stare "and more. In the course of the research, we found out that rhyming texts are not often found in Kazakh-language advertising texts.

Hyperbole or exaggeration - artistically elevates the advertising text. It creates a new scale of the advertised product and exaggerates the qualities of the product. English is often used in the text of advertising with augmentative mood. For example, "*A cup of Tetley and you're ready for anything! The finest tea on earth*!" (Tetley tea ad). "The best built cars in the world" (Toyota car ad). The hyperbole in both ads is the words*the finest* and *the best*. *The best* and *most wonderful*, it enhances the properties of these products and is used in augmentative mood.

Epithet is a figurative means of speech that indicates a distinctive feature of an object or phenomenon. In the English text of the advertisement, the epithets give their own color or image: *"You'll look a little lovelier each day with fabulous pink"*("Camay" soap bar). The epithet is *fabulous pink*, which means that the skin is soft with the use of this soap with a fairy-tale pink color. *"Make it one of your delicious daily habits"* (Activia yogurt ad). The epithet used is *delicious daily habits*.

Metaphor is used to visualize and create an image of the advertising text. It is also the use of the advertising text in a variable sense, depending on the internal and external signs. For example, *"The architects of time!"* (Longines watch advertisement). The translation of this ad, "Builders of Time", uses the metaphor - the clock is effective in planning for the future. *"Power to hit pain where it 24 hurt*" ("Solpadeine" drug ad), a metaphor in the text of the advertisement - that it is effective in solving any problem using the drug. *"Connecting People"*(Nokia mobile phone ad), a metaphoris used in the sense of establishing a good mobile connection around the world.

Antithesis is based on clearly contradictory notions between words with opposite meanings. It is effective in achieving a greater clarity. This stylistic method is widely used by copywriters to create an impressiveunique art. The main element of antithesis is antonyms. For example, *"Between love and madness lies obsession"* (Obsession CalvinKlein perfume ad). Advertisers compare traditional and modern adjectives in their impact on advertising and distinctiveness.

Linguistic study of advertising texts revealed the above-mentioned differences. These features were explained to linguists and technicians during the survey. Forty specialists took part in the survey. Twenty were language specialists, and the remaining twenty were technical specialists. The questionnaire, entitled "Modern advertising text", is shown in Table 1.

Table 1. "Modern advertising text"

Questions	Linguists	Technical specialists
Can you distinguish between ad and ad text?	58% - yes 42% - no	15% - yes 85% no
Are you satisfied with the current ad text?	40% - yes 60% no	90% - yes 10% - no
Did you know such linguistic features of advertising texts?	67% - yes 33% - no	10% - yes 90% - no
Was this information interesting for you?	95% - yes 5% - no	100% - yes

The results of the survey show thatthis topic is not unfamiliar to linguists. And it is undoubtedly interesting and useful for technicians. "Are you satisfied with modern ad texts?" Most linguists answered "no" and most technical experts answered "yes". From this we can conclude that if we consider technical specialists as ordinary people, the structure of advertising is not important for ordinary people, and linguists notice that there are shortcomings in the advertising text.

Conclusion

In conclusion, we note that the role of advertising in society is special. It is closely linked with all areas of society and science. And the linguistic study of advertising is considered by its text. Linguistic expression is one of its most important components. The unity of all levels of language is involved in the creation of text that allows you to pay attention and remember. The advertising text and its main goals must coincide. And it should be based on the following principles: conciseness, precision and accuracy, creating vivid images, logic, reliability, argumentation, simplicity and clarity, expressiveness. If these principles are followed, the ad text will be better. During the study, a survey was conducted among language and technical specialists. According to the survey, there were more positive answers.

However, it was found that some of the requirements for the text of the advertisement are not being implemented. Therefore, it still needs to be studied. Only then we hope that there will be no problems with modern advertising texts.

REFERENCES

1. Bernadskaya Yu.S. Text in advertising: textbook. psobie for stud. higher. study. head / -M .: UNITY-DANA, 2012.-288p.

2. Bove K.L. Modern advertising: per. from English / ed. O. A. Feofanov; foreword to rus. ed. MA Nazarushkina.-Togliatti: Dovgan, 1995.-661p.

3. Van Dyck T.A. Language. Cognition. Communication / - Blagoveshchensk: BGK im. I.A. Baudouin adé Courtenay, 2000. –308p.

4. Galperin I. R. Grammatical categories of the text. - IAN SLIA.-1977.-№6.-208p.

5. Koltysheva E.Yu. Manipulative influence in the modern advertising text: on the material of English-language glossy magazines for women.

6.Kokhtev N.N. Dynamic syntax in advertising /Russian speech. -1991.-№5.-67p.

7. Ksenzenko O.A. Pragmatic features of advertising texts// Language of the media as an object of interdisciplinary research: textbook.-M.: Publishing house of Moscow State University, 2003. – 354p.

8. Medvedeva E.V. Advertising communication. -M .: URSS, 2015. -293p.

9.Marchand R. Advertising the American Dream: Making Way for Modernity, 1920-1940 - Berkeley; Los Angeles; London: University of California Press, 1985 .- 448 p.

10. Feofanov O.A. Advertising: New technologies in Russia: textbook. a guide for training professionals in the field of advertising. - SPb .: Peter, 2004 .- 384 p.

ӘОЖ (УДК): 82-343.1751
МҒТАР (ГРНТИ): 14.35.09

САХИТЖАНОВА ЗАДА ОМАРГАЗИЕВНА,
ф.ғ.к., оқытушы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АТАМЕТОВА ДИЛАФРУЗ АБДИРАИМҚЫЗЫ,
2- курс магистранты,
Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы,
Филология факультеті,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
E-mail: dilya.atametova@mail.ru

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОРТАҚ СЮЖЕТТЕР (АҒЫЛШЫН ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ РОБИН ГУД ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АЛДАР КӨСЕ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация. Бұл мақалада ағылшын және қазақ фольклорындағы ортақ сюжеттерге қатысты ғалымдардың зерттеулері сараланып, олардың мифтік образдарға және ортақ сарындарға қатысты пікірлері қарастырылды. Қазақ және ағылшын халқының бай да мазмұнды фольклорының түрлі саласы - халық ауыз әдебиетіндегі версияларының сюжеттік желісі, қаһармандар жүйесі, көркемдік бейнелеу тәсілдері негізінде мифтік образдарға және ортақ сарындарға қатысты зерттеулер жасалынды. Зерттеулер нәтижесінде ағылшын фольклорындағы Робин Гуд және қазақ фольклорындағы Алдар көсе шығармалары желісінде біршама ұқсас сюжеттері анықталынды. Робин Гуд шығармасында орман ұрылары тек байлар мен шонжарларды тонап, олардан алған байлықтарды кедей шаруаларға таратып беріп отыратындығымен ерекшеленсе, Алдар көсе шығармасында Алдар көсе сараң байларды, пайдакүнем саудагерлерді, халыққа озбырлық көрсеткен билік иегерлерін өз қулығымен алдап оларға тиісті жазасын беруімен ерекшеленді. Мұнда ағылшын және қазақ фольклорында кездесетін түрлі көркемдік құбылыстардың атқаратын қызметіне де көңіл бөлінді. Осыған байланысты екі ел фольклорында кездесетін ортақ образдар мен сюжеттер сараланып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды. Бұл болашақ мұғалімдердің сыни ойлау процессін қалыптастыруда қазақ және ағылшын филологиясы студенттеріне салыстыра зерттеу тәсілдерін шыңдауға әдістемелік талдау ретінде қолдануға мүмкіншілігі бар.

Кілт сөздер: ортақ сюжет, ағылшын фольклоры, қазақ ертегілері, батырлар жыры, көркемдік бейнелеу.

Аннотация. В данной статье рассматриваются исследования ученых на общие сюжеты в английском и казахском фольклоре, их взгляды на мифические образы и общие мифы. Различные ветви богатого и содержательного фольклора казахского и английского народов - на основе сюжетной линии версий фольклора, системы персонажей, способов художественного изображения - изучались применительно к мифическим образам и распространенным мифам. В результате исследования были выявлены похожие сюжеты в череде произведений Робин Гуда в английском фольклоре и Алдара Косе в казахском фольклоре. В произведении Робин Гуда лесные воры отличались лишь тем, что грабили богатых и шонжаров, раздавая доставшиеся от них богатства бедным крестьянам, а в произведении Алдар Косе Алдар Косе обманывал скупых богачей, корыстных торговцев, обладателей власти, проявлявших произвол народа, давая им соответствующее наказание. Особое внимание было уделено деятельности различных художественных явлений, встречающихся в английском и казахском фольклоре. В связи с этим были проанализированы общие образы и сюжеты в фольклоре двух стран, выявлены их сходства и различия. Это дает возможность будущим учителям использовать как методический анализ для усиления методов сравнительного исследования в формировании процесса критического мышления студентов казахской и английской филологии.

Ключевые слова: общий сюжет, английский фольклор, казахские сказки, героические песни, искусство.

Annotation. In this article, the research of scientists on common plots in English and Kazakh folklore was analyzed, their opinions on mythical images and common motifs were considered. Various branches of the rich and meaningful folklore of the Kazakh and English peoples - based on the plot line of versions of folklore, the system of characters, methods of artistic representation - were studied in relation to mythical images and common myths. As a result of the research, similar plots were found in the works of Robin Hood in English folklore and Aldar Kose in Kazakh folklore. In Robin Hood's work, forest thieves robbed

only the rich and shonzhars and distributed the wealth obtained from them to the poor peasants, while in Aldar Kose's work, Aldar Kose deceived the stingy rich, mercenary merchants, and holders of power who showed arbitrariness to the people, deceiving them with his cunning and giving them appropriate punishment. Attention was also paid to the activities of various artistic phenomena found in English and Kazakh folklore. In this regard, common images and plots found in the folklore of the two countries were analyzed, their similarities and features were identified. This allows future teachers to use comparative research methods for students of Kazakh and English Philology as methodological analysis to improve the formation of critical thinking processes.

Keywords: common plot, English folklore, Kazakh fairy tales, batyrs' poetry, artistic representation.

Кіріспе

Ағылшын фольклорындағы Робин Гуд және қазақ фольклорындағы Алдар көсе шығармаларындағы ортақ сюжеттерді зерттеген жұмыс жоқтың қасы. Бұл мақала қазіргі кезде әлем әдебиеті саласына, әсіресе, ағылшын және қазақ әдебиетіне қызығушылығы жоғары оқырмандар үшін қажет болатыны сөзсіз. Сонымен қатар қазақ және ағылшын филологиясы студенттерінің ой-санасын, патриоттық сезімін оятуға үлкен әсерін тигізеді.

Ағылшын және қазақ ғалымдарының Алдар көсе мен Робин Гуд жайлы жеке зерттеген жұмыстары бар болғанымен, бұл екі шығарманы салыстыра зерттемеген. Мысалы, Алдар көсе туралы Е. Тұрсынов: "... путь формирования образа Алдар Көсе как героя бытовой сказки куда более долог и сложен: истоки его коренятся в дуалистическом мифе и первобытном бытовом рассказе, свой вклад в создание этого образа внесли также смежные фольклорные жанры", дейді [Турсунов Е.Д., 2004, б. 153].

Ал М.Әуезов болса Алдар көсе туралы былай деп айтады: "Алдар көсе жайындағы қазақ айтатын әңгімелеркөпке мәлім, көп қызықтаған, алыс заманнан келе жатқан әңгімелер. Ол жайындағы әңгімелер жалғыз қазақ елінде ғана емес, сыбайлас, туыстас қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен елдерінде де бар. Онда да Алдар бір пішінді күлдіргі алдағыш, мазақшы болып көрінеді..."[Әуезов М.О., 1959, б. 32-33].

Ә. Диваев қазақтың «Қырық өтірік», «Тазша бала», «Жиренше шешен», «Алдар көсе» сияқты басқа да толып жатқан ертегілерін жинап, оларды екі тілде қатар жариялап отырған.

Ағылшын фольклорындағы Робин Гуд бейнесін зерттеу XIII ғасырда басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Зерттеулер әр түрлі жолдармен жүргізілген. Робин Гуд туралы Роберт Ханшоу «Роберт Худ, Ноттингем және оның қарым-қатынасы», Грэм Кирби «Робин Худның өмірі мен уақыты», Ричард Резерфорд-Мур «Робин Гуд Ричард Арыстанмен кездескенде» ғасырлар бойғы аңыздың өзгеруін зерттеген.

Зерттеудің өзектілігі: ағылшын фольклорындағы Робин Гуд және қазақ фольклорындағы Алдар көсе шығармаларындағы ортақ сюжеттерді зерттеген жұмыстар саны өте аз.

Зерттеудің мақсаты: ағылшын фольклорындағы Робин Гуд және қазақ фольклорындағы Алдар көсе шығармаларындағы ортақ сюжеттерді айқындап көрсету

Зерттеудің міндеттері: ағылшын фольклорындағы Робин Гуд және қазақ фольклорындағы Алдар көсе шығармаларындағы жанрлық түрдің ерекшеліктерін айқындау. Ағылшын фольклорындағы Робин Гуд және қазақ фольклорындағы Алдар көсе шығармаларындағы жанрлық түрдің жасалу, даму жолдары айқындау.

Зерттеу әдістері: ағылшын фольклорындағы Робин Гуд және қазақ фольклорындағы Алдар көсе шығармалары негізінде ортақ сюжеттерді зерттеу барысында салыстыру, талдау, аналогия зерттеу әдістері қолданылды. Нақтырақ айтатын болсақ, екі шығармадағы басты кейіпкерлердің бірдей белгілерінің ұқсастығы негізінде олардың ұқсастығы туралы айтуға мүмкіндік беретін таным әдісі, яғни аналогия әдісін қолдану арқылы олардың ұқсас жақтары анықталды. Ал талдау әдісі Робин Гуд және Алдар көсе кейіпкерлерінің қандай екендігін, олардың қандай ортақ қасиеттері бар екендігін анықтау барысында қолданылды.

Негізгі бөлім

Әр елдің ертегілері немесе шығармаларында өзіндік жаужүрек батырлары, әділ хандары мен ханшайымдары болады. Сондай-ақ батырлар мен салт жырларында, әсіресе ертегілері, аңыз әңгімелері сияқты құнды мұраларында өзіндік ерекшеліктері мен бір-бірімен ұқсас жақтары болып отырады. Жалпы алғанда, ағылшын және қазақ ертегілерінде сиқыршылар, аңыз адамдар, су перілері, кейіпкерлер, мейрімді жандар, періштелер, жауыздар, ойдан шығарылған аңдар кездеседі. Сонымен қатар олардың ұқсастықтары да бар. Солардың ішіне ағылшын фольклорындағы Робин Гуд образы және қазақ фольклорындағы Алдар көсе образын жатқызуға болады. Ағылшын әдебиетінің қаһарманы ретінде танылған Робин Гуд- әділетсіздікке қарсы күресуші, қысым көрген қара халықтың қорғаушысы, құралайды көзге атқан мерген, ержүрек, әділ әрі батыл болғандығымен танымал болса, ал қазақ әңгіме-аңыздарының сүйікті кейіпкері болған Алдар көсе- ақылды, зерделі, әділ, айлакер, қу, халықтың еңсесін көтеру үшін дүниеге келген кейіпкерлердің бірі болып табылады. Робин Гудтың өзіндік ерекшелігі – қызық оқиғалы мазмұны мен көтеріңкі көңіл-күйге құрылуында болып та-

былады. Ал Алдар Көсе өзінің ақылдылығы және тапқырлығы арқылы халыққа күн бермейтін байларды, қалтасы ақшаға толы жалқауларды, ақымақ қазыларды өзінің қара басының пайдасын көздеп алдамайды, халықтың намысын қорғау үшін, еңбекшілерді езіп келген қанаушылардан кек қайтару үшін алдап, олардың сыбағасын береді.

Алдар көсе туралы қазақ көптеген аңыз-әңгімелер мен ертегілер бар. Солардың ішінде ең танымалы «Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай». Бұл аңыз да байлығы асып-тасып жатса да сараң, қорқақ, пейілі тар және ақымақ байлар туралы жазылады. Сондай-ақ қарапайым халықтың оларға деген көзқарасы сипатталады. Аңыз-әңгімеде басты кейіпкер саналатын Шығайбай сол кездегі қазақ байларының бейнесін, олардың ой-өрісінің қандай тар екенін көрсетеді. Ертедегі арам пиғылды байлардың өкілі ретінде алынған Шығайбайда адамгершілік қасиет жоқ.

Аңыз бойынша басты кейіпкер Робин Гуд өз қарақшыларымен бірге үлкен Шервуд орманында қоныстанды. Ал бұл жолмен болса, мырзалар өздерінің нөкерлерімен, хан өзінің шенеуніктерімен және саудагерлер тауарларымен өтетін. Олардың ішінен тек байларды, шонжарларды ғана тонап, олардың байлығын алып кедей шаруаларға үлестіріп беріп отырды.

Ертегі ретінде тарихта болған кейбір адамдар жайында қара сөзбен айтылатын аңыз әңгімелердің қатарына «Алдар көсе» мен «Робин Гуд»-ты жатқызуға болады ма деген сұрақ туындайды. Негізінен бұл адамдардың шын мәнінде өмір сүргені анық еместігін және жұрттың әңгімелері мен олар жайындағы сөздерді ертегілер ретінде, еркін қиялмен бейнелеген болуы да мүмкін. Мысалы, Алдар көсенің өмірде болғанын, қай заманда өмір сүргенін дәлелдейтін тарихи дерек жоқ. Оның бейнесі қазақ театр және кино өнері туындыларында да көрініс тапқан. "Алдаркөсе" фильмінің сценарийін (1964, реж. Ш.Айманов) жазды. Ал Робин Гуд пен оның қарақшы достары туралы аңыз әңгімелер ағылшын әдебиетінің ғана емес, әлем әдебиетінде алатын орны ерекше. Алайда бұл аңызды растайтын тарихи дәлелдер жеткіліксіз. Ағылшын фольклорында әйгілі кейіпкердің бейнесі әртүрлі мәтіндермен ерекше көзге түседі. Мамандар әйгілі садақшы туралы ең көне құжаттардың бірі «Робин Гуд пен Монах» шындық болуы мүмкін деп болжам жасағанымен, оны дәлелдей алмай отыр. Робин Гуд пен Монах туралы аңыз Фрэнсис Джеймс Чайлдтың 1450 жылы жазған антология және балалар балладасымен сәйкес келеді. Робин Гуд кейіпкері, архетиптік батырдың мансабы сол дәуірдегі қарапайым адамдардың көптеген танымал тілектері мен көңіл-күйлерінен қалыптасқан.

Бұл екі шығарманың тақырыптарына көңіл бөлетін болсақ, екеуі де басты кейіпкердің атымен аталынып отыр. Бұл дегеніміз номинациялау уәжділігінде ұқсастық бар дегенді білдіреді. Алдар-Көсе - бұл есім емес, лақап ат, яғни «Алдар» - «алдамшы», «Көсе» - «сақалсыз» дегенді білдіреді. Баласы кедейлердің шапағатшысына айналсын деген тілекпен әкесі оны Алдар деп атады. Алдар есейгенде оның сақалы өспеген, сондықтан оған «сақалсыз» деген лақап ат қойылды. [Смирнова Н.С., 1968, б. 98]

Ағылшын тіліндегі «hood» сөзі «капюшон» дегенді білдіреді, бұл Робин Гуд киімінің элементін білдіреді. Бірақ «капюшон» сөзінің бейнелі мағынасы да бар, яғни «жасыру» дегенді білдіреді. Робин сөзі «робин» деп аударылады, бірақ кейіпкердің аты «капюшон киген Роб» - Роб (Роберт)-«қарақшы» дегенді де білдіреді.

Екі шығарманың образдары ұқсас. Яғни екеуі де романтикалық образға жатады. Бұл образдың алғашқы үлгілері баяғы көне дуние әдебиетінде, оның "әрі өнген топырағы, әрі байлық қоры" боп табылатын мифте, қала берсе, қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде жатыр. Әрқашан алға, алысқа, арманға асыққан халықтың қиялы да телегей-теңіз. Ал романтикалық образдың негізінде қиял жатады. Романтикалық образ өмірде болған немесе бар деректен гөрі өмірде әзірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделеді. Қазақ әдебиетіндегі романтикалық образдың ежелгі түрі халық ертегілері мен аңыздарында, батырлар дастандары мен тарихи жырларында жасалды. Сонау Желаяқ пен Керегеннен, Саққулакқ пен Таусоғардан бастап Алдар Көсе мен Асанқайғыға дейін, одан Алпамыс пен Қобыландыға, Тарғын мен Қамбарға дейін қазақ фольклорындағы романтикалық образдың небір ғажайып үлгілерін көруге болады. [Қабдолов З., 2007, б. 122]

Қазақ және ағылшын халықтарының батыл және асыл мұраты туралы бүгінгі түсініктері - нағыз халық қаһармандары - Алдар Көсе мен Робин Гудтың пайда болуымен қазіргі ұрпақтың арғы аталарының іс-әрекеттерінің нәтижесі. Қазақ және ағылшын халықтарының мәдениетіндегі сабақтастық ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейін шектелмей, аймақтар, халықтар арасында мәдени дәстүрлердің өзара берілуі ретінде түсініледі. Егер дәстүр стандарт, үлгі ретінде әрекет етсе, онда сабақтастық мәдениеттің тарихи өзгермелі формаларына жатады.

Алдар Көсенің тікелей өмірі туралы нақты деректер жоқ және ол тек белгілі бір күндерді белгілеуге мүмкіндік беретін нақты күндер мен оқиғаларды көрсетпестен, тек әдеби дереккөздерде айтылады.

Ғалым Ә.Марғұлан «Алдар-Көсе» еңбегін оғыз-қыпшақ дәуіріне (VI - XII ғғ.) жатқызды. [Т. Толеубаев А.Т., Касымбаев Ж.К., Койгелдиев М.К., 2006, 84]

Робин Гудтың өмір сүруі туралы көптеген әртүрлі нұсқалар бар. Кейбір нұсқаларда, ол Генрих II корольдің кезінде, яғни шамамен 1160 жылы өмір сүрген және 1247 жылы 12 қарашада Генрих

III патша кезінде қайтыс болған [Шанский.Н.М., 2004, б. 143]. Басқа нұсқаларға сәйкес, Робин Гуд 1189 жылдан бастап 1199 жылға дейін билік еткен Арыстан жүректі лақап атпен атап өткен Ричард I патшаның замандасы болып саналады [Edvin Hartlend., 2007, 46]. Басқа баллада авторлары оны Эдуард II (1307-1327) мен Генрих VIII (1491-1547) дәуіріне көшірді [James O.D., 2010, б. 69]. Робин Гудтың өмірі оған берілген ерліктерге және белгілі бір патшалармен байланысқа байланысты өзгеріп отырды. Осы уақытқа дейін ағылшын шежіресінде бірде-бір жазба табылған жоқ, тек шотландтық авторлар Робинді хронологиялық тұрғыда орналастырған деп санайды. Жаңа зерттеулер бойынша Робин Гудты Эдуард I-нің билігі кезінде өмір сүрген деп, осылайша оның аңызы XIII ғасырдан басталады деген сенімді қолдайды [Julian M. Luxford., 2009, б. 70].

Көптеген сюжеттерде Алдар Көсе өзі жалғыз әрекет етеді, бірақ кейбір жағдайларда Жиренше шешен оның көмекшісі, досы немесе қарсыласы болып табылады. Жиренше шешен әрдайым дербес позитивті кейіпкер ретінде көрінеді және кейбір сюжеттерде Алдара Көседен тәуелсіз әрекет етеді. Ал Робин жасағы мергендерден құралған жалпы саны әр түрлі оқиғалардағы елуден жүз адамға дейін өзгерді. Бұл аңыздың ең танымал кейіпкерлері Робин Гудтың өзімен бірге оның көмекшілері - Кішкентай Джон, Ағайын Тук, Уилл Скарлет, Мак, диірменшінің ұлы және Робиннің әйелі - Мариан қыз бар.

Алдара Көсенің белгілі бір дұшпаны болмаған, сондықтан барлық ашкөз және өзімшіл байлар оның жауы болды. Ал Робин Гуд өз жолында барлық ашкөз байларға қарсы күрескеніне қарамастан, оның басты дұшпандары Ноттингем шерифі, Гисборндік Рыцарь Гай және ханзада Джон болды.

Қорытынды

Жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде Алдар Көсе және Робин Гуд шығармаларына салыстырмалы талдау жасалды, аңыз кейіпкерлер бейнесінің ұқсастықтары егжей-тегжейлі қарастырылды. Екі елдің батырларының өмір сүруі мен олардың халыққа жасаған жақсылықтары туралы айқындалды және салыстырылды. Алдар Көсе және Робин Гуд образдары ағылшын және қазақ халқының шынайы тектілікті мойындауды, мейірімділік, халық даналығы және әділеттілік үшін күресуге дайын екендігі туралы анықталды. Алдар көсе мен Робин Гуд туралы аңыздардың қазіргі ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыруға әсерін анықтау мақсатында бастапқы ақпаратты талдау негізінде халық аңыздары жас ұрпақтың санасын қалыптастыруда маңызды орын алатындығы айқын болды. Алдар көсе мен Робин Гудтың образдары зерттеліп, салыстырылып, әртүрлі тарихи, мәдени және тұрмыстық жағдайлар этникалық топтың дүниетанымы, аймақтары мен танымал дүниетанымын қалыптастырудың нақты жағдайларын сипаттайтын дүниетанымдық сипаттамаларын әдеби, фольклорлық және философиялық тұрғыдан ұлттық ерекшеліктердің қалыптасуына ықпал ететіндігі анықталды. Бір-бірінен тарихи және географиялық алшақтыққа қарамастан, ағылшын және қазақ этникалық топтарының фольклор жүйесі ұқсас, сонымен қатар осы жүйенің компоненттері де ұқсас екендігі белгілі болды. Әртүрлі тарихи, мәдени және тұрмыс жағдайлар этностың әдеби, мифологиялық, философиялық көзқарасындағы өзіндік ұлттық ерекшелігінің қалыптасуына ықпал етеді. Ұлттық көзқарастың қалыптасудағы ерекше жағдайлары қазіргі қоғамның идеологиялық құрылымына ықпал етеді. Бірақ, тарихи және географиялық қашықтығына қарамастан, қазақ және ағылшын этностарында ұқсақ мифологиялық жүйе бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 192 с.
2. Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 559 б..
3. Смирнова Н.С. Фольклористика Казахстана // История казахской литературы, Алма-Ата, 1968.-98с
4. Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: "Санат", 2007. — 360 б.
5. Т. Толеубаев А.Т., Касымбаев Ж.К., Койгелдиев М.К. и др. История Казахстана для гуманитарных школ,– Алматы, 2006.
6. Шанский. Н.М. Школьный этимологический словарь русского языка. 7-е изд., стереотип. – М., 2004.
7. Edvin Hartlend. English Fairy and Folk Tales. Легенды старой Англии. М., 2007.
8. James O'Driscoll. Britain. The country and its people. Oxford. 2010
9. Julian M.Luxford. An English chronicle entry on Robin Hood, 2009

ӘӨЖ 81.276.3 : 81.38

СЕЙСЕКОВА БАЯН ҚАНАТҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының магистрі,
Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан қ.,
b.seisekova@mail.ru

ТУРСЫН ШАРАЙНА КУБЕЙҚЫЗЫ
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан қ.,
sharainatk93@gmail.com

ЖАРНАМА ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТАПТАУРЫНДАРДЫҢ КӨРІНСІ

Түйіндеме: Ұсынылған жұмысымызда біз гендерлік таптаурындардың жарнама тіліндегі ерекшеліктерін, тұтынушыларға әсерін қарастырдық. Теледидар, интернет желісі және көше жарнамаларынан мысалдар келтіріп, мағыналық және тілдік талдаулар жасадық. Жарнама мәтіндері мен жарнама дискурсының айырмашылығын, жарнама дискурсына тән ерекшеліктерді анықтап, гендерлік таптаурындар туралы ғылыми зерттеулерге салыстырулар жүргіздік. Ерлер мен әйелдерге арналған жарнамаларды бөліп қарастырып, күнделікті өмірде кездесетін таптаурындардың әсерін түсіндірдік және лексикалық ерекшеліктерін көрсеттік.

Кілт сөздер: гендерлік лингвистика, жарнама тілі, дискурс, мәтін, гендерлік таптаурындар.

Аннотация: В своей исследовательской работе мы рассмотрели особенности гендерных стереотипов в языке рекламы, влияние на потребителей. Привели примеры из телевизионной, интернет-сети и уличной рекламы, сделали семантический и языковой анализ. Сравнили различий рекламных текстов и рекламного дискурса, особенностей, характерных для рекламного дискурса, научных исследований гендерных стереотипов. Выделив рекламы для мужчин и женщин, мы объяснили влияние стереотипов, встречающихся в повседневной жизни и показали лексические особенности.

Ключевые слова: гендерная лингвистика, язык рекламы, дискурс, текст, гендерные стереотипы.

Abstract: In our research work, we examined the features of gender stereotypes in the language of advertising, the impact on consumers. We gave examples from TV, Internet, and street advertising; conducted semantic and language analysis. We compared the differences between advertising texts and advertising discourse, features characteristic of advertising discourse, and scientific research on gender stereotypes. Highlighting ads for men and women, we explained the impact of stereotypes encountered in everyday life, and showed lexical features.

Keywords: gender linguistics, advertising language, discourse, text, gender stereotypes. Keywords: gender linguistics, advertising language, discourse, text, gender stereotypes.

Жарнама бүгінгі адам өмірі мен қоғамның айрылмас бөлшегіне арналған бірлікке жатады. Ол функциясы жағынан адресатты кері қайтарымды әрекетке бағыттайды және жарнаманың қабілеттілігі коммуникацияда қаншалықты дәрежеде әсер ете алуымен бағаланады. Күніміздегі жарнаманың түрлері көп: мәтін, видео, аудиоформаттарда да беріліп жүр. Дегенмен, барлық жарнама түрінде белгілі бір мәтін кездеседі. Жарнама мәтініне байланысты М.М.Увайсова «маркетингтік коммуникация аясындағы коммуникативтік бірлік», - деген пікір білдіреді [Увайсова М.М., 2010, 27-б.]. Бұл бірлік әлеуметтік коммуникация болып табылатындықтан, әсер етушілік, ақпараттылық, прагматикалық, экспрессивтілік және коммуникативтілік сынды қызметтер атқарады. Жарнама дискурсы осы қызметтер негізінде, тұрмыстық қажеттіліктер мен құндылықтарды өтеуді мақсат етеді және жарнамалық стратегияларды да қарастырады. Бүгінгі таңда бұл стратегиялардың рационалды және эмоционалды түрлері белгілі. Рационалды стратегияда жарнама мәтіні тұтынушыға ұсынылған тауардың сапасы туралы нақты логикалық мәліметтер берсе, эмоционалды стратегия тұтынушы сезімі мен көңіл-күйіне әсер ету арқылы тартымды образ ұсынады. Зерттеуші А.Н.Назайкин жарнама мәтінінің рационалды типіне фактілер, сілтемелер, аргументтер мен цитаталарды, қолданылған иллюстрацияларды жатқызса, эмоционалды стратегияда адам ойына белгілі ассоциациялар көмегімен символдық қасиет беруін қарастырады [Назайкин А.Н., 2007, 50-б.].

Жарнама мәтіндерін жіктеуде жанрлық ерекшелік оның нысанына, мақсатты аудиториясына және жеткізу стиліне мән беріледі. Жарнама нысанына байланысты тауарлық, әлеуметтік, саяси және корпоративтік деген типтері көрсетілсе,

мақсатты аудиториясын түрлеріне қарай бизнес саласына немесе жеке тұтынушыға бағытталған деп жіктей аламыз. Ал, жарнаманың жеткізілуіне байланысты баспа, теледидарлы, радио, интернеттегі әлеуметтік желілер, т.б. түрлері кездеседі. Ал, мәтін құрылымына тақырып, слоган, негізгі мәтін, эхо-фраза, реквизит, иллюстрация, логотип, компания атауымен қатар, түстер мен иллюстрацияларды да жатқызамыз.

Қазақ тіл білімінде жарнама мәтіні, жарнама тілі, жарнама дискурсын қарастырған біршама зерттеулер бар. Алғашқы зерттеулер қатарында С.Асанбаеваның 1999 жылы жарияланған, жарнамадағы мемлекеттік тіл рөлін қарастырған диссертациясын айта аламыз. Келесі жарияланған еңбектерге Ғ.Солтанбекованың жарнаманың қызметтері мен стильдік сипатын қарастырған зерттеуін, М.Увайсованың прагматикалық тұрғысынан қарастырған еңбектерін жатқыза аламыз. Осы секілді елімізде жарнаманы тілдік тұрғыдан қарастырған орыс тілінде жазылған И.М.Филиппинова, А.М.Нурбаева, Л.М.Бугенова, С.В.Мясиченко сынды зерттеушілердің еңбектері бар.

Жарнама құрылымы жағынан бірнеше кезеңнен тұрғандықтан, дискурстың бір түрі болып табылады және жарнама дискурсына мынадай ерекшеліктер тән:

1.Прагматикалық бағыттылық: ақпарат беру арқылы, белгілі іс-әрекетке бағыттау;

2.Стильдер диффузиясы: мәтінде бірнеше функционалдық стиль түрінің кездесуі;

3.Креолизациялау: тілдік тәсілдермен қатар, тілдік емес тәсілдердің де қолданысы;

4.Стандарттар мен экспрессияның үйлесуі: жарнаманың бір стандартқа сүйене жасалғанымен, қабылдаушыға әсер ету үшін креативті, жаңа жолдарға талпынысы;

5.Бағалауыштық: ұсынылып отырған өнімге жағымды баға бере білу;

6.Имплициттік: қабылдаушыны қызықтыру үшін біршама мәліметтерді жасыру және жарнамадағы ықшамдылық;

7.Диалогтылық: жарнама монологтық формада болса да, сатып алушыларға ұсынылатындықтан, диалогтық қатынас ретінде қарастырылады;

8.Композиция ерекшелігі: құрылымы тақырып пен логотип, слоган мен мәтін, реквизиттер мен бейнеден тұрады.

Жарнама түрі өнімнің кімге арналғандығына тығыз байланысты. Себебі, заттар ерлерге, әйелдерге, балаларға, тұрмыстық қолданысқа, т.б. болып бөлінеді. Осыған орай, жарнаманың ұсынылу ерекшеліктері де ортаға шығады. Тарихи дамуымыз, менталитетіміз бен қоғамдық халіміз жарнамаға үлкен әсер етеді. Осы әсер етуші факторлардың бірі де гендерлік стереотиптер болып табылады. Себебі, халық арасында ерге не әйелге тән деген қасиеттер, түстер, дүниелер мен түсініктер қалыптасқан. Жарнама жасау барысында бұл міндетті түрде ескеріледі.

Тіліміздегі гендерлік ерекшеліктер Г.Шоқым, Б.Хасанұлы, З.К.Сәбитова, Н.М.Жанпейісова, Г.Исмағұлова, З.Нұржанова, Г.Б.Мамаевалардың еңбектерінде қарастырылған. Г.Шоқым гендерлік аспектілер А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтардан бастау алатындығын көрсете отырып, қазақ лингвистикасындағы еркек және әйел тілі түсініктерін осы ғалымдар ашқандығын атап өткен [Шоқым Г., 2009, 20-б.]. Гендерлік стереотиптерге О.В.Стасенко қоғамда маскулинді және феминді ойлар негізінде қалыптасқан түсініктерге негізделген стереотип деген анықтама берген [Стасенко О.В., 2016, 136-б.]. Барлық адамда гендерлік стереотиптер өмірлік тәжірибе барысында сыртқы факторлар әсерінен қалыптасады. Сыртқы факторларға отбасы мен ата-анасының норма ретінде түсіндірген ақпараттары, қабылдай алатын және сын көзбен қарайтын қоршаған адамдар, әдеби шығармалар мен бұқаралық мәдениетті жатқызамыз.

Жарнама тілінің гендерлік ерекшеліктерін қарастырудағы алғашқы мән беретініміз, ұсынылған өнімнің ер не әйелге арналғандығы. Күнделікті өмірде ерлерге қарағанда әйелдерге арналған журнал түрлерінің басымдығын байқаймыз. Бірақ, журналдағы мәтіндер, сөз саны көлемі ерлерге арналған журналдарда көбірек. Бұл қоғамдағы әйелдер әдемілікке алданады және сатып алуға құштар, ерлер әйелдерге қарағанда көбірек оқиды деген стереотипті көрсетеді. Зерттеуші В.В.Акуличеваның байқауынша, әйелдерге арналған жарнама мәтіндері бірінші жақтан айтылады және тәуелдік формасындағы сын есімдер жиі қолданылады. Бұл жарнама жасаушының өзі нақты тұтынушылардың бірі деген ой туғызады. Ерлер мен әйелдерге тән мінезге байланысты, әйелдерге арналған жарнамаларда сұраулы сөйлемдер жиі берілсе, ерлер жарнамасы бұйрықты формада қолданылады. Жарнама слогандарында байқалатын гендерлік ерекшелік – ерлерде тура, әйелдерде сөйлем ауыспалы мағынада көбірек беріледі. Сын есімдер мен үстеулер ерлерге арналған жарнамаға қарағанда әйелдер жарнамасында көп қолданылады. Бұл сын-сипат пен ерекшеліктің жиі берілуі әйел эмоциясына басым әсер ететіндігімен түсіндірілген. Сонымен қатар, әйелдер жарнамасы эстетика, әдемілікке қатысты және ерлер жарнамасы батылдық, төзімділік пен мықтылыққа қатысты лексикалық бірліктерден құралады [Акуличева В.В., 2008, 22-б.].

Жарнамалардың барлығы тұтынушыға тауар сатуды мақсат етпейді. Қоғамдағы жағдайларды көтере алатын жарнама дискурсының түрі әлеуметтік жарнама болып табылады. Зерттеуші О.И.Каримова Англия мен Ресейдегі әлеуметтік жарнамаларға салыстырулар жасайды. Ғалымның көрсетуінше, ресейлік жарнамалардың сипаты насихаттаушы мәнде келіп, реквизиттер толық көрсетілмейтін жағдайлар болады. Ал,

Англиядағы әлеуметтік жарнамаларда аргументтер мен фактілер көп беріліп, құндылықтарды алға тарту арқылы проблеманың шешім жолына да бағыттай алатындығымен ерекшеленеді [Каримова О.И., 2006, 19-б.]. Тақырыбы жағынан әлеуметтік жарнамалар салауатты өмір салты, экология және қарым-қатынастағы гармонияға арналады. Осы тақырыптарда да генрдерлік таптаурындар байқалады. Әлеуметтік жарнамалардың ерлерге арналғаны – алкоголдьді тәуелділік, ЖИТС-тен қорғану, көлік жүргізу қауіпсіздігі (салауатты өмір салты), донорлық пен қоқыстарды реттеп жинау (экология) болса, әйелдерге арналған әлеуметтік жарнамалар көбіне, темекіге қарсы күрес (салауатты өмір салты), экономды ыдысжуғыш, кіржуғыш мәшинелерді қолдану (экология), әйелдерге зорлық-зомбылықты тоқтату, донорлық секілді тақырыптар қамтылады. Жарнаманың берілуіндегі ерекшеліктерге тоқталсақ:

• Рөлдік сараланымы ер мен әйелдің атқаратын жұмысына қарай бөлінеді;

• Сөйленімде грамматикалық құрылым айырмашылықтары байқалады;

• Сөйленімдегі адресатқа бағыттылық әйелдерге арналған жарнамада эмоцияға әсер ету мен көмек сұрау басымдылығы, ерлерде аргументтердің жиілігімен ерекшеленеді;

• Гендерлік стереотиптердің қолданылуын ер мен әйелге тән қорқыныш сезімдерінен де байқалады: ерлерде темекінің бедеулікке соқтыру мәселесі, әйелдерде темекінің ерте қартаюға соқтыруы секілді.

• Жарнамада мәтінмен бірге суреттердің қолданылуы.

Бұл аталғандар жарнамада байқалатын ер мен әйелге тән гендерлік ерекшеліктер болып табылады. Өнімді жарнамалау барысында уақыт пен кеңістік түсінігі қатар жүреді. Мысалы, тұрмыстық қолданысқа арналған өнім немесе киім жарнамасында оның қаншалықты ұзақ қолданысқа жарамды және экономды екендігін көрсету барысынан, уақыт түсінігін байқаймыз. Көлік жарнамасындағы қаншалықты қиын, нашар жолдарды жүріп өтсе де бастапқы қалпында қалғанын көрсетуімен немесе косметикалық өнімді әр елдің ханымдары қолданып жатқандығын көрсету арқылы кеңістік ұғымы байқалады. Бұл екі түсінікте де жарнамалау барысында ер мен әйелге тән ерекшеліктер байқалады.

Ерлер жарнамасынан бірнеше мысалдар берейік.

• «BMW Concept Spider. Болашағыңа қош келдің. Біз армандарды құрастырамыз. Әсерлерді түрлендіреміз. Болашақты бөлшектерге жіктеп, жаңа инновациялар жинақтаймыз». Жарнама мәтінінде қолдан жасай алатын болашақ немесе армандарына сәйкес келетін болашақ туралы ой берілген. Тілдік ерекшелігінде кілттік сөзді қайталау, жағдаяттық сөйленімге қатысты синонимдер: автомобиль-болашақ секілді лексикалық экспликация тәсілі қолданылған.

• «Жаңартылған Land Cruiser Prado, жетілдірілген VOLVO, жаңа MAZDA». Тұтынушы ойын жаңа және жетілдірілген сапа көрсеткішіне нұсқайды. Уақыт сапаның бұрынғыдан жақсы, жетілдірілгендігімен байқалады.

• «Әр секундта ерекше бол. Қазір сенің уақытың. Maurice Lacroix (ерлерге арналған сағат жарнамасы)». Бүгінгі күнге, қазіргі ситуацияға және дәл қазіргі уақытқа мән беру арқылы уақыт көрінісін ұсынған. Тілдік ерекшелігіне әр секунд тіркесінің үйлесімділігі, абстрактілі және нақтылы деректі ұғымдарды байланыстыра білуін жатқызамыз.

Әйелдер жарнамасы:

• «Уақытта басқаруға ұмтылып жүрсіз бе? Әжімдерге қарсы Мирра Люкс: уақытыңды жоғалтпай артық жылдарыңнан арыл!». Жарнамада уақытты басқара білу ойы актуалды. Тілдік ерекшеліктеріне метафоралық қолданыстары мен сөздерді ұтымды пайдалана білуін жатқыза аламыз.

• «MILAVITSA – өмірге арналған іш киімдер. Өмірді толықтай сүр. Сіздің тәніңіздің жарқын өмірі». Өмірді толықтай сүру, әр сәтін сезіне білу идеясының берілуімен уақыт түсінігі байқалады. Лексикалық экспликациялық тәсіліне өмір сөзінің толық адамға ғана емес, дене мүшелеріне де қатыстыра қолданылуын жатқызамыз.

• «7 күннен соң ғана сіздің бет теріңіз жасарады; 2 аптада көрінетін әсер». Уақыт көрсеткіші аз уақыт ішінде байқалатын өзгеріс арқылы байқалған және нақты сандық ұғымдармен берілген.

• «Ерекше сарысулар. Лезде өзгеру. 3 май – зақымданған шаштарды бірден жаңартуға 3 қимыл». Өзі күткен жағымды өзгеріске бірден жетуі ойын ұсынып тұр. Лезде өзгеру, бірден жаңарту секілді жылдамдықты білдіретін сөздердің тіркесімі арқылы ой ұтымды берілген.

• «Біз формулаға үздік дерматологтардың екі буынының жемісін қостық. 15 жылдық ғылыми зерттеулер». Жарнамалау барысында алушыға сенімділік ұсынатын лексикалық бірліктер екі буын мен 15 жылдық ғылыми зерттеулер. Өнім сатылымға шықпас бұрын оның он бес жыл бойы зерттелгендігі туралы ой алушыға сенім береді.

Берілген мысалдардан ерлерге арналған жарнамаларда уақыт ұғымына қатысты манипуляциялар болашақпен байланысты екендігін байқаймыз. Қысқа уақыт ішіндегі жағымды әсерді түсіндіретін жайлылық, сенімділік, тұрақтылықты білдіретін лексемалар автокөлік, сағат жарнамаларында жиі қолданысқа ие. Ал, әйелдер жарнамасында уақыт ұғымы темпоралды шектеу, сақталып тұру немесе шексіздік мәнімен үйлесе келе уақытты басқара білу идеясын ұсынады. Ерлердегі секілді аз уақыттық ұғымды білдіру әйелдер жарнамасына да тән. Бұл өнімді тұтынғаннан кейінгі әсердің байқалуы, жылдам өзгерістерді

көрсетуімен байланысты. Ұзақ уақыттық қолданыс өнімді зерттеуге көп уақыт кеткендігімен байқалады және бұл алушыларда сенім ұялатудың бір жолы болып табылады. Қорытындылар болсақ, ерлерге арналған жарнамаларда уақыт көрінісі статикалық сипат алып, қазіргі сәттегі жағымды әсерді сезіндірумен байқалса, әйелдерге арналған жарнамаларда динамикалық көрініс алады.

Зерттеуші Г.Шоқым гендерлік стереотиптерді мәдени және әлеуметтік тұрғыдан нақтыланған пікірлер деп көрсетеді. Сондай-ақ, бұл түсінік аясына белгілі жыныс өкілінің қасиеттері, мінез нормалары, атрибуттық пікірдің тілдегі көрінісін жатқызады [Шоқым Г., 2012, 119-6.]. жоғарыда біз уақыт түсінігінің жарнамадағы жасырын көрінісін қарастырсақ, ол түсінікпен қатар жүретін кеңістік ұғымына да тоқталып өтейік. Ерлер жарнамасынан мысал:

• «BMW. Қимыл бостандығы. Тәуелсіз болу сенімді таңдау жасау, жаңа эмоциялар мен сезімдерге қарсы қозғалу дегенді білдіреді. Сізге кез келген жолдар ашық: Арманыңызға қадам басыңыз». Жарнама мәтінінде қимыл тәуелсіздігі, динамика мен саяхаттаушы архетипі ұсынылған. Кеңістік ұғымын біз қимыл бостандығы, сезімдеріне қарай қозғала білу, ашық жолдар мен арманға қадам басу лексемаларынан көре аламыз. Себебі, еркін қимылдай білу үшін кеңістіктің көлемі, сезімдері мен армандарына адымдау үшін жолдардың ашық болуы маңызды.

Әйелдер жарнамасынан мысалдар:

• «NAFA – барлық құрлықтардың сәнгерлеріне танымал, теріден жасалған киімдердің жоғары деңгейдегі сынамасының көрсеткіші. Әлемнің барлық бьюти-редакторлары Lancome-ні таңдайды. Миллиондаған әйелдер бағасын берген». Мұнда кеңістік үлкен және барлық планетаны қамтуымен көрініс тапқан. Сатып алушыға сенім беретін лексема ел, әлем мен құрлық сынды үлкен масштабты қамтитын кеңістік пен бағасын берген миллиондаған әйелдер болып тұр.

• «Мультитональды технология. HD-пигменті. Жақыннан да мінсіз тері». Бұл мысалда керісінше макрожақындау түсінігі ұтымды қолданылған. Жақын үстеуінің қолданысы әйелдердің күтімінде ерекше мәнге ие болғандықтан, жарнама тілінде қолданысы орынды.

• «COSMOPOLITAN «Стереотиптерді жоямыз» конкурсын ұсынады. Шекараңнан шығуға тырыс!». Мұндағы кеңістік идеясы шекара лексемасымен ұсынылған. Бүгінгі күнде танымал және жиі қолданылатын таптаурындарды жою, өз шекарасынан шыға білу тіркестері ұтымды берілген. Себебі, сатып алушыға шекарадан шығу арқылы өзін өзгерту, жаңалықтарға бет бұруға болады.

Ерлер жарнамасында кеңістік көрінісі статикалық және динамикалық сипатта байқалады. Сенімділік пен жайлылық статикалық, оңай жету, тәуелсіз қозғалыс пен кеңістіктерді бағындыру идеясы динамикалық сипатта. Әйелдерге арналған жарнамалардағы кеңістік ұғымы жан-жағына әдемі, ерекше көріну, жақын және алыс қашықтықты салыстыра отырып сынау, өнім сапасына сендіре білу үшін үлкен масштабты қамтыған басқа адамдардың да қандай әсер алғандығы, вертикалды кеңістікті білдіретін биіктерді бағындыру идеясы, шекарасынан аса білу секілді идеялардан көрініс тапқан. Ерлер кеңістігі комфорт ұғымымен қатар жүрсе, әйелдердегі кеңістік жаңа дүниелер, шекарасынан шығу түсінігімен тығыз байланысты екендігін байқай аламыз.

Ерлер мен әйелдерге тән таптаурындар түстік айырымдарда жиі көрініс табады. А.М.Оспанғалиеваның мақаласында ер мен әйелге тән түсті қабылдаудың бірнеше факторы көрсетілген: біріншіден, ерлер мен әйелдер эмоционалды жайлылықты алғашы орынға қояды. Бұл ерлерде қуаныш, тартымдылық, күш, сенімділікпен байқалса, әйелдерде мейірімділік, тыныштық, үйлесімділік арқылы көрініс табады. Екінші орында – ерлерде сырт көрініс, әйелдердегі сезімдік динамика. Үшіншіден, фон түсінің жылылығы. Бұл әйелдерде сары, қызғылт, қызғылт сары түстермен, ашық және тәтті нәрселермен ассоциация берілсе, ерлерде көңілді, шулы дүниелермен есте қалады [Оспанғалиева А.М., 2012, 213-6.].

Түстерге байланысты гендерлік таптаурындар күнімізде жиі кездеседі. Мысалы, қыздар қызыл немесе ашық түсті киімдерді, ерлер көк немесе қараға жақын түстерді таңдауы қажет деген стереотип бүгін де жалғасып келеді. Бұл гендерлік ерекшеліктер жарнамадағы түстердің таңдалуына қаншалықты әсер ететіндігіне мән берейік. Төменде берілген 1-кестеде ерлерге арналған өнім мен қорап түсі, 2-кестеде әйелдерге арналған өнімдердің түстік ерекшеліктері көрсетілген

Ерлерге арналған тауарлар мен түстері:

Кесте 1

	Өнім атауы	**Түсі**
1	*BAD BOY*	қара
2	*INFECTO иіссуы*	көгілдір
3	*Clear шампуны*	көк
4	*Gilette*	көк
5	*Old Spice*	қызыл
6	*Christian Dior Sauvage EAU De Parfum*	көк, қара
7	*Jimmy Choo MAN*	сұр

Әйелдерге арналған өнімдердің түсі:
Кесте 2

	Өнім атауы	**Түсі**
1	*la petit MarseiliaS*	қызғылт сары
2	*Gliss kur*	сары (алтын түстес)
3	*ALIVE*	нәзік қызғылт
4	*Palmolive*	ақ
5	*kotex*	ақ және қызыл
6	*OLYMPEA иіссуы*	қызғылт
7	*Dove*	ақ, көк

Берілген мысалдарда күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар мен иіссулардың атаулары және өнім құтысы мен жарнама үшін таңдалған түстер көрсетілген. Байқағанымыздай, ерлер өнімдерінде қара, көк, сұр түстер болса, әйелдер өнімінде қызыл, қызғылт, ақ түстер жиі қолданылған. Тауардың сыртында кімге арналғандығы жазылмаса да, тұтынушылар көк түсті ерлердің қолданысы үшін деп ойлауы қалыпты жағдай. Жуынуға арналған өнімдердің көп бөлігінің қорабы ақ түсті болуы тікелей тазалықпен байланысты. Зерттеулерге сүйенсек, ерлер қанық, анық көрінетін түстерді көбірек таңдаса, әйелдер жеңіл, нәзік түстерге көп мән береді. Сондай-ақ, мидың жұмысына байланысты әйелдер ерлерге қарағанда көбірек түс реңктерін байқай алады. Ер адамдар негізгі түстерді ғана көретін болса, әйелдер басқа түстерге мән береді және жарнаманың мазмұнына қарағанда, түстік ерекшеліктер әйелдерге көп әсер етеді. Сондықтан, жарнаманың қандай аудиторияға арналғандығын анықтап алу маңызды.

Зерттеуші М.Шыңдалиева еңбегінде жарнамадағы түстердің көңіл аударту, өнім интерпретациясына сәйкестігі, өнім символын не брендін нақтылау, тартымдылық пен индивидтілік беру сынды қызметтерін атап өткен. Сондай-ақ, түс тек эмоция мен қабылдауға әсер етіп қоймай, тарихи қоғамдық дифференциация, жас ерекшелігіне қарай бөліністері, мамандық пен саяси ерекшеліктер секілді деректерге де сілтеме беретіндігін көрсеткен [Шыңдалиева М.Б., 2010, 74-6.]. Жарнамасы ер, әйел деп бөлінбейтін барлығына ортақ қолданысқа арналған өнімдердің түстерінен бірнеше мысалдар келтірейік. Қызыл түс – *MacDonald's, Coca Cola, Lego, Lay's, Youtube, H&M*, т.б. Қызғылт сары түс – *Mozila, Nickelodeon, Fanta,* т.б. Сары түс – *Nikon, National Geographic, IKEA*, т.б. Жасыл түс – *Android, Starbucks Coffee, XBOX*, т.б. Көк және көгілдір түс – *Skype, Facebook*, т.б. Қара түс – *Яндекс, Chanel, Adidas,* т.б. Ақ түс – *Apple, Swarovski, Black and White,* т.б. Қоңыр – *Кофе Хауз, Hersheys's, Cafetto* т.б. Бүгінгі танымал брендтер өз логотиптері мен өнімдері үшін осы түстерді таңдаған және барлығының белгілі себептері бар.

Зерттеуімізді қорытындылар болсақ, жарнама бүгінгі өмірдің айырылмас бөлшегіне айналған. Барлық халық қолданатын теледидар мен әлеуметтік желілердің барлығында ашық және жасырын жарнамалар беріледі. Ұсынылған өнімнің кімге арналғандығына қарай жарнама құрылымы таңдалады. Слоганнан бастап, түстер мен материалдық бөлшектері де жалғасып келе жатқан гендерлік стереотиптерге негізделеді. Сондықтан, гендерлік лингвистика қазіргі тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі және зерттеулерді қажет етеді. Жарнама слоганында сөйлем жай беріле салмайды және ерлерге не әйелдерге тән ерекшеліктер байқалады. Мысалы, әйелдерге арналған жарнамалар бірінші жақтан айтылып, сын есімдер жиі қолданылса, ерлер жарнамасында сөйлем бұйрық райда жиі кездесіп, тура мағынада беріледі. Контекстте байқалатын уақыт пен кеңістік ұғымы да ерлер мен әйелдер жарнамасында өзгешеліктерге ие. Ал, маңызды компонент болып табылатын түстер туралы стереотиптер барлық елдерде ұқсас. Дегенмен, бүгінгі күнде жастар арасында стереотиптерді жою туралы әлеуметтік бастамалар жиі көтерілуде. Осыған байланысты, тілдік ерекшеліктерде де өзгерістер туындайтындығы белгілі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Увайсова М.М. Жарнама тілі: лингвопрагматикалық аспект: филол.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2010. – 230 б.

2. Рекламный текст в современных СМИ: практическое пособие / А.Н.Назайкин. – М.: Эксмо, 2007. – 352 с.

3. Шоқым Г. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері. филол.ғыл.канд.дисс.автореферат. / Алматы, 2009. – 39 б.

4. Стасенко О.В. Трансляция гендерных стереотипов средствами массовой коммуникации // Вестник Московского государственного университета печати. – Москва: Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Московский политехнический университет», 2016. №3. – С. 135-139.

5. Акуличева В.В. Гендерные характеристики рекламного текста (на материале французкого языка): автореф.дис. ...канд.филол.наук./ Москва, 2008.- 27с.
6. Каримова О.И. Гендерный и лингвокультурный аспекты социальной рекламной коммуникации: автореф.дис. ...канд.филол.наук./ Ульяновск, 2006. – 24 б.
7. Гендерлік лингвистика негіздері / Шоқым Г. – Алматы: Экономика баспасы ЖШС, 2012. – 192 б.
8. Оспанғалиева А.М. Жарнама тілінің ерекшелігі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013. – №1-2. – 211-215 б.
9. Шыңдалиева М.Б. БАҚ-тағы жарнама технологиясы. – Астана, 2010. – 118 б.

УДК 811.111`42

ТАИРОВА ГЮЗАЛЬ АМАНЖАНОВНА,
докторант 3 курса,
специальность «Иностранная филология»,
Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана

АНАЛИЗ КОНЦЕПТА «ЖЕНЩИНА» В РОМАНЕ «ЭЛЕАНОР ОЛИФАНТ В ПОЛНОМ ПОРЯДКЕ»

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі заманғы британдық романдардың біріндегі «әйел» ұғымына талдау жасалған. Бұл тұжырымдаманы талдау ядродан, жақын және алыс перифериядан тұратын құрылыммен анықталады. Әдіс осы талдауды жүргізу үшін қолданылатын сандық әдіске негізделген. Автор сонымен қатар тұжырымдаманың әр компонентіне қатысты мысалдар келтіреді. Есептеулер бойынша тұжырымдаманың өзегі мен перифериясына қатысты төрт семантикалық блок анықталды.

Түйін сөздер: тұжырымдама, тұжырымдамалық вербализация, тұжырымдама құрылымы, өзек, шеткері, алыс шеткері.

Аннотация. Данная статья раскрывает анализ концепта «женщина» в одном из популярных современных британских романов. Данный анализ концепта определяется структурой, состоящей из ядра, ближней и дальней периферии. За основу метода был взят количественный метод, с помощью которого осуществлялся данный анализ. Автор также приводит примеры, относящиеся к каждому компоненту концепта. Согласно подсчетам были выявлены четыре семантических блока относящихся к ядру и периферии концепта.

Ключевые слова: концепт, ядро концепта, ближняя периферия концепта, дальняя периферия концепта, семантический блок.

Abstract. This article provides an analysis of the concept "woman" in one of the popular contemporary British novels. This concept analysis is defined by a structure consisting of a core, near and far periphery. The method which was used to carry out this analysis was based on the quantitative one. The author also provides examples related to each component of the concept. According to the calculations, four semantic blocks related to the core and periphery of the concept were identified.

Keywords: concept, concept core, near concept periphery, far concept periphery, semantic block.

Введение

На настоящий момент категория понятия «концепт» включена в исследования не только лингвистов, но, и различных логиков, философов, культурологов, психологов и других ученых и оставляет отпечаток всех интерпретаций всех вышеназванных ученых в его лингвистическом понимании.

Термин «концепт», будучи междисциплинарным, употребляется как в гуманитарных, так и в естественных науках. Концепт не имеет точного определения и всю многоголосицу существующих трактовок можно классифицировать, взяв за основу три основных подхода в современной лингвистике к пониманию концепта: культурологический, лингвистический, когнитивный. Все три подхода основываются на общем положении: концепт – это то, что называет содержание понятия. Согласно многим ученым, концепт определяет кругозор, миропонимание, знания, культурные ценности, традиции определенного этноса, а также, психологию характера человека, мировосприятие человека, принадлежащего к данному этносу.

В нашей статье мы придерживаемся определения на основе первого подхода. Сторонниками первого подхода являются такие ученые, как Ю.С. Степанов, отчасти В.Н. Телия, а также Г.Г. Слышкин, которые подчеркивают культурологический аспект, подразумевая взаимоотношения культуры и языка лежащие в основе концепта. Эти исследователи понимают культуру как совокупность концептов и отношений между ними. Следственно, концепт определяется как основная ячейка культуры в ментальном мире человека. По Ю.С.Степанову, концепт – это некий сгусток культуры, то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека. И, с другой стороны, концепт – это то, посредством чего обычный человек входит в культуру, а иногда и влияет на нее [Степанов, 2004, 42]. Ю.С. Степанов называет концепты культурно-ментальными единицами. В его терминах концепт – это микромодель культуры, которая порождает ее и порождается ею. Являясь "сгустком культуры", концепт обладает экстралингвистической, прагматической, т.е. внеязыковой информацией [Степанов, 2004, 40].

Что касается структуры концепта, так как он является многокомпонентным понятием и не имеет точного определения, то же самое касается и его структуры. Различные лингвисты по-разному интерпретируют его структуру. Большинст-

во лингвистов выделяет в структуре концепта ядро и периферию: наиболее значительные для носителей определенного языка ассоциации формируют ядро, а менее значительные и значительные – периферию: ближнюю и дальнюю [Слышкин, 2004, 72].

За основу анализа концепта «женщина» был применен контент-анализ, который является одним из методов квантитативного метода, который подразумевает обработку данных в тексте, производимого благодаря объективному и систематическому выявлению соответствующих характеристик текста. Характеристиками для нашего исследования послужили лексические единицы, определяющие компоненты концепта.

Данная статья рассматривает концепт «женщина» в романе Гейл Ханимен «Элеанор Олифант в полном порядке», который показывает современный взгляд на один из образов современной женщины, повествуя о главной героине Элеанор Олифант, которая ведет одинокий образ жизни, уделяя много времени работе, не имея родных и друзей, тратя все свое свободное время на потребление вредной еды, алкогольных напитков и просмотр телевизора. Мы постараемся выявить образ современной женщины, применив квантитативный метод путем подсчета лексических единиц относящихся к ядру, ближней и или дальней периферии концепта «женщина». Исследование концепта «женщина» на материале романа Гейл Ханимен «Элеанор Олифант в полном порядке» показало, что данный концепт имеет различные средства реализации (как лексемы, словосочетания, так и полные предложения).

В рамках данного романа концепт «женщина» представлен четырьмя семантическими блоками: «Physiological characteristics of a woman», «Psychological characteristics of a woman», «Social status of a woman», «Relationships of a woman». Остановимся подробнее на каждом из семантических блоков и количестве лексических единиц составляющих их.

Основная часть

Метод количественных подсчетов позволил выделить семантические группы, репрезентирующие ядро концепта «женщина», а также семантические группы, репрезентирующие периферию концепта «женщина».

К ядру относится семантический блок «Psychological characteristics of a woman», который насчитывает 320 лексических единиц, в котором можно выделить следующие семантические группы: «Positive character traits» (100 лексических единиц), «Negative character traits», насчитывающий 180 лексических единиц и «Intellect», включающий в себя 40 лексических единиц.

- Семантическая группа «Positive character traits» (100 лексических единиц) выражена в следующих примерах:

I was used to waiting, and life has taught me to be a very patient person. [Honeyman, 2019]

I found that I didn't want to remove my hands from the warmth and strength of his. [Honeyman, 2019]

В данном примере автор употребляет позитивно окрашенные существительные «warm» и «strength» при описании ситуации главной героини с Самми. Можно сделать вывод, что вышеупомянутые слова имплицируют нехватку любви, ласки и тепла со стороны родителей в детстве.

- Семантическая группа «Negative character traits» (180 лексических единиц) выражена следующим образом:

I nodded, not wishing to disclose my place of residence any more precisely. Sammy asked about work, and I let Raymond tell him, being content to observe. [Honeyman, 2019]

She looked at him with so much love that I had to turn away. At least I know what love looks like, I told myself. That's something. No one had ever looked at me like that, but I'd be able to recognize it if they ever did. [Honeyman, 2019]

Дважды упоминание слова «love» и предложение «No one had ever looked at me like that» имплицируют одиночество и отсутствие любви и ласки от своей матери. Она явилась свидетелем проявления любви матери Рэймонда по отношению к нему, и она поняла, что никогда не ощущала такого взгляда на себе со стороны своей матери.

- Семантическая группа «Intellect» (40 лексических единиц) выражена следующим образом:

I like to read as widely as possible for many reasons, not least in order to broaden my vocabulary to assist with crossword solving. [Honeyman, 2019]

I'm not stupid. [Honeyman, 2019]

Сама героиня характеризует себя как не глупого человека.

К ближней периферии относятся два семантических блока:

«Relationships of a woman» (257 лексических единиц) и «Physiological characteristics of a woman» (92 лексические единицы).

Семантический блок «Relationships of a woman», который насчитывает 257 лексических единиц, включающий в себя следующие семантические группы: «Relationships with a mother» (92 лексические единицы), «Relationships with friends» (86 лексических единиц), «Relationships with colleagues» (79 лексических единиц).

- Семантическая группа «Relationships with a mother» (92 лексические единицы) выражена следующим образом: I had no one, and it was futile to wish it were otherwise. After all, it was no more than I deserved. [Honeyman, 2019]

Лексема «had no one» подразумевает отношения Элеанор с близкими, друзьями, знакомыми, которых у нее нет. Героиня не считает себя жертвой каких-либо обстоятельств, в силу которых она была лишена общения с родными или друзьями, она считает, что заслуживает того, чтобы быть одиноким и никому не нужным человеком.

- Семантическая группа «Relationships with friends» (86 лексических единиц) выражена следующим образом: You don't have friends, darling. [Honeyman, 2019]

На протяжении всего романа, мать Элеанор постоянно повторяет, что она ничего не стоит, никем не любима, слабая женщина. Она уверяет ее в том, что у нее нет друзей, что вербализуется через словосочетание «don't have friends».

- Семантическая группа «Relationships with colleagues» (79 лексических единиц) выражена следующим образом:

You don't do the Secret Santa either. Eleanor the Grinch, that's what we ought to call you." They all laughed. [Honeyman, 2019]

"Let's ask Harry Potter over there," she said, not quite sotto voce, and then turned to address me. [Honeyman, 2019]

В данном контексте главная героиня также подвергается насмешке со стороны коллег, которые сравнили ее с Гарри Поттером. Автор романа прибегнул к употреблению такого литературного приема как метафора, подразумевая наличие шрамов на лице что делает ее похожей на Гарри Поттера, героя книг Джоан Роулинг, у которого была отличительная черта на лбу – шрам.

Семантический блок «Physiological characteristics of a woman» (146 лексических единиц) может выделить следующие такие семантические группы как «Age» (62 лексические единицы) и «Physical appearance» (84 лексические единицы).

- Семантическая группа «Age» (62 лексические единицы) выражена следующим образом: My reflection showed a much younger woman, a confident woman with glossy hair that brushed her shoulders and a fringe that swept across her face and sat just over her scarred cheek. Me? [Honeyman, 2019]

После изменений во внешности, новой прическе и макияжу, ей представился образ совсем иной женщины. С помощью изменений во внешности она почувствовала себя другим человеком: уверенной и красивой.

- Семантическая группа «Physical appearance» (84 лексические единицы) выражена следующим образом:

The music business, show business, is all about image, and he couldn't be seen with a woman whose appearance would be perceived by simpletons as inappropriate. [Honeyman, 2019]

"No, silly, your scar. Your face is lovely. You've got very clear skin, you know. [Honeyman, 2019]

Несмотря на то, что лицо Элеанор покрыто шрамами и она привыкла к тому, что ее считают уродливой, она была удивлена словам парикмахера Лауры, которая подчеркнула чистоту и белизну ее кожи, несмотря на наличие шрамов, которые можно закрасить косметическими средствами. Это выражается в сочетании таких положительно окрашенных прилагательных как «lovely» и «very clear skin».

К дальней периферии относится семантический блок «Social status of a woman» (115 лексических единиц), включающий в себя такую семантическую группу как: «Family position of a woman».

- Семантическая группа «Family position of a woman» выражена следующим образом: How different Raymond's life had been from mine – a proper family, a mother and a father and a sister, nestled among other proper families. [Honeyman, 2019]

Словосочетание «a proper family» символизирует о противоположном представлении о семье главной героиней, в которой присутствовали все члены семьи и где родные заботились и до сих пор заботятся друг о друге, в то время как сначала она росла в неполной семье с матерью склонной к совершению преступлений, после ей пришлось сменить много приемных семей, ни в одной из которых она так и не прижилась.

Заключение

Таким образом, понимание понятия «концепт» подразумевает собой не только строение определенной структуры, так как каждая структура это не просто набор определенных элементов включенных в него, но, цельность, состоящая из взаимосвязанных элементов, где каждый из них зависит друг от друга и имеет определенную функцию благодаря тесным взаимоотношениям с другими элементами, входящими в эту структуру.

В заключение, выделение ядра и периферии четырех семантических блоков позволило реконструировать концепт «женщина» на материале романа Г. Ханимен «Элеанор Олифант в полном порядке». В целом, женщина в романе представляется человеком с больше негативными чертами характера, который вызывает потребность в человеке заботиться и оберегать его, так как ей не хватало это ласки, тепла и любви в детстве и подростком возрасте, что подвигнет ее к переменам, как во внешности, так и в личной жизни. Это подчеркивает психологическую теорию о том, что в условиях любви, тепла и поддержки, имея, по меньшей мере, одного друга, человек может поверить в себя и изменить свою жизнь к лучшему. Поскольку роман Г. Ханимен является одним из самых ярких и животрепе-

щущих романов XXI века (тираж романа насчитывал более 15 миллионов экземпляров, также роман переведен на более чем 30 языков мира) и наиболее точно отражает языковую действительность этого времени и представление о женщине нынешнего времени.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. 3-е издание, 992 стр. - М., 2004. (на русс. яз.)

2. Гейл Ханиман. Элеонор Олифант в полном порядке [Электрон. ресурс]. 2018. – URL: https: / avidreaders.ru/book/eleanor-oliphant-is-completely-fine-debut.html (дата обращения: 25.10.2019)

3. Краткий словарь когнитивных терминов / Под общ. редакцией. Е.С.Кубряковой. – М.: Филол. факультет МГУ им. М. В. Ломоносова, 1996. - с. 144. (на русс. яз.)

4. Воркачев С. Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепция: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании. Филологические науки / С. Г. Воркачев. – 2001. – №1. (на русс. яз.)

5. Слышкин Г. Г. Лингвокультурные концепции и метаконцепты. 339 стр. - Волгоград, 2004 с. (на русс.яз.)

ХҒТАР 10.01.08

ТӨЛЕГЕНОВ ТАЛҒАТ ҚҰРМАШҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
"Тұран" университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: tolegenov62@mail.ru

ҚҰРМАШ СЫРЫМ СЕЙСЕНҒАЛИҰЛЫ,
гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: syrymqurmash@mail.ru

АБАЙ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ ПІКІРТАЛАС ЖӘНЕ Ы.МҰСТАМБАЙҰЛЫ

Түйіндеме. Мақалада алаш арыстарының бірі Ыдырыс Мұстамбайұлының сыншы ретінде 1920-жылдардағы көркем әдебиет туралы пікірталасқа белсене араласқаны, ұлтымыздың рухани байлығы, әдебиетіміздің темірқазығы Абай шығармашылығын жоққа шығаруға тырысқан кейбір қаламгерлердің теріс пиғылды мақалаларына батыл түрде тойтарыс беріп, абайтануға өзіндік үлкен үлес қосқандығы қарастырылады.

Түйін сөздер: сыншы, көркем әдебиет, пікірталас, рухани байлық, абайтану, ұлттық мүдде.

Аннотация. В статье рассматривается, как критик одного из алаш-орды Ыдырыса Мустамбайулы, активное участие в дискуссиях о художественной литературе 1920-х годов, духовное богатство нации, железный сокровище нашей литературы.

Ключевые слова: критик, художественная литература, дискуссия, духовное богатство, абаеведение, национальный интерес.

Abstract. The article is considered as a critic of one of the Alash-Orda Ydyrys Mustambayuly, active participation in discussions about the fiction of the 1920s, the spiritual wealth of the nation, the iron treasure of our literature.

Keywords: critic, art literatura, discussion, spiritual wealth, Abaimanagement, the national interest.

Жаңа бағыттағы қазақ әдебиетінің көшбасшысы, ұлы ақын Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу ісі XX ғасырдың бас кезінде қолға алынып, 1905-1920 жылдар аралығында қазақ баспасөзі беттерінде және жеке жинақтарда Абай өмірі мен ақындық талантына байланысты ірілі-уақты жиырмаға жуық мақала жарық көрді. Бұл зерттеу жұмыстарының басында Абайдың қайтыс болуына байланысты «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы жарияланған қазанама-мақаласымен алаштың біртуар перзенті, көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов тұрса, «Абай» журналының 1918 жылғы №2 санында «Екеу» деген бүркеме есіммен «Абайдың өнері, хәм қызметі» деген мақаласымен жазушылық жолға жаңа түскен болашақ үлкен дарын иелері Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бүкіл өмірін Абайды біліп тануға, насихаттап жариялауға, бүкіл жер жүзіне танытуға сарп етіп, абайтану атты қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа бір саласының негізін қалады.

Көрнекті ғалым, академик З. Ахметов ««Абай және Әуезов» атты еңбегінде Абай мен Әуезов арасындағы үндестік туралы ойын былайша таратады: «Олар екі дәуірдің перзенті болуымен қатар, бірін-бірі қайталамайтын, біртуар өзгеше дарын екендігі де, әрине, есте тұту шарт. Абай ойшыл, философ, сазгер, ағартушы, екені рас, бірақ ең алдымен – ақын. Ақын болғанда, ұлы ақын, классик ақын. Әуезов ақын емес, бірақ шебер прозаик-суреткер, драматург ретінде ақынға жақын. Әуезовтің прозалық шығармаларында да, драмалық туындыларында лирикалық сарындар, лирикалық сезімталдық айқын көрініс беретін тұстар аз емес. Бірақ ол – алдымен кең құлашты романист-жазушы, эпостық жанрдың асқан шебері және оқиғаны шиеліскен талас-тартыс, қақтығыстармен көрсете білетін драматург» [Ахметов З., 1997, б.10] деп М. Әуезовтің шығармаларында Абайдың ақындық өнерімен астаса алатын бұл айтылған жайлар бірін-бірі ешбір жоққа шығара алмайтынын дәлелдейді.

Сондай-ақ, академик З. Ахметов өнер салалары, қырлары әр алуандығын, арасында пышақ кесті жік жоқтығын айта келіп, «тек Абай поэзиясындағы кейбір сарындардың Әуезов прозасынан, айталық «Абай жолы» роман-эпопеясынан көрініс табуы үлкен ізденісті, жаңаша көркемдік шешім табуды қажет еткенін байыптап түсінсек болғаны» [Ахметов З., 1997. б. 10] деп атап көрсетеді.

Абайтануды дербес ғылым дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болғандығын, М. Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылым саласының мызғымас негізі болып табылатындығын баса айтады [Мұстамбайұлы Ы., 1924, б. 10].

Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бірлесіп жазған мақаладан кейін кеңес заманы тұ-

сында Абайдың ақындық мұрасы жайлы алғашқылардың бірі болып қалам тартқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Ыдырыс Мұстамбайұлы болатын. Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына байланысты жазылған Ыдырыстың «Ұлы ақын – Абай» атты мақаласы 1924 жылы Семей губерниялық «Қазақ тілі» газетінде (қазіргі «Семей таңы» газеті) жарияланды [Мұстамбайұлы Ы., 1924, б. 12]. Сыншының бұл мақаласы ұлы ақыннан қалған бай мұраны іс жүзінде ғылыми жүйеге келтіріп, жан-жақты зерттеу, жарыққа шығару жұмыстары шындап қолға алуға мұрындық болды.

Ыдырыс Мұстамбайұлы өзі де түрлі лауазымды қызметтер атқарғанымен Абай мұрасын үнемі назарда ұстап, сол кездің қасаң саясатынан қызғыштай қорғады, ұлы ақынды халық санасынан өшіріп, шығармаларын жоққа шығаруға тырысқан, кейбір қаламгерлер әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Жас ғалым ақын шығармаларын талдай келіп, Абайдың ұлылығын таныды, батыл түрде алғаш рет «Ұлы ақын» деп жариялады. Абайды байшылдық әдебиет өкілі деп қарап жаңылыс басқан Сәбит Мұқановтың «Әркім өзінше ойлайды» деген мақаласына жауап ретінде жазылған Ыдырыстың «Абай» атты көлемді зерттеу мақаласы [Кенжебайұлы Б. 1925, б.5] «Жаңа әдебиет» журналында жарияланды да, сол жылдардағы әдеби өмірде үлкен қозғалыс туғызып Абай шығармашылығын зерттеуге жаңа серпін әкелді.

Қазақ әдебиетінде өткеннің әдеби мұраларын зерттеуде Абайдың шығармашылығы туралы айтыс орталық мәселе болды.

Ұлы ақын туралы пікірлер жиырмасыншы жылдарда-ақ айтыла бастаған болатын. Б. Кенжебаев «Абай» атты мақаласында [Кенжебайұлы Б., 1925, б.5] Абайды «халық ақыны» деп дәлелдеген болатын.

Бірақ, кейіннен әдебиеттану ғылымында тұрпайы социализмнің өріс алуына байланысты ақын шығармашылығы жайында біржақты солақай пікірлердің бой көрсеткен кездері аз болмады. Отызыншы жылдардың бас кезінде Абай туралы жазылған мақалаларда ақынның шығармашылығы көбіне оң бағасын алмады.

Абай «жуандардың» арасынан шықты, сондықтан да ол сол ортаның өкілі деген іспеттес кертартпа пікірлер басым болды. Мысалы, 1930 жылы Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедияның» 1-томында Абайға мынадай баға берілген: «Абай қазақ халқының өткенін идеалға айналдыра отырып, туындап келе жатқан жаңа қоғамдық қатынасқа қарсы күрескен. Бертінде Абай жаңа экономикалық жағдайға бейімделіп, жаңадан пайда болған қазақ буржуазиясының идеологі болды» [Литературная энциклопедия, 1930. Б. 5-6].

1933 жылы шыққан Абай шығармаларына жазған І. Жансүгіровтің кіріспе сөзінде де, ҚазАПП сынының ықпалы күшті байқалады. «Абай сөзі, деп жазады Ілияс, бізге тарих, тарихи мұра. Абайдан бізге жаңа сөз табылмайды. Абай сөзі бізге ескі, кешегі көшкен жұрттағы қалған қойма сықылды. Абай өз заманына қаншалық жаңалық айтса да, қаншама маңызды келешек меңзесе де – оның барлығы да бізге ескі. Бізге керітартпа» [«Абай Құнанбайұлы» толық жинақ 1933. Б. 67-68].

Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуына байланысты Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының арнаулы қаулы қабылдауымен [//Социалды Қазақстан, 1934, 8] байланысты ақынның әдеби мұрасы кең ауқымда талқыланып, пікірсайысы күшейе түсті. С. Мұқанов «Абайтану жолындағы пікірлер» [Мұқанов С. 1934, б.9] еңбегінде ақынның шығармашылығы жайлы 1934 жылы болып өткен пікір алысуда Абайдың өмір сүрген тұсын феодализм дәуірімен байланыстырып, ақынды феодал табының ақыны деген пікірін нықтай түседі [Мұқанов С., 1934, б.9]. Дегенмен, Сәбит Мұқанов ақынның әдеби мұрасының озық жақтарын да атамай өте алмайды: «Қазақ оқушыларын, қазақ бұқарасын орыс әдебиетіне таныстырған осы Абай, «Осылар (Белинский, Герцен) орыс әдебиетінде қандай орын алса, Абай да қазақ әдебиетінен сондай орын алмақшы», «Абайды кейбіреулер қазақ әдебиетінің үлгісі (классигі)» дейді меніңше бұл дұрыс».

Сыншы Қ. Өтепов «Абай капиталшыланған феодал ақыны» [Өтепұлы Қ., 1934, б.10] деп бағаласа, І. Жансүгіров «Абай жаңаланған ақсүйек ақын» [Жансүгіұлы І., 1934, б.45] екендігін, ал Әзімбай Лекерұлы «Абай бір жағынан қазақ феодализмінің соңғы дәуірінің ақыны болса, екінші жағынан қазақ буржуаздық заманының алғашқы ақыны» [. Лекерұлы Ә. 1934, б. 63] деп екі таптың өкіліне бірдей жатқызса да негізінен жаңа туып келе жатқан буржуазияның идеологі деген тұжырымға келеді. Ғ. Тоғжанов та осы іспеттес пікірлердің ұшығын білдіреді [Тоғжанұлы Ғ., 1934, б.13].

М. Әуезов Абайды қазақ әдебиетінің классигі деп атады. Ол Абайды ақындық бұлағының үш түрлі қайнардан – шығыс, батыс, қазақтың дәстүрлі әдебиетінен нәр алғандығы жайлы құнарлы тұжырым жасады [Әуезов М., 1934, б.14].

Мұхтардың осы пікірлерін Құдайберген Жұбанов «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында тереңдете түсті [Жұбанов Қ., 1934, б. 43]. Абай жайлы жазған мақалаларында Ә. Мәметова [Мәметова Ә., 1934, б.64-79] мен М. Сильченко да бір бағытта болған. М. Сильченко Абай феодал табының ақыны деген пікірдің дәйексіздігін көрсетіп, «Абайдың мұрасы пролетариаттікі» деген ойын дәлелдеп шыққан [Сильченко М., 1934, б 80].

Сонымен қатар, Сәбит Мұқанов Абайды қазақ әдебиетінің негізін салушы деп санамай оны арғыдан келе жатқан әдебиеттің тек «түйінін түюші» деп бағалайды.

Сәбит Мұқановтың кейбір кезде Ыдырыс Мұстамбайұлының мақаласында айтылған пі-

кірлерімен санасатындығын да мына үзіндіден көруімізге болады: «Қазақстан поляктік орысқа бұрын қол салып, қырғын табуына себеп, полякта орыс капитализмімен бірге жарысып келе жатқан капитал тұрмысы болды» дейді Ыдырыс, және «Марксизм жолы бойынша қоғам тұрмысынан тап тартысынан тысқары өмір сүрген әдебиет жоқ» [Мұқанов С., 1928, б.1] дейді. Екеуіне де қол қоямын. Дұрыс» [Мұқанов С. 1928, б.1].

Алайда Сәбит Мұқановтың мақаласынан: «... әзер болса «Америка аштың» - деп Ыдырыс міне түсер. Абай байшыл табының ақыны... ...Абай қиялшыл, қиялшылдықтың өзі байшылдықтың үлкен тірегінің біреуі. Бұл жағынан да Абай байшылдықтан қашса да құтыла алмайды. Оңдап зерттеген кісіге байшылдық-ұлтшылдықтың түп қазығы... ...Ақаң сықылды Абайды да орынсыз көтеретіндер бар. Ол дұрыс емес. «Қара құс қайырғанмен бүркіт болмайды, қара су сапырғанмен іркіт болмайды». Әркімнің тарихта өз орны бар. Одан артық сыйды тарих көтермейді» [Мұқанов С., 1928, б.1] деген тым ұшқары айтылған пікірлер де кездеседі.

Ғалым, профессор Ш. Елеукенов «Абай мен Мағжан» атты еңбегінде: «Көркем әдебиет құбылыстан, оқиғалардан яки талант иелерінен бас құрайды. Солардың біреуі ауызға алынбай қалса, орны үңірейіп тұрады. Ал бізде бір емес, талай тарландар ақталды. Ақтаңдақ дейтін кесел фольклор екеш фольклорға дейін жайлады. Нәтижеде қазақ әдебиетінің тарихының ит жыртқан терідей ту талақайы шықты. Тіпті қыза-қыза келе, Абай төңірегін тып-типыл етіп жалаңаштап тастадық. Мұның абайтану ғылымына зардабы аз тиген жоқ» [Елеукенов Ш., 1994. Б, 98-99] деп көркем әдебиеттегі солақай, керітартпа пікірлердің абайтануға қаншалықты зардаптарын тигізгенін атап көрсетеді.

Әдебиеттегі пікірталастар салыстыру арқылы анықталатын болса, Абай ақындығын, төңірегін, шәкірттерін бір-бірімен салыстыратын Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан секілді алыптар әдебиет көгінен ғайып болғаны, қазақ әдебиеті жөніндегі түсінігімізді әжептәуір әлсіретті. Абайдың мұрасының тұңғиық, терең тұстары айтарлықтай көмескіленді. Соның салдарынан Абай поэзиясы туралы сыңаржақ пікірлер аракідік айтылып қалып жүрді.

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Абай» [Мұстамбайұлы Ы., 1928, б.4] атты сын-айтыс мақаласында: «Әдебиет айтыстарымыздағы негізгі мәселенің бірі – ескіні тексеру» екендігіне мән бере отырып, «тарих, ғылым, өнер, салт-сана, әдебиет мәселелерін тексергенде бізге даңғыл жол – марксизм» дейді. «Жаңа әдебиет» журналының (1928) үшінші, төртінші сандарындағы «ескілік» деген бөліміндегі С. Мұқановтың ескі мұраларды қалай тексеру керектігін айтқанына тоқталады.

Ыдырыс ескі мұраны алдымен орыс ақын-жазушыларынан бастайды: «Гогольге тиіспейік – орыстың ескі ақын-жазушыларының ішінде салт-сана жолында бізге жақындау тұрғаны осы нағызшыл Гоголь, Пушкиннің ертегілерін «Борис Годунов», «Онегин», тағы басқаларын былай қоя тұрайық, ал Лермонтовқа келсек талай қызық нәрселерді табасың. Лермонтовтың «Герой нашего времени» деген романын алсаң, осы күнге керектісі аз шығар. Печориннің пішінін қазіргі біздің айтыс тәртібімен тексере бастасақ «әптиекпен» қатар мұны да өртеп жіберуге болады.

Академик Қажым Жұмалиев Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңі туралы пікірінде: «Сегіз аяқ» – Абайдың өз заманына көзқарасының қорытындысы тәрізді өлең. Ақын надандықты, жігерсіздікті, сөзінде тұрмайтын алдампаз адамдарды, ұятсыз, арсыз, өсек, өтірік, мақтан тәрізді елді аздыратын мінез құлықты, тағы осы сияқты жаман әдеттердің бетін ашады» [Мырзахметов М.. 1995. Б. 27] деп сол кездегі өмір шындығының күңгірт жақтарын әйгілеп, жұртшылықты олардан сақтандырмақ болған ақынға өз бағасын береді.

Ұлы жазушылар, ұлы ақындар халықпен халықты жақындастырады, ұлт пен ұлтты бауырластырады. Абайдың бір өзі қазақ халқын қанша елге танытты. Дүние жүзінде оны білмейтін прогресшіл ел жоқ десе де болады.

Қорыта айтқанда, Ыдырыс Мұстамбайұлы біріншіден сыншы ретінде 1920- жырдардағы көркем әдебиет туралы пікірталасқа белсене арасып қана қоймай, сол жылдардағы солақай саясаттың ықпалына түспестен, ұлттық мүддені жоғары қоятын берік ұстанымынан таймай, өзіндік батыл пікірлерімен көзге ерекше түссе, екіншіден ұлтымыздың рухани байлығы, әдебиетіміздің темірқазығы Абай шығармашылығын жоққа шығаруға тырысқан кейбір қаламгерлердің теріс пиғылды мақалаларына батыл түрде тойтарыс беріп қана қоймай, абайтануға қосқан өзіндік салиқалы да, салмақты ойлары мен зерттеу мақалаларының үлесі зор.

Үшіншіден, Ыдырыс Мұстамбайұлының зұлматты жылдарда алаштың саңлақ ақыны М. Жұмабаевты кеңестік идеологияның айыптауынан арашалап алып қалуға тырысып жазған мақаласының да мағжантануда алар орны бар деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұқанов С. Әркім «өзінше» ойлайды, Шәймерден мен Ыдырысқа жауап ретінде //Қызыл Қазақстан, 1928, – №3-4.
2. Ахметов З. //Абай және Әуезов, Мұхтар мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.
3. Мұстамбайұлы Ы. Ұлы ақын – Абай //Қазақ тілі, 1924, 1-қаңтар.
4. Мұстамбайұлы Ы. Абай //Жаңа әдебиет, 1928, – №7-8.
5. Кенжебайұлы Б. Абай //Еңбекші қазақ, 1925, 28-29 август. Абай // Лениншіл жас, 1925. – №6.
6. Литературная энциклопедия, 1-т. – Москва: 1930. – 768 б.

7. «Абай Құнанбайұлы» толық жинақ. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 402 б.
8. //Социалды Қазақстан, 1934, 30-декабрь.
9. Мұқанов С. Абайтану жолындағы пікірлер //Қазақ әдебиеті, 1934, 29-ноябрь.
10. Өтепұлы Қ. Абай шығармаларының әлеуметтік негіздері //Социалды Қазақстан, 1934, 20-ноябрь.
11. Жансүгіруұлы І. Абайдың сөз өрнегі //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
12. Лекерұлы Ә. Абай және оның дәуірі //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
13. Тоғжанұлы Ғ. Абайды әлі толық білгеніміз жоқ //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
14. Әуезов М.Абай ақындығының айналасы//Әдебиет майданы,1934,№11-12.
15. Жұбанов Қ.Абай қазақ әдебиетінің классигі//Әдебиет майданы,1934, №11-12.
16. Мәметова Ә. Абай кезеңінің дана ақыны //Әдебиет майданы,1934,№11-12.
17. Сильченко М. Абайдың реализмі //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
18. Елеукенов Ш. Абай мен Мағжан, Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994.
19. Мырзахметов М. Жүрегіңнің түбіне терең бойла. – Алматы: Рауан, 1995. – 64 б

ХҒТАР 10.01.08

ТӨЛЕГЕНОВ ТАЛҒАТ ҚҰРМАШҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
"Тұран" университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: tolegenov62@mail.ru

ЖАГИПАРОВА МАЙРА МҰСАҚЫЗЫ,
аға оқытушысы, п.ғ.м.,
"Тұран" университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: m.zhagiparova64@mail.ru

ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКУ В ИГРОВОЙ ФОРМЕ

Түйіндеме: Аталған мақалада қазақ тілі сабағын өткізу барысында ойын түрлерін пайдалану айтылады. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлттық аспаптарына қызығушылық танытушы өзге ұлт өкілдеріне арналған әдістеме арқылы (сандық тәсіл) домбырада ойнауға үйрету де сөз болады. Орыс аудиториясында қазақ тілін оқытуда ауызша сөйлеуді дамыту тіл үйрету тәжірибесінде маңызды орынға ие болуы керек. Ойынның түрлері: рөлдік ойындар, режиссерлік, бәсекелестік ойындар, фонетикалық, лексикалық және т.б. арқылы лексикалық және грамматикалық материалдар белсендіріледі, ауызша сөйлеу дағдылары дамытылады. Рөлдік ойындар – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі ретінде қазақ тілін оқытуда студенттің тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ойын тілін үйренудің әдістері даму перспективаларына ие және жақсы нәтижелер беретіні туралы қарастырылған.

Тірек сөздер: рөлдік ойындар, фонетика, грамматика, ауызша сөйлеуді дамыту, әдістеме, лексика, педагогика, ойын элементтері, көзқарас, пікір білдіру, сөздік қор.

Аннотация: В этой статье обсуждается, как использовать игру на уроках казахского языка. Также возможно преподавать методы игры на домбре (цифровой подход) для представителей других национальностей, заинтересованных в национальных инструментах казахского народа. Развитие устной речи в преподавании казахского языка в русской аудитории должно занять важное место в практике изучения языка. Виды игры: активизируются лексические и грамматические материалы с помощью ролевых игр, режиссерских, конкурентных игр, фонетических, лексических и др., развиваются навыки устной речи. Ролевые игры – это один из эффективных педагогических методов в обучении казахскому языку, который имеет большую возможность сформировать выносливость, ловкость, находчивость, аккуратность, изысканность, умения, объемность кругозора, многообразие, а также множество других качественных качеств. Речь идет о том, что методы изучения игрового языка имеют перспективы развития и дают хорошие результаты.

Ключевые слова: ролевые игры, фонетика, грамматика, развитие устной речи, методика, лексика, педагогика, элементы игры, взгляд, высказывание, словарный запас.

Annotation: This article discusses how to use the game in the lessons of the Kazakh language. It is also possible to teach methods of playing dombra (digital approach) for representatives of other nationalities interested in the national instruments of the Kazakh people. The development of oral speech in teaching the Kazakh language in the Russian audience should take an important place in the practice of language learning. Types of games: lexical and grammatical materials are activated with the help of role-playing games, Director's games, competitive games, phonetic games, lexical games, etc., and oral speech skills are developed. Role-playing games are one of the effective pedagogical methods in teaching the Kazakh language, which has a great opportunity to form endurance, dexterity, resourcefulness, accuracy, refinement, skills, volume of Outlook, diversity, as well as many other quality qualities. We are talking about the fact that the methods of learning the game language have prospects for development and give good results.

Keywords: role-playing games, phonetics, grammar, oral speech development, methodology, vocabulary, pedagogy, game elements, look, utterance, vocabulary.

Как сказал британский педагог Джон Локк: «Большое искусство уметь превращать для детей в игру все, что они должны делать или выучить». Это заключение справедливо и для студенческой аудитории – ведь игровые педагогические технологии повсеместно используются во всем

мире, особенно в изучении английского языка.

Разнообразие – необходимая черта любого хорошего обучения. Поскольку оно способствует поддержанию интереса к учебе, и преподавателю необходимо постоянно вести активный поиск эффективных средств и приемов работы. Одним из таких приемов является организация обучения с помощью игр, интересных заданий, юмористических песен и т.д., которые создают естественные условия для раскрытия коммуникативной функции языка.

Методика преподавания казахского языка в русской аудитории явно устарелая и консервативная, основанная на зазубривании заданных текстов. Поэтому в практике преподавания языка развитие устной речи должно занимать важное место. Этому способствуют игры различного рода: ролевые, режиссерские, игры-соревнования, фонетические, лексические и т.д. С помощью игры хорошо отрабатывается произношение, активизируется лексический и грамматический материал, развиваются навыки устной речи.

Игровые методы изучения языка имеют перспективы развития и дают хорошие результаты. Играя, можно усваивать язык. Игры должны соответствовать уровню подготовки студентов для прохождения определенного грамматического или лексического материала. Я использовал в зависимости от темы урока разные ролевые игры, подвижные с вербальным компонентом, игры-соревнования, дискуссионные айтысы, песни, которые действительно рождают у студентов заинтересованность, новую и необычную возможность в овладении языком. При этом можно использовать передовой опыт методики изучения английского языка. Например, для студентов начального уровня обучения языку можно предложить следующие игры.

Знакомство. Студенты пишут свое имя и фамилию на листке бумаги и отдают преподавателю. Преподаватель смешивает их в свернутом виде и раздает обратно учащимся. Каждый студент по имени на листке находит хозяина и знакомит его с аудиторией. Например, «Оның атыжөні: Игорь Сергейұлы, тегі: Петров. Ол бірінші курста оқиды. Ол Халықаралық Бизнес университетінің студенті. Ол 17 жаста. Ол менеджмент мамандығында оқиды. Ол менеджмент-124 тобының студенті. Ол болашақ менеджер». В этой игре студенты усваивают, как надо знакомить человека, разучивают необходимые казахские слова и словосочетания для знакомства, а также усваивают образцы знакомств, которые приготовили другие студенты. Заодно записывают в своем рабочем словаре незнакомые им слова и расширяют словарный состав.

Покажи это. В этой игре студенты делятся на две или три команды и с каждой стороны выходят по одному студенту. Они выполняют какие-либо движения по заданию, состоящему из определенного глагола. Например, секір, жүгір, оқы, ұйықта, отыр, күлімсіре, ашулан, жаз, жыла, көзіңді жұм, ән айт, бұрыл... Эта игровая ситуация используется при изучении темы по глаголам – выполняя какие-либо действия, студенты усваивают определенные глаголы.

Что он делает? Этот урок также можно использовать по теме «глагол». Условия простые: один студент выходит к доске и совершает различные телодвижения, а остальные определяют их в глагольной форме. Например, тұр, жүріп келеді, жүгіріп келеді, отыр, оңға бұрылды, солға бұрылды, жазып тұр... Преподаватель, исправляя ошибки, оценивает ответы по активности участия в уроке.

Термины родства. Конечно, не бывает человека без родственников, и одна из основных тем – термины родства. Надо также учесть, что у конкретного человека есть конкретные родственники и соответственно названия родства, и они могут различаться, чем у других. Каждый студент пишет на листке своих родственников и должен уметь написать к ним названия родства. Например, әке, ана, қарындас, іні, нағашы, жиен, сіңлі, аға, әпке, ата, немере... А также можно научить студентов составлять свою родословную, имена предков в виде шежіре.

Угадай по голосу. Из группы выходит один студент и становится к ней спиной. Остальные задают ему вопросы. Студент должен ответить на вопрос и назвать имя задавшего вопрос.

Описание-характеристика. На доске вывешивается рисунок кошки, собаки или другого животного. Каждая команда дает описание. Выиграет команда с большим количеством определений. Эту игру можно использовать при изучении имени прилагательного, степени сравнения прилагательного.

Какой словарный запас? В ней могут принять участие две или три команды. По теме, заданной преподавателем, каждая команда пишет все слова, известные ей, и сдает ответы педагогу, который определяет очки студентов. Например, көкөніс; жеміс-жидек; сын есім; етістік; дәрісханада... Эта совместная письменная работа на основе соревнования и конкуренции между командами способствует поиску большого количества слов по заданной теме. От одного соревнования к следующему студенты самостоятельно будут стремиться заучивать и запоминать больше слов, и этой игрой будут пополнять свой словарный запас.

Составление рассказа. Преподаватель пишет на доске несколько слов. Каждый студент самостоятельно должен составить рассказ, используя эти слова. Например, оқу, келу, достар, бару, ағылшын тілі, Қазақстан... Или: экономика, пайдалы кендер, бай, кедей, дамыған, ақша, несие, қаржы... Благодаря этой игре по теме лексики

и синтаксиса студенты будут учиться составлять словосочетания и предложения, развивать искусство составлять тексты.

Переводчик. В этой игре студенты могут группироваться по три человека. Один из них будет переводчиком, а двое остальных разговаривают на казахском и английском языках. Для продолжения игровой ситуации участники игры меняются местами. Темы для перевода могут выбирать сами участники. Эта игра актуальна для развития межъязыковых связей и изучения языков.

Вышеуказанные игры могут использоваться в группах с разным уровнем знания казахского языка. Для этого содержание игры могут меняться и усложняться в соответствии с уровнем владения языка. Игра активизирует стремление студентов к контакту друг с другом и педагогом, создает условия равенства в речевом партнерстве, разрушает традиционный барьер между преподавателем и студентом. Игра дает возможность робким, неуверенным в себе учащимся говорить и тем самым преодолевать психологический барьер. А среди студентов с высоким уровнем владения языка необходимо использовать различные дискуссионные и сложные площадки для развития их способностей ясно и многогранно излагать свои мысли».

Песенное погружение в языковую среду

«В 2014 году в университете «Туран» мы организовали ансамбль казахских народных инструментов. Прием в него был простой. На занятиях казахского языка я отводил для желающих немного времени обучению игре на домбре по моей методике по цифровым нотам – в течение месяца студенты уже исполняли казахские кюи. Среди них было немало представителей других национальностей, а также несколько студентов из дальнего зарубежья, в частности, из Таджикистана. Погружение в национальную музыкальную среду, несомненно, помогало студентам в изучении казахского языка.

Некоторые из студентов, которые с увлечением занимались игрой на домбре, впоследствии не только купили себе этот инструмент, но и увезли его с собой за границу. Действительно, разве не является культурным достижением тот факт, что священная домбра начинает занимать достойное место в жизни не только казахов, но и казахстанцев, и ее пропагандой занимаются и представители других народов?

Естественно, обучение игре на домбре сопровождалось и пением казахских песен. Исполняли песни диалогического характера, песни индивидуально, хором, дуэтом. Например, песню «Еркем-ай», составленную мной, студенты Полина Зеленская и Дима Бирюков с успехом исполняли в дни Наурыза.

Мен боламын Поля ақын –
Надя апайдың сіңлісі.
Мен боламын Дима ақын –
Ақындардың ірісі.
Припев:
Money-money көп болсын!
Көңілдерің тоқ болсын!
Ойнап-күліп осындайда,
Уайымдарың жоқ болсын!
Біз сөйлейміз барлық тілде:
Пардон, мерси, danke schon.
Ойнап бізбен, күлмесеңіз,
Үйіңізге қайтқан жөн.
Амандассақ көріскенде:
Good moning, боңжур деп,
Қоштасамыз қайтар кезде:
Auf wiederschen деп.
Құттықтаймыз Жаңа Жылмен:
«Happy new year!» – айтамыз.
«See you soon » - ды айтқаннан соң,
Үйімізге қайтамыз.
Біз тойлаймыз Жаңа Жылды,
Тамсандырып талайды.
Әттең, шіркін мұндай күндер
Жиі-жиі, болмайды.

По моим наблюдениям, студенты, поющие казахские песни, легче усваивали и учебный материал по языку. Разучивая песню, припевая ее, студенты многократно прочитывают текст, непроизвольно усваивают правила чтения и произношения. «Чтение» под музыку, то есть пение, очень эффективно. Погружение обучающихся студентов шло не только в музыкальную культуру, но и литературу, традиции и обычаи казахского народа.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру, 2016 ж.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2012 ж.
3. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар,» Тараз 2003 ж.
4. Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. Астана 2012 ж.
5. Роджерс Э. Инновация туралы түсінік. - // Қазақстан мектебі, №4, 2006 ж.
6. Т.Қ.Төлегенов, Алан Прицлав. Языковая практика в играх. Алматы қаласы, 1998 ж.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ
ART SCIENCE

УДК 74

КАБЫЛОВ ДӘУЛЕТ БЛЯЛУЛЫ,
декан орынбасары, доктор PhD,
жоғары өнер мектебі,
Astana International University

АЙТ БҰЛБҰЛ АҚАНҚЫЗЫ,
Профессор, Ж.Кайрамбаевтың ассистенті,
Astana International University

ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕГІ ДАМУ ТАРИХЫ

Түйін. Бұл мақалада дизайн интерьерінің әлемдік тәжірибедегі даму тарихы, өнеркәсіптің және басқа да фактолардың дизайнға ықпалы мен кеңістік дизайнының бағыттарлары қарастырылады.

Түйінді сөздер. Интерьер дизайны, архитектура, конструктивизм, функционализм, кеңістік дизайны.

Резюме. В статье рассматривается история развития дизайна интерьеров в мировой практике, влияние индустрии и других факторов на дизайн и направления средового дизайна.

Ключевые слова. Дизайн интерьера, архитектура, конструктивизм, функционализм, средовой дизайн.

Summary. The article examines the history of the development of interior design in world practice, the influence of the industry and other factors on the design and directions of environmental design.

Keywords. Interior design, architecture, constructivism, functionalism, environmental design.

Әлемдік мәдениеттің даму тарихында «дизайн» термині Еуропадағы өнеркәсіптік революция кезінде пайда болды және техникалық эстетика ұғымдарымен байланысты болды. Яғни, дизайн – әрі қарай жаппай өндіріске шығару арналған, заттың, форманың, обьектінің, бұйымның егжей-тегжейлі сызбасы. Осыған қатысты көптеген сұрақтардың барлығы В.Л. Глазычевтың [*Глазычев В.Л., 2006, с. 320*], А. Грашинның оқу- әдістемелік құралында [*Грашин А.А., 2008, с. 296*], С.М. Михайловтың еңбектерінде және тағы басқа көптеген жарияланымдар мен диссертацияларда көрініс тапқан [*Михайлов С.М., 2002, с. 279*].

Алайда, қазіргі кезде терминнің қызметі бірнеше есе өсті, ол адамның шығармашылық іс-әрекетінің барлық дерлік түрлерінің көркемдік қасиеттерін түсінуде қолданылады. Тіпті қолданбалы өнер нысандарының формасы мен көркемдік құндылығы өркениет тарихында дәстүрлі дизайн нысаны ретінде белгіленді.

Осыған байланысты, қоғамның мәдениетін дамытудағы «интерьер дизайны» ұғымын ежелден-ақ, әлемнің көптеген аймақтарында, соның ішінде Қазақстанда да, өнеркәсіптік өндіріс сияқты құбылыстардың болмауына қарамастан санауға болады. Бұл құбылыс сәулет өнері мен өнеркәсіптік дизайнның әртүрлі аспектілеріне арналған бірқатар басылымдарда көрініс тапқан. Ерекше орын, И.А.Черничуктің еңбегінде айтылған болуы керек [*Чернийчук И. А., 2010, с. 154*].

А.В. Панкратованың зерттеулерінде былай делінген: «Интерьер - бұл ұйымдасқан мәдени кеңістік, болмыстың толық бітірілген моделі, адам / дизайнер игерген және тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде оның нысыналуы. Қазіргі интерьер дизайнын талдау - бұл үшінші мыңжылдықтың басында адамның заттар әлемімен байланысын, дизайн арқылы қалыптасу қажеттілігін негіздейтін идеяларды анықтайтын құрал. Сонымен қатар, дизайнды зерттеу міндетті түрде шындықты зерттеуге айналады, ол ішінара образдар мен

коннатациялардың белгілі бір жүйелі тіліне айналған, дизайн нақты заттар жүйесін жобалайды, яғни семиотикалық талдау жүргізеді.

Семиотикалық тұрғыдан алғанда, дизайн нақты заттарға қатысты мета-тілдің бір түрі, сонымен бірге адамның дизайн арқылы түрлеген әлемді қабылдау тіл-объектісі. [*Панкратова А. В., 2007, с. 4*].

Сонымен қатар, интерьер сәулеттің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан оны архитектураның өзінен оқшаулаулы зерттеу мүмкін емес.

Әлеуметтік мағынаның эстетикалық құндылығы болып табылатын сәулет өнері мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Адамзаттың даму тарихында архитектуралық-кеңістіктік ортаның утилитарлық-практикалық және идеялық--эстетикалық аспектілерінің қосарлы табиғаты мәдени дәстүрлерді қалыптастыруға негіз болды.

